

ПОЭМАЛАР

БІРЖАН САЛ. ҚОЯНДЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ

(поэма)

...Дақпырты жәрмеңкенің жетті бұрын,

Аралап кең өлкенің кетті қырын.

Уақыт –

екі ғасыр Өліарасы

Қадаған қатар-қатар кеп құрығын.

Уақыт –

екі ғасыр - Өліарасы,

Құбылған қас-қабактай дем арасы.

Бірі – ескі,

алаңғасар ерке жасы,

Секілді екі дүние шекарасы.

Уақыт –

екі ғасыр – Өліарасы,

Қазақтың әлі бейқам кең даласы,

Жәрмеңке ... өтсе яки жасауылдар,

Әйтпесе, шенді келсе елге аласы,

Сол кезде бір сілкініп, бір оянып

Қалады, бір ойланып бел баласы.

Уақыт –

екі ғасыр Өліарасы,

Дау-дамай қаңқу толы ел арасы.

Еліріп елдің биі – «ел ағасы»,

Тұғыры, ойлайтыны –томағасы.

Еңіреп, өксіп-өксіп... тұр дағдарып

Жарлысы, жақыбайы, жалаңашы.

Уақыт –

екі ғасыр Өліарасы,

Құбылған қас-қабақтай екі арасы.

Бір дәуір – алдында тұр дар ағашы,

Бір дәуір – өрмеледі өрге тасы.

Қазақтың Қояндыдай жәрмеңкені

Көрген жоқ арғы атасы, бергі атасы.

Көрген жоқ мәймөңкелеп, жәрмеңкелеп,

Сауда істеп, тиын тауып, сәлден тілеп.

Өлшетсе кемденкіреп, сәлденкіреп,

Көрген жоқ көмек сұрап, жәрдем тілеп.

Көз сатып көрген емес және қазақ,

Тасынан таразының дәрмен тілеп.

Алса алған – дожыналап, долбарымен,

Алса алған – қадақ-қадақ салмағымен.

Алса алған – құлаш-құлаш кезіменен,

Алса алған – ауданымен, аумағымен.

Алса алған – байлығымен сесіменен.

Алса алған – ұлпатанын ұлтанымен,

Алса алған – босағасын көсігімен.

Ал берсе –үйір-үйір, қосақ-қосақ,

«Аз ғой деп үсті-үстіне асатпаспақ».

Бірінен біреуі асып, үстемелеп

Береді қанды қызыл қасап жасап.

Осылай, осылайша елу жылдан,

Ақ патша жәрмеңкені желі қылған,

Қазақтың кең даласын сол желімен

Жұп-жұмсақ желбезекке жемі қылған.

Алмай-ақ түз елінен ұрып, тартып,
Кісендеп жәрмеңкеге кіріптар ғып,
Даланың бөрілерін алған матап
Бөрінің құны емес пе – құныққандық!

Қызғанған қызыл итке таланғанын,
Білді ме, білмеді ме – талай қауым.
Ту қойға тарақ сатып алғанға мәз.
Ту бие бір бүтіндеп жамауларын.

- Қайттық – деп, - Қояндыдан жәрмеңкелеп,
Келгендер дес бермейтін елге ентелеп.
Ісі жоқ алдамшы бір иіс суды,
Алғаны борша-борша термен төлеп.

Бұл қазақ әуей ел ме, әсіре ел ме,
Тым жомарт – дәмімен де, асымен де.
Тым жұмбақ күйімен де, әнімен де,
Сөзге мәрт – байғазысы, бәсімен де.

Тым жомарт, тым жомарттық, тым мәрттігі,
Морттығы емес пе екен – сынғақтығы.
Патша ағзам от шығарып біледі іштей,
Ұрғанда бір қаттыға, бір қаттыны.

Жомарт деп жомарттықа сене бермей,
Жұмбақ деп жұмбаққа жол бере бермей.
Тым мәрт деп мінезіне көне бермей,

Патша ағзам ұстап отыр бұл халықты
Торына тары шашқан бөденедей.

Қоянжым Қояндыны – иісмайлап,
Ақ патша басқа-басқа бір істі ойлап,
Көпеске балалайка, гармошканы
Саттырып құлағына күміс байлап.

Думан ғып, жәрмеңкені даңғаза ғып,
Еркіндік бергендей боп... елге жағып.
Ішіне түз елінің кірсем дейтін,
Ішінен сыр ала алмас пенде жарып.

Қоянжым - Қояндының жәрмеңкесі,
Қазақтың келетін жер сал-серкесі,
Солардың арқасында араласып
Жататын сахараның салқар төсі.

Айырбас ауыс-түйіс, мал мен мүлік,
Қалмасын орны толмай әбден біліп.
Көлгірсіп көпес біткен...сөзден сыңай,
Іздейді шыға ма деп әннен бүлік.

Біледі дүние жинап, дүние терген,
Үйірілер қас-қабакқа бір көтерген.
Үймелер қызыл көрсе құмырсқадай,
Тауықтай жаңа төккен күлге төнген.

Және үйір жылтыраққа, жылтылдаққа,
Бірінен біреуі асып, артылмаққа.

Күледі сылқ-сылқ етіп, сығыр көпес
- Бере бер, теміріңді алтын жақ та!

Күледі сығыр көпес сықылықтап,
Күледі татар тілмаш сылқ-сылқ құптап.
Дейтұғын: «сарт садағам!» – сарт екеш сарт,
Күледі майлап алған мұртын мықтап.

Саудагер европалық, азиялық,
Арзанға түскеннен соң қазына құт,
Осынау дарқандығы дарақы елдің
Қызықтап салт-дәстүрін, сөзін аңдып.

Сыр тартып, суыртпақтап, әр қырынан,
Танылар талансыздық тағдырынан.
О, ғажап,
қойдай жуас момын елдің
Қайтерсің ақ алмастай алғырынан!

Ән қандай,
кең даладай көмей қандай,
Тойғандай,
ішпей-жемей тоғайғандай.
Осындай ән шығарған момын елдің,
Ішінде ашылмаған сарай бардай.

Мұңы ма,
махаббат па,
әлде үміт пе,
Әлде айтқан аманат па – мәңгілікке.

Әйтеуір қалдырған ел қалай болсын,
Тарихтың бір шетінде белгі, нүкте...

Әр тұстан, әр қиырдан, әр тараптан,
Келгенде сал-серілер ән боратқан.
Манағы дүние қоңыз пенделердің
Қалады дымы шықпай әруақ атқан!

Бұл кезде сығыр көпес, сарт сықсындап,
Күлмейді... барлығының күлкісі сап!
Бұл өзі ырду-дырду думан да емес,
Білгенге – ілкі сабақ, ілкі сынақ.

Көзге ілмей дүние-мүлік байды сыбап,
Сөз демей билер айтқан шарғысымақ.
Бөлектеу дүниеліктен, пенделіктен
Бұларды ойлантатын мәңгі сұрақ.

«Бұлар кім?
Бунтарьлар ма біздегі» деп,
Ұқсастық сығыр көпес іздеді көп.
Серігі – ән-күй екен...

Сезігі сол –
ән-күйдің айтары көп, іздері көп...

Ән мен күй. Мал мен дүние. Талан мен бақ,
Қоянжым – Қояндыда талайды арбап,
Дүниеден өзі биік өнерлі де,
Келетін дүние құлы – талай зар жақ.

Дүние-ай,

дүние деген шыркөбелек,
Біреуге үлде менен бұлде керек.
Біреуге рақат керек, мұң не керек,
Біреуге байлық керек, жыр не керек,
Біреуге патша керек, ел не керек,
Біреуге ханша керек, күң не керек.

...Бір жылы Қояндыға келді Біржан,
Күлкісі, күрсінісі мүлде бөлек.
Дүние көз алдында бір дөңгелеп,
Осы ойлар көкірегіне бір демде кеп,
Тарылып кең дүниесі бара жатқан,
Жіберді туған халқын жырмен жебеп.

- «Базарың құтты болсын, ардақты елім,
Қоянды ту көтерген думан жерім.
Қарқара, сұлу Көкше –жер шоқтығы,
Сарыарқа алтын бесік асқар белім”. –

Деп келіп,

қайырмасын қайран Біржан,
Демімен жан-күйіне айналдырған.
Аймаққа алтын сәуле ұйытқандай
Дүйім ел дем арасы қайран қылған.
- «Мөлт еткен көз жасындай күміс көлің,
Майда ескен қоңыр салқын жібек желің.
Оқжетпес, Көкшетауды мекендеген
Телқара ерке атанып өскен жерім».

Деп келіп,
 қайырмасын қайран Біржан,
Қайырып, сағынышқа айналдырған.
Осында он-сан орыс...
 басқа ұлты бар
Мынау ән – бәрін бірдей ойландырған.

Мынау ән, мынау бір үн, мынау сарын,
Татқызып сағыныштың шын кәусарын.
Халқының көтерді бір рухымен
Алдында саудагердің сынған сағын.

Дүниеге,
 дүниелікке ділгер емес,
Бұл Біржан дүние қуып жүрген емес.
Біржанға дүние-мүлік неге керек,
Күнде той жүрген жері, күнде кеңес.

Бұл Біржан дүниелікке ділгер емес,
Дүние үшін ән айтпайды күлді-көмеш.
Біржандай айта алатын қайсың барсың,
Біржандай бәрінде бар тіл мен өңеш.

Біржандай бәрінде бар тіл мен өңеш,
Айналаң Біржан көрген бірдей егес.
Біржандай айта алатын,
 қайсың барсың,
Біржанмен жүректерің бірдей емес.

Біржанмен жүректерің бірдей емес,
Бірге өсіп жүрсеңдер де бірге іргелес.
Біржандай айта алатын қайсың барсың,
Шындыққа тура келсе, міңгірлемес.

Бұл Біржан сондықтан да дара Біржан,
Жүрекке халқын қалқан, пана қылған.
Атағы асып кетті сондықтан да
Атығай, Керей, Уақ, Қарауылдан.

... Сол Біржан – осы Біржан, қайран Біржан,
Келе сап Қояндыны қайран қылған.
Біржанды «келеді» деп күтуші көп
Жиналған исі қазақ ойдан-қырдан.

... Сол Біржан – осы Біржан, қайран Біржан,
Келе сап қайран қылған, ойландырған.
Ішінде көп болыстың күтінулі,
Көз алмай Көлбай-Жанбай қара қырдан.
Сонда да сырын шашпай томағалы,
«Келмесе, кетсін, - дейді, - одан әрі,
Бірдеңе аламыз ба, тәйірі алғырдан».

Біледі ел: Біржанның да мұнда барын,
Ел мұңын өз мұңы ғып жырлағанын.
Біледі ол Көлбай-Жанбай қитұрқысын
Ұмтылып Поштабайдың ұрмағанын.

Осы жол Көлбай-Жанбай қағып алып,
Біржанға қолы жетсе бағы жанып,

Кетердей болатұғын, себебі бар
Мал мен бақ әулетіне әрі дарып.

... Бұл жылдар – соңғы жылдар Қояндының
Көтерген тек сауда емес – ноян жүгін.
Саудамен саясаттың сыртын сылап,
Ақ патша аямай тұр аярлығын.

Халықтың кіру үшін ішіне үңгіп,
Табуға болғанымен не бір сұмдық!
Алдымен Біржан сынды тентектердің
Аузына салу керек темір сулық.

Айтқышын «айтағына» ергізе алса,
Асауын қой торыға жеңгізе алса.
Көргіштің, көріпкелдің көзін байлап,
Көнбістің ықпалына көнгізе алса.

Мінеки, бірінші айла – бірінші амал,
Бұл айла – бұл халыққа бұрын сонар.
Құрықты салу керек білдірместен
Жылдам ел – жылқы мінез ұғынса ығар...

Сондықтан Көлбай-Жанбай керек құрал –
Айласы іске асуға медет қылар.
Буынын алу үшін бұл халықтың
Жіберер буын құртын демеп бұлар.

Осы оймен күлән көпес – Столетов,
Мерезі іште шіріп, іште бекіп,

Тағы да бір айласын іске асырып,
Тағы да бір мерейін үстем етіп.

Халыққа шекесінен қарамаққа,
Өзгеден өзін биік санамаққа,
Біржанды Көлбай-Жанбай берсе матап,
Оны да ұпайы үшін салмақ отқа.

Оны да ұпайы үшін уысқа ұстап,
Түсірмек темір торға – құрыш қыспақ.
Біледі ол «бунтарьлардың» бүлік тілі
Қасарса қиып түсер қылышқа ұксап.

Сондықтан Көлбай-Жанбай көсеуімен
Көсейді ол ... қазақты өз кеселімен.
Бөрісін айдап салмақ, бөлтірігін,
Салымен, серісімен, шешенімен.

Күпті еді Көлбай-Жанбай күтінулі,
Тіккізген Біржанға деп бүтін үйді.
Біледі Біржан мысы жібермесін
Байлыққа күшенуді, күпінуді.

Сонда да байлық буы бас игізбей,
Көңілге алағызған басу іздей.
Өздерін алдарқатты: «Әуейге бір,
Үй тіккен бар ма аңғал - деп, - осы біздей...»

Бұл ойды сыртқа бірақ шығара алмай,
Тілдерін өзі тістеп шыдағандай.

Жаңа алған сеніміне Столетов,
Сенерлік бар ма ықпалы... сынағандай.

Сенерлік бар ма ықпалы...

сал-серіге,
Заманның араласып әр шебіне,
Халқының ұқсайды олар өлшеміне.
Солардың ең бунтарын ұстау керек.
Егерде көнсе ыңғай, көнсе ебіңе.

Солардың ең мықтысы көнсе ебіңе,
Көп амал керегі жоқ есебіңе.
Бунтарға Біржан сынды, көпшік тастап –
Кейіннен айналдырмақ көсеуіне.

Біледі Столетов – кәрі сығыр,
Дүние бір тегершік – бәрі шығыр.
Алдаудың заңы – сауда саясаты
Айдаудың бұл халыққа заңы – Сібір.

Бұл үшін Көлбай-Жанбай, Біржан да бір,
Қайсына ісі түссе – бір зауқайыр,
Ұлдары отар елдің – бәрі де құл,
Ешқашан күтпейді бұл құлдан қайыр.

Сал Біржан шаршапты да, шаңытыпты,
Сонда да келді ән салып... жаны күпті.
Созады қайырмасын «ардақты ел» деп,
Ел жұртын жан-жақтағы сағыныпты.

Құшаққа елін-жұртын сыйғыза алмай,
Созады Біржан даусын... мұңды жандай.
Мұны ғой ел-жұртына махаббаты
Қанбайтын мәңгі бақи бір құмардай.

- Біржанжан!
- Біржан аға!
- Біржан құрдас!
(Біржанды танымайтын бір жан болмас).
Су сеуіп қанатымен Қояндыға
Келгендей бола қалды бір қарлығаш.

- Сен кімсің?
- Атбасардан, ат айдаушы,
- Сен кімсің?
- Қасапшымын, һәм қайрақшы.
- Сен кімсің?
- Мен кереймін –шын кедеймін,
- Анау ше!?
- Ә, ол ноғай, сырнай-бақсы.

Біледі – анау жалшы, анау малшы,
Біледі – анау би де, анау даушы.
Біледі – анау бай да әне, ылаушы,
Ал анау – күпір көпес, һәм алдаушы.
Ал анау – бірді бірге айдап салып,
Даттаушы, жала жауып жамандаушы,
Қоянжым – Қояндыда екі топ бар,
Залалсыз және соны залалдаушы!

Ешкім жоқ бірақ соны айта алатын,
Ешкім жоқ беттен қағып қайтаратын.
Көргенде осындайды ... сал Біржанның
Үн-түнсіз қалатыны байқалатын.

...Шеттегі үй Біржан түскен көзге қораш,
Бұл үйде бірақ қазір өзгеше нәш.
Қалықтап қараша үйден ән қанаты
Жоқ еді әзіл-қалжың сөзде толас.

Біреулер біреулерге ілесе кеп,
Біржанды көріп жатыр... Міне, себеп!
- Сайраған Орта жүздің дүлдүлі осы,
- Азамат!
- Ұл-ақ екен – үлесі ерек!

Ағылып әрбір тұстан жаппай халық,
Қараша үй жәрмеңкеге кетті айналып.
Қоянды ән-базарға ұқсап тұрды,
Дау-дамай, сауда-саттық тоқтай қалып.

Біржанға айқара ашпас кім есігін,
Сонда да қараша үйдің иесі кім!
Иесі емес пе ертең, беу, бейшара-ай,
Көлбай мен Жанбайлардың дүресінің.

Иесі – орта шаруа, отты кісі,
Маңдай тер, мехнатты ақтық ісі.
Біржанның «Айтпай сұлу» әніндегі
Айтпайдың жамағайын жақсы інісі.

Сал Біржан сонау жылдар көп салдыртқан,
Адамға ақын ынтық асқан жұрттан.
Арқада аяулы ару – Айтпай сұлу
Ұғысқан дос-жар еді қас-қабақтан.

Ал мынау сонда талай ат байлаған
Бала еді,
танып Біржан тоқтай қалған.
Кешегі қимасының көзін көріп,
Жанары жалғыз сәтте шоқтай жанған.

- Ал, қалқам, бүгін сенде қонағасым,
Іздемен ел төресін, ел ағасын.
Тек, рас туған жұртты сағынғаным.
Өзің де білесің ғой ел арасын...
Хабар бер ел-жұртыма мен келді деп,
Бұйырсын солармен бір адал асың! -
Деп Біржан қараша үйдің төріне озып,
Қомданған сыпырғандай томағасын.

...Қараша үй айналған кез ән-базарға,
Осында сауық көңіл, сәнді ажар да.
Ортада Орта жүздің дүлдүлі отыр
Әлде кім менсінбесе алда-жалда.

Осында Қояндыға ағылған жұрт,
Жеткізбей дүние – түлкі, сабылған жұрт.
Дүниенің, пенделіктің құрсауынан
Бір сәтке босаған жұрт, арылған жұрт.

Созады Біржан даусын қоңыр қаздай,
Халқынан,

ел-жұртынан көңіл жазбай.

Жалғанның жалында ойнап,

айтады ол

Қалмасын уақыт озбай, өмір тозбай.

Жалғанның жалында ойнап отырса да,

Халқының мұңы толы ақыл-сана.

Жатқандай жүрегінде шөмен болып,

Жібімей сел ұрса да, от ұрса да.

Бұл кезде күйіп-пісіп Көлбай-Жанбай,

Қыстығып, өз-өзінен қор болғандай.

Анада хабар беріп, қолқа салған,

Қолқасы енді, міне жер болғандай.

«Осы жол Қояндыға келсе Біржан,

Арнайы бізге түссін» деп шақырған.

Біржанның көңілі биік,

қайдан білсін,

Кергіген байлығына екі антұрған.

Біржанның бұл қылығын кешіре алмай,

(Ашуы тарқамайтын өшін алмай).

Даланың қанды балақ қорқаулары

Не шаппай, не шаба алмай, не шыдамай.

Іш қайнап, ұрынарға амал таппай,

Қарайды қараша үйге қабақ қақпай.

Көтерген Қояндыны өз басына
Өзінен басқа мұнда адам жоқтай.

- Көрдің бе мынау иттің басынғаны-ай,
Түсірсек екен мұның бәсін қалай!
Бейшара-ай, өз бақытын басқа тепкен
Қасиетін не құндамай, не сыйламай.

Әйтпесе, ақ ордаға алты қанат
Түспей ме... даяр тұрған сән-салтанат,
Әуелі ұлықтарға көрсетпей ме,
Қазақтың күллі өнерін келсе арқалап.

- О, пәлі-ай!
- Молодец! Демей ме олар,
- Бис-бис! – деп, жаны шығып жебейді олар.
Молырақ асатады көмейге олар,
Шен-шекпен бере алады беделге олар.

Ал бірақ соны білер Біржан бар ма.
Біржан ғой келе салған бұл жалғанға.
Шалқақтап, шатқаяқтап заманына
Өзі ырза,
Өзіне-өзі бұлданғанға.

Әйтпесе, қара табан көп қазаққа,
Ән айтып түсе ме адам текке азапқа.
Өз атын өзі осылай қор қылғаны
Өзіне қысастық па,
Жоқ, мазақ па!...

Әуей ме,
Әсіре ме,
Әулекі ме,
Жүрегін ашып-шашып елге түге,
Білмейді, жақаурату, жалтақтауды
Шындықты орнатардай жер бетіне...

Орнатар,
Иә, орнатар,
Ал, орнатар,
Түп-түзу сара жолдай заң орнатар,
- Көреміз, - деді Көлбай, -
бас жағына
Өлгенде домбырасын ала жатар.

- Қап бәлем! – деді Жанбай жанып көзі,
Хан да өзі, қара да өзі, халық та өзі.
Бұл иттің көз алдына өскен етті,
Сылитын келген екен анық кезі.

Сөйткенше Біржанға да хабар жетті,
Бұл хабар елеңдетті әлеуметті.
«Үйімде Қояндының игілері,
Күтеміз... бәлкім Біржан келер» - депті.

Ішінде қараша үйдің күлді Біржан,
Күлді де бір күрсініп тынды Біржан,
- Мен сонда ұлық іздеп келіппін бе?! –
Ішіне қаны қатып тұрды Біржан.

Мен сонда Қояндыға ұлық іздеп
Келдім бе, сауда-саттық пұлын іздеп.
Саудагер, көпестердің құнын іздеп,
Жымысқы қулықтардың жымын іздеп,
Жылымдай сұмдықтардың сырын іздеп.

Соларға қызмет ете келіппін бе,
Әлде мен шен, шекпенге еліктім бе,
Әлде мен бақ-байлыққа қызығып па ем,
Өзімді ел-жұртымнан бөліппін бе,

Өзімді ел-жұртымнан бөлдім бе мен,
Бөлуге, бөлшектеуге көндім бе мен.
Кеудемде бір мысқылдай мұңым бар ма
Еңіреп елге айтпаған, ел білмеген.

Халықтың жаралған жан зар-мұңынан,
Зар-мұңын бағалайды барлығынан.
Біржанға бақыт, байлық неге керек,
Халқының ажыраса тағдырынан.

Ендеше, сол Біржанды ел-халқынан
Ешбір жан бөле алмайды бұл қалпынан.
Біржан да қарсы хабар жөнелтті енді:
- Жіберер емес мынау туған-тумам!

«Түскендей илеуіне құмырсқаның,
Туғанын тапқан екен, туысқанын!»
Деді де Көлбай-Жанбай, тартты ішіне
Қанының қатып қалған бір мысқалын.

Кеш батты,
Іңір түсті – қоңыр салқын.
Қалың жұрт Қояндыда емен-жарқын.
Осынау қараша қос маңайында
Қарсы алып жатты Біржан келген халқын.

Небір ән жерде қалқып, көкке өрлеген,
Бүгіннің мұңын жалғап өткенменен.
Білгенге осы емес пе өз халқының
Көкірек – көзін ашып кеткен деген!

Сол кезде шекетулі ағаш күйме
Жақындап келе жатты қараша үйге.
Осы еді күлән көпес Столетов,
Аңдатпай сұмдығын да, пәлесін де.

Жыландай жымын жауып, жылжи келіп,
Мойныға оралатын шынжыр болып.
Білетін қазақтардың ара жігін,
Кететін ажыратсаң құн-жын болып.

Талай жыл Қояндыда осы әдіспен,
Жан алған ылғи қанды-қасап іспен.
Даланың қанын сору айла-амалын
Үйреніп туғандай-ақ осы-ақ іштен.

Сұмдық та, сайқалдық та (сияды оған!)
Зымиян, ал өзінше - зиялы адам.
Дүниеге, атақ-баққа арын сату –

Қанына жөргегінде-ақ ұялаған.

Білген ол Біржан тегін әнші емесін,
Көргісі келген сосын әуселесін.
Жетеді бұл қазақта әулекі әнші,
Алатын «әлеулаймен» елдің есін.

Ал мынау...

ал мынаның даңқы бөлек,
Сипайды маңдайынан халқы да ерек.
Халқына бұл айтады қатты-қатты,
Түспеген тентек халық талқыға көп...

Бұл халық тезге көнбес, сөзге көнер,
Ісі ұсақ,
ірілікті көздеген ел.
Алауыз алтыбақан...

ал сонда да
Ұйытқы ұйымынан безбеген ел.

Ақынның айтқанынан аспаған ел,
Айланың құрығынан қашпаған ел.
Ақынын төбесіне тік көтеріп
Әкімін ақынымен жасқаған ел.

Әнеки, соған мысал Көлбай-Жанбай,
Намыстан әзер-әзер қалды-ау жанбай.
Біржанға бір қолқасын өткізе алмай,
Алдында дүйім жұрттың қор болғандай.

Осыны сезе сала Столетов,
Мерейін, асырмаққа үстем етіп,
Келеді Біржанменен танысуға,
Ішмерез – айла-амалы ішке бекіп.

- «О, Біржан!
Мырза, Біржан!
Сіз бе, Біржан?
Өнерге өле ғашық біз де бір жан.
Тәнті едім атыңызға сыртыңыздан
Талантсыз, туа салған... сіз не қылған!..

Таңғалам,
Атыңызды естіп сырттан,
Сом алтын кездескендей ескі жұрттан» .
Сумандап күлік көпес – күлән мінез,
Табанда талай рет қас құбылтқан.

- «Рақмет, өнер сүйген қалпыңызға,
Бір дәстүр қанға сіңген халқымызда,
Қазақтың тууы да, өлімі де - ән,
Ән біздің – сертіміз де, антымыз да!

Дәм берер шаршағанда, шалдыққанда,
Әншіні сыйлайды елі сондықтан да!
Халықтың жүрегіне бұл қасиет,
Адалдық ар ісі боп орныққанда,
Халқының мұңын мұңдап,

қарсы тұрар.

Әншісі қорлықтарға, зорлықтарға,

Халқынан айыра алмас сүйікті әнін.
Иесін ажал алып, жер жұтқанда,
О, тақсыр, төрлетіңіз! – деді Біржан,
Өнерді жасардағы көзсіздікпен
Өнерді сүйе алудай Ерлік бар ма?!»

- Ым... - деді, - ым, - деп қалды көпес сонда,
Тап болған жоқ екенмін топас жанға.
Көкжалдай көзсіз бунтарь осы шығар,
Жүздесіп жаңа ғана бет ашқанда.

Жүзің бар, бетің бар деп қарайламай,
Мынауың сөйлейді өзі қалай-қалай!..
Жүзіндей ұстараның қылпып тұр ғой
Ұстасаң қиып түсер абайламай.

Сезді ол ішкі есептен жаңылғанын
Бекерге қараша үйге сабылғанын.
Айламен алып түсіп,
наркескеннің
Шапқанын көрмек еді, шабылғанын.

Қолында ойлап еді ойнатпақты,
Ол үшін айла-амал да ойлап тапты.
Сондықтан қол қусырып Көлбай-Жанбай,
Үй тігіп, жағдай жасап, бәйек қақты.

Көзіне ілмегенін сездірмеуі –
Біржанның әдеті еді бәз күндегі.
Қылғынып Көлбай-Жанбай

қараша үйге

Қарайды құртыменен көздің жегі.
Мұндайда алып түсер жалғыз айла –
Сынаптай бой балқытар сөздің жөні.
Сол оймен күлән көпес «шабуылға»
Шыққанын тірі жанға сездірмеді.

«О, шіркін!

Біржанменен тамыр болса,
Түсетін алақанға салым қанша.
Бір әні – бір отар қой, үйір жылқы
Тағы да, зеңгі баба – табын қанша!

Ұстаса уысында Біржан салды,
Қайырып қажеті не қырдан малды.
Бұл қазақ өзек жарды шындықты айтса,
Өлімге бас тігерін енді аңғарды.

Ол үшін Біржандай от қолда ойнаса,
Өртесең сол отпенен – қан қайнаса,
Сол оттың әміршісі өзің болып
Өшірсең, «өлдім ғой» деп ойбайласа.

О, солай,

солай шіркін, жолың болса,
Қазақтың даласында алым қанша!
Өзінің құзғынымен көзін шұқып,
Өзінің бұлбұлымен жанды уласа».

Діттеген арманы осы – арамзаның,
Асырған арам ниет – заман заңын.
Біржанды ол бір-ақ сәтте тани қойды
Халқы үшін көзсіз, ессіз – жаралғанын.

Таныды,
таныды да тына қалды,
Сап тынды, сынық мінез – сынап әлгі.
Біржан да бала емес қой танымайтын
сұрқия сырдаң мінез сұм адамды.

– Сіз Біржан таланттысыз?..
– Онда не бар!
– Құр бекер шашып жүрсіз...
– Шашылса – аспанға ұшпас, жерде қалар.
– Сіз сонда нарқыңызды білесіз бе?
– Нарқымды халқым білер, ел бағалар.
– Қырсық қой, қияңқы ғой,
қой, мынауың,
Көрдің бе, қияс-қияс ой бұрауын.
Халықшыл бунтарынан Ресейдің,
Аузынан түскендей боп айнымауын.

Түспесін құрығына сезіп бірден,
Көзінде жанған оттан сезіктенген.
Білер ән тыңдаған боп, түсінген боп
Содан соң күлән көпес безіп берген.

Сол түні ол Орынборға хат айдаған,
«Арқада әнші бар, - деп атойлаған.

Ниеті патша – ағзамға терісқақпай,
Халықшыл, бұқарашыл – жат ойлы адам.

Халықты әніменен арбайды екен,
Надан ел соңына ерсе – қалмайды екен.
Түрі бар жүректерін жұлып берер,
Түбі оны назарға алмай болмайды екен».

Осылай Орынборға қарау хабар,
Жөнелді.. «жаңалығы» бар ойланар.
Бұрын тек алым-берім мал туралы
Немесе жүн туралы қанар-қанар.

Құлпырып жететұғын қызыл өсек,
Ел ішін оттай үрлеп, қаузап-көсеп.
Бұл жолы әнші жайлы кетті хабар:
«Бұл елде бекер екен жау жоқ десек,

Сонда кім,
мынау әнші іріткі емей,
Әр сөзі бұйда бұзар – бүлік көмей.
Заманмен жағаласып сөйлейді екен,
Алдымда патша демей, ұлық демей.

Қайткенде болмас мұның бұмай аузын,
Тіл деген бірде тәтті, бірде жазым».
Осындай емеурінді еппен айтып,
Жөнелтті ол Орынборға тіл қағазын.

Сал Біржан, ақын Біржан, әнші Біржан,
Халқының жаралғандай жан сырынан.
Сондықтан өсек-ғайбат өтпейді де,
Тимейді көтергенмен қамшы бұған.

Сондықтан заманынан биік Біржан,
Халықсыз – тосап судай тұйық Біржан.
Заманының қоңырауындай кеудесі бар,
Зар-мұңы сол заманның ұйып тұнған.

Сондықтан ортасынан озық Біржан,
Ел-мұңын ет жүрекке жазып туған.
Сол мұңын – шырқап салған сазы ұқтырған.
Сондықтан қаймығады Көлбай-Жанбай,
Сондықтан күлән көпес безіп тұрған.

Біржан – ер, Біржан – көзсіз,
Біржан – нәзік,
Аз емес алдынан ор жүрген қазып,
Замана сауалы ғой – Біржан әні,
Сұраған кімнен кінә, кімнен жазық.

Қайтеді ол күлән көпес көлгірлігін,
Айырған Көлбай-Жанбай елдің жігін.
Қайтеді ол

Қояндының жәрмеңкесін
Қоспаса ортақ оймен ер кіндігін.

Қайтеді ол дүние-жиһаз, мал-мүлікті,
Онсыз да Біржан – Біржан, болды мықты.

Біржанның қас-қабағын бақты халқы,
Біржанның айтарына ел болды күпті.

Базары жәрмеңкенің әнге айналып,
Жан-жақтан Біржанды іздеп, жауды-ай халық.
Атағын Қояндының осы күзде
Әкетті Біржан әні шалғайға алып.

Сал Біржан сауық құрып, он күн, он түн.
Босатып ділгірліктен елдің еркін.
«Базарың құтты болсы, ардақты елім!»
Деп шырқап, халқын жинап жол жүрер күн.

Қол бұлғап, көзін шылап кете барған,
Кеудеде өкініш пен жетеді арман.
Аттанып бара жатты ол Қояндыдан,
Бүлікшіл «бунтарь» деген атақ алған...

ИМАНЖҮСІП

(поэма)

Сонымен Иманжүсіп Ақмолада,
Түскен жоқ тас түрмеге таққа бола,
Жаққан жоқ ешқашанда аққа қара,
Жапқан жоқ жәбір жасап жоққа жала.

Барымта жасаған жоқ ұрлық-қарлық,
Тімтініп жамау-жасқау түндікті аңдып.
Бәйек боп көрген емес шені үлкенге,
Бойында болмыста жоқ кіріптарлық.

Тік қарап, тура қарап, тік сөйлеген,
Жан емес бүгежектеп, бүкшендеген.
Даланың серісі еді білмейтұғын,
«Не нәрсе басына іс түскен деген».

Бай да емес, көрген емес кедейлікті,
Жаратпас иі жұмсақ төмендікті.
Байлардың басынғанын көре-көре
Көзсіз де жасайтұғын көп ерлікті.

Бай-ау, - деп,
Шонжар-ау, - деп,
Ұлық-ау,- деп,
Төре-ау,- деп, ақсүйектің сынығы-ау, - деп,
Ешкімнен ылыққан да, ыққан да емес;
- Іс түссе, күнім қараң... құрыды-ау, - деп.

- Сол, - деді, - өлең айтып ел адақтап,
Талайды білеп, сыбап, балағаттап.
Талайды іреп-сойып, ұрып жығып,
Жайына жүре берер жаланы аттап.

- Сол, - деді, - домбырасын долдана ұрып,
Домбыра қолындағы ол да бүлік.
Қазақтың тойларының шырқын бұзып,
Талайды шырқыратқан жолда жүріп.

«Мен елімде жүргенде елден астым,
Менменсінген талайдың көңілін бастым».
- Сөзінің кеудемсоғын көрдіңіз бе:
«Жаныма ерткен жігітке олжа салып,
Бір түнде сегіз қыздың қойнын аштым».

Мінеки көрдіңіз бе сөздің дәйін,
Көзақы қалдырмайды көз көргенін.
Жүйрік ат, сұлу әйел, сұңқар көрсе,
Кетеді иемденіп кез келгенін.

Болыстың атшабарын қойдай сабап.
Бір сабап, екі сабап... қоймай сабап.
Ол – ол ма,

Қараөткелдің көшесінде
Ішіп ап, опыр-топыр ойран салад...

Біреудің әйелі әйел бола ма оған,
(Осылай сөйлей ме екен адал адам).
«Қараөткелдің кіргенде көшесіне

Маржалары көрем деп қамалаған».

Сонда олар секілді оған өліп-өшкен,
Көрдің бе, көкірегі, көңілі үстем.
Кәдімгі көрсеқызар көкжал дерсің
Қанағат нәпсісіне жегі түскен.

Өзіндей әуейлерді елден жиып,
Базардың бар екенін келген біліп.
Қараөткел көшесінде көлеңдеген,
Қайсыбір осынысы көргенділік?..»

Бұл өсек, бұл ғайбатты Иманжүсіп
Естіген.

Оған бірақ иі түсіп,
Қорқа ма, имене ме... ары таза,
Біледі өш екенін сүтке мысық.

Біледі бұл өсектің қайдан тарап,
Баратын бағытын да қайда анталап.
Халқы ғой Қараөткелдің болыстыққа
Ұсынып жоғарыға қойған талап.

Сол халық сенбес-ау деп бұл ғайбатқа,
Жанталас Жайықбаев сірә ойлап па?..
Білетін иісі қазақ, Иманжүсіп –
Өз ұлы өзекжарды бұл аймақта.

Бұл өлке, бұл өңірде оның атын
Қазаққа қадірлейді жаны жақын.

Өйткені ол қашан болсын, кімге болсын
Халықтың болмысымен жолығатын.

Болмысы – мінездегі кесектігі,
Ептіні, ұнатпайды есептіні.
Болмысы - тимей жүрмес бір адамға
Не көмек, не себесін не септігі.

Болмысы – ән мен жыры, сөз бен сыры
Таусылмас таусылғанша көзден нұры.
Бір өмір – жұтқан ауа, біреуі өнер,
Соңғысы артта қалар өзге өмірі.

Болмысы - ала қойды бөле қырықпай,
Ауасын бір аспанның бөле жұтпай,
Адамға болса екен деп тілейтіні,
Көңілін еш пенденің және жықпай.
Ақыры аңға шықса жолаушыға
Қалды ма қанжығасын ол ағытпай.

Пушкинді, Крыловты және Абайды
Жатқа айтар, айтылмаған жаңалықтай.
Әрине, орысшасы аздау болар,
Ойлары бірақ бір-бір қаралықтай.
Сыйлайды Қараөткелде орыс-қазақ
Жанардың ішіндегі қарамықтай.

- Иман, - деп, ал біреуі «қара Иван» деп,
- Тамыр деп, нағыз тамыр табылған деп.
Шақырып той-томалық, пасхасына,

Төрінен орын беріп, дәмін дәмдеп.
Шаруа орыс, жұмысшы орыс, кедей қазақ
«Түбінде дейді саған тәңір бермек».
- Ә, тәйірі-ай, - дейді де бұл әніменен
Әп-сәтте жібереді көңіл демеп.
Содан соң шақырады Күйгенжарға
- Теп-тегіс бірің қалмай бәрің кел, - деп.

Жол түсіп Қараөткелге шықан сайын,
Зейнептің сәлем-сауқат құрт пен майын
Жүреді ала келіп, ала кетіп,
Береген алаған ғой жұрттан дәйім.

Захардың, Василийдің, Николайдың
Үйінде қона жатып ол талай күн.
Естіген «революция» деген сөзді
Түйінін кедей жұртқа ортақ ойдың.

Естіген Ресейде бір дүмпу барын,
Патшаға қиын-қыстау күн туғанын.
Сол жылы Күйгенжарға келе жатып,
О, ғажап жүрегінің бұлқынғанын...

О, ғажап, жүрегінің бұлқынғаны-ай,
Бұнысын байқамаған шіркін, қалай?
- Азаттық, азаттық, - деп тамырлары
Болады шыр-шыр етіп, шыр-пыр қалай?..

- Азаттық, азаттық, - деп күбірлеген,
- Азатпын! - деді ол іштей, - тірімде мен.

Біреуден қорлық көріп, қорықтым ба,
Жүректің кезі бар ма дірілдеген.

«Азатпын, мен азатпын» - деген іштей,
Ер жігіт өмір сүрмес ерегіспей.
Ондайда жеңілгем жоқ, жеңдім ылғи,
Бірақ та шын азаттық ол еместей.

Кең дала, еркін дала, кең елімде,
«Кемсің» деп айтқан бар ма мені елімде.
Басымнан сөзі асқан жоқ, ақылы да,
Байдың да, болыстың да, төренің де.

Халқыма кезім бар ма сыйсыз болған,
Жұртыма жырсыз барған, күйсіз барған.
Бұғылы, Тағылының тауларының
Жұттым ғой бір адамдай иісін, жалған!

Басына салдым бүркіт, алдым түлкі,
Қыран ба?..
Құс болғанмен әркімдікі.
Талайлар айып-жала жаққанымен,
Кісенін сала алмады тағдыр - құлпы.
Өнердің сегіз қырлы сиқырымен,
Мінездің кеңдігімен, сүйкімімен.
Пиғылдың тазалығы, аяулы жар
Зейнептің күтімімен, күйтіменен.
Кейін қап көрген емес заманынан
Қор болып күйбеңменен, күйкіменен.

Әулеті – кіндік емес көп тараған,
Дәулетті «қолдың кірі» деп қараған.
Көрген жоқ көптен озып, көштен қалып,
Халқы жоқ кеудесінен қақпалаған.
Маңдайын тауға да ұрып, тасқа да ұрып,
Талай сын өткелектен өткен аман.
Өмірге налыған да кезі болды,
Жалтақтап жолаушыдай жоқ қараған.
«Азаттық» деген сөзді ойламапты-ау,
Япырай, киіп жүріп нөкта-заман.

Азаттық алыста екен... Бұлың-бұлың
Көзіне елестейді бүгін мұның.
Отыр ол – тас түрмеде, енді біліп,
Сондағы санасының бұлыңғырын.

Отыр ол тас түрмеде, тас шеменде,
Басқа ойда, басқа дүние, басқа әлемде.
Кешегі сейіл-серуен, бас бостандық
Кей-кейде көтергені босқа кеуде.

Дегені: «Сөзім азат, өзім азат»,
Дегені: «Жауға бермес мені қазақ»
Секілді бәрі өтірік, бәрі мазақ,
Неғылған кереғарлық бәрі ғажап!

Отыр ол тас түрмеде ойда осындай,
Жүрген жан кең самиян жайға симай.
Жалаған өз жарасын жолбарыстың
Шарасыз айласы бар айласындай.

Ызадан ыңыранады... уһілемей,
Кейімей, өзін-өзі сілкілемей.
Көкжалдай іші-бауырын тартып алып,
Жауына атылмайтын бір түлемей.

Сырықтай ұзын бойлы, сәл бүгінкі,
Тұтасқан сақалымен шалғы мұрты.
Жанардың тереңінде от ойнайды,
Жандырған күйзелістен жанның ырқы.

Бура сан борша-борша, қадау сүйек,
Еті жоқ, еңсегейді қалай сүйеп
Тұр екен деп ойлайсың, бір қарасаң,
Жараған жорықтарда жолаушы деп.

Бойынан боркеміктік байқалмайды,
Тұтқын деп әлі де ешкім айта алмайды.
Шарасыз қалдырмақшы тергеушінің
Шалдуар сауалына шайқалмайды.

Ай өтті сұр түрмеге бұл түскелі,
Ертең сот. Бұл болса сот қылмыскері.
Келді үкім. Құтпановты сол өлкенің
Билері соттасын деп білгіштері.

Ертең сот. Билер соты. Дала соты.
Бөлінген Қараөткелдің алашы екі.
Біреуі – Жайықбаев жағында еді,
Байлаған шаужайына шамасы, еркі.

Қалың топ - Иманжүсіп жанашыры,
Халқының азаматы, сана-серті.

«Бұл соттың осы өлкеге бетін бұрған,
Адвокат Михеев қой,
беу, антұрған!

Дос деген, тамыр деген жақсы екен ғой
Дәл бұлай жасай алмас бірге туған».

Деп іштей

Иманжүсіп езу тартып,
Жанашыр жақсылыққа өзі балқып.
Ойлайды: «Қиямет те, құдірет те сол
Адамның тууы-ау, - деп,- сезімі артық».

Дос шықпас жалынғаннан, табынғаннан,
Жүрек қой Михеевке әмір болған.
Омбыға Ананышев Василиймен
Бір барып, бауырласып тамыр болған.

Адвокат қыр қазағын іштен сынап,
Бұл-дағы елпілдемей күш қамшылап.
Омбының зиялысы Құтпановқа
Әйтеуір бір көргеннен түскен құлап.

Ұнаған ниеті ме, пиғылы ма,
Әйтпесе өнері ме, күй-жыры ма.
Екеуі төл боп шықты түйдей құрдас,
Тағдырдың не айтарсың бұйрығына.
Дегені «беу, антұрған» ырзалығы

Құрдастың қысылғанда қимылына.

Біледі ол дала даусыз болмайтынын,
Қалың топ Құтпановты қорғайтынын.
Жүз жерден Жайықбаев болыс болсын,
Біледі сөзге келсе «оңбайтынын».
Жекпе-жек тезге келсе тағы да оның
Біледі тіресуге бармайтынын.

Сондықтан бұрды осылай соттың бетін,
Аударып азабынан кетті індетін.
Омбыға Қараөткелден хабар беріп,
Атқарды тамырлары көп міндетін.

Жасаған Жайықбаев алашапқын,
Арада бәрін жасап аласаттың.
Сайланып болыстыққа алғаннан соң,
Өштескен «жауларына» және шапты.

Болыстан болмай жатып «келсін» деген,
Хабар кеп, Иманжүсіп менсінбеген.
Одан соң суыт хабар тағы келді,
- Салығын кешіктірмей берсін, - деген.
Қайыра Иманжүсіп жауап берді:
«Ешкімге бересім жоқ еншімнен мен».

Содан соң бір шабарман тағы келген,
Тақ бұйрық әкелгендей тәңірінен.
«Сый болсын, - депті маған Сейілторы,
Артық па ағайындық қадірінен?

Арада бір қылқұйрық жүрмей ме екен,
Жылқы затын бұл қазақ бәрі мінген.
Бермесе өзі білсін...

Құтылмайды

Ақ патшаның әділ заң – әлібінен».

Бұл сөзге Иманжүсіп қаны қатып,
Шашырап көздерінен жалын атып:
- Сәлем айт Рақымжанға, - деді ол сонда, -
Есіне сақтап жүрсін әр уақыт.
Намысын Иманжүсіп аттатпайды,
Құдайы қор қылмаса, өлі жатып.
Торымды бере алмаспын бас берсем де,
Кетсе де ақ патшаның әмірі атып.
Ұсынса болыстыққа ел ұсынды,
Мен оның тиген жоқпын арына түк.
Болыс боп сайланды ғой, енді менің
Соңымда не өші бар сабылатын?
Арыма тие берсе, құдай болсын,
Айтып бар, мен емес деп жалынатын.

Содан соң Қараөткелге тойға барған,
(Кезі жоқ айтқан сөздан тайғанаған).
Серісін халқы көптен сағыныпты
Жиналып қырдағы адам, ойдағы адам.

- Иманжан, сағындық-ау дауысыңды, - деп,
Жан-жақтан әншісіне салсын міндет.
Әнші де ағыл-тегіл қозды арқасы
Дегендей «қалсыншы бір халқым гулеп».

Ұйыды ел. Өнші неден алаңдайды,
Еліндей ешкім қорған бола алмайды.

Халқының жүрегіне кіреді үңгіп,
Жүректен ешкім тартып ала алмайды.
«Қазақтың бар қатыны ұл тапса да,
Бәрібір Иманжүсіп бола алмайды».

Мейірімнің көлшік – көзде оты жүзді,
Өн шіркін шыдатпайды-ау нәтіңізді.
Сол кезде есік жақтан шықты дауыс:
- Ағажан, әкетті - деп, - атыңызды.

Суық тер мүп-мұздай боп кетті жоны,
Кеудеге қадалғандай кектің оғы.
Қашқынның біреуінің тізгініне
Омыраудан оқ бойы озық жетті қолы.

Аударып тастай салды аттан оны,
Бұл өзі орғыл құмның қапталы еді.
Орғылдың турасынан қиып алып,
Қашқын топ қарсы алдынан соққан еді.

Қашқын топ қарсы алдына жетті қарпып,
Біреуін ұмар-жұмар өтті тарпып.
Көзіне қан толмайтын әдеті еді,
Тегінде қасиеті-ау тектің артық.
Торысын аударып ап мінді-дағы,
Ештеме болмағандай кек қыларлық.

Иттерге қыңсылаған қарамастан,
Ауылы Күйгенжарға кетті тартып.

Ал бірақ ертеңіне Күйгенжарға,
Сау етті сары ала қол... иман бар ма?
Алтауы рассыльный, ал төртеуі
Сұп-суық стражник, иланғанға.

Соңында отыз солдат осылардың,
Селт етпей сері оларды тосып алды.
Зейнептің жыламауын өтінді тек
Және де жау алдында жасымауды.

Зейнеп те әйел еді мықты асыл тек,
Шыдайтын «шықпа жаным, шықпашы» деп.
Сондықтан абысындары әзілдейтін
«Бүгінгі Қобыландының Құртқасы» деп.

Ішіне ащы ызасын жұтты деммен,
Жыламай қалды қатып - мықты дәрмен!
Сері де сертке берер сере қолын
Кісенге тоса берді ықтиярмен.

Мінеки, тас түрмеге түсті осылай,
Кешегі ұзын қолдың қысқасын-ай.
Ертең сот. Еркіндікке енді жетсе,
Қап, бәлем! Түспес жұмсақ тіске осылай.

Қап, бәлем! Түспес жұмсақ тіске осылай,
Көп ойдың көкірекке тұстасуы-ай.

- Қап, бәлем, қап, бәлем, - деп қаны қатып,
Кірді ол сот залына, ішке осылай.

Өкілі сегіз болыс. Жүз қаралы.
Төбе би төрде отырған сызданады.
Сескенбей ештеңеден Иманжүсіп
Сотта тұр – Қараөткелдің мұзбалағы.

Ол неден жалтаңдайды, жасқанады,
Қабарып тас түюлі қас-қабағы.
Білдірді бір-екі би жақсы ишарат,
Бұл оны құлдық ұрып қоштамады.

Ешкімге бәйек болмас бас сауғалап,
Кетсе де төбесінен аспан құлап.
Ар таза, жүрек таза, терге, тексер,
Айтпайды Иманжүсіп бос сандырақ.

- Ал кәне, сөйле! - деді төрдегісі, -
Дейді ғой осы өңірдің сен бөрісі?
- Ол рас, - деді сері, - сол бөрінің
Қор боп тұр кештеу түлеп көнтерісі.

Қор боп тұр кештеу білеп азуын да,
Әйтпесе Жайықбаев жазымымда,
Жоқ болып баяғыда кетер еді,
Таба алмай тұғырын да, қазығын да.
Бұл қазақ білмейді екен, бәстесі кім,
Тағдырдың маңдайында жазуында.

Қалың топ қатысушы дүрлігіп қап,
Бір-бірін емеурінмен, ыммен құптап.
«Ә, бәсе, батыр солай сөйлейді ғой», -
Дейді іштей қыбы қанып, қыпылықтап.

- Рас па,

Бір ай бұрын тап осыдан,
Болысты жұлқылапсыз жағасынан?
- Бәтшағар! - деп біреуі ыршып түсті -
Шыққан ғой шариғаттың шарасынан.

- Жә,- деді сонда сері, мақам еппен,-
Қиянат жасаушы ма ед атағы өктем.
Атымды алып қашқан біреулерді
Ол рас, қуып жетіп тапап өткем.

Болыс па, ұлық па деп қарағам жоқ,
Ұрыны адам ғой деп санағам жоқ.
Солардың арасында болса болыс
Сыяпат сыйлаппын-ау шамадан көп...

Қалың топ қатысушы мырс-мырс күлді,
Төбе би төбедегі бір түшкірді.
- Жәрәкүмалла, - деді өзіне-өзі, -
Қорқыту қиын екен бұл түшкірді.

- Әй,- деді бүлік биі Атбасардың, -
Ел сені тектіміз деп топқа салды.

Сен болсаң, текті болмай, тентек болдың,
Тұрады басындағы бақ қашанғы...

Түскен жоқ саған құрық, әлі жүген,
Ісің жоқ елдің қарыз, парызымен.
Енді сен атағыңды әнмен емес,
Шығардың әйеліңнің арызымен.

- Әйелім губірнатырға арыз жазды,
Басымнан ығыстарды бар ызғарды.
Не істейді сауатты әйел сөйтпегенде,
Құранды құран екеш оқымап па ең,
Некелі бір-біріне қарыз мәңгі.

Ерінің дақ түсірмей ұранына,
Тағдырдың төзсін әйел сынағына.
Сенем мен әйелімнің керек болса,
Алдынан ақ патшаның шығарына.”

Секемшіл бір-екі би үрпиісіп,
Ұқпады кімге мынау тұр тиісіп.
Сақ олар сауысқандай... үйренген ғой
Бір шоқып, екі қарап тімтінісіп.

Ол айтты:

- Текті, тексіз деген сөз бар,
Айырмас мағынасын кей арсыздар.
Тал түсте ұрлық жасау тектілік пе,
Біліп ап... сосын сауал қоярсыздар.
Ұстап ап сол ұрыны жетсе де әлі

Ұрмады, ең болмаса жасқамады.
Айыбын өзіне арту тексіздік пе,
Ашпай-ақ алты алашқа масқараны?

Қалың топ қатысушы қатты күлді,
Қол соқты лапылындай оттың ілкі.
«Жарайсың, қайран сері-ай,
жарайсың!» - деп,
Билерді билеп кетті топтың ырқы.

Қараған ел-халықтың аңдысына,
Омбының осал еді заң мысы да.
Ұсынса кеше халқы болыстыққа,
Ұсынды разы болып болмысына.
Сол халық бүгін қалай бере қояр
Шығарған соттың үкім қаулысына?
Билер де біле қойды: Иманжүсіп
Биліктің көнбейді үстем шарғысына.

Елеңдеп Қараөткелдің елі тегіс
Серіге көп тілектес болды сірә!
Сері де сезді соны, ерік берді
Шындықтың семсері мен шалғысына.
...Сот бітті. Серісі азат. Ұшты Зейнеп,
Серісі құшты жарын сәл қысыла.

Қаусырып кетті халық құшағына,
Бала еді ол жаңа туған бұл шағында.
Түсінді дүние – фәни, өзі – сәби,
Екен-ау халық - ана құрсағында.

* * *

Көп адам Күйгенжарға келіп жетті,
Серінің өкінішін жеңілдетті.
Көңілді бөлісті олар, көңілдегі
Көп ойлар лықсып, толқып бөлінбепті.

Қайта ол қоюланып күннен күнге,
Жасатып шолу-шолғын күллі өмірге.
Түйінін таба алмайды ұтыстырған
Тағдырдың заңдарының бірді-бірге.

Бір адам Сарыарқада “менмін“ десе,
Мен деуші ед Иманжүсіп ел білмесе.
«Мен елімде жүргенде жұрттан астым,
Менменсіген талайдың көңілін бастым».
Осы ән, осы жырын кім айтады,
Тағдыр мен мінезіне тең келмесе...

Ал сонда мына мені басынғанда,
Заңына бұл заманның басу бар ма?!
Мына мен зәбір көрсем, жапа шексем,
Не жорық бас-көзі жоқ тасырларға?

Мен неге зәбір көрем?

Себебі не?

Халқымның қажет болсам керегіне.
Сол халқым төбесіне тік көтерген
Батырып жауларымды тереңіне.

Сесі бар сол халықтың, жоқ билігі,
Билейді – қолдың кірі, көптің бірі.
Омбыда адвокат дос айтушы еді,
«- Халық,- деп, - көтеретін кек – дүмбіні».

Сол қашан, сол күн қашан, - деп ойлайды,
Түйінін ойлап-ойлап таба алмайды.
Қолға алып домбырасын, мұңын іштен
Сыртына шығарады заман жайлы.

Шыққалы тас түрмеден аз-ақ күнде,
Түсті бір алмағайып ғажап күйге.
Айтпайды бұрынғыдай «азатпын» деп,
Немесе «көрдім деп те тозақ – түрме».

Ән салып, күйін шертіп ... көп үндемей,
Сері едім, Иманжүсіп едім демей.
Өнерге тапсырғандай сөздің бәрін
«Өлеңнен көрінер – деп, - көңіл – көмей».

Арқаға Күйгенжардан бір ән тарап,
Қағып ап туған топырақ, туған тарап.
Кешегі ноян сері тас түрмеден
Шыққандай ой арқалап, мұң арқалап...
Қалғанмен болыстыққа жасы жетпей,
Отыздың қақ ортасын тұр орталап,
Ол кеше намыс қуды, отына оның
Білмепті-ау керектігін шыдар тағат.
Ойлапты қолымда – құс, көмейімде – ән,
Астымда болса болды қыран – торы ат.

Білмепті халық қамын ойлау деген
Көтермей қайғы-мұңын сыңар талап.
Халқына өнер арнар перзент туса,
Өтеді жүрегімен жүк арқалап.

Жүр еді осы ойлардың толғағында,
Таяуда Омбы жаққа жол қамында.
Адвокат Михеевтен хат алған-ды,
Бұл талант! Зиялы дос талғамында.

- Кел, - депті - таныстырам Петербордан
Бағы бар біреу келді бармағында.
Ал бұған жетпейтіні бір түйір бақ,
Аллаға өкпесі жоқ қалғанында.

Бармақ та, таныспақ та, алмақ соны,
Сөйтіп бір халқына сеп болмақшы еді.
Сөйткенше Қараөткелден хабар келді,
«Қайтадан абақтыға алмақ сені».

- Е, неге... Әкесінің құны бар ма,
Жүр ме екен қара таппай ұрынарға?
Жауызы Жайықбаев өшін алып
Бітпеп пе? Бітетұғын түрі бар ма?

Бітпепті... Басу айтты тамыры оған,-
Жаласы – мірдей тиген әнің оған,
Даланың бунтары деп дәлелдепті,
Бүлікшіл, ақ патшаның заңына әмән.
Және де қарақшы деп қаралапты

Құрығы еш адамның дарымаған.
Топ жиып, топар сайлап өткен жолы
Сот-ау деп билер сотын танымаған.
Жасауыл бүгін шықты... ал жасырын!
Бастығы Жантасов қой... залым адам.

- Қап, бәлем!
Келсін, - деді ол, - қолында өлем,
Көп болса, біткен шығар өмір деген.
Бірақ та жастығымды алып өлем,
Қанымды жуып өлем қаныменен.

Зейнепке: - Қайда - деді, - қосауызым?
Шетінен жамсатайын жасауылын.
Еңіреп етегіне жығылды жұрт:
- Біз үшін бір жақсылық жаса, күнім!

- Қайтесің, қаш пәлекет машайықтан,
Ел болып құтылармыз осы айыптан!
Жауласпа, от басың бар, өз басың бар,
Болмайды бәрін бірдей қоса жұтқан.

Одан да бой тасала, қара нарсың,
Шыдарсың, зіл-заланың назары аусын.
Заман да, заң да өзгерер деуші едің ғой,
Жайықбай тұқымының заманы аусын.

Аға да, кәрі шеше, жұбайы да
Жалынды. Бұл солардың райына
Көнді де, амалсыздан атқа мінді,

«Тілегім болмады-ау, - деп,- құдайым, ә»“

Сол екен, сау ете қап жасауыл да,
Қиғылық салды дейсің осы ауылға.

- Тап та тап!

- Қайда кетті?

- Қашан кетті?

Дігірлеп шешесін де, қосағын да.

Жантасов жалаңдайды сап-сары ала,

Келгендей жан алуға, бас алуға.

Жанында жиырма-отыз солдаты бар,

Қос-қостан қаруы бар қосарында.

- Тап, - деді ол ағасына – Ақшабайға,-

Тап деймін, кетті қайда, қашты қайда?

Көрейік қалай-қалай тантиғанын,

Кім еді ол бағынбайтын еш құдайға?!

- Білмеймін, - деп Ақшабай үлгергенше,

Ақи көз, алаңғасар бір дембелше.

Дүмімен мылтығының салып өтті,

Қамшысы Жантасовтың сілтегенше.

Басынан Ақшабайдың қан дірдектеп,

Кәрі ана жетті ұлына зар еңіреп кеп.

- Не істеп ек, не жазып ек?..- жайды қолын, -

Құдай-ау, қарғысында бар ма едік? - деп...

Зәре алып, иман үйіріп, зар қақтырып,

Ұлардай кәрі-жасын шулаттырып.

Сыйғысып бір тарының қауызына
Түндігін, туырлығын турап, тіліп,
Жасауыл Күйгенжарды илеп өтті
Ұйпалап шаңға көміп, құм қаптырып.

Қырда ауыл құр сүлесөк қалды иіні,
Қазақта «мал күйігі - жан күйігі».
Иіріп жүз қаралы жылқысын да
Кетті айдап, осы болды бар қиыны.

Қорғансыз ауыл сонда зар еңіреп,
Қорғанын қорғап қалды... керегірек.
Зорлыққа, зомбылыққа іш қайнайды,
Төзетін, шыдайтұғын себебі жоқ.

Бұл кезде жонда жортып Иманжүсіп,
Қапа боп қалың оймен жүрді алысып.
Соңында оңды-солды орағытып,
Із кесіп жасауыл да жүр қарысып.

Ол бірақ қырда – сағым, құмда – сынап,
Ешқашан қолды-аяққа тұрмасы хақ.
Аң аулап, елге олжасын үлестіріп,
Өз-өзін осылайша жүрді асырап.

Құмдағы отырықшы ел некен-саяқ,
Серіні көрген емес бөтен санап.
Жасауыл төбесінен түсер сәтте
Көрсетіп жібереді төтен сорап.

Көрген жоқ қуғын-сүргін, жаудан сасып,
Шайқасып, мылтық атып, майдандасып.
Қолма-қол көз жазып қап қуғыншылар
Қалатын «ойбайласып, бай-байласып».

Ол өзі көз мерген де, қол мерген де,
Адамға оқ атпайтын жан-дәрменде.
Және де оқ қағары бар сияқты
Тайқитын ажалы да дәл келгенде.
Осылай құба-түзді ай паналап,
Көңілге алуан-алуан ой тағалап.
Оралды Күйгенжарға, шыдамады,
Туған жер бітірердей қайта қанат.

- О, сұмдық! Көп екен ғой көрмегені,
«Шыққыр көз, таба қылдың сен де мені,
Жұртымды зар еңіретіп жылатқанша,
Қу тағдыр кіргізсейші жерге мені!»

Бұл сөзді Иманжүсіп іштен айтты,
Әрине, тілін қыршып, тістене айтты.
Не істейді, не істейді енді,
не істеу керек?
Дәрмен жоқ. Қолы құрғыр қысқа, қайтті?!

Не пайда қуатыңнан, қайратыңнан,
Не пайда алтыныңнан ойда тұнған.
Не пайда – адалдықтан азап көрсең,
Не пайда – шыққаннан соң қайғы ақылдан.
Тартты ол «Жайықбаев, қайдасың?» деп.

Қан тамса көрейін-ақ айбатыңнан.
Әйтпесе, жылқы үйірін алып қайтпак,
Жандайшап Жантасовтар пайда қылған.
Ажалдан қорықпайды...

Ұят күшті,
Әйтпесе келмейді өлім қай қапылдан.
О, тағдыр, бақытты екен, - деді ме екен,
Арыстан мерт болса да Айға атылған...

* * *

Арыстан Айға атылған мерт болған жоқ,
Мөрт мінез сеніп келген ақталған жоқ.
Қолына темір кісен түсті тағы,
Өлім жоқ, құныкер жоқ, аққан қан жоқ.

Бұл жолы шынжыр кісен, сұр түрмеден
Қорықпаған,

именбеген, іркілмеген.

Тек қана тас түрмеге кіре беріп:
- Дүние-ай, тар екенсің шіркін! - деген.

Омбыдан жетті үкім де тәулік аса,
Зиянын, қаупін айтқан «жаудың» аса.
Бас бұзар, тентек қана емес депті,
Егерде өлең жазып, ән құраса...

- Айта бар,

Жайықбаев дәл аңғарған,
Әні ғой - пиғылына дәлел болған.
Халықты ылықтырып кетпей тұрып,

Ондайда әдемісі жер аударған.
Айта бар, - деді ояз шабарманға,-
Сібірге... мейлі тіптен одан да әрмен...

* * *

Тайғанап тар қапастың көк тасынан,
Шыққанда сұр түрменің қақпасынан,
Қаратпай алды-артына айдап алып,
Жөнелді сүйрегендей ноқтасынан.
Келгендер Күйгенжардан зар еңіреп,
Ана да, ағайын да – бәрі еңіреп.
Құшақтап құйттай ұлын Зейнеп ана:
«Құдайға не жазығым бар еді» - деп,
Және де сол «құдайдан» жәрдем тілеп,
«Жасаған жаппар алла жар еді»- деп,
Бір дәурен бұл-бұл ұшты сонда көзден
Дүние құбылысынан бөлегірек.

...Дүниені Иманжүсіп енді көрді,
Астасқан көкжиекпен белді көрді.
Қоштасқан, қол бұлғаған көлді көрді,
Көк аспан көз ұшында қалықтаған
Құп-құйттай қанаты бар меңді көрді,
Алдында жатқан таныс жолды көрді,
Аймақтан туған-туыс елді көрді,
Қолында шынжыр кісен, саудыр-саудыр
Дүние көз алдында дөңгеленді.

Шаңытып санасына сан ой келді,
Қия алмай, жан-жағына қарай берді.

- Қош,- деді, - Уа, туған жер!

Бір ауыз сөз,

Бір ырғақ тілдің ұшын орай берді.

Көкірек қарс айрылды:

- Қош, туған жер!

«Абылай аспас Арқаның сары-ай белі...».

ДҮНИЕ ДӘНЕКЕРЛЕРІ

(поэма)

1. Өмір мен Орақ

- Сен Диқансың ғой, сен айтшы маған, ағажан,

Орақты неге алтынға халық балаған?

Астықты неге алтынға теңеп, неліктен

Бір түйір дәнді алтыннан артық санаған?

Сен Диқансың ғой, жарылып айтшы ағыңнан

Темірге емес өмірге адам табынған.

Алтынға емес, бір ғана түйір дән үшін

Шаршаған адам, сарсылған адам, сабылған...

Әуелі түрен,

Содан соң орақ жасаған,

«Жасаған аллаң» – жасаған емес, осы – Адам.

Түренді бірақ алтын түрен деп айтпаған

Қара темірді алтын орақ қып қашаған.

Орақты бірақ алтынға теңеу себебін,

Топшылап қалай айта алар екен, кәне кім?

«Алтын мен күміс – тас екен» деген өзіміз
«Арпа мен бидай – ас екен» деді және елің.

- Алтыным, - деді аймалап және ботасын,
- Алтыным, - деді аяулы жар мен апасын.
- Алтыным менің, аман-сау жүр, - деп береді
Ең соңғы үміт – аманаты мен батасын.

Адамдық күллі қасиетті сезім теңеуін
Сен айтшы, Дикан, ораққа теңеу себебін,
Алтынды адам білмей-ақ жатып дән екті,
Теңеуі ме деп ойлайын десем көненің...

Теңеуі ме деп ойлайын десем бүгіннің
Уақыттың дәстүр ғұрыптарына үңілдім.
Жетпесе бойы құранды төсеп нан алған
Адамның тағы адалдығына жүгіндім.

Сен айтшы, Дикан, білесің астар, жұмбағын,
Білемін, әттең... (білемін ғажап сыр барын).
Жымыды Дикан: - Ғажап жоқ онда ешқандай,
Қиялым да жоқ басымнан алып қосқандай,

Басымнан өткен бар еді бір оқиға
Уақытың болса айтайын, - деді, - тыңдағын...

... Қайсыбір жылы Арқада бітік шықты егін,
Орнына түсті жүрегім, жаздай күпті едім.
“Өз танабымның толысып дәні қалды-ау” деп
Ерте орақ салдым. Ешқандай бұйрық күтпедім.

Япыр-ай, ерте бір апта, он күн ерте-ау - деп,
Ертерек салған орағымнан мен қорқам кеп.
Пенде ғой адам, ешкімге бірақ айтпадым,
Өкіндім «дәннің обалын қалай тартам» деп.

Мен орақ салып, нәтиже алып болмай-ақ,
Гүр ете түсті. Комбайн қаптап күллі алап.
Алтын Жұлдызды ауданның жалғыз диқаны
Басқалар қайтсін, топ бастап кетсе туралап.

Басқалар тегіс «бастама – деді,- бұл батыл»,
Арқада ауа райы деген тым қапыл.
- Біледі, - деді, - Алтын Жұлдызды ағамыз,
- Мінеки батыр, мінезді батыр, шын батыр!

Мінезім рас,
жетісіп тұрған жоқ менің,
Көзсіздігім де, ессіздігім де көп менің,
Ақылыма алған жоқ едім Алтын Жұлдызды
Маңдайдың терін аямай рас, төккенім.

Маңдайдың терін аямай рас көп төктім,
Мақсатқа жеттім, арманға бірақ жетпеймін,
Арманның бірі – артыма ерген үш ұлды
Осынау дәндей жаңа да жаңа көктеттім...

Толысып олар, толығып әлі біткенше,
Мойныма менің әкелік парыз жүктелсе,
Толысып Адам біте ме сірә ғұмыры

Арманнан да әрмен сағынып оны күткенше...

Өкінішімді, опығымды ешкім сезбеді,
Тек өзім білдім, өкіндірмедім өзгені.
Арқада сол жыл ағыл да тегіл болды астық
Тонналап тартты таразылардың безбені.
Бастама деген, батылдық деген – бір ұғым
Асырып кетті аймақтың күллі дүбірін.
Ғарыштан маған ғарышкер жолдап құттықтау
Облыста да бермедім жеңіс тұғырын.

Ауданнан бастап облыстан да келді өкіл,
Бастамам жайлы баяндап бердім елге кіл.
Өкінішіме тек өзім куә, үн-түнсіз
Кіндік қан тамған, маңдай тер тамған жер кепіл.

Жарықтық дала, молшылық – мұхит, демімен,
Тамшының орнын толқындарына теліген.
Қайнары тасып, айбыны асып сол жылы
Өкінішімді шайды да кетті селімен.

Пенде ғой Адам, өкінішімді ұмыттым,
Тағы да талай бас бәйгелерге іліктім.
Омырауыма тағы да орден қададым,
Мінбеге талай міндеттер алып шығыппын.

Сабантойларда шалқып та тасып сөйледім,
Сөзімнің бәрін саралап діттей бермедім.
Өзімнің кейде бойымнан биік секірдім,
- Антеймін, - дедім, - тұғырым бірақ Жер, - дедім!

Жанды ма бағым... Шықтым мен үздік ұдайы,
Өзімді-өзім ақтадым енді шынайы,
- Шығынсыз кіріс болмайды, - дейді... Сонау бір
Азғантай шығын... Күлемін іштей “құдайы”.

Азғантай шығын!.. Шығында ма екен мәселе,
(Ол шығын орны толмайды, қанша еселе.)
Жер – Ана болса, ақ бидай – оның ақ сүті
Қиянат неге жасадым сонда шешеме.

Ананың сүтін азғантайымен, көбімен,
Есептейтұғын перзентті қашан көріп ең?
Ойлаймын кәзір асып та кеттім мен сонда
Перзенттік пейіл қанағаттың да шегінен.

Болса да менде кәнігі кәсіп мектебі,
Білімім емес, білігім сірә жетпеді.
Жарыста озсам, жұлдеге жетсем ол кезде
Жұлдызға қолым жеткендей едім көктегі.
Орақ па – орақ?..
Біткенше орақ онда мен,
Қозатын арқам, ессіз де түссіз болған ем.
Алтын ба орақ;
Күміс пе орақ;
Жез бе орақ,
Тек орса болды, қайрап та қайрап салған ем...

Нәті мен нарқын, әр сөздің парқын, теңеуін,

Тегі мен түрін, салдары менен себебін.
Елегіне ойдың салатын уақыт жоқ онда
Есіл де дертім мол астық пенен мол өнім.

Қайратым онда санама бермей тізгінін
Игере бердім осынау өлке түз-қырын.
Егінді бітіп, екі есе жоспар орындап,
Үлгірдім жыртып келесі жылдың күздігін.

Темір ғой тегі, алтын деп оны атауда,
Парасаттардың тағылымы бар о, тәуба!
Кедей ме, бай ма... Алтын орақтың атауы
Киесі бірдей кез келген ел мен Отанда.

Құп-құйттай ғана қайқы бел темір – кара орақ,
Замандар сені жіберсін мейлі, жаңалап,
Жер – Ана сені ақ сүтіменен суарған
Сондықтан сенде – қайырым, мейірім, қанағат.

Сондықтан адам қимасын саған теңеген,
Тегінде темір, қайырымды темір не деген!
Ұсталар сені жасаған жаңа Ай етіп,
Дикандар ұстап күн нұрыменен жебеген.

Тоқшылық болған... жоқшылық болған заманда,
Қасиетінің сіңген ұрпақтан-ұрпақ, адамға.
Береке жинап, молшылық орып жұқарсаң,
Махаббат, мейірім тарайды сенен әмәнда!

Табыстан басы айналу деген сол ма еді,

Пайымдасамшы, ертерек осы зердені.
... Сонау бір жылы арқалап мені анамның
Қол орақ орған кездері еске келгені.

Жүдеген анам сабырмен сақтап төзімін
Жұқарған жүзі қол орағындай өзінің.
Сүмбіле түсті. Егін де пісті-ау ақыры
Соғыстың әлі зілденіп тұрған кезі бұл.

Сүмбіле түсті. Егін де пісті-ау, жарықтық,
Көктемнен бері шайнамаға да тарықтық.
- Егінге ертең саламыз орақ! – деген күн
Төбесі көкке жеткені-ай дейсің халықтың.

Қуанып халық үмітке жігер жаныған,
Биылғы дәннің дәм бұйырды-ау деп нанынан.
Сандықтан алған қол орақтардан, әйелдер
Терлері сіңген ерекектің исін таныған.

Кім қайрайды? – деп қолдағы құйттай орақты
Жан анам маған жәудіреп сонда қарапты.
Қарапты ол мәңгі осы емес пе деп ескерткіш
Жалғастыратын мәңгілік пенен заматты.

Ораған жүзін орамал шетін бір сүйіп,
Бір иіскеп алып көздерін шылап, күрсініп.
Қол орақтарын қолдарына ұстап, ұстаның
Үйіне қарай жүгірді бәрі құлшынып.

«Жарықтық еркек, еркектің қолы-ай қынулы,

Жоғында ғана білдік-ау сенің құныңды»,
Дегендей, мынау жиналып қалған күллі әйел
Үнсіз де түнсіз іштерінен тек тынулы.

- Ал, ертең орақ! Оң қолы шолақ басқарма,
Солақай қолын көтерді сонда аспанға.
- Болмайсың, - деді, - біреуің шашау шығушы,
Бір түйір дәнді болмайды жерге тастауға!

Әйелдер сонда жайылып жаны дүрлігіп
Бір-бірін түртіп, бір әзілдесіп, бір күліп.
Талайдан бері жанардан шыққан жас мынау
Алтын орақтың қуанышы еді тұр біліп...

Сібірлеп сірә сыздықтап тартты таң арай,
Егістік шетін жиырма-отыз әйел жағалай.
Қол орақпенен сусыған бидай сабағын
Сипалай берді кіндігін кескен баладай.

О, тоба!

Тоба!

Жалғыз-ақ мақсат діттеген,
Маңдайдың тері тамады жерге күтпеген
Дала да дертіп, Ана да дертіп, жуды олар
Қара темірді аналық мейірім – сүтпенен.

Сол күні шешем ошақтан таба әкелген,
Табадан маған кішкентай күлше әперген.
Қойныма басып ып-ыстық құйттай күлшемді
Қарғыдым дейсің тірілгендейін әкем мен.

Сол жылы рас, «аузымыз аққа жарыған»,
Бидай да бітік, мол өнім алдық тарыдан.
Барғанда қосқа әкемнің құйттай орағын
Сүйіп те сүйіп қоюшы едім сабынан.

Сол құйттай орақ алтын ба, мыс па, жез бе еді,
Сол болып маған көрінді тірлік безбені.
Сол жылғы орақ, сол ыстық күлше әсері
Өмірлік нәсіп, өмірлік кәсіп мезгеді.
... Пенде ғой адам, ұмыта соны жаздаппын
Табыстан басым айналып кеткен кездері.

Жасырын не бар, жасырар не бар – пендеміз,
Анамыз Жер ғой, қарызбыз мәңгі Жерге біз.
Анамыз Жердің қос қанатындай қос тұтқа –
Өмір мен Орақ мәңгілік егіз, мәңгі егіз!

Қымбат па Өмір, сыйлайсың сөзсіз Орағың,
Орағы оның – Диқаны, Дәні даланың.
Орақтың түрі, оратын тәсіл өзгерер
Қасиетін ешбір өзгерте алмас заманың.

Қасиеті оның қалпында мәңгі қалмаса,
Дәннің де дәмі – дәм емес онда, далбаса.
Темірді бекер «алтыным» дей ме адамзат
Айтқызатындай ақиқаты егер болмаса...

Қарағым, мынау қарашы деді, - маусымға,
Қызығын мұның болар ма сірә, тауысуға.

Үш ұлым диқан. Мақсатқа жеттім. Арман көп...
Сынаптай діріл бар еді диқан даусында.

- Алтын ғой алтын, әдемі теңеу, әдемі, ә! –
Деді де Діқан, бұрылды байтақ далаға.

...Өзгерер Заман! Өмір мен Орақ ұғымы
Баяғы қалпы байырғы бірақ санада.

2. Отан мен Отау

Балшекер дейтін бір Ана...
Соғысқа берді екі ұлын,
Соңында қалды қос келін –
солқылдап қалған екі мұң.
Солқылдап қалған екі отау –
шаңырағы тұрды шайқалып,
Шаңырақ тұрды шайқалып, өткенмен дауыл өтуін.

Қос қанат сынды екі отау, қазығы жалғыз Ана еді,
Ананың жалғыз қызығы арада жалғыз бала еді.
Кенжеден тұяқ қалмаған, тұңғыштан қалған шарана
Бес жасар сәби бұлардың алданыш – үміт әлемі.

Алданыш – үміт әзірге, шындыққа ертең айналар,
(Өсерде сәби сол кезде балалық шағын ойға алар) .
Үш әйел еді бір үйде, ортада ортақ отауға,
Күп-күйттай ғана үмітті қарауыл етіп қойды олар.

Ортадағы үміт – қарауыл, намысқа, арға, жігерге,

Бүкіл бір әулет тұяғы сол еді жалғыз тірерге.
Үш бірдей құшақ айналып аналық мейірім танытып,
Айналған еді үшеуі жалғыз-ақ тілек тілеуге.

Үшеуі де ырза қайтеді... тағдыры басқа салғанға,
Тағдыры басқа салғанға көнгенмен кеуде арманда.
Келер ме екен бұлардың күрмеуге келте жіптері,
Орнында барлар оңалып, ойсырағандар толғанда.

Қимастықпен үшеуі қарайды бірі-біріне,
Кіреуке кірбің көңілге түсірмес бұлар тіріде.
Бір үйдегі сол үш әйел соғыстан кейін дәмелі,
Дәнекер болған дүниеге жүректің жұмбақ діліне.

Екеуі – Ана, біреуі – тек қана әйел аты бар,
Көрген бір түстей көз жазған көк мұнар махаббаты бар,
Көк мұнар махаббатына қиялыменен сүңгиді,
Қиялмен қармап арманын, ілікпей қолға аһ ұрар.

Екеуі – Ана, дүниеге таралып тамыр таратқан,
(Әйелді асыл табиғат сол үшін сірә, жаратқан).
Екеуі – Ана, біреуі үзілген гүлге ұқсайды,
Тамыры тірі, әрине, үзілген бірақ сабақтан...
Тамыры бүтін таза гүл қайтадан өсіп шығатын,
Табиғат заңын біледі... Үшеуі де іштей тынатын.
Алдында кіші келіннің айыбын өтей алмаған
Кінәлі жандай екі ана именіп ылғи тұратын.

Ақыры бір күн енесі шақырды екі келінін,
Қозғалмай аз-кем отырды қазығы сынды желінің.

«Келінім деген жоқ едім, екеуіңді де өзімнің
Қарақтарым-ай, қанамды шыққанға жарып телідім.

Қайтейін бірақ тағдырға,

«Жазмыштан озмыш жоқ» - деген,
Жазмыштан озмыш жоқ-ау деп, бағыңды байлап шектемен,
Кішкентай келін, мен сені бойжеткені деп осы үйдің
Өзімнен туған қызымдай қызығың болса өткерем.

Алдыңнан бағың ашылсын, тағдырлас болар тең ізде,
Өміріңді өткіз, қарағым, «өксиді-ау бекер» дегізбей.
Түндігін ашпай отаудың, түтінін жақпай Отанның
Әйелдік парыз өтелмес ана боп перзент емізбей».

Дегенде, Ана демінде ащы бір шындық аһ ұрды;
Ащы бір шындық кеудеге өкініш отын шақырды.
Кішкене келін булығып далаға қарай атылды,
Үлкені болса қипақтап не істерін білмей қапылды...

Біреуін бірі қия алмай жылады да олар сықтады,
Көлдеген көздің жасынан бәрібір пайда шықпады.
Өзінің салған жарасын өзімен уақыт емдеді,
Табиғат заңы – тағдыры,
тағдырын адам құптады.

... Кішкене келін сонымен отауда жаңа от жақты,
Өзгеше тірлік бастады,
өзгеше өмір – соқпақты.

Өмірге серік жар тапты,
бала да сүйді, бақ көрді,

Баяғы мұнар арманы алдарқапты да тарқапты.

Ал үлкен келін сол үйдің шаңырағын қозғап,
шайқамай,

Ене боп ол да үлгірді, самайдың ағын байқамай.
Балшекер – Ана көз жұмған, көз жұмарында айтқаны:
«Екі отау отын өшірмей өттім-ау,- депті, - о, тоба-ай!

Екі отауымның оты да өшпеді дейтін себебім,
Екі ұлым менің жар еткен келіндеріме сенемін.
Түндігін ашса отаудың – Отанның отын жаққаны,
Екеуі жаққан отты мен өзімдікіндей көремін!»

Осылай Ана ойлаған, Отан мен Отау ұғымын,
Отау деп білген Отанның көтеріп тұрған уығын.
Отанның оты деп білген Отауда туған перзенттен
Әйелдің махаббатының қызуы менен қынуын.

Отаудың оты деп білген Отанның оты маздаған,
Отаны үшін талайлар жанды ғой, жана жаздаған.
- Отауым үшін, - демеді,
- Отаным үшін! – деді олар,
Отауды қалай тігудің,
Отанды қалай сүюдің
Заңы жоқ... ешкім жазбаған.

Отауы мен Отанын өзінше әркім сүйеді,
Сүйді ғой солай үш әйел... Сезімдерімен киелі.
Сыйластық пенен қимастық,
шын сүю деген сол шығар

Билеген бүкіл болмысты, босатқан бүкіл жүйені.

Сол шығар бәлкім мыңдаған Отаудың отын өшірмей,
Жұлдызы болған Отанның жауына айбар, сесіндей.
Соғыстан өзі у жұтып, уызын берген ұрпаққа
Әйелдің бар ма күнәсі?..

Бар болса, көрші кешірмей?!

Бар болса, көрші кешірмей, келешек сені кешер ме,
От қалған отау өшпейді, Анасыз ұрпақ өсер ме?!
Балшекер – Ана, қос келін – солардың оты, отауы,
Жетті ғой Отан өзіңе, орануға да төсеуге.

О, Отан – Ана, сен енді солардың даңқын көкке асыр,
Отан мен Отау тарихы тартады желі көп ғасыр.
О, Отан, Отан, Ұлы Отан – Ұлылығың сол сенің –
Кішкентай отауларыңның көз жұмбай ойла, от басын.

3. Топырақ және ғалым

- Нұр аға!

- Мәхлисжан!

Екі құшақ,

Лап еткен сағыныштың отына ұқсап,

Айқасып, бірін-бірі қаусырысып

Қалыпты құшақтасып қапылыс сәт.

Қалың топ таңырқаған жоқ бұларға,

Танымал бұл өлкеде шоқтығы алда.

Мәрт диқан Мәлгаждаров, енді бірі –

Топырақ тамыршысы топты жарған.

Ғалымы атышулы осы өңірдің,
Білмейтін бақай қулық, есеп ырқын.
Баладай мінезі әлі, сөйлесе де
Әлемдік мінбелерден неше дүркін.

Баладай бірге туған інісіндей,
Бәлсінбей, данасынбай, ірісінбей,
Ағаның құшағында жарқылдайды ол,
Диқанның алтынындай, күмісіндей.

Бидай өң,
Биязы жүз, маңдайы ашық,
Күлкісі езу тартса ойға ұласып,
Елгезек тұла бойы толы ілтипат
Қалт етсе қарапайым қайырымға асық.

Қағылез,
Қимылдары қаршығадай,
Әр сөзі, әр түйіні дәл сынадай.
Тұрады дәйегінде, дәлелінде
Келсе де көндірем деп қарсы «құдай».

Көрмеген кібіртіктеп, кібіжіктеп,
Зердемен білім алып, білік жіктеп.
- Диқанға жете алмайсың, - дейді күліп,
Дүниеде бар ғаламның түбін түптеп.

Өзіне адалдықтай ант еткен бе,

Диқанға көтермейді шалқақ кеуде.
Баратын Нұрқабылдай ағасына,
Шаруадан қолы кейде қалт еткенде.
Биыл жаз бара алмаған, көре алмаған,
Ұмтылды баладайын, содан ба оған.
Кіндіктен бір тумай-ақ, мүдде ортақта,
Кетеді туғандай боп адамға адам.

«Ағажан, «Ақантауда» шығым қалай? –
«Ақанкөл» – биыл суы бұйырмауы-ай...»
Әзілдеп қалды диқан: - Біздің көлді
Қайтесің, шетелдерді шиырламай.

- Иә... иә... Ғалым сол сәт қалды ойланып,
Сол жаққа түспей қойды-ау жол байланып.
Бірақ мен шетелдерге шыққаным жоқ
Қызықтап, қыдыруға таңдай қағып.

Бәрі-бәрі, туған топырақ қамы үшін ғой,
Топырақ – ар мен ұят намысың ғой.
Туған жер, топырақ жайлы аңыздардың
Бәрі шын. Ал шындықтың бәрі сын ғой.

Сол шындық сынға түсер шақ болғанда,
Аз емес жағатындар аққа қара.
Әлемді таң қалдырған тың топырақ
«Құнарым осындай» деп мақтана ма?

Топырақ сөйлемейді, перзент сөйлеп,
Бағасын туған жердің сол жеткермек.

Көкке адам, ғарышқа адам ұшқанымен,
Адамзат бар ғұмырын жерде өткермек.

Бұл ойды айтты ғалым ішінен тек,
Диқан да бас изеді «түсінем» деп.
Тыңгерлер Сарайына ене берді
Бұларға қызық емес қысыр ермек.

Тыпыршып сын алдында Орақ атты,
Диқандар сәтте тыныш бола қапты.
ООН-ның сарапшысы Сүлейменов
Мінбеге көтеріліп бара жатты.

ООН-ның сарапшысы – ол, саралаушы,
Топырақ қасиетін бағалаушы.
Әлемнің егіншілік ғылымында
Сөйлесе оның даусы – Дала даусы.

Сөйлесе оның даусы – Дала даусы.
Аз емес Дала нарқын бағалаушы.
Бар бірақ ала қойды бөле қырқып
Жер –ана топырағын алалаушы.

Мұндайда дәйек керек, дәлел керек,
Өмірдің өз шындығы одан да ерек.
Мұндайда қолтығыңнан көтереді,
Туған ел – коммунистік қоғам демеп.

Мұндайда азу керек, жүрек керек,
Мойыма, мойынсұнба міндетке көп.

Елестеп көз алдына Нұрғабылдар
Кетеді кеуденді бір құдірет бөлеп.

Мұндайда арғы-бергі... бәрін ойлан,
Топырақ бағы жанса, бабы қайдан?
Шындықты жүректегі сылып шығар
Айырып торта алғандай сары майдан.

Осы ойды жалғай ма әрі, жалғамас па,
Өзекті пікірі бар - әлде басқа.
Әйтеуір бұл топыраққа ол сарапшы емес,
Өзінің қолбаласы қарбаласта.

Бұл жерде ойламайды ғалыммын деп,
Әлемнің көп жеріне танылдым деп,
Ойлайды, өкінеді,
- Туған топырақ,
сырыңның қиын-ау,- деп, - бәрін білмек.

Ойлайды, өкінеді, сан соғады,
«Білмесім, білмегенім қаншама әлі».
Туған жер топырағын жүз уыстап,
Жүз рет құдіретіне тамсанады.

Көп жұмбақ,
бұл топырақтың көп жұмбағы,
Алдында – кереметі, көрдің бе әлі.
Адамзат қайырымындай, мейіріміндей
Ешқашан таусылмайды Жердің нәрі.

Топырақ оған тағдыр, оған талан, -
Сол тағдыр, сол таланы Сарыарқадан.

Осы өлке топырағының тілін жинап
Жүреді бал жинаған омартадан.

Ойлайды ол топырақта қан бола ма,
Топырақ жаңара ма, жандана ма?
Сөйлей ме, тіл қата ма бапкеріне,
Бапкері тіл қатқанын аңғара ма?

Топырақ сусиды екен, көшеді екен,
Бір дән сеп – мың дән болып өседі екен.
Иітсек – маңдай термен бәрін беріп,
Исінтсек – Жер-анамыз кеше ме екен?

Туған жер топырағынан жаралдық деп,
Ұрпақтан айтты ұрпаққа адам дігтеп.
Ал бірақ, туған топырақ қалауын біз
Әрқашан айта алмаймыз таба алдық деп.

Ал кәне, соның бәрін сал ортаға,
Шындыққа әділқазы заман тоба!
Туған жер топырағынан жаралдың ба,
Бағын да, бейнетін де сал арқаңа!

Жасырма, өз шаңырағың, өз үйің ғой,
Айтарың – шын перзенттік сезімің ғой.
«Топырақ тамыршысы» дейді сені,
Бұл сөздің шындықпенен тезі бір ғой

Шындықты айт!

Шындықтан сәл ауытқысаң,
Кетеді Нұрғабылдар көзіне ілмей.

... Сол мезет шетелдегі конгресте,
Болған бір оқиғаның келгені еске.
Фойеде есіп сөйлеп тұрған біреу
Тиісті сырттай бұған... пенде емес пе?

- Ресейдің азиялық ғалымына,
Қарашы, ғалымдарға жарыдық, ә?
Деді ол серігіне, ал серігі:
- Бойындай болар, - деді, - қарымы да.

Бұрылып, алаңдамай, арындамай
Сөзімді түсінді-ау қабылдамай.
Ұсынды ишаратпен бір темекі
Дегендей: - Қажасуға қалың қалай?
- Сөзіне бере алмаса егер мөлшер,
Деуші еді біздің халық: - Нағыз есер.
Ит үрер, - дейміз және, - керуен көшер,
Ғалымды боймен емес оймен өлшер.

Айттым да французша, сөзімді айқын,
Сабырмен тұра бердім бұзбай қалпын.
Даланың диқаны еске келе қалды
Қара жер ойылса да қозғалмайтын.

Көздері төбесіне шыққандай нақ,
Қылымсып келе жатыр бұқпантайлап.

Енді олар жылым күліп, сүріндіріп,
Бой емес, оймен басып жықпақты ойлап.
Жылмитып сыртын сылап сынар сұрақ
Қояды қуанып, не жыламсырап.
Несі бар, сөйлесуге тілің жетсе,
Көзқарас, ой-өресін, бәрін сынап
Алдым да көз жеткен соң айтып бетке:
- Сіздер, - деп, - ғалым емес, ғалымсымақ.

Мандай тер, махаббатпен дамып жатқан
Өмірден алшақсыздар, табиғаттан.
Ғалымды ғалым деп біз айта алмаймыз,
«Комфорттың» рақатымен жанын баққан.

Келер күн конгрестің мінбесінде,
Жіктеді ол осы ойларын жүлгесінде.
Сан сауал сансыратқан сәттерінде
Әліппе – туған Дала тұрды есінде.

Сөз – шындық, ар жағында арың тұрса,
Сөз – шындық, тыңдаушыдан жалын туса.
Тәнті боп ойларына қол соқты зал,
Қылаусыз сөздеріне ағылшынша.

- Қанша тіл білсіз Сіз?
- Бес тіл білем,
«Тіл үйрет» дегенім жоқ ешкімге мен,
Өзіне керек затты өзі үйренген
Халқымның ескі әдеті, ескірмеген.

Әркімге туған топырақ нәрі сіңген,
Перзенттік парызыммен, намысыммен
Үйрендім, үйренемін, - дедім, - бәрін
Туған жер, туған топырақ қамы үшін мен.

Шетелде ұнатады сұрағанды,
Сауалмен сүріндіріп сынағанды,
Бар сауал, бар жауабы – көкейінде,
Туған жер көз алдына тұра қалды.

...Қазір ғой Сарыарқада шіліңгір жаз,
Аңызак қадайтын кез сұғын біраз.
Бидайдың сөлін сығып ала жаздай,
Содан соң қас-қағымда суиды жаз.

Ал бірақ қорқыныш тек аңызак па,
Арқаның ерте түсер қары жоқ па?
Бұршақ ше,
Бозқырау ше,
Арам шөп ше,
Адамның соны күткен жаны жоқ па?!

Осылай көрінгенмен, бір қарасаң,
Басында тіршіліктің күллі орасан –
Бір үзім нан тұрғанда, мұндай бақыт
Ойлайсың бұйырды деп кімге, қашан?!

Қүдіреті үзім нанның байқалмайды,
Киесін тілмен ешкім айта алмайды.
Оқиға бала кезде бастан өткен

Ғалымның көз алдынан қайта айналды.

...Оқуда онда әкесі, Мәскеуде еді,
Ұлының өтінішін ескергені.
Бұл үшін “жақсы” болды әкесінің
Партия мектебіне кез келгені.
Мәскеуге, келі ертіп бөлмесіне,
Бір кісі есік ашты сәл кешіге.
Аяғын сылтиды екен. Қандай солдат.
Қадаған ордені жоқ кеудесіне.

Бірақ та қарсы алып тұр шын жүрекпен,
Ойлады ол: - Әкем менің сыйлы неткен!
- Атың?
Мен – Алексей Маресьев..
Баланы бастан сипап, сүйді беттен.

Табылып қиялынан іздегені,
Табанда сан сұрақты тізбеледі.
- Орманда үзім нанмен тірі қалған
Кәдімгі нағыз Адам сіз бе? - деді

Бақытты сәттеріндей тірліктегі,
Бала ғой, бала – сауал бір бітпеді.
- Ағажан сіздің тірі қалуыңыз, -
Бас шайқап, бала ақыры: - Сұмдық! – деді.
Ол айтты: - Басқасының бәрі – себеп,
Үзім нан – алып қалған Шындық мені!

Үзім нан! Шындық! – деген екі сөзде;

Жанды бір жақсы үміттің оты лезде.
Сол сөздің ақиқатын білген жоқ ол,
Дәлелдеп тұратынын осы кезде.

Тек қана соңғы қойған бір сұрағы,
(Батырды осы сауал шын сынады).
- Мен қашан Нағыз Адам болам, - деген
Есінде, Батыр сонда тыншымады.

- Боласың, боласың! – деп алдарқатты,
Алдында қалың-қалың томдар жатты.
Өзінің әкесіндей – Нағыз адам
Оқуы соғыс үзіп жалғанбапты.

Оқу көп ... Ерте оқырсың, кеш оқырсың,
Ғылым көп, ғажабы көп – неше тылсым.
Ғалым көп, лауазым, атақ та көп
Мәселе одан да көп шешетін шын.

Оқудың азында емес білместігің,
Өмірмен ойла соның үндестігін.
Егер сен нағыз адам бола алмасаң,
Бойға да, болмысқа да сіңбес ғылым.

Нұрғабыл неге оған жан ағадай
Бір сөзін қалған емес бағаламай.
Таза адам табиғаты болжамдары
Ғылыммен дөп түседі соған орай.

Және мәрт жаралғандай жасын оттан,

Жан емес намысының бәсі қайтқан.
Қалғанда докторлығын қорғай алмай,
Алдымен Нұрғабыл ғой басу айтқан.

- Бауырым-ай, барыпсың ғой өжет ойға,
(Кей-кейде батылдыққа қажет «айла»)
Толғанып тұрды ол сонда шын жанашыр,
Топшылап ғылым тілін қазақы ойда.

- Ат ізін «Ақантауға» бір салмауым
Ұят қой... мына отырған білсе қауым.
Мінбеден түскенше тыпыршыды –
Жұтуға жұпар иіс қыр самалын.

Биыл жаз шет-шалғайда көп жүріпті,
Көп пікір айтыпты да, сендіріпті.
АҚШ-та, Канадада маңғаз сөйлеп,
Елпілдеп туған жерде енді күпті...

Иә... иә... орақ жақын, жүрек күпті,
Өзі де тез сылынып жүдеп бітті.
Шетелден келе сала үйін көрмей
Жүрді ол егінжайда түнеп тіпті.

Бұлты ала, Жері шола – дала мына
Қарашы, егіні де ала-құла.
Шетелде маңғаз ғалым, сәби болып
Қарайды туған жердің қабағына.

О, шіркін! Осы сәтте көрсең оны,

Адамның ең есепші, ең шебері.
Бір дәнді алақанға салып тұрып
Байлығын бар танаптың өлшер еді.

- Бұл жерді тікелей ор, бөлек ор, - деп
Диқанға ора білу – мол өнер, - деп,
Табады ол бәрін-бәрін топырақтан
Аспанға телмірмейді «бере гөр» деп.

Топырақ анасындай, айтады оған:
- Бағымды, бабымды да байқа, балам.
Көзбояу еңбегіңді еш етемін.
Адал бол, жүзе есе оны қайтара алам!

Сол сөзді айтады елге қаз-қалпында,
(Жазық жоқ шындықты айтса «жазған құлда»).

Тіршілік тамыр тартып топырақты
Танитын жүрек пенен көз бар мұнда!

Мінбенің жоқ кішісі, жоқ үлкені,
Үлкені – соған шығу, сенім тегі.
Мінбенің ең үлкені – туған топырақ,
Топырақ – Тіршілік пен Өмір төрі.

Мінбеден түсе берді. Жұрт қол соқты.
Шын перзент – перзенттігін шын көрсетті.
Ағажан «Ақантауға» тартшы кәне,
Суымай көлге түсіп үлгерсек-ті...

Деді ол, Залдан шыға Нұр-ағаға,

- Сөздерің түзелді ғой, міне, бала!
Інісін арқасынан қағып қалып,
Тартты олар қайдасың деп құба дала.

Құба емес, сары алтын ғой дала бұл шақ,
Үстінде сол алтынның самал жусап.
Елітіп еріксіз күш екеуін де
Барады бірте-бірте жанар жұмсап.

4. Кетпен мен әулет

- Қап, - деді әкем, - қап әттең!
Құрыды-ау, - деді – кетпенім.
Көріп те қалдым кенеттен
Айналып теріс кеткенін.

Қолымнан қайқып көк құрыш,
Шақ етіп тасқа тірелді.
Денемді намыс от – қылыш
Осып та осып жіберді.

- Қап, - дедім мен де ішімнен,
Маңдайдан терім бұрқ етті.
Шақырлай берді тісім де,
Кеудемде жүрек бүлк етті.

Кетпеннің жүзі майрылып,
Кетілген тұяқ секілді.
Қарамады әкем қайрылып,

Қарасам – мезгіл екінді...
Иыққа салып кетпенді,
Ауылға мен де беттегем.
Әкем де ұзап кетпейді,
Мен-дағы қуып жетпегем.

Екеуміз екі ой шетінде,
Көрінбес жіппен байланып.
Кетпеннің жайын кетілген
Өзді-өзімізше ойладық.

* * *

... Әуелде біздің әулетте
Кетпенші жігіт көп болған.
Байлыққа, баққа дәулетке
Бір сүйем темір дәт болған.

Сондықтан қара темірді
Белдеуде емес төрде ұстап.
Теліген соған өмірді
Түскенде басқа тар қыспақ.

Сондықтан болар бұл әулет
Кетпеннің жүзі майрылса.
«Кетілген осы шығар» деп,
Артық па соған қоса қайғырса.

Кетпеннің жүзі жарқылдап,
Қайтадан егер қунаса-ақ,
«Түсті-ау – деп, - жерге артық дән,

Шықты-ау— деп, - артық бір масақ», -

Қуанар еді, тірнекпен
Толғандай орны жүз жылдың.
Айбыны сынды бұл кетпен
Ақтабан, аштық, ызғынның.

Солардың бәрін бұл әулет
Көк құрышпен жасқаған.
«Заманның тезі шығар» деп,
Темірші бола бастаған.

Кетпеннің сабы сонда да,
Сонда да қысқа сапталған.
Тасқа тиіп, тоңға да
Кетілген талай шақ болған.
Көк құрыш талай майрылып,
Шыңдалып қайта түрленген.
Иесінен бірақ, айрылып
Тот басқан жүзін кім көрген.

* * *

Солқылдап әкем жылаған,
Соғыстан келген сол жылы.
Әулетте бүкіл – бір адам
Кетпенші өзі ендігі.

Тот басып қалған темірді,
Суарған жасын сығып ап.
Темірді емес, өмірді

Көз жасымен жуып ап.

Тап-таза таңның шығындай
Тоңазып барып нұр сіңген.
Кетпеннің сабын сығымдай,
Сығымдай ұстап, күрсінген.

Атпалдай алты ағасын
Қалдырмау керек ат, ізсіз.
Қалдырмау керек даласын
Шығырсыз, әуіт-атызсыз.

Сондықтан әкем кетпенін
Иыққа салған қайтадан.
Дүниеде көзі жеткенін
Байырқалап байқаған...

* * *

Ғасырдың осы бас кезі,
Белгісіз соқпақ жолы да.
Әкем де мендей жас кезі
Әкенің ерген соңына.

Бірге ұстап кетпен, қамшыны,
Жайлаған шаруа бұл әулет.
Баптаған жердің талшығын
Баяндысы осы шығар деп.

Орынбор, Омбы, Оралдың
Қан базарынан алдырған.

Сексеуіл, жиде, томардың
Шоғына шыңдап қандырған.

Бір сүйем темір – көк құрыш,
Көпке ырыс бола бастаған.
Жақсыға біреу бетбұрыс
Жасаса қазақ қашпаған.

Көргеннен қазақ қашаннан,
Көзақы әсте қала алмас.
Темірді олар жасанған,
Қылыш деп білген ақ алмас.

Темірдің бірақ тегінде,
Қаттылық барын аңғарған.
Қару ғып ұстап төрінде
Зат қылып оны малданған.

Темірдің бірақ түбінде
Темірдей тез бен тот барын,
Даланың өзек – діңінде
Темірдің кені жатқанын.

Білді ме... мүмкін білмеді,
Тұрса да самсап көп белгі.
Әзірге қазақ тірнегі
Қылыш пен құйттай кетпен-ді.

Көтеріп кетпен көрмеген

Қазаққа сөз бе.. жер деген.
Жер шұқып, егін егуге
Жағдайы бірақ келмеген.

Топырағын жердің түрткенше,
Қайырған жеңіл жау бетін.
Көздегі жасын сүрткенше
Жоғалтқан қазақ дәулетін.

Кетпенін құрып қосына
Айбын ғып ұстап, түзеліп,
Дүрбелең ғасыр басына
Іліккен әулет біз едік.

Сол жылы әкем ең алғаш
Қолына кетпен ұстаған.
Кетпені көне, бала жас,
Балаға әке нұсқаған.

- Былай сал, былай, - дегенше,
Баланың қолы кетіп мүлт
Морт етіп сынып еменше,
Қара тас жүзін кетті үгіп.

- Қап! – деген әке, - құрғыр-ай,
Қара тас мынау не қылған!
Аспанның жүзі бұлдырай
Буалдыр мұнар жамылған.

- Қап! – деген әке, ой-ырым,

Берді ме оған бір белең.
Даланың кезіп ой-қырын
Жақындап қалды дүрбелең.

Осынау әулет кетпенін,
Қару ғып сонда кезенген.
Алады қазақ кекке құн
Елінің заңы ежелден.

Сол кезде Сардар соңынан
Сарбаздар сапқа тұрыпты.
Революция жолынан
Жұлдызы, Айы туыпты.

Далаға қарай ол енді
Заулапты қызыл керуенмен.
Қойсаңшы, тағдыр - шеберді,
Таусылған кезде дәм берген,
Шаршаған кезде дем берген.

... Кетпені қолдан мүлт кеткен
Бала да біраз тосылған.
Мойнында шиті мылтықпен
Керуенге келіп қосылған.

Содан соң әлгі бозбала
Айдардан заман желі есіп.
Большевик бала – тез ғана
Теңеліп жұртпен теңесіп.
Теңескен күрес жолында

(Төрт құбылам тең деп мәз емес).

Он алтыншы жыл... Мойнында

Кеткені оның аз емес.

Он жетінші жыл...

Далада

Дәуірдің жаңа таңы атқан!

Кетпенге жаңа Замана

Жаңа орын берді санаттан.

Салды ол шойын жолдарды,

Артынды кеніш-кендерді.

Кетпеннің жолын оңғарды,

Оңғарды заман енді-енді...

Жауына кеше шықты ашық,

Күрес қой – жанның ашуы.

Большевик деген жоқ кәсіп

Кетпенші өмір кәсібі.

Большевик жігіт киелі

Кетпенін тұрды қолға ұстап.

Кіргенше жерге сүйегі

Кетпендей оған жоқ ұшпақ.

* * *

Басынан сол ұшпақты

Ұшырып соғыс кеткен-ді.

Бейбіт күн қайта ұстатты

Атадан қалған кетпенді.

Қолына жаңа кетпенмен
Жанына жаңа келді ұрпақ.
Кетпеннің күні өткенмен
Тарих қой тілсіз, ол бірақ...

Тарихтың дәстүр-пиғылы,
Болады ырым адамда.
Әкемнің сол бір қимылы
Келді ме аумай маған да.

Менің де қолым мүлт кетіп
Менің де әкем: - Қап! – деген,
Менің де беттен шықты отым,
- Әттең-ай, - дегем,- әттеген!

Кетпеннің жүзі майрылып,
Ырымға әкем балаған.
Менің де әкем қайрылып
Қарамай кетіп – қараған.

Біздің де кетпен шыңдалып,
От тимей жатып жүзіне.
Біздің де жаққа шұбалып
«Тұлпарлар» жеткен тізіле.

... Тың көтерген жыл көктемін
Қарсы алдық біздер осылай.
Әкемнің құйттай кетпенін
Әуіт пен үйге тасымай.

Белдеуде біраз тұрды да
Қажеті азы біліне,
Әкеден қалған бір мұра,
Әкенің көзі тіріде.

Кетпеннің жүзі игеріп,
Жетер ме біздің даланы...
Кетпенді ұстап, үйреніп
Қолға алмай кеткен баланы,
Көргенде тыңның танабын,
Қамалап ойлар алады.
Кетілген кетпен баяғы
Еске де түсіп қалады.

...Еңкудің арғы бетінде.
Көкпеңбек егіс шетінде
Көз жұмған соңғы кетпенші
Әкесі қалып барады.

ДҮРБЕЛЕН

(поэма)

Революция құрбандарына ескерткіш

Сағалап суды, жағалап құмды
Күзекке ел-жұрт малын қоралап,
Даланың желі сабалап қырды,
Күз келіп қалды салыңқы қабақ.

Жаумай да шашпай зілімен жаншып,
Сұп-сұрғылт бұлттар жер бауырлады.
Түнеріп көктен тамбайды тамшы,
Теріскей жақтан жел қабындады.

Қыр менен қолат, жон менен жонас
Бауырын тартып бұйығып алған.
Өзеннің тентек толқыны жуас,
Жарқабақ жүдеп, иіні қалған.

Тұман боп ұшып өзеннің буы,
Көк мұнар көзді көлегейлейді.
Сауыры мұздақ кезеңнің қыры
Жайылып жолын бере бермейді.

Қамсаулы көлдер, шашбаулы көлдер,
Құстары қайтқан базары тарқап.
Астасып кеткен аспан менен жер
Кіреуке қабақ – ажарына ортақ.

Шетінде құмның жапырағы жұтап,
Қып-қызыл жиде қағады дірдек.
Шайқаған дауыл сынады бұтақ,
Тамырмен тағдыр қалады күрмеп.

Шетінде құмның шилер де сиреп
Үкісін соңғы үзеді амалсыз.
Табиғат заңы төстеп те билеп
Келеді қыс та, күз де хабарсыз.

Шетінде құмның жылға мен жұлге,
Қақ болып қатып қалыпты бәрі.
Құм іші бірақ үлде мен бүлде,
Шыбынсыз жаз ғой,
жарықтық әлі!

Шетінде құмның қанкүрең арша,
Қашады құмға құлдырап, әне!
Қүлдіреп арша – жылағанынша,
Жақсырақ одан құм жылағаны.

Шетінде құмның күз түспей биыл
Ұлиыды қасқыр ... Болмаған сұмдық.
Күн батты, кейде көкжиек қиыр
Қынадай болып қанға малшынып.

Шетінде құмның тік шықпай түтін,
Биылғы күзге көп ауыл қайран.
Құрсауы кетті көңілдің бүтін,
Көңілге түсті қарауыл қайдан?

Шетінде құмның жел азынайды
Құм ішін кеулеп кезе ме қалай?
Шегін бір тартып дала жылайды
Бір сұмдық барын сезе ме қалай?

Шетінен үңгіп... сұп-сұрғылт бір күз,
Сұр жыланға ұқсап кеселі тосын.
Ұлытау, Торғай, бір жағы Ырғыз
Дүрбелең жылға төседі төсін.

Жасауыл жасақ қолы жалақтап,
Далаға жетті зіл меннен залал.
Ұят пен арды белінен аттап,
Үреймен елді күрмеген хабар,
Көгендеп матап, көкпек пен қаудай
Үстінен өрт пен от алып өтті.
Он алтыншы жыл отады баудай
Қазақтың талай отауы кетті...

* * *

Құрдымға құяр ұңғыдан бермен
Иіннен иірім шығанақ таңдап.
Бір ауыл отыр... қыр қылаң берген
Дөңестеу тұста құмды қапталдап.

Құм менен дала арасында өзен –
Мойнына салған алқасы қырдың.
Бер жақта – қопа, қарасу кезең,
Ар жақта – орғыл орқашы құмның.

Жұмақтай жайлы шаруаға, малға,
Кезіккен адам жолы болғандай.
Құрдымға өзен сорғалағанда,
Соңғы бір сөлін сорып алғандай.

Жазықта жылқы қуып қайырып,
Өзенге тор мен ау салған ауыл.
Қаза басады шыбықтан қайып,
Кәсібіне жұрт тамсанған ауыл.

Тартқанмен азап... қажалған тұста
Тағдырға бұл ма бас ұрған ауыл?
Дәм менен тұзы ажалдан тыста
Ажалдан да айла асырған ауыл.

Қаннен қаперсіз қарекет ойлап
Үркердей ұйып отырған ауыл.
Қас қағым сәтте қалды “ойбайлап”.
Сокқандай болды қапыдан дауыл.

...Сау ете түсті салт атты бір топ
Солдаты дүрмек соңында шұбап.
Сарала жасақ сауырын бүркеп
Өңірдің бәрін оқамен сылап.

Сау ете қалды...
 сесінен ауыл
Сұсынан үрей зәресі қалмай.
Танғандай бір сәт есінен ауып,
Үрей билейтін пәлесі бардай.

Асынған мылтық атылатындай,
Зіркілдейтіндей зеңбіректері.
Қайраны қалмай “аһ” ұратындай
Сақадай сайлы ел жігіттері.

Көздерде жас жоқ, көмейде сөз жоқ,
Көрінбей үрей қалтыратқандай.
Хасекең қария бірдеңе мезгеп,
Аңырған жұртқа ақыл айтқандай.

- Тәуекел! – деген болар ол, сірә,
Төрт ұлы менен топты інісіне.
Қарамас қария қара басына
Бас тіккен адам көптің ісіне.

Болар ма елдің бірлігі мұндай
Қарт сыңайына сыр қанық болған.
Ұлдарына білдіріп сыңай,
Інілеріне ым қағып қалған.

- Қарсыласпандар,
ығына құлап
Көңіңдер – деген, – ықтиярына.
Емеурін еді ол:
«айламен бұрап ,
Әдісін тап, – деген, – мықты жауыңа!»

Сол кезде ауыл сол сыңайменен
Алдынан жаудың, ал, құрақ ұшты.
Қаршыға бітім, қаршадай дене
Қария жұрттың алдына түсті.

- Қолбасы қайсы!

Төтелеп барып,
Ақ бурыл басын изеді имей.
Тізгінін ұстап, көтеріп алып,
Қолтықтап демеп, сүйеді, сүймей.

Кіргізіп үйге қусырып қолын

Хасекен қария шала бүлінді.
Қылпылдап жігіт, қымсынып келін,
Үй арасына бала жүгірді.

Бәйек боп ауыл, алдарын орап,
Қимылға қимыл ілкі ілеспеді.
Даладан мұндай қошемет қабақ
Көрген жоқ еді Дутов әскері.

Әкеліп қария атандай ісекті,
Бауыздай беріп: «Ақсарбас!» – деді.
Пиғылмен алам адамнан кекті
Пиғылым қалай ақталмас, - деді .

Қолпайсыздау қолбасы сонда
Қолқылдап қартты арқадан қақты.
Құтысы бар-ды оң жамбасында
Қанғанша айыз шалқалай тартты.

Шықты да сыртқа, сары ала жаға
Солдаттарына бір әмір берді.
- Бізге де керек далада пана,
Тап сондай пана табылды жаңа –
Тап сондай ауыл бұл ауыл енді.

- Тимеңдер, - деді, - бір шыбынына,
Мынау бір қарттың есі бар екен.
Аз емес сорлы, қыр шығыны да,
Қарсыласатын несі бар екен?

Кешегі ауыл көкала қойдай,
Қарсы кеп еді, қансырап қалды.
Қоймайтын еді ол көп терең ойлай,
Көзінде бірақ сан сұрақ бар-ды.

Қойдай бір жуас... дегені қайда,
Қан шықпайды екен қарсыласқанда.
Меңзеулі ылди, межелі сайда
Кездесіп қанға қан сұрасқанда,
Құн сұрасқанда, жан сұрасқанда,
Жастанып жауын өлетін халық,
Келмейтін халық жалқы жастауға...

Бойында бірақ бір үрейі бар,
Сол үрейді егер ұшырып алсаң,
Тағдырынан да түңіледі олар
Бұдан да бетер қысымға барсаң.

Сондықтан бәрін соққылай бермей,
Керек-ақ екен алдау да сыйлау.
Ел емес екен аққұла кедей,
Аққұла момын, аққұла милау.

Көрдің бе, міне, қолы ашық халық,
Жазықсыз жала, көрмесе зәбір.
Обалдау боп жүр... ойласып қалып,
Есіне түсті дәл кешегі ауыл.

«Ал мынау ауыл моп-момын екен,

Моп-момын екен, ақкөңіл екен.
«Әлін білмеген әлек»- дейді ғой,
Жетесіне сол жеткені ме екен?..»

Солдаттарым да бір демалсын деп,
Ат-көлікті де суытпақ болған.
Тұтылғандай күн нұры да әлсіреп,
Ақшамға уақыт жуықтап қалған.

Тарының жалғыз қауызына сыйған
Қайтадан ауыл «шүкір, тобалап».
Жылы мен жұмсақ күздікке сойған
Бұйырды жатқа! Бұйрық жаман-ақ!

Көк ала қойдай көрші ауылдың
Хабары бірақ – қанды кек болған.
Езілді бұлар, қоңсы бауырдың
Қайғысын естіп зар жылап қалған.

Ұйыған сүт пен уыздай тату
Бақай, Қарабас екі ауыл еді.
Көп көріп тағдыр қабағын қату
Қайсарлау ауыл атанып еді.

Шарана туса шілдеханасын,
Өзекті жанға ортақ өлімді,
Өзегі талса – бір түйір асын,
Өзекке салмай, ортаға бөлді.

Жотаға шыққан бір түп көдені

Екі ауыл төлі бірге тімтіген.
Екі ауыл егіз кіндіктер еді
Қосылған тағдыр ерік-ырқымен.

Кешегі жұтта «шықпа, жан шықпа!»
Бірге таңылып тағдыр желімен.
Жалғыз-ақ малта, жартыкеш сықпа,
Жандәрмен болса – жан бірге деген.

Көгенде малы, кеудеде жаны,
Бірге еді олар. Қалай шыдасын.
Адамның бар ма, тағдырға амалы
Қыл шылбырымен қалай бұрасын?!

Хасекең қарттың төрт ұлы түгел
Төрт қызы түгел – төрт құбыладай.
Әулекі де емес өре түрегел,
Әумесер де емес өртке ұрынардай.

Көрбілте кеуде, санадан соқыр
Саңлаусыз емес тумыстан кенде.
Әліппені әлі-ақ заманнан оқыр,
Сәулесі болса бір мысқал зерде...

Бір мысқал зерде болғаннан бұлар
Ойланып қалды. Бір-ақ демімен.
Артта емес арман, алдан табылар,
Алда ғой үміт – мұнартқанымен.

Көгерткен маңдай термен от басын

Көргендер емес болмашы күнін.
Хасекең қария егде тартқасын
Ұлдарға берген шаруа шылбырын.

Құрдымға құяр өзеннің мынау
Құйқалы құнар құм қапталында,
Жазмыш тағдырға жалғыз қыл бұрау
Тік қарап олар, тіл қатқанда.

Жалбарынбаған, жалынбаған да,
Мандай тер үккен – еңбегін күткен.
Білмейтін заман тарылғанында
Айыратынын пендені еріктен.

... Былтырғы жылы – айқай да сүрең:
«Ақ патша солдат алады!» деген.
Өтірік-өсек «тайпалмасымен»
Қорқыныш үрей хабарыменен.

Даңғаза шу ғып, қос үрей сұмдық,
Қалтыратқанда қара халықты.
Халқының қанын соратын қулық
Қанжылым кешіп, параға ілікті!

Хасекеңнің де төрт ұлы сонда
Сабаудай болып солдатқа іліккен.
Ызаның от пен жарқылын зорға
Өшіріп ішке, салмақтылықпен,
Дуанға¹ жеткен. Дуанның басы –

¹ Дуан – уезд орталығы Торғай қаласы революцияға дейін осылай аталған

Дүмеген халық, дүмпіген халық.
Жақсылық басы, не ылаң басы
Бастарын қосқан бір тілек анық.

Өршеленген ел, екіленген ел:
«Патшаға солдат – жоқ та жоқ!» - деді.
Ойлайды ел және: «Екі дүниеде
Көргеніміз бір нөкта – деп, - тегі...»

Дүмімен мылтық жарылғанындай,
Бұрқ етіп жанып Дуан дүмпуі.
Қабынған дерттің қағынғанындай
Даланы дендеп, демде сілкіді.

Торғайдың сегіз болысын көктей
Дуан дүмпуі жон адақтаған.
Қан менен жастан дала сүмектей
Дүмпуге дүмпу қоса қаптаған.

* * *

Он бес мың қолмен Дуанның Сардар²
Қақты да діңін, тапты өзегін.
Намыстың оты найзағай сонда
Күтті тұтанар нақты кезеңін.

Сөйткенше болмай, даланы торлай
Сары ала қылыш жасауыл жөңкіп.
Қаралы ауылдар – қара бұтадай
Көк дауыл сілкіп, көз жасы көлкіп.

² Аманкелдіні жергілікті халық осылай атаған

Жазықсыз жазым, залалсыз зәбір
Астамсып үкім, асқақтап билік.
Алақанды ашса – алғаусыз әмір,
Жұдырық жұмса – бес батпан бұйрық.

Дастарқанды аттап, дәм-тұзын таптап,
Көгеннен малын, белдеуден атын.
Сыпырып алып, дүниесін қаттап
Кіргеннен асып, келгеннен атып.

Зар қақсатып та, зар илетіп те,
Таспадай тілді туарлықтарды.
Сындырып кетті сәби – бесікті,
Сыпырып кетті шымылдықтарды.

Сондай бір ауыл әлгі бір ауыл
Әудемжер қырдың арғы иегінде.
Көзді бұлауы, зарлы жылауы
Босатқанындай жан-жүйені де.

Хасекең қарттың төрт ұлының да
Сол ауыл және қайын жұрты еді.
Осындай дерт пен өртке ұрынғанда
Жақыннан адам қайыр күтеді.

Жақыннан адам қайыр күтеді,
Әдіре қалсын ақыл көптігі.
Дүниеде жаман – жара бітеуі,
Жан қиысатын жақын жоқтығы.

Хасекең қарттың төрт ұлы бірдей
Арыстанға ұқсап Айға атылатын.
Айға атылатын, ниет білдірмей
Ыза-кек іште, айбаты қатым.

Қария қылп-қылп... ұстара жүзін,
Аударып алсаң қан ағылар деп.
Шайып та бітпей бір қанның ізін
Екінші бір қан тағы да ағылар деп.

Түн түсе бере, ауылдың тіптен
Тыныштық бермей аш құлағына.
Өлесі мас боп, басы айналғанда
Ойлары кетті нәпсі ылаңына.

Шыдамның шегі шарт сынды білем,
Шеткі үйден шықты жантәсіл дауыс.
- Тәуекел! Жанын тапсырды біреу
Аяздай қысып арқасын намыс.

Хасекең қарттың тентек, телілеу
Кенже серілеу – Кәкімі қапыл.
Көзсіздеу мінез, еркекке демеу
Көп қоса бермей ақылына ақыл.

Көп қорқа бермей, көп үрейленбей,
Ажалды ойлатпай жан аласы кек.
Сауғалап басын меңіреуленбей
«Арымның жаным садағасы» деп,
Арына тиген бір жасауылды

Алды да соқты! Алды да соқты!
Бураша илеп, қырғиша бүрді,
Ойлаған жоқ ол артындағы оның
Қып-қызыл қанды, қырған-сүргінді.
Алды да соқты! Алды да соқты!
Алқымға қарай қолды көсепті...
Ар ашуынан қан толса көзге
Жалғанда адам жалғыз есепті.

Тып-тыныш түнді таңынан жыртып
Қас қағым сәтте мылтық атылды.
Қаңтарулы аттың жалына ырғып
Кәкім де сонда жұлқына атылды.

- Ат! – деді біреу,
- Қап! – деді біреу,
- Қаш! – деді біреу,
- Зыт! – деді біреу.
Тарсылдап жүрек таппады тіреу,
Қорықпауы керек! Ұққаны біреу.

«Қорықпауы керек! Қорқатын не бар,
Жетсе егер ажал оғы тисін-ақ!
Жеткізу керек жан-жаққа хабар
Кетуім керек көлігін сипап.

Көлігін сипап кетуім керек
Қанатын қырқып кетуім керек
Қасқырдай ұлып, ұлардай шулап
Есі кіретін етуім керек.

Сол кезде оқ тп ата алмайды,
Басқа әңгір таяқ ойната алмайды,
Бүлік ойларға көп бата алмайды.
Ойға батқанмен, қол бата алмайды.
Өздері айтқан сөздері бар ғой:
«Қазақты атқа мінгізе көрме,
Қолына мылтық бергізе көрме
Атқа мінген соң бәрі бір оған
Құй көзде мейлі, құй көздеме,
Ешкім де оны құлата алмайды
Құлата алмайды, тоқтата алмайды!»

Бозбала ойы – бозмұнар сағым,
Әрекеті әзір жанталас қана.
Білмейді ол дүние көзден ұшарын,
«Қорқатын көзі тарта бастады, ә?..»

Сардар да, сарбаз, жасауыл, жасақ
Далада, бәрі аттың үстінде.
Қуғын да сүргін қосарына сап,
Өмір мен өлім... қақтығыс күнде.

«Қорықпауы керек!...». Қанына қайнап,
Еңбектеп еппен, қылпып асықты.
Аттардың бәрін қосақтап айдап
«Шу!» дегенде ауыл сыртына шықты.

Шу ете қалып жазалаушылар
Қараңғы түнді қармалап атты:
Аза да бойы қазаға шыдап

Құп-құйттай ауыл сорға да батты.
Қанталап көкке Ай көтерілді
Қордаланыпты. Қорғаламапты...

* * *

Бакай, Қарабас – екі ауыл көрген
Қиянаттан ел тез құлақтанып,
Отын өшіріп, отап үлгірген
Шайқалып шаңырақ, шамданды халық.
Шамданып халық, шамырқанғанда
Жазым жарақат жанданады екен.
Қиянатсыз қылдай, қаны тамғанда
Қаны қараймас ел бола ма екен?!

Жан-жақтан халық жатқанда ағылып
Ит арқасы алыс қиян ауылға,
Езілгенімен өкпе-бауыры
Есебі бар-ау жыламауында.

Кеудесін төсеп ел көріспеді
Айтылмай жоқтау бүйір таянып.
Адамның ішкі төңкерістері
Жасырын жүрек қылында оянып.

Жас болып тамбай, өксік те болмай
Өкініш уы бойға тараса.
Ызаның зілі лықсып шыға алмай
Көзіне мұң мен ой қаталаса,
Сол халық сонда соққыдан сабақ,
Сорынан сана жинағаны ма?
Жылай алмады,

Тісі шықырлап
Көнеді тағдыр қинағанына.

Андыздап жеткен ағайын елдің
Қабағына да қан қатулыдай.
Сарала жасақ далаға үрейін
Қалдырмай кетпес, не қол батырмай.

Қиянат зілі, мылтықтың дүмі
Батқандар бұлар қыр арқасына.
Түк емес құлдық құрғыры,
Қыл бұрау қорлық-шылбыр қасында.

- Немерем өлді!.. Бір жүдеу жатақ,
- Артымда қара жоқ! – деді, - еңіреп.
Құнына соның өз басын атап
Өлер ем, - дейді, - әттең не керек?!

Жабасақ-Жантай, Ырғыздан келген
Басына теуіп жас қаны бір топ.
Іштегі жатқан күллі ызбарменен
Ашуды көңіл астары бүркеп.

- Ұйыған ел ек, дүрлігіп көштік
Біз дағы міне, Сіздей “пақырмыз”.
Дуанда болған дүрбелеңді естіп
Сендерге қарай келе жатырмыз.

Сарбаз боп Сардар қолына кіріп
Қолға бір қару ілсек-ау дейміз.

Жармасып аттың жалына мініп
Жауласып барып өлсек-ау дейміз!

Ейді де олар демдері бітіп
Қалады қатып дымын шығармай.
Сүйрейтін соңғы пендені үміті
Ол да жаралы ыңырсығандай.

Хасекен қария өзек жаралы
Жарасын зілдей санамен сылап.
Келіндерінің өтеді зары,
Ала алмайды адам жан емін сұрап.

Ала алмайды адам жан емін сұрап,
Қырсық қой тағдыр табалағандай.
Жасауыл ұрып. өле қансырап
Жатқан үш ұлға пана бола алмай.

Пана бола алмас, серік бола алмас,
Өзектен шыққан өз ұлдарына
Өлерде тұяқ серпіп қала алмас,
Маңдайға бұйрық жазылғаны ма?

Өкінеді ол өлмегеніне,
Қарғасын бірақ қайсы “құдайды”.
Шыққыр бұл көздің көрмегені не,
Дем бітпеген соң жан шырқырайды.

Үш ұлын матап, тамырдан отап
Қанменен жуып айдала қырды.

Қойшы да қолаң, жақыбай-жатақ
Алатайдай ғып жайдақ ауылды.

Алатайдай ғып жайдақ ауылды
Атты да асты,

айнала қырды

- Ат-көлікті айдап әкеткен ұлың,
Қайда ұшынды, қайда қағынды?..

- Қарай гөр, - дейді, - қаны бұзығын
Қойдай жуастың, малдай топастың.
Момын ел деме...

қақпасаң “жынын”,

Көрмеген халық қатты қол астын.

- Бір шыбынына тимеңдер! – деген.
Шені үлкен шикі тайқып сөзінен,
Әдепті аттап бірден белінен
Әмір шашырап тәйтiк көзінен.

Хасекең қарттың үш ұлын бірдей
Соққыға жығып, қолдарын байлап.
Құтырған қырдың күшігеніндей
Әкетті салып алдарына айдап.

«Кебенек киген келер, оралар!»
Көңілге медеу, жанға жарты үміт.
Ақ бекет жаққа нен берді олар,
Жандары алқынып, қанға малтығып.

* * *

Тентек ұл тура тарты Дуанға,
Қосарында – олжа, қапталда – күдік.
Оянып намыс, аққұла қанда
Ұшады алға «аттанға!»» мініп.

Артында ауыл еңіреп жылап
Көз жасын көп боп ел құрғатады.
Әлде адам, әлде тәңір жарылқап
Айығар ма екен, тағдыр қаһары?!

* * *

Ақ бекет анау адырға салған
Айдаладағы патша айбарындай.
Діңгегі – айбат адырнасындай,
Дуалы биік аспан жалындай.

Ат шаптырымдай аумағы сірә,
Шеңберлей тартқан қорған қамалы.
Жармаспау үшін жау жағасына
Шығанақты өрлей салған жоғары.

Әйгілі Торғай – күретамырдың
Өлі нүктедей жанды жерінде.
Дүредей бұйрық, дөрекі әмірдің
Әмірге басып әлденерінде,

Ақшығанақтың ақ бекетіне
Жетсе болғаны жан алғыш хабар.
Жалдаулы патша «мал зекетіне»
Жететін еді жалаң қылыштар.

Дуан мен Ырғыз арасындағы
Он сегіз бекет орталығындай
Қазақтың мидай даласындағы
Патшаның ықшам қол қаруындай.

Немесе дала дөңінде тұрған
Сесіндей соның, дөң айбатындай.

Мысымен басқан әмір – қаһардан
Алақанында дала ойнайтындай.

Мың солдат сияр мынау қорғанға
Кім қарсы келіп соғар маңдайын.
Қаруларында қалау болар ма,
Шапқыншысы әзір, шабарман дайын.

Зеңбіректері, мылтықтары да,
Зіркілдей алмай, бұрқылдай алмай.
«Жабайы жұрттың» шылқып қанына,
Судай ғып шашып, ырқын қайырмай.

Ырқын қайырмай небір бүлікпен
Халықтың кегін басу мүмкін бе?
Ажалға атылған, өмірге үміттен
Кек құпиясын ашу мүмкін бе?

Кек құпиясын ашу мүмкін бе?
Адамды өлтіріп, пенде жазалап.
Ажалға тікті басын бір түнде
Осы өңірдегі ереке азамат.

Үш бірдей ұлдан айрылған ана
Еңіреп жылап, боталап боздап.
Қажымай қария қайғы-налаға
Бірақ та көзі боталай жаздап:
- Ырзамын! – деді, - азаматтарым,
Қайран жоқ әттең, өтеп те кетер.
Басамыз жазым жаза-қақпанын
Тиіспеңдер тек бекетке бекер.

Бекетке бекер шабуыл жасап
Адуындасақ, ажал ғайып па?..
Талатын жерін тауып ұрмасақ
Тап боларсыңдар тәмәм майыпқа!

Тап боласыңдар, қырғанға бекер,
Оп-оңай бізді оқпен отауы.
Кек дейтін көзсіз құрдымға кетер,
Үш ұлым менің елдің бодауы.

Шу етті халық. Шайқалып сендей
- Құтқару керек үш арысты! - деп
Толқыған халық тойтарыс бермей
Тұрғандай екен пышақ үстінде.

Айналасына қарт көзін салса,
Қара құрымдай қаптаған халық.
Көтеріп қару, қолдары самсап
Түсердей отқа, оққа да барып.

Түсердей отқа, оққа да барып,
Ызадан жанып, кектен қабарып.
Жақыбай жатақ жүз қаралы адам
Тұр екен тілсіз жоққа қамалып.
Бибіжар ана зар еңіреп сонда
Көтерді даусын көкке жоғары:
- Халқым-ау , менің үш боздағымның
Жауына тиер жоқ па зауалы?!

Шу етті халық.
- Бар! – деді халық,
Бұрқанған намыс бұрқ етті бірден.
Ызадан халық долданып алып
Ұлы айқай шығып үркек дүбірден.

Ұлы айқай шығып үркек дүбірден
Лау етті айбар ашуы бірдей.
Шүберекке жанын түйіп түңілген
Қан толы көзді ащып үлгірмей.

Намыс пен ыза бірге аласұрды
Ақылдан аттап тайталасқанда.
«- Жазымға – дейтін,- ұрма басыңды!»
Ақылшы бар ма ой таласқанда?!

Ақ бекет жаққа ауды бар халық
Алдында жұрттың Бибіажар ана.
Басынан шешіп жаулығын алып
- Жауласпаймыз! – деп жылай зарлана.

Жылай зарлана, жұлқынып топтың
Алдына түсті. Ес жоқ анада.
Қайталайды іштей оқтын да оқтын
- Кеш ұлдарымды, кеш, хақ-тағала!

Артында оның Ырғыздан келген
Ызғындай бір топ қандары қайнап,
Бір атар батыр, бір көздер мерген
Намыс үстінде қарға адым ойлап.

Қарға адым ойлап, қысқалау ойлап
Қараталасып кек қысқанында.
Алмастың жүзі ұстарада ойнап,
Білмейді-ау адам өрт құшқанында.

Білмейді-ау адам өрт құшқанында,
Білмейтін шығар оққа ұшқанында.
Ақ бекет жаққа анталайды олар
Көп дүрмегінде, көп қыспағында.

Ақ бекетке, эне, қалды жақындап
Қалды жақындап, барды лапылдап.
Аппақ жаулығын ана көтерді,
Ажал оқтары жауды сатырлап.

Жаулығын аппақ бір бұлғады ана,
(Ажалдан жаулық жасқап қала ма?)
Оқ тиді құлап,
Көзі бұлдырап
Сәбидей сонда былдырлады ана:

«Кеш ұлдарымды!
Кеш, хақ-тағала!
Кеш ұлдарымды, кеш, хақ-тағала,
Қолдарын босат шынжырдан.
Бар болсаң, тәңірім, асқақ қарама,
Анамын түскен ұнжырғам.

Аллатағалам, асқақ қарама,
Астамсыма, мен- Анамын.
Артымда өмір, қас қаққаныма
Тоба деймін мен! Тобамын!

Не қылған зауал, неге бұл зауал?
Себебін маған түсіндір.
Қан-жоса болып неге бұл заман,
Неге бұл заман ұшынды?!

Ақтарың мынау, қызылдар қайда,
Ажалым мынау, қорғаным бар ма?!
Қор болып бітіп, тындым ба?!
Тап болып тағдыр жолдарың торға,
Сорлы ұлдарым-ай, сорладыңдар ма,
Сорлату үшін тудым ба?!..»

Жан тәсіл бір сәт... қоштасар мұрсат
Жарық дүниемен болмады Аанада.
Мылтық бұрқылдап, қылыш қылшылдап
Жамырады ақшам қанға бояла...

* * *

Дуаннан әрі Татырға тайқып

Сардардың қолы сап түзеп жатты.
- Көкжал ғой! – дейді – батыр ғой әйдік!
Тыпыршып тұрған атты қазақты.

Атты қазағы – Хасекен қарттың
Көзсіздеу батыр кенже ұлы еді.
Ақылға салмай асыққан мәрттің
Қорқыныш сезіп енді жүрегі:

- Ойпырм-ай, ағатайым-ай,
Ауылды қырып тастаған шығар.
Жанталастырып жазатайымға
Мені бір сұмдық бастаған шығар.

Екі ауыл еді бұрыннан бірі
Қан жылап қалған, қансырап қалған.
Жоқ емес айла, ұрын қаруы
Ұрып түсірер қарсы қапталдан.

Азаматы жоқ ел емес еді,
Тұтасып тұстас жатқан ағайын.
Жібермес те еді және де есені
Өштессе оққа, отқа да дайын.

Осыны жігіт айтып, айта алмай,
Қалшылдап өзі, сөзі де оңалмай.
Бетінен қайтар қалпы байқалмай,
Не жарыла алмай, не жылай алмай...

- Қап! – деді Сардар, қап, амал бар ма;

Қажеті-ақ жоқ ед, қақтығыс қазір.
Ақшығанақта – камал-қорғанда
Жасауылдардың қатты қыспағы.

Көп күші сонда, көп қолы сонда
Біліп тұр Дутов жанды жерінді.
Бекерге басты оққа тосарға
Ала алмаған соң қанды кегінді.

Бола ма, бауырым, қап, әттеген-ай,
Қапыда ауылың қан жұтпаса еді?
Ашу қысқанда қазақ деген-ай,
Аңғалдау ойлап, аңғырт шешеді...

Ол бекет қазір сор бекет болып,
Даланың қанын судай шашып тұр.
Жасауыл жендет сонда кептеліп,
Шашырап шықпай, айласы асып тұр.

Інінен шықпай уын шашқандай,
Уыты тарап елдің бойына.
Жазықсыз жұртты қырып, масқара-ай,
Келгенін істеп, көрдің бе, ойына?..

Ақтөбе, Ырғыз, Шалқар жолына
Торғауыт жасап, торуыл құрып,
Қызыл керуенді қалқан-торына
Түсірмек Дутов топшысын қиып.

Топ ете түсер оқ даруымен

Құс болар ма олар аспаннан атқан.
Көсемнің берген көп қаруымен
Шықты комиссар Астрахань жақтан.

Сол қару келмей шерменде болып,
Амал жоқтықтан шегінді Сардар.
Оқпенен емес кекпенен
Көппенен емес жекпе-жек
Кездескен жауды келгенмен жеңіп.
Шыбын жан осы – жан дауыс шығар,
Шыңғырған осы – ар-намыс шығар
«Көргені жақсы бұдан да өлімді Сардар!»

.....

Секіріп мініп Шалқасқасына
Шыдамы жетпей тебінді Сардар.
- Хакімбек қайда, Қанапи қайда?!
Тас-түйін болды заматта бәрі.
Малынған ерлер қанаты қанға
Майып қырандай қанат қағады.

* * *

«- Сенбісің Сардар, қарағым Сардар,
Қайда жүрсің сен, қанға баттық қой.
Қан қатты ішке... қалай жусаң да
Кетпестей жанды жаралаттық қой.

Ақкөңіл аңғал, аңғал да саңғал
Қорғансыз ел ек, баудай отады.

Қызылдар қайда, жалған ба сонда
Болшевиктердің таудай атағы?

Қызылдар қайда, бар демеуші ме ед,
Комиссар болған қазақтың ұлы?
Қорқамын қорлық – әлденеше рет,
Тереңде ме деп азап түбірі.

Үш ұлым торда... өлі не тірі,
Дәм-тұзы күпті... Бар қайғым сол ма?!
Күйдіргі – күйік,
Оқ болып тиіп,
Оққа ұшты менің жалғыз кемпірім
Дәм-тұзы бітті. Бар қайғым сол ма?!

Қарағым Сардар, ал өзің айтшы,
Ақтардан тартқан азабым міне,
Қызылдан көрген ұшпағым қайда?
Аза бойым – қаза денемде
Қайғырсам біреу күстаналай ма?!

Петербор, Мәскеу.. іш жақтағылар
Қан жұтқан біздей біле ме елді?
Қарусыз кедей, күш жоқ жарлылар
Бас ұрмай өлді,
Түрегеп өлді!
«Азаттық бар» деп сенбесе олар,
Қия ма қыршын сірә да өмірді...

Қарағым Сардар, іш жақтағылар

Қан жұтқан біздей біле ме елді;
Комиссар қазақ торғайлық болса –
Келмей ме ертіп,
Көсем – Ленинді...

Келсін де көрсін көз жасын мынау,
Қорған кім бізге, шынтуайтында.
Қайғыны біздің сөзге сыналау
Жеткізіп сірә мүмкін бе айтуға?..

Айдаладағы айдаһар іні
Көрдің бе бекет сарайды, Сардар?
Балақтан алап бойға қарғыды
Інінен шықса – жалмайды, Сардар!
Қақпаса басын болмайды, Сардар,
Қақпасын бұзбай болмайды Сардар!»
Хасекең қария ботадай боздап,
Жүрегі сыздап... ойланды Сардар.

* * *

Бір жағы орғыл, бір жағы құрдым,
Бір жағы жықпыл, бір жағы жазық.
Бір жағы мидай, бір жағы ырғын
Қанатын тоғай ырғалып жазып

Ырық бермейтін, өткел бермейтін
Ығы-жығы еді өзен сакғасы.
Бірлік пен тірлік көктен келмейтін
Біріктірер күш бар-ау, шамасы.

Әр жерден қостар.. қос ағаш мосы

Қатар тігіліп, ошақ қазылып,
Қазақтың құрым қараша қосын
Қас қағым сәтте-ақ жасап жабылып.

Бұрқылдап қазан, шәйнек те қайнап
Жақұт түскендей жиде шоғынан.
Қарайды жатақ қылышын қайрап,
Қылпылдап жүзі күнге шағылған.

Қара көріктер кеппей алқымы
Қара төспенен балға жаңғырып.
Көздерден ұшқан кектің жарқылы
Отың жарқылын жолда қалдырып.

Шүйде темірлер шиті мылтық боп,
Білем темірлер білте мылтық боп,
Қырғыш, ожаулар қылыш, найза боп,
Қаһарға мінді ел,
Мүмкін бе үркітпек?!

Хасекен қарттың тартқан қанына
Қара сұр ұлы қаршыға тұмсық.
Қайғы шыдатпай батқан жанына
Қанды тағдырға қарсы қарысып:

- Бізде күш аз деп саспашы, ағатай,
Тұр, - дейті бізде айла табылып.
Большевиксің ғой, басташы, ағатай,
Тетелес Хакім соған жалынып:

Большевик болсаң, баста шабуыл,
Ақ бекетті анау өрттеп кірердей!
Қан болып намыс басына шауып
Тұтанып тұрды жер тепкілердей.

- Баста шабуыл, большевик, - дейді
Шұбалаңдағы Мергеннің³ бәрі.

Күлді Хакімбек:

- Мен де – большевик,
Сен де – большевик,
Бәрі де – большевик...
Ленин мен Сардарға ергеннің бәрі.

Қаптаған қолмен Қанапи, Хакім
Тықыршып күтті Сардардан бұйрық.
Қағып бір қалса қанатын қапыл
Ақ бекет жаққа сорғалап, құйғып.

Сорғалап, құйғып шеңгелін салып
Бүретін-сынды, нар тәуекел ғой!
Жазмыш тағдырды пенде құрсанып
Жазғанын соның тартады екен ғой...

* * *

Бұрқ етті бір от,
Зырқ етті бекет.
Қап-қара түнді оттар осқылап,
Құрдымнан бермен дүлей дүркіреп,
Келе жатқандай кек-намыс құлап.

Зырк етіп бекет, зеңбірек оғы
Қабырға қауып, қақпа шайқалып.
Аттар тұяғы жерді күреді,
Жерді қопарар мысы байқалып.
Түнерген түн мен құрдым сұсындай
Тыстағы тылсым кату қаһары.
Таптауға болмас құм қыртысындай
Айбары бардай артында тағы.

Жасауыл басы айбатқа мықты
Айқайға ділі, демі ауысып.
- Зеңбірек даусы қай жақтан шықты,
Қай жақтан шықты? – деді жаны ұшып.

- Қап! – деді қайта жасауыл басы:
«Жеткен екен ғой қызыл керуендері...
Тар жерге түсер тас ауырлады-ау,
Осы ма үміт үзілген жері

Жеткен екен ғой, қызыл керуендері,
Шалқардан жолын кесе алмаған ба?
Осы ма демнің үзілген жері
Қаным бұрқырап қасаң далада?..

Жасауыл күші жаныққанымен
Күнадан кейін аршылар ма екен?
Солдатты патша сабылтқанымен,
Сүйегін іздеп сарсылар ма екен?

Сардала кезіп, сан өлік аттап,
Мойныма қан мен күнә артқанда!
Ойымда болды шен-шекпен тақпақ,
Бірақ та... қанға құмарлықтан ба?..

Атаққа, шенге кім құмартпайды,
Аз ба оған өлім, қан аттап жеткен.
Күнәмді патша билігі ақтайды,
Ниет әдіра! Жұмақ дәметкен.

Бәрі де әдіра!

Бәрі де әдіра!

Бәрі жанкешті жолда сарқылды, ә?..
Отан да, жар да, бала да әдіра,
Жалғыз жақсылық қалмаса артында».

Бас зеңіп... есі жоғала қоймай,
Кеудесін бір күш илеп өтердей? –
Әнеукүнгі ауыл көкала қойдай
Көзіне шыбын үймелетердей...
Әнеукүнгі әйел жаулығын бұлғап
Ұқсай ма қайта келе жатқанға.
Жыламайды ғой «ой, бауырымдап»,
Құламайды ғой көздеп атқанға.

Зырқ етті бекет,

жасауыл басы

Жүрегін ұстап тасада сұлық.
Айрылып діңгек ашаның басы
Бұзылды қақпа, босаға сынып.

Сардардың қолы демікпей, еппен
Аулаға ендеп ене бергенде.
От үрлегендей көрік кенеттен
Зуылдап оқтар кенерлерден.

Кенерелерден қабырғалардан
Қапталдан шоршып қорғасын-ажал.
Біреулер аттың жалында құлап,
Соғысуға атпен болмасын олар
білгеннен болар дуал жағалап,
Қабырға қармап, сыналап қуыс.
Қолма-қол ақтық айқас болар-ақ
Мылтықсыз, оқсыз мына қақтығыс

- Қарт қайда? – деді Сардар біреуге,
Кетпесін байқа, текке өжетсініп.
Болмайды қартқа жеңін білеуге,
Кетпесін, - деді, - босқа оққа ұшып.

- Қарт қайда екен,
- Түрме қайда екен?
Тірі болса екен үш ұлы сорлы.
Өзегінді ызы тырналайды екен,
Кім көрмек бірақ құсалы ішінді?

Халықты қозғап қайраған біз ғой,
Оңай ма елді терең түсінбек.
Құрбанға басты байлаған біз ғой,
- Революцияның жеңуі үшін! – деп.

«Революцияның не екенін білмей,
Қазақтың аз ба оққа ұшқаны.
Революция көрді, Меккені көрмей,
Революциядан көрген кәне, ұшпағы?!»
Жоқ емес мұндай ойдың нышаны,
Төңкеріс қой бұл – көп түйткілі.
Дүрбелең жылда қайғы, құсалы,
Мүмкін бе ойдың текке ұйытқуы?!.

Көз жасын құрғат,
ақыл қайратты
Заманның сүйеп салмақ – тезіне.
Төрінен көрі жақын бейбақты
«Шыққыр көзім!...» деп қаратпа өзіне.

Осы ойдан серігіп, Сардардың үні:
- Қарт қайда? – деді,- қарт қайда? – деді.
Бұл кезде аттан шал да қарғыды
Баладай ырғып тай бәйгедегі.

Кілт етті белі, бүлк етті жүрек
Қозғалды өзін сыйына демеп.
Үрейге аралас үркек бір тілек
Бергендей болды миына медет.

- Түрмесі қайда, тас түрмелері,
Үш ботам, бізден безіндіңдер ме?
Маңдайды соқсам басым кіреді,
Басым кірген соң көзім көрмей ме?

Көзім бір көрсе тірліктерінді,
Үмітім де сол, сол – ұшпағым да!
Шамам жоқ! Тағдыр бүкті белімді
Найза ұстап жүріп, намыс қоруға...

Жасырып дыбыс кеуде күркілі –
Жөтелін де аздап үзгісі келер.
- «Түрме осы шығар».

Шиті мылтығын
Көсікке салып бұзғысы келер.

... Желкеден біреу, жеңінен біреу
Жұлқығандай ма, жығылғандай ма?
Құлағандай ма діңінен тіреу,
Ұражық біреу ұрынғандай ма?

Қарауытып дүние құбылғандай ма,
Қанжылым дене жылынғандай ма,
Төрт жақтан төрт ұл сүйегендей ме,
Бәрі де жүдеп сылынғандай ма.

Құлақ түбінде сыралғы дауыс
- Шалым-ау, - деген сыбыр бардай ма?
Жайылып дүние... жүре берді қарт:
- Қызылдар келді-ау, қыдыр қолдайды, ә?!

Ақ бекет іші оранып отқа
Қайта қарымта, қайта қақтығыс.
Қолма-қол айқас болмағандықтан ба,

Қайта жығылыс, қайталап тұрыс.

Ауызға жүрек, өкпе кептеліп
Қолтыққа қанат бітіретіндей.
Ажалмен кенже ұл бетпе-бет келіп,
Бетіне қарап түкіретіндей.

Ессіз де түссіз жанталас үсті
Кетпейтін қалпы байқады жерін.
Алқымға қолы қайта қарысты
Қайта қарысты...

Қайтарды кегін!

Хакімбек тобы, Қанапи тобы
Жасауыл басын сыртқа айдап шығып.
Төбеге біреу үлгірді тігіп
Қызыл байрақты бір байлам сырық.

- Ұлдары қайда?
- Қарт қайда? – деді,
-Қарт қайда? – деді қайтадан Сардар.
Қалмаса егер соқпай жүрегі
Жетерін қарттың байқаған Сардар.

Қарт жатты бірақ қарға адым жерде
Қанжылым дене жаңа суынған.
Көз нұры сембей арманды пенде
Жылтырайды үміт қарашығынан.
- Жан әке!
- Әке!

- Баз кештің бе, әке?!

Жан тапсырдың ба, жазатайымда,
Бітпес демі жоқ мәңгі ешкімнің де,
Кетті ме арман аза бойында.

Аза бойында қаза кетті ме,
Қазадан да ауыр наза кетті ме?
Заманмен бекер тайталастың ба,
Заманың сені мазақ етті ме?

Жауменен біздер жағаластық па,
Жау ма әлде бізді жағадан алған.
Көсеген отқа - жалаңаш тұтқа,
Кімді көріп ең пана бола алған.

«Жан деген – ардың садағасы» деп
Жаныңды бізге садаға еттің бе?
Жан пида етер заман осы деп
Өзіңді соған бодау еттің бе?

Өз ажалың ба... өзгеден бе ажал,
Төрт ұлың болып жалғыз тақсырет.
Бір көре алмады-ау көз бенен жанар
Армансыз өлер: «Артым жақсы!» деп.

- Хош! –деді төрт ұл

Бір дыбыс үні.

- Хош!

- Бақыл! –деді Сардар мен Сарбаз.

Көрінген қызыл тудың ұшығын

Көрмеді... жаңа жан берген маңғаз.

* * *

Салыңқы күздің кіреуке таңы,
Сәрінжіп қана сәуле жүгірді.
Бір айқас көріп бұл өлке тағы
Бір қызыл байрақ белдеуге ілінді.

Сәскеге қарай ақ бекет үсті –
Ақшығанаққа шаң шудаланып,
Айбары сұсты, аста-төк күшті
Шыдамы әбден таусылған халық.

Аттылы-жаяу, арбалы қаяу
Зары бар жесір, кгі бар жетім.
Бет-жүзі тұйық, аржағы ояу
Көрердей бүгін өмір әділетін.

Жан-жақтан шұбап, жамырай құлап
Көз жасын сауып біріне-бірі.
Қызыл байраққа қарап ойлырақ
Қызыл керуенде – жүрек әмірі.

Сардарда ниет, сарбазда тілек
Жақыбай жатақ, жоқ пен жітік.
«Ұрытөткел» жақтан келеді дүмеп
Қаптаған бір қол көкке құйғытып

«Қаптаған анау қанды қарақшы
Ханәлі тобы,

ол қайдан шықты?..»

- «Құрту керек қанды балақты!

Құрту керек!»

Ойбайлар шықты.

Қақпаға сүйем қалды қарыстай

Қамал жоқтай-ақ қайтарар еркін.

Таса паналап тарғыл барыстай

Тас бауыр болды!

Айтар ол мүмкін.

«Таса паналап тас бауыр болса,

Қарақшы ма екен, қанішер ме екен.

Кеткен кегіне бәс малын алса,

Қайтқан кегіңнің бәрі сол ма екен?»

Осына ойлап Сардар ішінен

Бүлк еткен сезім тарпып тамырын.

Жалғанда адамға жан дәрісінен

Болмасын біліп артық тағылым.

- Атпаңдар! – деді, Ханәлі сірә,

Ойлағаны бар.. басқа ақыл шығар.

Қарақшыны да заманы сынар,

Қарақшы мүмкін қас батыр шығар?..

Көргендей аңсап ардақ бауырын

Көп көрген адам қайғы құрсауын.

Қозыкөш құлаш, қақпақ дауырын

Сардарға қарай жайды құшағын.

- Халқың ғой әмән, қыдыр қолдаушың,
Халқыңды бастап Сардар болыпсың!
Заманың мақсат – ділінді оңғарсын,
Әруақ қолдап, арман жолықсын!

Батырлық пенен ерлік тәрік қой
Жалау ғып қолға заман алмаса.
Батыр бір оқтық, көзсіз кәріп қой,
Бастаушы бағыт, сана болмаса.

Отыз жыл бойы... ордалы құмда
Ойға алғанды істеп ойрандадым-ақ!
Зәредей сонда кек ала алдым ба,
Иманында ойнап байлардың бірақ.

Жоқ, ала алмадым! Жоқты қармадым!
Мал мен байлығын судай шаштым-ақ.
Келте ақылменен өтті жалғаным
Кімде бар дейсің мәңгі ойқастамақ...

Қанды қолыммен, қате жолыммен
Келдім өзіңе, бердім еркімді.
Үстемге деген қйатпан кегімнен
Ұстап өлемін мәңгі сертімді!

Қауқар жоқ заман жалын тартарға!..
Қауқылдап босап қарт барымташы.
Барымтадан да қарымтадан да
Қайтпаған қайтсін, көп қарымтасы.

Төс қағысып тұр. Сардар інімен
Қанаты бардай жүрек сусылдап.
Өткен дүниенің жалғандығымен
Жаңа дүниеден шындық шым-шымдап.

... Түс ауа сонау бекеттен биік
Қорымға қарай халық шұбаған.
Қарт жатты жерге жамбасы тиіп,
Жанында жатты және екі-үш құрбан.

Жанында жатты Бибіжар ана
Қосқандай жазмыш дәмі үйіріп.
Алмағайып бұл заманада
Бір уыс топырақ бірге бұйырып.

Жанында талай жатты төмпешік
Ұйысып сөнген үркер кешіндей.
Өмірдің соңғы ақтық өркеші –
Туған жеріңнің бір төбесіндей...

* * *

Торғай мен Ырғыз, Қостанай, Елек,
Ұлытау, Шалқар – ен даладағы.
Ақ патша салған тасқа шегелеп
Тас бекет талай жерге қарады

Табаны тайған заман бағындай
Маңдайшасынан ұшты мөрлері.
Табанға түсті патша тағындай
Тұғырлары мен түс кілемдері

Офицер, содат, оқалы, зерлі,
Атақ-мансапты, шенді-шекпенді.
Ішкендей кере атауын енді
Ессіз қылықтар енді шектелді.

Тас үңгірлер мен таса қорымда
Өзеннің иірім өткеліменен.
Сарала қылыш жасауыл қолға
Саудырап түсті топ-тобыменен.

Ұрадан, сайдан, жықпыл-жырадан
Ұрыннан, тосын, кездейсоқ кенет.
Қайыра соғып, күшпен бұраған
Көзсіз батырлар кеудемсоқ бөгеп.

Кедей мен кепшік, жақыбай жатақ,
Ұры мен қары, телі мен тентек.
Ұраны бірге – азаттықты атап,
Ар-намыс деген өзегін өртеп.

Жиырма мың сарбаз Сардардың қолы
Кемерден қаулап қара қйанардай,
Ашылып жаңа жалғанның жолы
Қанатын дала жаңа жайғандай.

Қызыл керуеннің Шалқардан шұбап
Торғайға қарай шеті жеткенде,
Кенеттен күшін Сардар қамшылап
Ақ бекетке айқас бастап кеткенде.

Ақшығанақтың жазым айқасы
Күз соңындағы күн күркіріндей.
Асқаннан емес азу, айласы
Ашыған елдің бір дүркіріндей.

Бір дүркіріндей булығып шыққан,
Бір атойындай шыңғырып шықан.
Қиянат, қорлық, қиғылық шыққан,
Құтқараар мүмкін күллі қырсықтан.

Жазғырса тағдыр, жазғырмасына,
Жағадан алмас шара бола ма?!
Құтқарар мүмкін... көздің жасынан
Қан шайып туған жаңа замана.

Құтқарар мүмкін... құтқармас мүмкін,
Бейтарап болма, әрі-сәрі болма!
Танытты халық ең басты ырқын
Бас тігетінін бәрі Сардарға.

* * *

...Дүрбелең жылдың, жазым күшімен,
Дүмінде оның жанды бекеттен.
Айрылды Дутов азу тісінен,
Өзегін өртеп жалын әкеткен...

* * *

Арасынан шығып екі оттың
Ғимарат – айбар, ойлы жуасып.
Төбесінде тұрды бекеттің
Желбіреп байрақ айбыны асып.

* * *

Сардардың қолы қызыл керуенге
Қосылып бірге тартты Дуанға.
Сарбаз боп сапқа тізілгендерге,
Ант қосқандарға ақтық ұранға,
Хасекең қарттың төрт ұлы бірге
Сарбаз боп сапқа, қосылды топқа.
Бекеттен әрі... жатыр іргеде
Жап-жас бейіттер асу, қыратта.
Төрт сарбаз сонау атырапқа қарап
Күбірлейді іштей... Көз жасын сығып.
Тысқары жүрсе топырақтан адам
Топырақ шіркін, тозбасын біліп.

САРЫӨЗЕК САҒЫНЫШ

(поэма)

*Орнында бардың отын маздатып,
азамат өсірген Анаға арнаймын*

...Ана мен бала.
Бала мен ана екеуі,
Соғыстан кейін «Сарыөзек» еді – мекені.
«Сарыөзек» дейді сарғайған шөлден жылғаны,
Сағынған жандар сарыөзек болып өтеді.

Сарғайса дала сарыөзек болар қаталап,
Сағынса адам – сарөзек еткен махаббат.
Сағынған ана сағынышын басылмас
Сағынған бала басады «апа, апалап».

Сағынған ана, сарғайған Ана,
дегенмен,
«Орнында барлар оңалар» деген медеумен
Ойнақтап келіп, ойланып қала бастаған
Ұлына қарап, көңілі көктеп, көгерген.

Кәдімгі Ана, кәдімгі қазақ әйелі,
Өзектегі өрті – кешегі соғыс әлегі.
Жарының есте: «Адалдан тіле!» дегені,
Бір үміт – елес,
бір үміт – Кемеш – жалғыз ұл,
Екеуінен де, екеуінен де дәмелі.
Екеуінен де дәмелі болар себебі,
Адалдан ғана, адалдан тілей береді...

Құп-құйттай ұлы құлдыраң қағып, күнде өсіп,
Келеді дүние дидарын танып, тілдесіп.
Күн иісі сіңген тұлымын оның иіскеп,
Күш алып бойға жүргендей Ана күн кешіп.

Құп-құйттай ұлы келеді өсіп, шынығып,
Ананың жанын күніне пәлен суырып.
... Составтар өткен темір жол жақта топ бала,
Әнеки, әне, ойнап жүр екен жүгіріп.
Өкпесін алып Ана да солай жүргірді,
Жүрегі кенет алқымға бір-ақ тығылып.

Топ бала бермен ылдиға қарай заулаған,
Бәйгеге түскен бала тайлардан аумаған.

Алдыңғы бала өзінің құйттай Кемеші,
Көкесіне ұқсап келеді өсіп денесі,
Таныды Ана, айқайлап қалды: «Ау, балам!»

Оқ бойы озық...

Айқайға ол неге қарасын,
(Озатын құлын болмайды әсте қарашыл.)
Әлдебір сезім шымыр еткізді жүрегін,
Алдында топтың көргенде тұңғыш баласын.

Көзінен тамшы тама да жаздап, тамбады,
«О, тәуба!» болды ішінен айтып қалғаны.
Лүп ете қалып қайтадан соқты жүрегi,
Сарғайған үміт, бәлкім бұл қайта жанғаны.

- Мен оздым, - деген,
- Жүйрікпін, - деген жоқ бала,
Ойлылау жанар, мұңдылау көзбен тек қана:
Жарысқаны үшін темір жол бойы
Анасын аяп қарайды іштей ақтала.

Составтар тіркеп қалтқысыз бағып жол шебін
Паровоздардың демімен бағып керуенін.
Батысқа қарай, Шығысқа қарай ағылған
Демеуге Ана қолғабысшы еді демдерін.

Тоқтамай состав майданның отты күндері,
Тылда да майдан көрігін олар үрледі.
Доңғалақтардан жарының даусын естірдей
Зейнетай-ана түндерде кірпік ілмеді.

Күп-күйттай Кемеш бесікте сонда бөлеулі,
Қалатын ұйықтап,

ұйқымен тербеп әлемді.

Күпәйкесінің өңіріне оны орап ап,
Ал кейде суыт вокзалға қарай жөнелді.

Анасын бала сарыла күтіп күн ұзақ,
Сағымға сонау қарайтын еді тым ұзақ.
Сағым да сиқыр,

сәбиге ешбір тіл қатпай

Қашатын еді қайқайтып жалын жымып ап.

Сол сағым жаққа, Күн Батыс жаққа барғысы-ақ
Келеді бала сағымды ұстап алғысы-ақ
Сол сағым жақта білмейді бірақ сағым боп,
Махаббатымен қалғанын әке мәңгі ұзақ.

Балаға қазір Анасы болса болғаны,
Бейкүнә жанар алыстан оны шалды әне,
Кенеулі тамақ, керемет қуат болмай-ақ,
Ананың мейірім махаббат сүті саулады.

Ана мен Бала,

Бала мен Ана арасын

Бөлуге қандай құдіреттің келер шамасы?!

Әрине, қазір мыңдаған ана, балалар
Сағынып әке, сағынып жарын жарадар.

Сондай бір Ана,

сондай бір Бала кешкілік
Қоп-қоңыр құйттай көрпенің астын паналар.

Қоп-қоңыр құйттай қой жүнін салған көк көрпе,
Көкесі, әттең,

қызығын көрмей кетті ерте.
Махаббаттары мәңгілік шығар, кім білсін,
Махаббат таңы болғаныменен кеп-келте.

Құп-құйттай Кемеш қазір-ақ ұйықтап қалады,
Сол кезде Ана жермай шамды алып жағады.
Білтегеш –темір қолында тырс-тырс қимылдап,
Биялайына көзінің жасы тамады,
Келгелі жардың қайғылы қара қағазы
Төрт ай ма әлде... бес айға бәлкім толады.
Аяулы дауыс құлақтың тұр ғой түбінде,
Қағазға Зейнет сендіре алмайды сананы.

Сондай да бір күн терезе түбі солқ етті,
Артынша дауыс: «Барсың ба, Зейнет,
ал кеттік!»

Темір жол бойын қар басып қалған көрінеді,
Қар күреп біраз қйатамыз дейді «ермек» қып.

Күледі олар,
жылай да жаздап күледі,
Зейнеттің жалғызіліктілігін біледі.

Төрт әйел ме екен, бес әйел ме екен небәрі,
Бір әскер қолдай сезіледі оның біреуі.

Жаутаңдап Бала... айрылғысы жоқ анадан,
Жылаған Ана –

бұрылып теріс қараған.

Көрші үй де құйттай көрпесін оған жабар-ау,
Сәбиге бірақ артық жоқ туған анадан.

Ал соғыс болса...

Әлемнің үстін шимайлап,

Өртімен ойып салып та жатыр сұм ойнақ.

Ұйқысы бір түн бұзылған бала түгіл

Шырылап сәби

өліп те жатыр тумай-ақ.

Шырылдап сәби

өліп те жатыр шар етіп,

Бәрі естіп отыр, бәрі де біліп, бәрі оқып.

Жары да жоғын...

жалғанның жайын білсе де,

Тағдырға Зейнет қояды іштей тәу етіп.

Жылайды кейде, жылап та жүріп бел буып,

Адалдықпенен жүзіне қан мен әр жүріп.

Адал ойменен жастыққа басы тиетін

Адал ойменен тұратын таңда жаңғырып.

Өйткені, эне, кекілін тарап Кемеші

Өзіне енді бола бастады себесін.

Шалабын алып келетін жолдың бойына

Ананың көкке тигізгендей ғып төбесін.

Әйелдер сонда:

- Абысын-ау мынау аумаған
аузынан түсіп қалғандай құдды қайнағам.

- Жүрісін қара,

-Тұрысын қара, - деп бәрі

Тіпәлайды кеп:

- Тіліміз тасқа... ой, жаман!

Біледі Зейнет – келеді кейін бір бақыт,
Көз жасын уақыт қазір-ақ өтер құрғатып.

Жесір де болмас, жетім де болмас,
сонда да
Жүрекке бір зіл тұрады ылғи шым батып.

Не қылған зіл ол,
не қылған тас ол жібімес,
Күрмеуге келмес тұрмыстың келте жібі емес.
Селдіреп қалған азаматтар ма тілеулес,
Түзеледі өмір...
бәрі де бәрі – түк емес.

Зейнет те, міне,
көк сәтен көйлек киіпті,
Көк көрпе тысын су жаңа етіп тігіпті.
...Соғыстан кейін көтеріп халық кеудесін,
Түзейді енді бірте де бірте иықты.

Соғыстан кейін

Анаға нағыз қиыны,
Соғыстан кейін
Балаға нағыз қиыны –
Оралмаған әкесін іздер бәрі де,
Не нәрсе, кәне,
Басына түсіп ең қиын дүние түйіні.

Махаббат, мейірім?
Жо.. жо... жоқ оны атама,
Соғыстан кейін көп дүние сол ғой, о тоба!
Жалт еткен көзден Махаббат тамып кетеді,
Қуаныш та ортақ, қайғы да ортақ, қапа да.

Соғыстан кейін ешкім де ауа жайылмас,
Ешкімді ешкім алаламас та айырмаc.
- Сен кімнің ұлы?
- Сен кімнің қызы? – демей-ақ
- Балам-ау, - дейді,
- Інішек, - дейді,
- Қарындас.

Соғыстан кейін сөз бе екен екі-үш нормаң,
Күш аталары шығады кейбір күс қолдан.
Соғыстан соңғы кетпендер менен күректер
Өмірге нағыз құштарлықпенен ұсталған.
Жесірге әлде жар керек пе екен жаңадан?!
(Тарихта егер есепші болса санаған.)
Соғыстан соңғы жесірлер ғана желікпей,
Орнында бардың өшірмей отын қалаған.

Балаға әлде әке ме қымбат алтыннан
(Қымбат қой, рас... жетер ме жоққа шарқ ұрған.)
Ес біле сала, соғыстан соңғы балалар
Әкенің орнын жоқтатпай үшін талпынған.

Не нәрсе сонда, ең қиынының түйіні,
Қаралы қағаз... кетті ғой өтіп күйігі.
Кемеші қазір келіп те қалар он үшке,
Бозбала – бала,
байқатар кейпін иіні.

Ана мен бала осының бәрін бірге іздеп,
Біріне-бірі болады және білгізбек.
Біріне-бірі жалт етіп қарап қалғанда,
Жарқ ете қалар ойдағы ұшқын бір тізбек.

Сонда да бірақ көрінбей қалмас ол ұшқын.
Ойлантпай қоймас кемді бір сәтке – кеміс күн.
Ойлайды Ана рухымен оны жеңістің,
Қиялмен Бала ойлайды кезіп жер үстін.

...Сары жазық дала, Сарыөзек жылға, сары адыр,
Әнеки остав тағы да жүйткіп барады.
Бір құйттай нүкте – қадалып соған Ана отыр,
Терезе алды. Бадалып сыртқа Бала отыр.

Екеуі де үнсіз.
үнсіз-ақ отыр сөйлесіп,
Іздейді бірге, іңкәрі бірге ой кешіп.
Ананың көзін көрсетпей көміп кейде шық,

Бозбала – бала,
суйды кейде, кейде ысып.

Көрінбес көзге, сезілмес тәнге не сиқыр,
Сиқырын ашып айта алар ма екен есіл тіл.
Жаратқан туған, жар болған саған адамға,
Сарыөзек сәуле сағыныш шығар, кешір, бұл.

Сағыныш шығар сейілмес, мәңгі айықпас,
Сезіммен сана, жүрекпен ұғар, жай ұқпас.
Сағыныш – сәуле өзекті өртер қызуы
Ана мен Бала махаббатына лайықтас.

Сағыныш тілсіз – сарыөзек сәуле секілді,
Сағыныш үнсіз,
самалдай сүйген бетінді.
Сағыныш – мәңгі махаббаттарға аманат,
Сағыныш – Отан алдында алған кепілдік.

Ана мен Бала үн-түнсіз бірге сағынса,
Іздеген ойдың ұшығы содан табылса,
Көздерінде бір махаббат оты жанады
Қоңырқай үйде жарқ ете қалған жалынша.

Екеуі содан үн-түнсіз ғана тұтанып,
Кішкентай шаңырақ келеді күнде құтайып.
Құшағына алып жататын қоңыр қозысы
Бірте де бірте барады болып сыпайы..

Баласы бірде:

- Апа сен кешір, мектепте

Кінәлі болып қалдым мен, - дейді, - тектен-тек.

- О несі? – дейді,

шошынып қалып Анасы

Ұлының бірақ жүзінде ешбір жоқ мөлтек.

- Бір бала мені коридор бойлай қуалап,

Мен қашып бердім

класқа қарай туралап,

Директор ағай сол сәтте бізге дауыстап,

Ал анау оны қолтықтың астын сығалап,

Көріп те қалып,

сытылып сыртқа үлгерген.

Класқа кірдім. Алқынып келіп мен мүлдем,

Есікті іштен аяқпен тіреп жұлқысып,

Біразға дейін жібермей және тұрдым мен.

Жалғыз-ақ сәтте сол ете қалды шекем де,

Құламай қалдым. Жыламай қалдым бекерге.

Ұяттан жанып өртеніп кете жаздадым

Құп-құйттай тесік болмады кіріп кетерге.

Кешірші, апа,

«сыбағамды» мен мол алдым,

Қабағы маған керемет еді ағайдың.

- Кемешжан, қалқам, осындай ма едің сен де,- деп,

Бір-ақ сөз айтты көзінше топтың, талайдың.

Сол кезде Ана:

- Ботам-ай, - деді, - кешті ме,

Өміріңде енді осындай сөзді естіме.

- Адал бол, ботам, адал бол ботам, - дей келіп,
Кемсендеп келіп жылады даусы естіле.

Адалдық деген дарыр да, дамыр әрқалай.
Дариды бірақ кезінде сенің қарғадай.
Ақ сүтін еміп жатқанда мүмкін дари ма,
Көз жасын көріп дари ма мүмкін аңдамай.

Бәрі бір оның,
дарыса болды, дамыса,
Өседі Кемеш адалдықпенен жарыса.
Адалдық деген – адамның жалғыз жүрегі,
Сарыөзек сәуле сағынышына жаныса.

...Кешеден бері Аанада тағы жоқ тағат,
Жүрегі қағып, сезімін әрең ноқталап,
Мектепке қарай әлсін де әлсін қарайды,
Жол бойындағы жүрген бір жандай жоқ қарап.

Апырмау, қашан,
көрінер қашан қарасы,
Мектептен әлі шықпаған болды-ау, шамасы.
Мектептен шықса, ана бір жылғы жарыстай
Оқ бойы озық келеді мұның баласы.

Самаурын қайнап, дастарқаны да жайыла,
Зейнеттің бәрі жиналып қапты шайына.
Келеді қазір пионер Кемеш осы үйге
Алқызыл тудың үзігін байлап мойнына.

Анаға қазір жоқ одан асқан ұшпақ та,
Жүгіреді ұлын алдынан шығып құшпаққа.
Алқызыл тудың үзігін такқан ұлы оның,
Галстугінің көреді шетін ұстап та.

Сүйеді шетін, ииді сонда жүрегі,
Талайдан бері сарыла күткен тілегі,
Сарыөзек – сәуле сағыныш сынды бақыттың
Қолына тиген бір үзігі бұл, бір елі...

ҚОЙШЫ МЕН КОСМОНАВТ

(поэма)

Қанатын жаңа жайған қырға мамыр,
Көктеген құба төбел құмдағы адыр.
Көктемнің жазға ауысар мезгілінде
Заулады көкке қарай бір корабль.

Даланың балғын кезі – шалғын көгі,
Сәскеде тарқамаған таңның лебі.
Жай тауып жаны рахат тұрды қойшы
Қолатта ақтылы мал алдында еді.

Сол сәтте кенет бір үн гүр-гүр етті,
Жүрегі қошақанның бір дір етті.
Боз жусан күлтеленген көгін шайқап,
Көк шалғын бір ырғалып сыбдыр етті.

Тек қана көшкен сағым көкжиектен
Кілт тоқтап, кілт мамырлап, кілт дір еткен.

Будақтап бурыл түтін бір-ақ сәтте
Заманның зымыраны шықты көктен.

Ұшардай қойшы ерден – қой торымен,
(Жүрегі қайтерсің-ай, тентегінен).
Әп-сәтте... жалғыз ноқат сіңді көкке,
Жыртылып-айрылып Жер – желкенінен.

- О, пәлі-ай!

- О, шіркін-ай!

- О, ғажап-ай!

Деп қойшы айтпаса да көп одағай.
Қуанды, қуанғаннан ер үстінде
Қадалып қарап қапты көкке қарай.

Ол рас қуанғаны, таңданған жоқ,
Ұмтылды, ұшамын деп қамданған жоқ
Үстінде қой торының көкке қарап,
Аңырып қалғанын тек аңғарған жоқ.

- Тағы ұшты-ау,

Тағы бір Ер,

Әлде екеу ме?

Кеңістік ғарыш-көкке, кең мекенге.

Оңай деп ойлаймысың,

бәрі де оңай

Жүргенде жайбарақат жерде пенде.

Оңай деп ойлаймысың –

атқан оқтай

Зуылдап, қарсы күшке бет қаратпай,
Суырылып, кара жердің кіндігінен
Ғарышқа адам қолы жаққан оттай.

Үстімен жұмыр Жердің шыр айналып,
Айналып... Жердің қамын жүр ойланып.
Бір кезде бұл да ойлаған көкке ұшуды,
Әйтеуір жерде қалды «құдай қағып».

Иә, рас, ғарыш шарлап – қиян ғалам,
Ұшуды бұл да бір кез қиялдаған.
Бозбала дәурен еді-ау, шіркін жастық,
Қиянды қиялдаған... зиян ба оған?!

Жібермей атамекен, ата кәсіп,
Қойғандай дәм-тұзымен баталасып.
Бұл бірақ көкке ұшқан жоқ,
қойшы болды,
Дәуірлеп осы өлкеден атағы асып.

Кеудеге Алтын Жұлдыз тақты бұл да,
Қисап жоқ бақытында, шаттығында.
Ғарышқа ұшпаса да, көтерілді
Халқының алдындағы ақ тұғырға.

Көтерген сол тұғырға халқы қалап,
Халқы мен даласы оған – мәңгі қанат.
Съездер Сарайынан бірге шығып,
Юрий Гагаринде болды қонақ.

Көкшіл көз, жайдары жан, күлім қабақ,
Атақты танысындай бұрыннан-ақ
Жымиып қолын қысты,
сол сәт мұның
Ғарышқа көтерілген күніндей-ақ.

Ғарыш не,
Жер деген не –
Өрісі бір.
Қойшы кім,
Ғарышкер кім –
Борышы бір.
Борышы – Адамзатқа ортақ парыз,
Жер деген бәріне ортақ қонысы бұл.

Дегендей,
 ғарышкердің емеуріні,
 Бойында Байқоңырдың тегеуріні,
 - Кем емес корабльдің тетігінен
 Қойшының таяғы мен көген-жібі.

Дегендей,
 қойшыны ол демегендей,
Қойшы мен ғарышкерді теңегендей.
Екеуі қолтықтасқан... бұл күндері
Ғарышта түйісетін кемелердей.

Сол бір сәт, сол бір минут – мәңгі есінде,
Озса бұл өмір, еңбек бәйгесінде.

Сол бір сәт – бұған ылғи болатын дәт
Жер, Ғарыш, Адам жайлы ой кешуге.

Жер, Ғарыш, Адам жайлы кең ойлауға,
Ғарыштың жеңісі үлгі – әмәнда ойда.
Қамы үшін келешектің ұшырамыз,
Біз ертең ұшырсақ та Адамды Айға.

Өйтпесе, кенде ме Жер кем-кетіктен,
Адамзат арылды ма жоқ-жітіктен.
Жо... жо... жоқ,
қысқа жіп көп күрмеу күткен,
Шөлдер көп, шөлейттер көп –
көктем күткен.

Түйіні тіршіліктің жетеді әлі,
Табиғат мейірімді де, қатал әрі.
Тепе-тең ғарышкер мен қойшыңызға
Қауіпті өлара мен отамалы.

Мінезі тұлған тұтса – ұстамалы,
Қауіпті жазғы нөсер, қыс бораны.
Әрине, қой бағу мен ғарышқа ұшу
Кәсіп қой бір-бірінен ұшқары әлі.

Ұшқары...
ұшу бөлек, қой бағу да,
Бөлек қой ғарыш пенен жайлауың да.
Біреуі – тұғырға ұқсап тұрса Жерде
Біреуі – жұмыр Жерді айналуда.

Сырт көзге мейлі солай көрінсе егер,
Тең тартар таразысын өмір – шебер.
Ал бірақ қойшыңыз да, ғарышкер де
Жер мен Көк бірлігіне кәміл сенер.

Екеуін мүмкін бе енді бөле қарау,
Мүмкін бе – мүмкін істі бағаламау.
Адамзат кемелденген кезеңінде
Қарасын тірлігіне неге қарау?

Жер қамы, Ғарыш қамы – тірлік қамы,
Тірлік қой – Бірегейлік, Бірлік мәні.
Адамзат игергенмен Ғарыш – көкті,
Тастамас тамған жерін кіндік қаны.

Болса да жұмыр Жерде – қандай заман,
Нұр жауған көктен Жерге,
қан жаумаған.

Ғарышты апат, ажал ұясы етіп,
Жерде өзі жайбарақат қалмайды Адам.

Жер мен Көк,
дәнекері – ортада Адам,
Екі әлем – ортаға жол тартады Адам.
Жерде де екі дүние – екі әлем бар,
Екі әлем – екі түрлі орта, қоғам.

Адамда қорқыныш көп,
көп үміт те,

Мойнымен көтереді ол – нені жүкте!
Адамзат қайғырмаса, қуанбаса,
Жұмыр жер болмай ма бір өлі нүкте.

Дүниені шырқ үйірген уақыт – ұршық,
Ғасырдың мәресінде тұр тыпыршып.
Адамзат ниетімен серпілердей,
Адамзат басындағы күллі қырсық.

Қойшы да, ғарышкер де біледі оны,
Бір ниет екеуінің тілегені.
Бірі көк, бірі жерде тұрса дағы,
Бір туған жұмыр Жердің түлегі еді.

Ал қазір...
екі бөлек ой кешуде,
Күбірлеп өзді-өзімен сөйлесуде.
Өткен бір оқиғалар екеуінің
Оралып осы бір сәт келді есіне.

...Кешеу күз.
Өліараның мезгілі еді,
Бозқырау қыстың демін сездіреді.
Сарғайған жаялықтай сары далада
Қойшы отыр.
Өрістің де тозды реңі.

Қамзаусыз,
қалқасы жоқ жалаңаш жон,
Жайдақ жел шеңгел-қаңбақ ала көшкен.

Аспанның сыңайынан сескенді бұл,
Адам ғой қабағына қарап өскен.

Күземді аяқтаған,
күздеу шалғай,
(Мамандар келе бермес іздеу салмай).
Отары күйлі-ақ еді,
қырқымнан соң
Тез арып бара жатыр, тез көше алмай.

Өйткені өріс тозған,
қырдың желі
Ызғырық ызғарлы еді бұл күндері.
Қой малы қозғала алмай, шайлап тұрып
Қалады суық өтсе құр сүлдері.

Ал кейде қар аралас қара жаңбыр
Мал үшін оқтан бетер бораған бұл.
Болуы мүмкін бе екен... бұл кәсіпте
Жоспарлы, жобалы жол – сары даңғыл.

Өзгеріп, өңі айналған нелер Заңы,
Бұл кәсіп табиғатқа тәуелді әлі.
Бермесін табиғаттың тартып алып,
Бергісі келсе, қайтып бере алмауы.

Адамның ең бір үлкен кінәсы ма,
Білмеген, аңғармаған туасыда.
Айрылып қалған дүниен уысыңнан
Келмейді көмкеруге құлашына.

Қаншама өзгергенмен тұрмыс-жағдай,
Бұл кәсіп қазақ үшін тумыс қандай.
Замананың жаңалығы керек бұған,
Дәстүрдің нәрі керек бір мысқалдай.

Жер керек, ең алдымен, дала керек,
Жер болмай жасалмайды не керемет.
Сол жердің амандығы және керек
Сақтаған әсемірек, әдемірек.

Осыны ойлап қойшы алаң еді,
...Сол күні соқты ышқынып дала желі.
Қап-қара бұлт түнеріп теріскейден
Тұтасып көктің жүзін жамап еді.

Сол екен, сол-ақ екен, қар қылаулап,
Ақ түтек боран көміп барлық аймақ.
Сол боран апта бойы арынын баспай,
Даланы қарпып-қарпып, қарғып ойнап,

Ұйпалап өте шықты - өр демімен,
(Тұтқиыл ауа райы жерде кілең).
Еш жәрдем, ешбір көмек жетпей қалды
Самсаған техника керуенінен,
Ауданның, облыстың жәрдемінен.

Ақ түтек жер кіндігін суырғандай,
Апшысын айналаның қуырғандай,
Ойнақтап өте шықты,

соңында оның
Қалған жоқ зиян болмай, шығын болмай.

Жә, тәйірі-ай!

Шығын орны кетті өтеліп,
Кетеді қиындықты көп көтеріп,
Осы сәт ғарышкер де осы өңірге
Ғарыштан қараған жоқ текке төніп...
Бұл өңір Байқоңырдың бір пұшпағы,
Даланың дарыған жер ырыс бағы.
Нөсермен бұлаңытқан аспанында,
Арқаның жауап тұр ма күміс қары.

Ғарышкер соны ойлаған...

тағы ойлаған,
Әлі де табиғатқа тәуелді Адам.
Осынау жазық дала, жапан түздің
Сыры көп ешкім біліп бола алмаған.

Сыры көп ешкім біліп бола алмаған,
Бопсамен, барымтамен ала алмаған.
Бір білсе қойшы ғана білер еді,
Сары дала сыр бермейді оған да әмән...

Себеп не,
Салдары не,
Жұмбағы не,
Ғалымдар неге айтпайды бір мәміле?!
Біз қазір мұхит түбін, аспан төрін
Көзбенен көріп жүрміз күнде міне!

Ал дала,
дала деген жер беті ғой;
Жер беті – адамзаттың жөргегі ғой,
Бұл адам жөргегінен ауа қармап,
Дүниеге ұшқысы кеп келгені ғой.

Ұшты ақыры,
ұшты ақыры... биік ұшты,
Таң қалды, таңданды да – сүйсіністі.
Тартылыс заңын жеңіп шыққанда Адам,
Металға таңданды ма иі күшті?!.

Жалпы адам жөргегінде – көргеніне,
Көбірек таңданбайтын себебі не?
Ана сүт, ата дәстүр – сол емес пе,
Дәмі де, тіршіліктің демеуі де.

Егер біз Жерге табан тіремесек,
Және де Жердің қамын тілемесек,
Ұшпай-ақ жетер еді-ау жерде шаруа
Көп пайда келтіретін күреп есеп.

Жоқ бірақ,
Адам ұшты – біздер ұштық,
Біз ұштық ғарыш көкке – түз кеңістік.
Қара жер қойнауында бәрі де бар,
Біз сонда қандай пайда іздеп ұштық?!

Асырып табиғаттан еп пен айла,

Жо... жо... жоқ, іздемедік көктен пайда

Біреулер айтты дейді:

- Көктен адам

Көз тігіп жұмыр жерден жоқ қарай ма?..

Біз бірақ ұшқан жоқпыз жоқ қарауға,

Немесе ғарыш көкті ноқталауға.

Жұмыр Жер – жұмыр Жердің құпиясы

Жымы көп жықпыл-жықпыл соқпақ ол да...

Жер жалғыз –

Жалғыз жөргек,

Жалғыз жүрек,

Бетіне сансыз ұрпақ салды із күреп.

Тек жалғыз, қасиеті де жалғыздығы,

Жер бірақ көрген емес жалғыз жүдеп.

Жер жалғыз –

Жалғыз жөргек,

Жалғыз жүрек,

Оятқан Адамзатты жалғыз жебеп.

Адамзат өз жөргегін мәңгі аялап,

Жұмбағын жүрегінің мәңгі іздемек.

Адамзат жөргегі мен жүрегінің

Аялап, әлдилейтін біледі емін.

Біледі,

бір тарының қауызына

Сыйғызар қарулар бар дүние демін..

жұмыр Жерге ол – ортақ міндет,
(Ойлама жалғыз зардап тартамын деп).
Соғысты болдырмауға тиісті Адам,
Күні өткен бүгжеңдейтін қорқамын деп.

Бұл дала – жұмыр Жердің қоң етіндей,
Етінен кессе ет төтеп беретіндей.
Қоңыр қыр қойдай жуас топырағынан
Құм емес, қасиет – сусын төгетіндей.

бұл даланың
Ақ бидай, ақтылы мал – қос қапталы.

Ал бірақ сол далада тілсіз түтек,
Ақ боран апта бойы үнсіз түтеп,
Немесе көз аштырмай қарлы жаңбыр,
Нәр тамбай кейде көктен сусыз жүдеп.

Аптап пен аңызактар соға-соға,
Қыр төсі қалтырайды қарашада.
Ал сонда қойшы жерде, сен көктесің,

Жоқ бірдей,
салмағы да дірілі де,
Махаббат, машақаты – мұны міне!
Ал онда құйттай-құйттай жүректерді
Күпті еткен ғасырыңның күдігі не?
Соғыс па,
Әлде соның лаңы ма?
Жоқтық па,
Жетімдердің жылауы ма?
Аштық па,
Қастық па әлде, қастандық па,
Азапқа Адам – пенде шыдауы ма?

Жоқ әлде жұмыр Жерді жайлап, илеп,
Байлықпен бар әлемді шайқадым деп,
Адамзат азаматын алагүлік
Айдап сап жүргендер ме «айтағым» деп.

Жоқ әлде күлмейтін де, жыламайтын,
Сүрініп, қайта тұрып құламайтын,
Ешкімнен бәстесіп бақ сұрамайтын,
«Итжейде» ақылымен туғандар ма,
Туа сап тура жолы тұрған айқын.

Ал анау қойшы досы – мүлде бөлек,
Бойында кісілік бар бір керемет.
Жердегі ең бір көне, ең бір бейбіт
Кәсіптің иесі ғой – тірнегі ерек.

Ыждағат, дағды деген, дәстүр деген,
Бойыңа сіңу ләзім жас күнменен.
Кәсіппен қасиеті, болмысы жоқ
Қиял ғой – қияндарды астым деген.

Біледі ол,
қойшы досы ғарыш құмар,
(Ғарышқа келді ұшқысы – алыс мұнар).
Мәселе кәсіпте емес,
халқың үшін
Кеуденді кез келеді намыс буар.

Сол кезде икемiңдi, бiл иiңдi,

Тану жөн болмысыңды, түйініңді.
Қойшыдай көп көретін жан жоқ шығар
Кәсіпке күйінуді, сүйінуді.

Ол бізден табиғатқа сүйем жақын,
Секілді ол даласында киелі ақын.

Мен өзім ғарышкермін...
содан естіп,
Таныдым жұлдыздардың біліп атын.

Ол бізден тіршілікті тез аңғарғыш,
Түйсініп, тез қабылдап, сезе қалғыш.
Көкірек көзіменен көріп тұрар,
Көрінбес құбылысты кезегі алыс.

Ол бізден мінезі шалт,
оралымды,
Қырандай қиып алар сонарыңды.
Сау күнде шүберекке жанын түйіп,
Қарсы алып қара дауыл бораныңды.

Ал жөне қарапайым, қандай ықшам,
Сұлудай ат үстінде бел майысқан.
Қойшы ғой қара жердің – ғарышкері,
Туғалы жер бетінде талмай ұшқан!

Бұларда айтшы,
қандай бар айырма,
Бірі – Жер, бірі – Ғарыш маңайында,

Екеуі айналады,
Ойланады,
Жұмбақ бір жан дүниесі Сарайында.

...Кетті әне, бір-бірінен арасы ұзап,
Ғарышкер, ұшасың-ау, шамасы, ұзақ.
Қоңыр қыр қойдай жуас жайбарақат,
Қойшысы мазасыз-ақ,
мазасыз-ақ...

АУДАРМАЛАР

Евгений Евтушенко

**БЕЙБІТШІЛІК
ДАСТАНДАРЫ**

**МЕНІҢ ШЕШЕМ
ЖӘНЕ
НЕЙТРОН БОМБАСЫ**

Біздің фирма сіздерді кез келген атом, оның ішінде нейтрон бомбасынан сақтап қала алатын люкс, жартылай люкс типті және бір адамдық арнайы бункерлер жасатуға заказ қабылдайды... Төлем ақысы – келісім бойынша».

Батыс газеттерінен

1

Менің шешем комсомолка болатын -

қызыл шәйі орамалды,

жарғақ куртка кигені,

Жарғақ куртка тозды кәзір,

сыпырылды,

сыдырылды илеуі,

енді шешем кей кездері

картошка мен тары ботқа бұқтырса,

кастрюлін жабу үшін сол жарғақты сүйреді.

Бір кездегі

Шешемнің жас денесінен бусанғандай, жұмсарғандай,

буға бөгіп, жібиді.

Жарғақ куртка жаны сірі –

талай тұста киілді.

Ол әлемдік төңкерістер өрттерінен өтті аман,

Оқ топанға – тосқауылға

тұтынылды, тұтылды!

Оқ теспеді,

Бірақ бүтін, бірақ тұтас бұйырды.

Оқ орнындай жалғыз тесік,

Тесік бірақ өңірі.

Бұрап салған бір кездері,

бұрап алған кейіннен

Бұрандалы темірі –

Ол кешегі оттай жанған төрт әріп:

МОПР – дейтін значоктің орыны.

Төрт әріптің мағынасын

ұмытпаған сондағы

Сол ұрпақтың өкілі едіммен-дағы.

«Роллинг стоунз» значогын «АББА»-ға,

ал «АББА»-ны «Элтон Джон»-ға айырбастар таңғала,

Жеткіншегі жетпісінші жылдардың,

әлгі сөздің ажыратса,

мағынасы былай еді демекпін:

Революция күрескерлеріне халықаралық

көмек ұйымы,

Шешем кейін значокты

тастағанда тағуды,

Қызықтадым, қолыма ұстай жүріп мен:

Значокта – түрмеге тән тор бар-ды.

Темір торға жармасулы қол бар-ды,

Қол бар еді – түрме торын сіліккен,

Тор бар еді — сіліккен қолмен кіріккен.

МОПР

деген сөзді естісем,

еске алам

Жарғақ куртканы, иісін сезіп тұрып мен.

Менің шешем — Зинаида Евтушенко Ермолайдың қызы әлі

бір тынбайды,

кутыңдайды,

жас дегенің жетпіс екі жастан әрі ұзады.

Пенсияда,

жұмыс істеп жүрген жері –

адамдардың ортасы

Қыбыр-қыбыр осы жұмыс арқасы

түспей жүрсе оған ажал тұзағы.

Ол Рига вокзалында киоскіде

газет сатып тұр әне,

Жетеді оған алақандай осы әлемі –

өзіне тән тұрағы:

қасапшысы — «Футбол-хоккей» апталығын

оқитындай туғалы,

көшетшінің – «Америка» журналы екен құмары,

сүті сатушы – «Денсаулық» журналын ап тұрады.

Сыйға – сый ғой,

сыраға — бал...

сияпатқа бола сәл,

Бұл мейірбан оқырмандар шешеме де қарасар

өздерінің дүкенінен... қатқан тауық қалдырыпты –

Мопассанның мекендесі ала сал.

Кейде апельсин жарты кило – дәмі Лопе де Вега елінің,

кейде ораулы ақ ірімшік – сүйікті осы Майи Лассиль тегінің,

Оны алмасаң,

Лассильді лайықты аударған

Қалдырардай көрінесің Зоценконың көңілін.

Сондықтан да шешем менің

Ортан қолдың саласындай,

бәйбішедей қоғамда,

бәрі де өз баласындай,

«қасапшым» дер, «көшетшім» дер, «сүт сатушым»

дейді оларға әмәнда.

Мархабатпен сезінеді ол байланысты өзіңе,

Керектігің айналаңа –

байланысты адамға.

Сан значок сатады ол

қалта-қалта қоржынымен,
Гагариннің суретімен, олимпиада қонжығымен.
Ал әпкемнің қызы Маша –
он бес жасар немересі,
көз қуаныш сүйеу болған,
Сыр сандықта ойнай-ойнай саусақтары сүйел болған,
төсі ептеп жұмырланып, жайраң қағып,
Кеудесіне «Иисус Христос суперстар»
Значогын алған тағып,
Оны бірақ шешемнің
киоскасынан
Алмағаны — айдан-анық!

2

Таныдым мен Иисус Христосты,
Күрмеуі мол, күрделі қатынаспен.
Әрбір совет баласы солай шығар
Тәнті болып –
«Павлик Морозовты» оқып өскен.
Мен шіркеуге бармадым кәзіргідей
Әдет емес, болатын әдеп ескі,
крест тағу күрмеулеп сән емес-ті.
Қысқы «Москва» бассейні басында
Бала көрдім бірде мен...
пионер ед және де,
Маңғаз, мардам шешіп жатты галстугын алқызыл,
іліп жатты шегеге,
арзанқолдау қырғыштемір – кресі қалып қойды мойынында,
қалып қойды денеде.
Өртін-әртін, әртінде – бұл Москва бассейні орнында
күңгір-күңгір ғибадатхана болған

(Жарылқаушы жаббарға ғана болған)

Талқандалған кезінде сол орданың,

Маңдайында кресті бір күмбезі

алтынменен апталып, бағаланған.

Жарылмаған, жарықшақ түсіп бірақ,

Батырдың дулығасындай домаланған.

Кейін мұнда –

салмақ болды Сарайын Советтердің,

бассейн боп біткен еді... ақыр соңы әлектердің.

Дәл қасында музей тұр,

су буынан

Импрессионистер бояуы барады оңып...

Өкінішті...

Бұзылды орда, бар ма амал?..

ең болмаса малданар...

Сол өкініш өтеліп,

Қолын көкке көтеріп,

Тұрмағаны ескерткіш –

Лениндей дана болып.

Христосты көргем алғаш шіркеуде емес,

Құтханада – құйтақандай, тар лашық,

Сібірде еді. Қырық бірде.

Жүрген кемпір жансебіл боп жер басып,

Сарыуайым, ізімқайым – соғыста ұлы,

тартып жүрген тірі азап,

сол ұлы үшін басын иіп, құлдық ұрып жасап жатты мінәжат.

Шаң мен тозаң ыстаған,

Бір суретке құлдық ұрып бәйек күйге түсті Ана,

Бейбіт Ташкент аясында жасалатын сол кезде

Киножурнал көрсететін қабасақал

партизанға ұқсаған.

Кемпір сонда құлдық ұрды —

қайқы орақпен қар астынан соңғы талшық суырғандай,

Мәуесіне мәз еткенде басын шұлғып табиғатқа

табынғандай, сыйынғандай.

Құдайына құлдық ұрды ол еш қылаусыз, еш мінсіз,

«Құдай да» оған тұр болысып

ләм-мимсіз, үн-түнсіз.

Ұрлық-қарлық енді бүгін

икондарды саудалаумен алмасты,

Еш суретпен - еш құдіретпен орны ешқашан толмас-ты,

Россия бар еді онда жай ғана,

Жоқ еді онда – иконсауда, айла да.

«Өлтірмейік өнерді!» деп даурығып,

Сол кемпірдің ессіз-түссіз діліне —

түспеді ме сәл-пәл кірбің, сәл күдік.

Без түсірдік бүйрегіне құдайдың

сондай-сондай кемпірлерге

тұратұғын сәл бұрып...

Одан кейін көп көрдім мен —

шіркеулердің, музейлердің,

экран мен мюзик-холлдар құдайын.

Құдай болып кетуімнен қақты ұдай

«Құдайымның» өзі мені лайым.

Ал бір жолы,

«Матфейдің інжілі» атты киноға

Пазолини басты рольге шақырып,

Марксизм рухында болады деп тақырып,

Лауазымды бір адамға хат та жазды қатырып

«Құдай» болып кетуіме сол жолы

Терезеге келдім жақын,
көрдім жақын бұлттарды,
кейбір бұлттар қабырғасы сөгіліп,
төбесіне қызыл шатыр үйлердің

төніп алып, төңкеріліп, емініп,
адамдарға қарайтұғын секілді
аласарып кеткендейін көрініп.

Бір суретке байланғандай қаралай,
Дүкендердің жаймаларын

тұрды адамдар жағалай,
бастарында басқа ойы жоқ,
сатып алу бірдеңе
сатып алу қайткенде де бас-көзіне қарамай.

Сыңғыр-сыңғыр шыны-аяқты
сылдыратып сән беріп,
сыңайымен сызданысып, қабақтарын сәл керіп,
қимылына өздерінше ой үйіріп, мән беріп,
Темекінің көк түтінін шекітеді бәлденіп.

Бір режиссер бірде маған айтып еді:

«Күмән жоқ,
ой дегенің ойлы адамнан шығар» деп.
«Көмейінде айтары жоқ, көкейінде ой табы жоқ актер
кадрларға шылым шегіп шығуға

Өмірбақи өлердейін құмар», деп.

Астан-кестен мынау алаң

ауа жайылып әр адам,
Сапырмайым сол емес пе –
тәртіп кетсе санадан.

(Мен сананың жүйесіне құлаймын!)

Ой жүйесі жоғалған жер, мінеки,
Қолқылдаған қабағындай манағы
Иіні жоқ, иығы жоқ иі түскен Құдайдың.
Ашық аспан астындағы ағаш эстрада
Өртшілердің үрлемелі оркестрі өзеурейді,

сұрама.

Құйқылжытып Вена вальстерінен
ойнап тұрды қырық құрау құранды мен құрама,
ең аяғы кофе ішетін шыны аяқтың сылдыры
ию-қию құрандыға қиюласпай тұра ма?

Алаңдағы адамдардың алмағайып тасқыны
әлемдәгі құрандыға қосып-шатып әлдекім

қоса салған бір бөлшегі шығар, ә?.

Перуджаның әккі де әңгі алыпсатар қулары,
Құзғынға ұксап қарқылдасып, қанаттасып шулады.

Қолындағы темірлерін ыстық табы кетпеген
құяндары сықырлаған сұлуларға еппенен,
Веспасиан дәуірінің сөлкебайы көненің
бір қаралық қазына деп,

дәлелдеп кеп дегенін,

Жымысқылап тықпалады,

жым білдірмей бұлдады.

Цыган бала алабажақ бір әлеміш шекпені,
садақаны сұрағанда —

суырады өкпені.

Аржағында — жекеменшік жабық «вольво» ішінде
цыгандардың төр ағасы

сықыр-сықыр ақшаларын санайды.

Санайды да қаттап-қаттап орайды,
алабажақ әлеміштен «көркеменер» көрсеткен
ұлдарының ақыадал —

еңбегіне балайды.

Судан әйелі шекесіне сәлде орапты шошайған,
Пизадағы мұнарадай құлайын деп қисайған
Күміс тегеш ішіндегі

көгіс лимон қабығы бар

қол шаятын көк суды

ұрттап төгіп, ұрттап төгіп

тегі мықты тек сынды,

нәсілінде, даяшысы құлақ кесті құлдардың

қабағымен тіксінді,

жанарымен тепсінді...

Тымырайған түсі тылсым екі ирандық

ащы ішектей илеп, созып қамырын,

сыпсың етіп сыбырласып сақтай қалды сабырын.

Перуджаның күмбезінен келеңкесі көлбеңдеп,

сұп-сұр жүзді аятолла бергендейін әмірін.

Жергілікті бір топ жігіт провинция атаманы

Казановтың қатарына кіргеніне мастана,

шаруасы жоқ күйі кетсе дүние...сайқалдықтан басқада.

Ешбір ермек таппастан,

отырғышы күнәлардың күйесімен баттасқан

машинаның кілттерін қолдарында үйіріп,

көз алдында самсап бара жатқан сан

балтырларға сын айтып,

болмысына мін айтып,

өзеурейді өздерінше сүйініп.

Саяси шолушыдан

әсіре әуей сөздерін

санайды көш ілгері,

шолушысы — аяқтың, балтырлардың

барып тұрған «интернационалистері».

Келмеген аяқ мұнда шамалы еді,

балтырлардың жиналған – «интернационалы» еді.

Итальяндық балтырлар — қатқыл кактус түріндей
олақ ұстап, оқыс тиген ұстара

тиіп кетіп тілімдей,

көзге онша ілінбей,

жалбырап түр түктері –

жапырақтың түгіндей.

Скандинав балтырлары –

көкшіл білеу тамырлары

шығанақтың көкшіл суы көпіршітіп суарғандай.

Мақпал, майда неміс балтыр –

сарғыш қана секпілі бар

Гамбургтың қышасынан сеуіп алып, сыланғандай.

Француздық бөлек балтыр –

шұлық кисін, ұйық кисін

Түк кимеген тәрізденіп, тыр жалаңаш жаралғандай.

Ағылшынның ақ балтыры –

сидаң сіңір; тұт тарамыс

табиғаты – үзеңгі қағып, жүре-жүре таралғандай.

Американ балтырлары –

түзу, берік түрпідейін,

тұтқыр бірақ баскетболдың бағаналы қалқанындай.

Ал латынамерика балтырын

толарсақтан күміс шынжыр арқылы

қожасынан құтқармайтын

құйттай кісен қарыды да қарпыды.

Үрке біткен қара меңді

боп-боз түрі білінбеген,

Діндар ойлап әрнемені, сәлден кейін не болар деп,

Испан – балтыр дірілдеген.

Африкан балтырлары —

қара ағаштан жона салған,

Қызылөкше гүл жапырақ, табанына қона салған.

Жапондікі —

маймақ балтыр,

(қарап қалсаң бір оқталып)

Шеше арқасында өскендіктеи

арқаланып, құндақталып.

Осынша аяқ, осыншама балтырдан,

Үш қытайдың студенті салқын қан

капиталистік аяқтарға —

басқа дүние балтырына

тәкаппарсып қарамай,

қолтықтасып кірпияздау, қыдырып жүр жағалай.

Сәл-сәл ғана сескенеді,

бірлігімен дес береді —

күйремейтін күрескерлер секілді...

біледі өзін бағалай.

Даңғаза алаң ию-қию дастанымдай дәл менің,

Әлде менің дастаным ба —

таба алмаған қиюласар өрмегін

ортақ ырғақ табылмады, ұйытқысы табылмады ұйқастың,

Желімі жоқ біріктірер

қисыны жоқ жеңіл ойдан күй қашты.

Кенет... кенет...

Сол алаңға суырылып,

шыға келді екі бала — бозбала,

лып-лып етіп ұстараның жүзіндей

қимылдарын қалт жібермей қозғала,

Жылпылдаған біреуінің қолында —

Жылтыр тұтқа ұстап алған айқарып
шелегі бар кеспекше,
шелектегі – сағыз желім шайқалып,
бояу – қалақ қалтылдайды –
көлшіктегі ескекше.

«Перуджиннің» конфет фабрикасы
қапталы екен – кигендері үстіне.
Шоколадтың майлы бояу таңбасы
қолдарынан көрсетпейді күсті де,
бұл жұмысшы бозбалар, бейнет көрген иіні,
Жүздерінде бір мысқал мұң –
бұғып жатыр бұйығы,

Сонау мопр значогы ұшқынына ұқсайды
қас-қабақтың астындағы қиығы.
Бояу қалақ кенеттен
ыршып шығып шелектен,
қалды қарысып қолма-қол –
біреуінің қолында.

Екіншісі бір мырс еткен мысқылмен
көбік кофе ұрттаған,
кеуек музыка үшкірген
көлеңкенің астындағы адамдарға, оркестрге
бір қарап,

плакатты жапсырды-ай кеп жалма-жан.

Солқылдаған жайдақ қақпа
Жалтылдаған жасыл күмбез қалмаған,
осы алаңнан сонау жолдарға дейін
тартты дейсің туралап –
жапсырған да жалғаған.

Би билеген өртшілердің

өкшесінің астында
өршеленіп осы алаңға көрінді
өрттің қордасы.

Сұлап жатқан ұзыннан,
айқұш-ұйқыш, крестермен сызылған
пайда болды қара беттей –
қара нейтрон бомбасы.

Вена вальсі үздік-создық... қалғандайын жайына,
Жұрт айқайлап, келгендейін Вальтасардың тойына.
Айқайға ұлас ұрандар да шықты енді:
«Токтатыңдар, нейтрондық бомбаны –

құртыңдар бомба біткенді!»

Қос бозбала бозша талдаи солқылдап,
алаңғасар аптықпай да алқынбай.
Тобыр дүрмек тарап кетпей тұрғанда
топ ішіне сүңгіп кетті толқындай.
Нәпсіқұмар нәмәрт біреу

жең ұшынан жалғасып,
талшыбықтай таиландканың етегіне жармасып
жалт бергенде ол,
жалп еткені алжасып...

бұтындағы джинсиі мен
аяқтағы мокасин
шалшық емес, шалпуышқа көнетін
Желім-сағыз көтертпеді қалжасын,
Міне, желім!

Желімдеді-ау, жапсырды-ау,
кетіктерді, сетіктерді кетілген.
Заманымнан үгітіліп мәңгілік
ұнтақталған секілді ем,

Заманыма жұғыстырды-ау, жағыстырды-ау мені де!
Шоколад пен бомба жасап әр түрлі,
сан ажалдың иісін судай сапырған
Фабриканың бықсық иісі арқылы
Жарғақ куртка иісі алыстан шақырған,
(қасиеті қалай ғана берілді),
итальяндық мынау екі бозбала –
жазып жүріп плакаттар қыртысын,
сол куртканың тозған илеу іркісін
сылап-сипап жүргендей боп көрінді.
Муниципальды галерея үйінде
өз ойына өзі ырза боп күйге енген
қалғып отыр қарауылы музейдің.
Құдайшылдар қоғамының қисапсыз
«құдайақы» уәдесіне үйренген,
бағанағы сүйегі жоқ, сиығы жоқ – сол Құдай,
жанданғандай,
денесіне жан біткендей әл құрай,
Өмір сүріп кетпесе де,
өмір үшін қамданғандай берді рай...
Мына бала-бозбалалар
көрінбесе шіркеулердің ішінен,
Кешіреді бұл Құдай,
өйткені ол әлдеқашан түсінген:
христианның әулиесі сол енді –
мойнындағы крестімен табынар,
қойнындағы қаруымен жарылар,
христианды құтқаратын соғыстан
санасында болса егер Ары бар!
Әлгі крест айқұш-ұйқыш сызғылаған бомбаны

Сол крестен шыққан жоқ па, түбірі,
Галилейден шыққан ұста ұлының
Дарға керіп тастағанда соңғы сәттік ғұмырын,
«Бәтіреке, бәтіреке, өлтірме,— деп,— өлтірме!»

Айтқан сөзі емес пе екен,

Аманаты емес пе екен —

ақтық көздің нұрының.

4

Болды шешем белсенді актив бір кезде

Құдайсыздар Одағында,

ереуілшіл топта да.

Қазір де бар көрінеді бұл ұйым

салқын сабыр сақтайды екен тек қана.

Күрес бұрын ашық болған

бетке айтқан ғой бұғынбай,

басқаша айтсақ, бақырайтып көздерін —

құдайсыздай «құдайлардың» қолтығына тығылмай.

Әжем мені шоқындырды жасырын,

Жалтылдаған крест тұмар — қосығым

жатты бірақ жез қорапша ішінде,

николайлық сәлкебайға соғылып

сыртындағы Георгийден әулиенің әлпетін

боп-боз етіп бедерін ап,

кеткен бе уақыт кеміріп.

МОПР деген төрт әрпі бар ескі значок солармен

бірге жатты жалтылдаған бояуы аздау көрініп.

Қырық бесте ашты шешем

тұтқыр тұтқа қорабын,

Қорабынан ашқан кезде орауын —

Ұлы Отан соғысының медальдары сау етті,

Арасынан тағылмаған кресі де шыға келді баланың.

Біздің мұра-мүлкіміз де бір қорапқа жиылған
бауырластар қабіріндей, бір топырақ бұйырған,
бейіттегі белгідегі жазудайын жалғыз кез
қорапшаның қақпағында: «Ландрин» жалғыз сөз,
фамилия секілді ортасынан қиылған.

Ұлы Отан соғысында

жетті шешем жеңіске,

Жүк машина қорабында жадағай,
«Катюшаның» зуылына қарамай –
тігіп басты кепілге,
ән шырқады қанды майдан өтінде,
ал танкілер айқасқа,

ала кетті алаңсыз,

концерттерге киетін –

көйлегінің сәулелерін оқалы,

кетті бірге сезім толы мақамы

сол соғыста ұшты-күйлі хабарсыз,

Соғыстан соң «Форум» кинотеатрының
фойесінде

ән шырқады ол

дауысының сездірместен қырылын,

қатардағы буфетпенен қапталдаса отырып,

Гитлерді жеңіп келген жігіттер

Сыраларын сапырып,

Дина Дурбина үлгісімен шашын қиған

қызды көрсе «ah» ұрып,

қуқыл өңді, көркі бәсең әншінің

дауысына құлақ аспай оншама,

сыйламайтын,

өздеріндей жеңімпазын соғыстың,
шын жеңімпаз екенінде күдігі жоқ болса да...
Біз «Форумнан»
Мещанский төрттегі
үйімізге қайттық үнсіз –
қайтқандаймыз өкпелі
Танкілерге тарап кеткен
кестелі оқа сәулелердің өтеуі,
концерттерге киетұғын шешемнің
көйлегінің сыбдыр етті етегі,
асфальттағы көзден таса
лейтенант погоны оған іліккен,
Үш жұлдыз тұр әрең-әрең жылтырап... әрең-әрең біріккен,
Басқа жарық жоқ маңайда.
Басқа жарық үміттен...
Шешем үйге келісімен басынан
сыпыратын сәбіз түстес
жасама шаш – жабуын,
Сүзектен соң қызыл шақа құйқасы –
қиын еді тануың.
Ербеңдеткен секілденер бала солдат –
қалтылдаған жас басын
шешіп алса қорғаны жоқ, қолапайсыз каскасын.
Өз-өзімнен күштеніп
Жарылардай намыстан,
жасты жұтып деміммен,
күбірледім тістеніп:
«Ендігәрі, анашым, ән айтпашы!» дедім мен.
Солқылдады, жылады.
Тыңдап мені құтылды.

Ұлы Отан соғысында ұтты шешем ұтырлы,
ал дауысын өзінің жоғалтты да,
ұтылды.

5

Шешем жаңа қызмет бастап кеткен,
Мосэстраданың балалар бөлімінде –
әкімшілік жұмысын жандырғалы.

Өгей әкем біздерге тастап кеткен
қарындасым екеумізді
көз таса, көңілден шет қалдырмады...

Қарындасым –
маңдайы ашық, бұйра шаш баяншы еді,

Жарты әлемді құрайтын жарым жетім

Жолбике баланы кім аяушы еді?

Шешем үйге көлденең жұмыс әкеп,
көшіргенде

концерттер рапортын,

Әні айтылған авторлар кассасына
тиын тамып жататын біртін-біртін.

Жинақ касса жалғыз-ақ шешемдегі –
сол баяғы «Ландрин» қорапшасы.

Соғыста алған әр түрлі медалына
араласып жататын бар ақшасы.

Консервінің қалбырын тебе-тебе
табаны да қақырап сөгілетін,
жырым тұмсық ботинкам танауымен

тербеп

қарындасымның кереуетін
тыңдайтынмын жанымның алауымен,
қарлығыңқы қапылған әуенімен

тым тұманды Альбион жағасынан
Вадим Синявский әнінің құбылысын,
Қақпасына «Челсидің» аласұрған
Бұзып-жарған Бобров ұмтылысын.
Үшбу хаттай рапорт толтырудан
көрмеді құрғап қолым.

Блантер де, Соловьев-Седой да көз алдымда,
Фатьяновтың, Солодарь Цезарьдың да
Әр күн сайын өсірдім жинақ қорын.
Дунаевский дейтұғын фамилия
Қанша рапорт кездесе – сонша жолда,
«И. Дун». деп қысқартып жазушы едім
Көз бұлдырап, бас зеңіп шаршағанда.
Түк шықпайды көп жазған құр әріптен
(Көп бүлінді қолтаңбам туа біткен)
Шостакович есімі кездесе егер
Жазғым келіп тұратын ірі әріппен.
Фамилия, топанын есімдердің
көшкініне

көміліп көшіргенмін.
«Құрауов» пен «Сұрауов» арасына
басым зеңіп,
белгісіз өз атымды
Ағатайым, шығардым жазатынды,
Жазып болып,
түсінбей тесілгенмін,
байқап қалсам – байызсыз өшіргенмін.

Арша-шырша аңқытып
Аяз-ата қонақтар

көп келетін шешеме.

Қызыл тоннан суырып

қошқар тұмсық арақты

құятұғын еселеп.

Қартаң тартқан ішінде Қар қыздары болатын,

ал біреуі солардың –

(ұмытқан шығар ел атын)

Вадим Шершеневич –

имажинист ақынның,

әлде екінші, үшінші

заңды жары болатын.

Рапортта ол есім –

көрсетпейтін елесін.

Жыландайын жиырылып,

жиырылып, жазылған,

Сахнадан мезі әйел шаршап біткен, қажыған,

ұйпа-тұйпа бір сәтке үй мысығы секілді

кресло үстінде малдас құрып бұйығып,

әлденені иіріп, жіп суыртпақ шиырып,

қарындасыма арнап башмақ тоқып отырды.

Зәрлі, кәрі Горыныч –

сүйген «құлы» ортаның

сызып жатыр пулькасын преферанс-картаның,

құмар менің шешемнен ұтылуға ұтылап,

Жалақысын біледі...

қанша екені қауқарын.

Қызыл Телпек аянып

соғыс салған жарасынан қорынып,

қасындағы құмар әйел – қырықта

қолбаладай желігіп,

қипалақтап пеш жанында —

әдетімен төселген,

Жым білдірмей жасырады шешемнен,

сабақтан соң «Красносельскийде»,

кіршігі жоқ періште үйде —

аумайтуғын айнадан,

шыдам кетіп шарасынан, жастық тысы арасынан

суретін көрсететін

полк баласы ролінде ойнаған,

махаббаттан маған қызық үйрететін «оңбаған».

Мен осынау — дақпырты жоқ, даңқы жоқ

кішігірім артистердің кісілігін сүйген едім,

сүйемін!

Атақтыны қақтыратын тәлтірек,

Өнердегі туыстықты

біледі олар шын өнердің нарқы деп

біледі олар не екенін киенің.

Беу, әттең-ай!

Мещанский төртіншіде

менің шешем қолынан

берілгенде Христостың соңғы асы,

анық еді құдайды алдар жөйіттердің болмасы.

Соңғы ас емес,

болар ма еді ол,

болар ма еді — дәм басы.

Сұр Қасқыры алып келген

турамшылап сұр етті,

Шешем сібір пельменіне қолы қандай

тым епті.

Мыстан кемпір тұздық үшін жаңғақ үгіп қарық қып,

Василиса ару фарш жасап

қармасынан балықтың,

қолға іс алса келтіреді шын нәшін,

фаршқа орап жіберіпті бір жолы –

құлақтағы көкшіл ақық сырғасын.

Ал бір артист-жонглёрше –

қытай еді нәтінде,

тамақ жасап білемін бір қойғанын,

Жеуге бірден бара бермес дәтің де,

неден, қалай жасалғаны беймәлім,

бірақ бәрі – ортақ дәм боп ықыласпен қойылып,

гүл жайнатып жіберетін дастарқанды сәтінде.

Пролетариат елкасы секілді еді –

жақсылардың басын қосқан жаны ізгі

Әлемдегі жарым жетім, жартылардың құрылтайы тәрізді.

Сол бір, сол бір Қар қыздары

талма менен қабынбадан кетті өліп,

ал балаға, ал ұрпаққа махаббаты...

Өлмейді олар шектеліп.

Ол жақта да Мосэстрада

құрметті грамотасын көрсетіп,

балалардың бөлімінде Көктегі,

қызметке қолдары анық жеткені.

Өліп кеткен Қар қыздары,

өлген Аяз Аталар,

маған бейне басқа әлемде

махаббатқа қаталап,

Жаңа жылдық жаңа арша,

жаңа шырша жайнатып,

Жүрген сынды өлі сәби –

балаларды ойнатып.

6

Жан анашым,

әлі күнге егілем де, езілем

Ленинградтың қу сүйекті, құр сүлдерлі –

балаларын сезінем.

мен бүгінгі газеттерді оқимын

күллі әлемдік ёлкаға келген –

өлген балалардың көзінен.

Пискарев зиратынан солып қалған тарамыс қол сіңірлі,

шыршадағы сарғыш фонарь мандаринге ілінді,

бала қолы жұлып алды, жұлып алды, не істейді?

Өлі бала – өлі дене, білмейді ғой түгінді.

Освенцим балалары беті қисық, торғайдайын көкала,

қақалады, шашалады улы газға қамала.

«Аяз ата, аяй гөр» деп зарығады бәрі де,

Сыйлыққа емес,

жалғыз жұтым... жалғыз жұтым ауаға.

Шешесінің жатырынан жарып алған

сонгмилік сәбилер,

Ырылдаған Сұр Қасқырға қолын жайып зар илер,

Белфаст, Бейрут балалары көрген бомба талқанын

Парша-парша, арса-арса қаңқалы,

Қызыл Телпек сол қаңқаны

құрамақ боп байқады...

Сальвадордың балалары әмір-темір танкілердің

табанында жаншылған,

Зәресі ұшып жалт береді қуыршақтар

елесінен қаусырған.

Азынаған осы әлемдік ёлканы айналып,

Аза бойың қаза болар

өлген сәби даусынан

Бұл дегенің бержағы ғой...

ал жарылса, шын нейтрон бомбасы,

белгілі онда бала атаулы жұрнағы да болмасы.

балабақша базарлары –

мазар болып қаңырап

Қол ойыншық қонжық біткен зар еңіреп жамырап

Үрлемелі қуыршақ пілдер

дабыл қағар

«әттеген-ай», соңыра-ақ...

Рақмет саған, Сэмюэл Коэн

басқа ойыншылдар – ойланатын, ойлайтын...

Жаңа ойыншық жасапсыңдар «американ ойыншығы» –

қаншеңгелге тоймайтын.

Рақмет айтамыз ба?..

«Балалардың әлемінде» сап тынды деп

ырғын-қырғын кезектер,

Қат боп кеткен қағаз жөргек

іздемейтін болдық-ау деп безектеп,

енді ешкім ештеңені сындырмайды,

шығармайды шып-шырға,

бұрымымыз кесілер деп қуыршақ та қорықпайды бозөкпе.

Терезөнің әйнектері сынбайды әңгі доптардан,

карусельде жегулі аттар

кеуек-дүние кеңістікте солықтайды...

міндеттері мәңгілікке тоқталған.

Балалардың шалбарлары

кормелерден жиналмаған жаюы,

Жасырынбақ ойнағаннан сөгілмейді қаюы,

керісінше басталады –

жаһаннамның жасырынбақ ойыны.

Балалар жоқ.

Үлкендер жоқ.

Құлаққа ұрған танадай,

Тылсым дүние түнекте –

қирамаған көше жатар,

бұзылмаған сағат жатар білекте.

Нобайы бар, жаны жоқ қол –

сұлбасы әлі сақталған,

білезік-бау ол да бүтін,

ағытылмай таққаннан,

неке қияр сақиналар саусақтардан сусыған

көкшіл ақық... көп сырғалар

құлақтардан ыршыған.

Іші қуыс құрым қолғап сықырлайды бүп-бүтін,

автомобиль рульдерін сығымдайды бүп-бүтін.

Перуджада халықаралық балтырлардың

көрмесінде сықасқан,

күллі балтыр буға айналып тұтасқан,

алтын өрнек ұлтарактар –

бір уыс күл болады,

саудыраған туфлилер иесіз тұл қалады.

Міне, осынау шегіренмен шекетулі...

арасында қоқыстың

өзгелерден оқыс тым,

перуанканың қызыласық тобығында –

сәл балқыған кісені

табандарды тіміскілеп,

өкше-іздерге түседі.

Шешем-дағы болмайды онда –

қаңыраған киоскілер

тұрмайды онда сауда ғып,

Оңып кеткен көне мүлік-басылымдар

ат-көпір боп бауланып,

«Футбол-хоккей» апталығын,

«Америка», «Денсаулық» журналын

азынаған атом желі парактайды аударып.

Шешем елес,

сол шешеме буға айналған

қасапшы боп бір елес,

мұздақ тауық қалдырады,

баяғы әдет... түк емес,

қатқан тауық Мопассанның отандасы (осы жаққа

алмасқан),

отанында тұр сөреде Мопассан,

тағдырын-ай,

жан жуымай, шаң басқан,

маңайында қолға ұстайтын отандас –

жанды қара қалмастан.

Фирби деген жаңа майор

Хиросима кнопкасын басып әмір бергенде,

Европа жантәсілім

Евросимаға айналғанын көргенде

естен танып, ақылы ауып үлгірмей-ақ әп-сәтте

елес болып кетті өзі де ербеңдеп.

Менің шешем саясатқа жоқ адам,

Бірақ бірде асқан жайға қанадан

өз көзімен қараған:

«Жұлдыздының» бульварының жанындағы дүкенге
Жанталасты ел,

білмейміз ғой, тойымды.

ГДР-дің қабырғалық қағаздары оюлы

түсіп жатты дожыналап ораған.

Сол кезекке тұрған шешем кеп тосын,

Таласқан жұрт сығыпты-ай кеп өкпесін,

бытырлатып түймелерін тонаған.

Сонда шешем:

«Қайда бармақ халық мына қалпында,

Дүние – боқтан басқаменен жоқ ісі –

қан толған ба көзіне?

Өзін алар, дүние қалар артында

Нейтронды тапқан ба ойлап... сол үшін

өз обалы,— депті,— мейлі өзіне?!».

Мың-миллион дүкендерін ғаламның

елестеттім,

алдына әкеп жанардың.

Қабырғалық оюларын әр елдің,

бұлғын тонын, құндыз тонын әйелдің,

Жауһарлар мен итальян етігі,

Жапон мүлкі — жұмбағындай сананың,

дат сырасы банкадағы, бос тұрған,

23

сырақор жоқ... нарқын білер бағанның.

бәрі де бар! –

болмағаны болмаса сатып алып, тұтынатын Адамның.

Жастық біткен сүйенсін деп музейлерден ұрлай бастар

бас сүйек,

көйлек біткен киілсем деп

тас мүсін мен қаңқаларға артады өзі қос білек,
дәрігерлік оқу орны дәрілеген спиртпен
Сәбилерді бесік-арба әлдилейді төс тіреп.
Ұсталмаған ұстаралар жалғыздықтан қорынып
бұдандағы отқа түсіп

кетсем дейді орылып.

Галстуктар қаптап шығып

қалың ағаш қапталына тағылып,
ал кітаптар өртке өздері жағылып,
адамдардың бетімізге тамбады-ау деп көз майы
сарғаяды парактайтын саусақтарды сағынып.

Дүние- мүлік, зат екеш зат та бейімделер жағдайға,
Дүкендерге өз аяғы – өз еркімен бармай ма?
Бір дүкенге шет жақтағы

«адам түсіпті» десе,
күллі әлемдік қоқыстарын сол жерге әкеп салмай ма?
Зат екеш зат – заңды түрде саясатты сапырып
дауласады,

саясат боп қызыл өңеш тақырып.
Қайтер едің, ащы ызадан аласұрған
тоңазытқыш бойынан

Жаңа нейтрон бомбасы –
шыға келсе атылып,
және де өзі жаудай тиіп заттарға,
адамдарды сау сақтаса қапылып...

Қайдам... қайдам... қалмаса адам —

Қалған дүние қандай опа таптырар,
Атом – апат атойласа,
қандай заман, қандай сауал, қандай зауал қаптырар?!»

Балықтан ада Тибрде түнгі жағада
шарқ ұрған елес, әскерлер емес сарала.
Апиын-удан ақжем боп кеткен түр-өңі,
апиын құйып, шұрық-тесік болған білегі,
нашақорлардың көлеңкесі еді ол, қалтылдап
қос үрейлері соңынан қалмас бір елі.
Москвадағы ескі әдетіммен таңертең,
Тибр жағалап жүгіріп –

таратушы едім құрысты.

табанымның астынан сонда естуші ем
созылған сіңір сытырындай бір дыбысты.
Қалт тоқтап бірде, дір етті денем.

Самсаған,
шашылған, сынған сауытын көріп дәрінің,
бір егіп барып тастаған ине қаншама...
Солармен тұстас,

қапталдарында бәрінің
итальян қалақайлары қымтаған
тапталған адам тәнінің –
таныдым әлпет-әдібін.

Әдіп-әлпеті орыстың жүзі кәдімгі –
шаруаның беті шытынап барып жарылған,
қып-қызыл қыштай жұмыс пен күнге қарылған,
маңдайға түскен жұқалтаң бозғылт әжімнің,
астындағы анау

жесірдің көзі қорынған.

Жесірдің көзін ақ орамалы қалқалап,
айналасында қара қалақай анталап
ақ орамалды күйеге аунатып алғандай
соғыстың күлі –

мәңгілік дақ боп қалғандай.

Жесірдің көзі, жесірдің көзі бұл неге?
Себебін тауып айта алмас едім бірдеңе,
Солдаттың орған бауына жетіп құлапты
Оранғанындай сол әйел үлде-бүлдеге,
бір буда бауға

жасап жан сауға құлаған,
Құлаған әйел — құшақтағандай тірі адам,
Сұрамай, соғыс суырып алған қойнынан
Құшқандай ерін

құшырмен бауды бұраған.
Сан түрлі бояу пейзаж фотолар түбінде,
ұйпа да тұйпа, түте де түте —

түтілген,
аэрофлоттың жарнамасына жамала,
әлдебіреулер қалдырып кеткен жағада
Жесір – суреті жатыр, мінеки, Римде.
Ақ қайындар суреті-ай

ақ балтырдай қырқылған,
Беу, Василий Блаженный бейнесі —
умаждалып, жапсырылып, жыртылған.

Әлдебіреу табанының балшығымен бес батпан,
алға қарай аттаған ғой шегінбей,

(көрдiң бе, iсiн кесiрдiң...)

Маңдайына iз салыпты жесiрдiң —

өткен күндi ұмытудың
өткен күндi құрытудың мөрiндей,

Нашақор сорлы — көлеңке дүние-дүрмект
ғайыптан тайып өкшесі тиген бұл бетке,
сол жеңін түріп оң қолыменен демеуі,

тамырға тағы тәнті уын салу себебі
ойламау үшін –

 болашақ атом азасын,
өткен соғыстың ғазауаттарын, қазасын,
мүмкін болса егер,
 ұмытайын деп салады,
өзіне-өзі қасақы,
 жазасын өзі алады.

Тарихтың өткен сабақтары мен тәлімін
Ұмытса егер,

 сол емес пе айтсақ, әділін –
нашақордан да намысы төмен кәрібің.
Айырма бар ма құмарпаздыққа құл болса,
апиын ішіп,

 аяқ астында былғанса,
Футболдың әңгі жанкүйері одан несі артық,
бір жартыны ішіп ессіз де түссіз жынданса.
Теледидардың құмарпаз құлы көп тіпті,
телемұнара төбесі биік шоқтықты
дәрі егетұғын ине секілді оларға –
Ұмыттыратын уайым-қайғы, жоқтықты.
Басқадай у мен басқадай зәһәр жоқ болса,
тіс жуар ұнтақ қараптан-қарап жатқанша,
Уландыруға ол-дағы бір сәт жетеді,
тазарған тіс пен тілдің астында сақталса!
Машина,

 мебель, сервиздер –
 талайдың қиял түсінде
Апиын у ғой олар да –

тек, әттең, заттық пішінде,
Иленген тондар кездессе,
егерде сұйық күйінде,
дүниеқоңыз талай құл ілмей-ақ оны иінге,
жұтуға бар ғой, ішуге.
Ақша мен тақтың, биліктің
құлдары-ай кепкен ындыны!
Құмарпаз құлы атомның ойламайды олар,
бір күні
бетіндей шаруа – жесірдің аймандай етіп әлемді,
қапия бір сәт – қапыл күн
табаныменен атомның
басады мөрін баттитып
түнектей заманақырдың.
«Құмарлықтың қылшылбырына қылғыну –
Жазылмайтұғын болды ғой бұл дерт, бұл бір у...»
итальяндық егделеу кісі –
сыртымнан ауыр күрсініп,
іш көйлегін қозы қарнына көтеріп,
малшынған терін бір сығып,
дәрі – сауыттың сынықтарына үйкелеп тұрып табанын
шіреніп, кеды бауын байлады,
сілкілеп қақты балағын.
«Мүмкін,— деп барып миығын тартты ол,—
Сіз бенен бізде нәтінде,
Құмарпаз – дерттен құр емеспіз ғой...
жүрген шығармыз шетінде,
әйтпесе неге ақ тер, көк тер боп,
жүгіреміз кеп таңертең,
өзіңнен биік секіріп болмас,

өзіңнен озып кетуге...»

Дегенде өзі,

жүгіргенде өзі

жүгірмейді екен тым жаман,

аяқ киімнің арасынан тек құяңы аздап сыздаған,

балтыры бірақ бабында екен жас жіліктейін серпіліп,

дәрі сауытқа, қалақай, құмға тамшылар тамып,

танауы аздап мұздаған.

Сол кезде мен де жүгірдім дейсің,

қарғыдым бір-ақ Тибрден

Мәскеуден шығып, шешемнің құйттай –

киоскісінде тұрдым мен,

ойыншы сынды ереже-еппен тартатын ойын картасын

Жаймалап жатты газетті шешем

түр-түріменен бір-бірден.

Сыбырладым мен:

«Бір «Ақшам» газет...

тұтығып үнім қалғандай,

«Арғы күнгісі дейсіңіз бе?»,— деп

сұрады шешем аңғармай,

сұрады шешем салыңқы қабақ,

солыңқы тартқан жақтары

дауысымды менің

айырып бірақ жатпады.

Асығыппын мен абыржыппын мен бекерге.

Ертеңгі шығар кезекті

редакциялар беретін маған газетті,

бүрсігүні шығар, арғы күні шығар нөмірі

түспейді қолға, тимейді қолға өмірі.

Өзімнен-өзім қорландым бекер: «Болмаса...

кешегі санын тауып беріңіз амалдап».

Ащы да ауыр күрсінді шешем: «Далбаса –
арғы күнгіні алмайды ешкім алаңдап...»

Қайтадан қорқып

қайтадан қаштым шешемнен,

Италия жолдарын тартты төселген.

Арғы күндердің, алғы күндердің газетін
көрсем деп, Рим,

асығып едім көшеннен,

көшенде көрген әрбір әйелдің жүзінен

Жалғыздық көрем,

жесірлік деген кеселмен.

Болашақ жесір күңгірлі күмбез ішінде

өліктерменен неке суларын ішуде.

Болашақ жесір –

өліктер туып болашақ

Ішінен ылғи шарана, түсік түсуде.

Соларға жалғыз бұйырған шырша

таймапты түгі, қылшасы,

өлі перзенттер... өлі сәбилер –

әлемдік ортақ шыршасы.

Сол кезде маған газет таратқан,

мұрнының боғы газетке қатқан бір бала:

«Синьор мырза, газет алыңыз,

бүрсігүнгісі, арғы күнгісі — су жаңа!

Сіз де алмайсыз ба,

о, Құдай, сақта!»

«...айтыңыз, мырза,

пенделер біткен, су жүрек тіптен...

нендей күн туған басына?»

Арғы күн түгіл ертеңгі күннің қорқынышы зіл батпандай,
Арғы күнді ойлап арқама аяз батқандай
жетімі де жоқ, жесірі де жоқ,

ақырында тұтас жер жесір,
аржағында оның мұз мұхит жатса —

кайтесің егер көл-көсір?..

Тек қана, әне, Христос жалғыз иіні түскен құр кебін,
алақанынан шегемен қағып іліп кеткендей сүлдерін,
есінен танған нашақорлардың білекке бізін сұққылап,
істеген ғой, білгенін...

Суретке салмай Құдайдың өзін

сүлдерін салып қаузаған,

Ұлы өрлеу деген ұмытылмас дәуір

қақпа ашқанында сол заман

суретшісі пайғамбар көзбен

бүгінді қалай болжаған?

Жарылар бомба

жоқ кезі онда атымен,

Нейтрон – сайқал,

түске енбес кезі затымен,

ал бірақ, егер нейтрон бомба болмаса,
кім мынау онда, суретте тұрған далбаса,
бүгінгі күннің адамы сынды, дәл міне,
Құдайдың өзін құрытып барып, мәңгіге
сыпырып алып терісі менен түгін де
сақтаған, сірә,

освенцимдік болашақ

шеберханада әмиян, етік, қол сумка

секілді дүние тігуге...

Самолеттердің гүрілдерінен дауысымды көкке асырып,
Айқай салдым мен Құдайға

жасасам-дағы асылық:

«Христиандар бомбалы –

діннен әртін кетіндер!

Адам өлтірушілер— Құдайды өлтіретіндер!»

Құдайым-ай!

Тілекті, кім беріпті?

Кебін мүсін – керулісің!

Айттың... айттың не бітті?!

Неге айттың сен, бүкіл адам бірге туған бауыр деп.

Дар ағашқа Құдайды асқан

қырға неге шығамыз,

Неге құлдық ұрамыз,

атом дейтін дар қамыты арқылы

құритыны күллі әлемнің

болмаса егер шүбәміз?!»

Блок – жырдың үйіргендей құйыны,

бүрсігүнгі, арғы күнгі газет біткен үйіліп,

Шешем сонда

жайлап қана келді алдына Құдайдың,

ал үстінде көне куртка құдайсыздың киімі,

салбыраған суреттің сүлдеріне тұрды қарап

оянғандай ой сала,

Бір уһілеп, деді кенет:

«Беу, қайтсін-ай, бейшара!»

8

Кедейлік те, кемдік те жоқ,

болмақ емес бейшара,

Соның бәрін шонжар байлар жасап жатса – не шара?

Кедей болып көзін сатпай,

байлық деген сестердің

шекесінен қарауына, селт етпестен өскенмін.

Кедеймін бе, баймын ба деп бас қатырып толғанбай,

өскенмін мен қорғалақсыз –

қатарымнан кем болмай.

Соғыстан соң Москвада әлі жүдеу, күйкі рас,

бай балалар шыға келді бұлғалақтап шикі мас,

ал мұндайда ойланбасқа жоқ лаж...

Сол кездегі экранның тағылымын, тәлімін

тәнті еткендей биін билеп –

кубань казактарының,

жап-жас кезі Любимовтың

епті есепшіні ойнаған,

сеңсең бөрік сері жігіт – бір ойы бар ойлаған;

Таганканы жаулап алып

танытпақшы дарынын.

Шикі мастар, сәнқой жастар осылардың бәрінің

көлеңкесі секілді еді

көлегейлер жарығын.

Колонналы залдағы өткен бір кеште

Көргенім бар – әуейліктің,

әсіренің асқанын,

Далап — маймен бір-ақ елі маңдайға

желімдепті жалбыраған шаштарын,

тоты құстың қауырсыны тәрізді

галстугы желпуішке ұқсаған.

Пиджагы ұзын – қысқы пальто секілді

мақтаменен иық сырып, тыстаған.

Аяғында шие қызыл туфли

биік өкше, құс тұмсық қып ұштаған.

Жұрттан ерек,

елден бөлек,

магазиннен шыққандарға киініп

қарайды олар танауларын шүйіріп.

Ал мен болсам —

інімде «Мосторгтың» пиджағы бар құнтиған,

сұрғылт қоңыр көйлегім бар жуа-жуа тылтиған.

Гардеробтың бар қолымда нөмірі,

(нөмірімді жоғалтпастай сығымдаймын өмірі).

пальто орнына киіп жүрген шешемнің

ескі жарғақ курткасының белгісі тесік еді өңірі —

ол баяғы МОПР деген значоктың орыны

МОПР жоқ-ты.

Орны қалған.

Мода қуған шикі мас

шықты алғашқы диссиденттер — киімде бар ықылас.

Би алаңның ең алғашқы бүліктері осылар

дүние десе, мүлік десе — ниеттері қосылар,

дүниеқоңыз, дүниеге құл келе жатқан заманның

батырлары, бастаушысы осылар еді —

бас ұрар.

Жасақшылар күреспек боп жұрт сөзіне толғанды,

қайшыларын қолға алды.

Талай-талай желпілдеген желке шаштар қиылды.

Тігіншілік өлшеуіштің тік мінезі көрінді,

талай-талай тар балақтар — қайта-қайта сөгілді.

Коллоналы зал сәнқойлары —

ең әсіре, ең әлем,

Жасақшылар білді оларды... «қаш, машайық пәледен!»

Катафалк қара «Зимдер»

көзге ұшырай бермеген

қайқаң қағып тұрды күтіп,

ал оларды көлденең.

«Кокқа тарт» деп шофёрына бота тірсек бозбала

сөзін тістен сыздықтатты тәкаппарсып қозғала,

(«кок» дегені — коктейль-холл,

солай дейтін сол уақыт).

Сарала көз «ЗИМ» қозғалды,

лай-құмын жолға атып,

жаңа туған қырық тоғыздың жылбысқы ми батпағы,

курткама кеп былш еткенде,

көңілде қап дақтары,

МОПР значогын сонда курткама емес,

денеме,

сүйегіме, болмысыма сездім бұрап таңқанын.

Біреулердің әлгілерге «Академик ұлы...» деп

көрдім таңдай қаққанын...

Эйзенштейн фильмінде

«Броненосец Потемкиннен»

доңғалақтай лақтырған

шикі мастар, сәнқой жастар

дәліздердің баспалдағын

сықыр-сықыр қақтырған.

Жылдар өтті арада.

«Өңез» деген шықты өткір фельетон,

маңызы бар тарихи іс табылды –

коктейль-холл тұтас жаппай жабылды.

Бұл коктейль буржуазия елінің

ушықтырар уы болып танылды.

Бос пепсидің бөтелкесін шыны-июльмен орнына
қайда апарып тапсырарын білмеген жұрт аңырды.

Уақыт деген тез өзгерді алқынып
Жасақшылар сөзін тыңдап жалпының:

Қайшысымен қырқып жатты бұл кезде
Далақтаған балақтардың артығын.

Лёва деген академик ұлы

үсті-басы әлем-жәлем

кері адамның қалпынан,

Орта қолдай суретші боп өтіп еді талқыдан.

Бұл кездері ол киінетін өзі тапқан ақшаға,
Әке ақшасы ағып кетті әдіра боп шалқыған.

Тек тектілер киетұғын

шым-шытырық шүберекке шетелдік

бірте-бірте бүкіл жұрттың сұранысын көтердік.

Тектілердің тізімінде –

қасапшының,

көшетшінің,

сүт сатушы әйелдің

баласы бар... толып жатқан басқасы да жетерлік.

Ең қиыны болды міндет – «бұқарадан бөліну»,
барлық жұртта бір-ақ індет –

бір жалт етіп көріну.

Сәнқой жастар, шикі мастар кешегі,
өзгелерден өзгеше боп, жібермеске есені,

Ұзын сирақ, үзілме бел

манекенші әйелдерге үйленіп,

тұрмыс құрып азғана күн,

ал, бірақ та баянсыз боп төсегі,

Китшілерден одессалық

сатып алған галстуктай суыртпақ

уәде-уәжді байлайды да шешеді...

Жаңа буын жас бикештер бұлғақтайды мәскеулік,
Болгария шырынынан сөл сораптап өскендік
көрінеді,
каздаң-каздаң қайшылаған балтырдан,
балтырлары көз ілеспей тез өседі, ангұрған,
Қатып қалған қалып дене –

 қалың халық құп алды,
Манекенші ақсаусақтар осы қалып ішінде

 бозарды да қуарды.
Ал Лёва бұл қалыпты өзгертуге бет алды.

 Израилға аттанды ол тездетіп.

 Бірақ, бірақ
Тель-Авивте қойылмады суреті,
Парижде де ілінбеді көзге түк.
Жетпіс мыңдай суретшінің

 сайысатын сойылы
бұл қалада көзге түсу қияметтің қайымы...
Мен Лёвамен Нью-Йоркта

 миллионер Питер Спрэйг үйінде
Жолығыстым,

 күтпегендеу, кездейсоқтау күйінде.
Сол үйдегі сарай-әнші –

 (бұл қызметке белгілі ғой таныстықпен келгені)
Луизианаға кеткен кеше шешесіне өлмелі,
бас әншінің – мулатканың көлеңкесі, ербеңі.
Эдик деген дәл кәзіргі құлдық ұрған –

 қызметшісі тәртіптің
бір кездегі ақыны еді Харьковтің.

Эмигранттар айтса егер ашығын,
тегін емес бұл Эдик,
Чехов шығармасының сүйкімсіз баласындай
жүргенімен түнеріп,
қонаққа жай капиталист шаңырағында
шалқи берсін бұл мейлі,
сол шаңырақты шайқалтатын
қолтығында шаласы да жүр дейді,
Эмигранттың бастан кешкен жазып жатты ол жан сырын,
Жанұшырған өз басының жаназасы екенін тек білмейді.
Бөлмесінде тұрды қатар – Че Гевара мен
полковник Каддаффидің суреті,
Басқаларын көзіне де ілмейді.
Бұл ортада миллионер болмады –
сапыратын көлдер менен көлшікті,
Ол өйткені «Остин Мартин» автомобиль
фабрикасын меншікті аралауға,
Англияға «конкордымен» кетті ұшып.
Эдик болса –
өзі туған 1935 жылғы
«Шато Мутон Ротшильдті» іше-іше қызулы
басыртқыға айызы бір қанғаны...
«Лексингтон авенюде» эмигранттар ләпкесінен
сатып алған поляктық
капустаның қышқылтымын
қышырлатып талмады.
Одессалық бір пианист баяғы
сәл қысылып, қымтырыла қымтынып,
«Жұмыс бабы білуші едім шешенді»...-
деді дағы көзден жасын сүртініп,

«Тілей ме, орыстар соғысты?»

әуенін

Бехштейн мәнерімен ойнап кетті

әлденеге ынтығып.

Шарт, шарасыз,

Ешбір заңсыз

иелініп «орыс өнері отауын»,

қолдан жасап галерея қатарын,

бір кездері грузин мен әзербайжан ақындарын аударып,

аудармашы –

ала алмаған ақындықтың атағын

бір алаяқ,

бір сұмаяқ,

сұмаяғы – сұқ ит сынды дүниені шарлаған,

бір кездері Мәскеудегі сайқалдарды

соңына ертіп жалдаған,

жалғандықтың жалғыз өзі білетұғын

қоржынбасы қорымен

«ЦДЛ» атты роман құрап, өзін-өзі қорлаған –

екі сатқын «КГБ»-ның қайсымыз деп агенті

бірін-бірі жұлмаласып,

ғайбаттасып ғаламат,

ақылды алған «астаналық» шөлмектері

терезені сындырды да сағалап,

Курт Вальдхайм ауласына

ұшып кетті домалап.

Лёва бейбақ. Тұрды ойлап.

Келді мұнда тағдыр айдап –

тасқынымен жоғалып,

Келді мұнда «түбіт туша» деп атайтын Эдиктің

бұрынғы бір әйелінің шылауына оралып,
ал ол әйел кетті кәзір итальян графының

жары болып жамалып,

Лёва бейбақ. Тұрды ойлап...

Жаңа жеген май шабақтан

майын сұртті қолының –

Умаждалған «Нью-Йорк таймспен»

алмастырар «Ақшам» газеті орынын.

Қартаң тартқан Лёва кәзір,

салқы қабақ, саркідір

Ескі киім – ескі көздей боп басында әлі жүр.

Нью-Йорк таңғалмайды киімге,

Тыр жалаңаш жүрсеңіз де бәрібір...

Лёва кәзір мүсінші екен,

дәнекерші, лекерші — мүсінші,

Жара-жара күйген қолы, жазымы көп, түсінші!

Ол газетке әлденені сызды сызық-шытырман –

Өмір жолы емес пе екен өзінің,

опық жеген – опа таппай ұтылған.

Кірпік қақты –

көздерінен өзге өмірдің, кезбе өмірдің

мұң-тозаңы қағылды,

Сұрақ қойды сосын барып

Горький көшесі тұрғынындай

Мәскеудегі кәдімгі.

«Айтшы, бауырым, шынықты айтшы,

мені қорқып, үркетінге санама,

Сұм жүрегің не сезеді –

енді соғыс бола ма?»

Итальяндық профессор

жүзінде иман бар ізгі,
боламын деп бола алмаған карбонарий тәрізді,
Ассизиде еркек қосын – баспанасын, бас мүлкін
көрсетуге шақырған-ды астыртын.

Есі кетті ұялғаннан –

айқара ашып жібергенде есігін,
Ұлтарактай ұйысқан шаң,
соған бола сұрап бізден кешірім
ұй күтуші алтыннан – қат, тұрмайтынын сынаптай
айтып жатып, тот құлыптың кілт салатын тесігін
әрең тауып, әбдірадай ашты есігін әйтеуір,
орта ғасыр жезіменен қаптаған –

ең ақыры тұтқасымен көсігін.

Көкжал бөрі Көк сақалдың көрем деп ем апанын,
Бөлме көрдім – екі бөлме.

Қалың кітап қайыстырған қапталы мен қатарын.

Сүрленген шаң бармақ бассаң –

із қалдырар құралдай,
жабысып тұр сүңгідейін, үзіле алмай, сына алмай,
Флоренция сыбызғысы тұр әнеки, шаңытып,
жартылай жанған индиялық хош иісті таяқша
сынық сүйем мұнардай.

Жансыз бейне көпес әйел –

көпес әйелі орыстың

Тас мрамор Катуллаға қылымсиды ұнардай.

Жолбарыстың табанындай жазба үстелі жез табан –

жансыз екен тұрысы.

Сиясауыт – венеция хрусталы дірілдеп

үнсіздіктен үгіледі шынысы.

Кепкен сия, өлген шыбын ішінде
шаңға бөгіп... білінбейді дыбысы.
«Осы жерде отырып мен жазамын...»,
деді маған профессор қысыла,
Рюмканың кеберсіген ернеуін
тигізеді ерінінің ұшына.
«Осы жердің сүйем,— деді,— азабын!»
Сенімді айтты, сендіре айтты тұщына.
Қалғандайын көкірегін тот басып,
Бір күрсінді отағасы – от басы.
Сонда ғана аңғардым асыл мүлкін осы үйдің
Профессордың жайдақ төсек –
жатар орын тахтасын.
Тахта-төсек жиналыпты бір бөлек,
шашыңқылау, көрінеді мүлде ерек.
Серек ешкі — сеңсеңдерге, жастықты
жүрекшелеп, жинастырған жүлгелеп.
Сол төсектің бір шетінде, байқаусызда қалғаны,
Қара қолғап,
қалған әйел қолғабы.
Әтір иісі сезілмейді, жанында
Жастық жатыр,
иленбеген жондары,
бұл төсекке – ыстық аунап-қунаудың
сол айтады – естеліктей болғанын.
Тахта үстінде сурет тұр ілінген:
Өміршісі бір орманның гүж-гүж еткен гүрілмен,
сарыуыздай сыбызғылы су перісін ойнатып
Қалың орман жынысында
сол періге ойы бары білінген.

Тым биязы, шын зиялы профессор еппенен,
қабырғадан суретті алып, көзі ешкімнің жетпеген
Сол суреттің қасындағы
сейфпенен астарлас
есік ашты ілгешектен кілт сылдырлап көптеген.
Есік ашты әлі жетпей,
тілшелеген бауыр еттей төрт перзенттің –
төрт бұрымын сақтаған
альбомды алды сейфтен –
шынжыр ілгек, қызыл барқыт қаптаған.
Қолында альбом тұрды өлшеніп, тұр теңселіп,
тұрды мойып, мойындап:
«Мен сүйгеннің бәрі осында!
Ғашықтардың бәрі осында — тек маған»...
Түк шынтақпен түртіп қалып,
су перісін бір аунатып түсіріп,
Қожайыны орманның күжірейді ісініп.
Профессор шыдамады, кетті білем ышқынып:
«Бар ма, – деді, – Сізде-дағы,
өзекке ұрған – өзімшілдік, астамсыған кісілік?»
«Жан ауыртпан»...
дей салдым мен жайбарақат жөніме,
«Ал мен, – деді профессор, – бұл мәселе жөнінде
жеймін жанды жегідей.
Құдай болса көрер көзі, қайда өзімді салмадым,
соларменен салғыласып,
түк шығара алмадым,
Білесіз бе, мен өзімді таңғажайып өзге адамдай сезінем,
өзгелігімді өзім байқап,
аңғармаймын өзгелердің көзінен,

кейде содан өз-өзімнен безінем.

Бұл сейфті, бұл альбомды сақтайтыным сондықтан.

Дон-жуандай тізімдері деп қалмаңыз – молдықтан.

Махаббатты кәсіп көріп, ал немесе таңсық көріп

айналысқан мен емен.

Мен сүйгенмін!

Сүйсем бітті — қорықпаймын қорлықтан!

Альбомына қатты қапты

қайдан тапты демеңіз!

Өзім солай сезінемін, сіз де мені бір альбомға теңеңіз!

Астарында – сирек-сирек естеліктер сақталған,

сырты бірақ –

сұрқай қатты қатырмамен қапталған.

Мен де жұрттай қылымсымын, қуланамын

қитұрқысын көріп тұрып өзгенің,

ақылдымсып тұлданамын –

ақымақтың тындап тұрып сөздерін,

біліп тұрып, күліп тұрып ішімнен,

мен оларды сыңай берем түсінген,

тіл қырқылып айта алмаймын –

тең емесін сезбеуін.

Мен өлген күн – мына сейф ашылар,

мына альбомның ақтарылар беттері,

сонда ғана білер олар дүниеден

өзгелерге ұқсамайтын –

өзгеше жан өткенін...»

Профессорды түзедім мен:

«батылырақ, сенімдірек,

сеніңіз,

сәл ауытқып кеткен жоқ па, сөзіңіз?

«өзгелерге ұқсамайтын – өзгешемін» дедіңіз,

«Бәріміз де өзгелерге ұқсамаймыз – өзіміз»...

Профессор дірілдеді,

күбірледі жәй ғана:

«Өзгелерге ұқсамайтын – өзі болса» бүкіл жұрт,

«өзгелерге ұқсамайтын – өзгеше жан» болғаны ғой

бүкіл қырт...

Есінде ме,

муниципалитет галереясы ішінде

Тақау тұрған кезімізде сурет Құдай – мүсінге,

терезеден көріп ек қой,

екі бала – бозбала

лып-лып етіп ұстараның жүзіменен қозғала,

плакатты жапсырғаны есінде ме, бүктеулі:

«Тоқтатыңдар,

нейтрондық бомбаны,

Құртыңдар бомба біткенді!»

Соны көріп, білесіз бе, не ойладым сонда мен,

өз ойымды салыстырдым, нейтрондық бомбамен.

Егер бомба ойлана алса,

дүние-мүлік аман қалса,

менің задым зат-мүліктен кем болса,

не болады деп ойладым сонда әлем?..

Қатты сүйем мен өзімді,

Жасырмаймын мінезімді,

жанымды жеп жегідей.

Жақсы делік, қалар альбом, қалар сейф, қалар мүлік,

Дүние ғой – темір ғой.

Масқарасы, сұмдығы сол – альбомымды ұстайтын қол –

қайтем егер, жанды қарға қалмаса,

ешкім мені салыстырып, салғастыра алмаса,
онда менің «өзгелерге ұқсамайтын – өзгеше жан»
болғаным,
кімге керек, кімге керек – далбаса!
Ассизиде әрі еркек қос, әрі астыртын
тар бөлмеде сор қайнап,
перуджалық профессор альбом жиды, ал...
кімге керек ол бейбақ,
егер Лев Толстойды еске алар жан қалмаса,
іздеу түгіл маңдай ұрып,
іздеу түгіл ойбайлап».
Ерік беріп енді өзіме
профессорға құлақ қағыс етіп ем:
«Саусақпенен санап алған, шертіп алған
таңдаулылар шетінен,
Жан сақтайтын бункерлерде болады деп естіп ек,
табынатын оқушыңыз табылар бір естірек...»
Профессор ашуының жеткен екен толғағы:
«Таңдап алған кім оларды? Таңдаттырған не оларды?
Кімдер оны қолдады?
Буда-буда ақшасы ма, өкілет пе, өкімет пе —
сатып алған қолдағы,
граф болған, жарлы емес қой Толстойды білесіз,
елге қыспақ,
өзіне ұшпақ,
жан сақтайтын жәннат ұстап,
мүмкін бе еді ол өзін-өзі қорлауы?
Жанын жалдап,
жанын сақтап қалса жұрттың жұртында,
Әне солар, ар-ұжданның нағыз жүрдай қорлары.

Одан кейін таңдаулылар шемендеулі ін-үңгірін лақтырып,
қарғып шығар қуанғаннан –

бұттарына жібергендей шаптырып,
бас-басына түйе айдап

Луврды, Сикстиндік капелланы иемденіп, иелеп,
мәнсіз, мәңгүрт салтанатпен сол маңайға

үймелейді үйелеп,
сұрауы жоқ ақшаларды судай шашып сап қылып
түк көрмеген тағы адамдай

Фридрих Барбаросстың тәжіне
он отырып, он тұрады – мінетіндей ат қылып.
Егер өзі сол бункерде болмаса –

соңғы папа бас киімін
ойнар ма еді доп қылып.
Елеп-екшеп ең әдемі, ең таңдаулы әйелдерді
«жәукемдеуге» жасырын
кіріседі арсы-гүрсі
азаң тартқан адамзаттың
көбейтпек боп нәсілін.

Сап тынады сосын бірақ
әлгі әңгілік, есерлік,
Қуыс кеуде, кеуек қызыл пыш еткен жел сияқты,
«Осы әлемнің әлеметі, кереметі!», – деп жүргендер
о, сұмдық!

Ағзасынан азғындаған,
еркектікке екен тегіс ұятты.

Індеріне – үңгіріне
шаруаларды ала кетсе соңынан
түйме үзіп мундирінен, медаль жұлып тонынан,
темір егіп, темір үгіп, нан жер ме еді қалбырдан,
қалай екен қалбыр тауық?.. –

қыт-қыттап ес тандырған.

Індеріне-үңгіріне
пролетариатты ала кіру –
ол да түспепті есіне,

автомобиль моторларын
тамақ жейтін шанышқымен
шұқылайды тесіле,

Отын жарып араменен,
ағаш кесіп балтамен,
құбырлары қақ жарылса тазармаған нәжістен,

оған қандай намыспен.
Әлеметтер, кереметтер бұл жарылыс,
болмай тұрып бұл үңгір,
телефон мен кнопкалар арқылы,
шалқақтады, шалқыды,
құрамалы әлеммен құрмаласып бұлыңғыр.
Телефон мен кнопкасыз билігіңе болайын –
билігіңе болайын, көктігілгір!
Жанып кеткен телефоншы, хатшы қыздар –
бикеш қыздар баяғы,
Сақ-сақ күліп әрекетсіз,
әл-дәрменсіз бастықтарын аяды.
Әлеметтер, кереметтер
бойын суық, денесін мұз билеген,
Жылынады отқа жағып,
Данте, Достоевскийменен,
классика біткен кезде
жағады отқа альбомымды менің де,
Менің сүйген бар дүниемді...
болмысымды билеген.
Күлге айналып күллі дүние күл-топанға көмілер,
Осы әлемдік соңғы күдірет –
ақ тышқанның терісінен
Людвик тонын киіп көрінер.
Көрінер де айқайлар ол:
«Дүние деген — менмін!» деп,
аппақ дүние мұзға айналып, көгіс тартып, теңбілдеп,
Нотр-Дамды сындыратын айсберг астына
сықыр-сықыр сіңе берер... кенереден жел гулеп»...
«Сандырақ па? Сіздікі не, профессор, дем алғын,
ыстығыңыз бар ғой деймін!
«Демалшы!» деп қадалдым.
Қарқ-қарқ күлді ол:
– Шүкір, тоба! Ыстығым бар әзірге
Өз жанымның, өз тәнімнің ыстығы әзір, адамның»...

Өлу, өшу үрейлі емес, жан ана,
Менің атым ұмыт болса — садаға!
Қан дегенің суша ағылып,
Қорқамын,
Қаның – тегің қалмайды-ау деп санада.
Сала-сала құйылысы бас-басы,
Қаным менің – жеті қанның қоспасы:

күйік шалған Хатынның
күліндей боп күйдіргі
белорустың қаны маған бекінді.
Запорождың сарбаздары жарасына сепкенінде
дәрмен болған, күш болған
Украин қаны менде – оқ дәрімен ысталған.
Костюшканың күнжітінің аппақ борық тініндей
поляк қаны бойымдағы,
қалмас көзге ілінбей,
Ригадағы қабірлерге мінәжат етер шырағданнан таматын
латыш қаны бойымдағы –
балауыздың бір тамшысы болатын,
Татардікі – Моабиттік қиянатпен жанын езген Жәлелдің
соңғы тамшы сиясы боп жанымға енді дегенмін,
менде және дәл бір жарым литрдей
грузиннің қаны бар,
Тбилиси емханасы құйып берген қарыма,
күретамырын қиып берген құн сұрамай – қанына
ризамын, бір таксистің жарына,
ал сол әйел, алып-қашпа ел сөзіне илансақ,
Ұлы әмірші Моуравидің қарға тамыр қарындасы
көрінеді тағы да.

Анна Васильевна Плотникова –
(бағымызға жолықты),
өз әкемнің анасы екен бір әулетті сүйреген.
Өзі фельдшер, тұқымында романшы да болыпты –
Данилевский деген,
Жетімдерді тәрбиелеп, жетесіне сөз құйған
бәлкім, Саша Матросовты сол кісіге кез қылған
себеп шығар –
халықшылдың қайрымдылау қартаң қолын
маңдайына оздырған.

Рудольф Вильгельмович Гангнус,
өз әкемнің әкесі екен,
математик — латыш,
Зиялы адам бопты дейді мінезі жоқ бір оқыс.
Оқулығы «Гурвиц – Гангнустың» –
еңбегі еді ең елеулі еншіде,
таққанымен ылғи алтын пенсне,
Қаталырақ қайталайтын: есептеме иініңнің жыртығын,

нағыз оқу қонуға үйір –
қара бақыр, қара суға,
қара нанға бір тілім.

Ұяң адам, зиялы адам – атамыз
Дауысын әсте көтеруді білмеген.
Жекіп оған отыз жетінші жылы
Жер жемірлеп, жер тепкілеп тілдеген,
жауап берді деседі жұрт, мысы басым ділменен,
дауыс жыртқан даңғазаны қаперіне ілмеген:
– «Иә, иә, мен Латвия кәдесіне жарасам деп,
тырысам,

қылмыс па сол, латыш үшін құрысам...
Латвиямен байланысым?

Райнис қой...
жақыным да, жанашырым,
сертте тұрар, сене алар,

Ал жазыңыз, жеке әріппен:

Россия,
Америка,
Йошкар-Ола,
Никарагуа,
Италия,
Сенегал»...

Жалғыз дәрмен

шешем маған күбірлеп:
«Атаң, қалқам, Сібірге, жер түбіне
сабақ бере кетті»,— деді шамамен,
Мен сұрадым:

«Бұғы жегіп бармаймыз ба, шанамен?»
Соғыс жаңа басталған кез.

Фамилиям Гангнус,
Менің тұрған станциям – аты, заты қарлы Қыс.
Қасы керік, бойда желік ойсыз-қамсыз қабағы,
Жарқ-жұрқ еткен маңдайында спортшының жанары
Физкультура мұғалімі

жан-дүниесі сәл қуыс,
томп-томп етіп торай сынды, тойғанына мардамсып
парталасым Карякинге тектен-текке салды ұрыс:
«Гангнуспен қалай ғана дос боласың, желігіп,
Жексұрынның Ганстері қан ішкелі емініп,
Өкең өліп жатқан жоқ па, оқ астында көміліп...»
Өксіп-өксіп жеттім үйге қылғынғандай деміммен,
– «Айтшы, әжетай, өлтірсең де, неміспін бе?» – дедім мен.
Байков панның әулетінің қызы емес пе сіңірлі,
Әуелі әжем «жоқ» деген,

табан асты зар илеген
Пельменіне нан илеген
оқтауды ала жүгірді.
Кейін білдім,
физкультура бөлмесінде – мұғалімнің құр шәңкілі
әжеміздің саңқылынан сүрінді:
– «Иттің қызы,
ал несі бар болса, немістерді етіп пе едік біз талақ?
Бетховен кім – неміс емей,
өзбек пе екен, қызталақ?!»
Содан бастап менің туу кітапшамда кәзіргі –
Белорустан тарайтұғын атам аты жазылды.
Ал өз әкем –
Александр Рудольфович Гангнус,
ешқандай да комсомолдық жарғақ куртка кимепті.
Есесіне елге ерсілеу,
ебедейсіз бір галстук сүйрепті,
бұл галстук буржуазия жыртындысы секілді
көзге шыққан сүйелдей –
көптің көзін үйретті,
үйретті деп –
геология-барлау оқу орнынан
шыға жаздап, шыға жаздап... ақырында тимепті.
Бір кездері галстукті таққаны үшін
таяқ жеген тіл алмай,
Қайран әкем кейін маған
күліп айтты жылардай,
ортасында тап кешегі жетпісінші жылдардың
(Деп қалмаңыз, әзіл ме, бұл ойын ба?)
«буржуазия жыртындысын» тақпағаннан мойынға
«Советтік» деп аталатын ресторанға
қор болыпты кіре алмай.
«Братск ГЭС-і» атты поэмамның
қолжазбасын көргенде
Жас үйіріліп көзіне,
«Ландрин» қорапшасын ашты шешем сол демде,
болсын деген шығар бәлкім қуаныштың өтеуі –
алып шықты сарғыш тартқан фотоны.
Суретте –
шешем отыр
жауыр атта жайсыздау,
маса тұтар тұт дәкесін ашып тастап қамсыздау,
Жас жиһанкез –
жас геолог бейқам отыр,
ойнақылау, ойсыздау.

Жап-жас шешем лап-лап етіп лекілдеп,
ат үстінен кәзір... кәзір

от басына секіrmек.

Әкем болса – комсомолдық тәртіпке
ыңғайы жоқ тыраштанып, тырыспақ, –
Сондадағы, үзеңгісін шешемнің
сырбазсынып, сүйемелдеп тұр ұстап.
Шешем енді сыртындағы суреттің
аударғанда солғын жазу-сызуды
Қолтаңбасын тани кеттім әкемнің:
«Барлау орны Братск ГЭС-інің

мың тоғыз жүз отыз екінші жылғы».

Суретке сипай қарап сұқтанып,
аңғарғанмен алыс қалған жоқты анық
Кенет шешем қолын тартып селк етті,
суреттен алғандайын шоқ қарып,
Сосын маған қарады да оқғалып
Тіл күрмеліп,

тұтыққандай тоқталып:

«Бітіп едің... бойыма... осы от басында...»
қызарақтап қыз баладай қысылған,
айтатынын айтып қалып,

деп қалып.

Мен білмеймін, ажырасты неге олар
(мен емеспін табыстырар оларды,

ал немесе шатыстырар, табалар).

Жанған оттың бәрі жалын болмайды,
отасқандар – оты қанша шамалар,
суреттегі от әлі күнге жүректі
шым еткізсе... нарқын өзі бағалар.
Бұйрық жазып, дәм жарасып реті кеп –
одан кейін үйленді әкем екі рет.

Әкем сүйген әйелдерді –
ішім жылып жақсы көрдім мен-дағы,
Қандай жақсы, арасында өз шешемнің болғаны.
Ал әкемді өзі сүйген,

өзге әйелдің барлығын

Жақсы көрдім одан бетер –

жасамай іш тарлығын.

Әсіресе бір әйелге ілтипатым жоғары
Су каналын жобалайтын одақтағы

жобалы

мекемеде бөлім бастық –

жас шамасы елуде еді, шынында,

екі бірдей кандидатты тәрбиелеп –

үлес қосқан ғылымға,
қара шляпа киюші еді,
қызғылт оқа көмкеріп,
«Ассоның» деп атайды өзін хатында,
астарында – ойнақтаған еркелік.
Отасқан да, отаспаған әйелдерін әкемнің
ішім жылып, іштей ұғып төбеме іштей көтердім.
Әйелжанды мінезіме күйіп шешем іштен көп,
Ұрысатын: «Ұқсамаса тумағыр,
әкесінің ауызынан түскен» деп.
Әкем менің қолын сілтеп,
кінәға жоқ кісімен,
«Кім де болсаң шықтың, – дейтін, – сол әйелдің ішінен».
О, ағайын, мен ғайыптан кетсем егер ұлы боп,
Маған ешбір қола мүсін — қоймаңыздар құдірет.
Өз әкем мен ез шешемді жасаңыздар қаз-қалпы,
Сол дегенің мен боламын,
қараңыздар бір рет...

Шешем менің аяғы ауыр кезінде,
Әкем менің өлең жазған өзінше,
Жаман өлең секілді емес меніңше,
Оқыған жан, жан-күйімен сезінсе:
«Жағаға жаққан отымнан
Көк түтін тарқай шұбалсын.
Жылуы қалған ізіммен,
Тұңғышым, жолға шығарсың.

Ауыздықпен ат суарып
Алдыңда – сапар көш сонар.
Қозғалған қимыл – қолыңнан
Танып жұрт мені еске алар».
Ал осыдан қырық жылдан кейін мен,
Үш досыммен зәрезап боп
екі күнгі Байкалдағы сілкілеген сейілден,
Лимнология катерінен тәуекелмен
қарғығанбыз шалқалай,
Жер сияқты бірдеңеге ұшып түстік жаңқадай.
Балшық, батпақ – айналамыз, мұнартқан
Кафе көрдік, біз жете алмай, құмартқан,
Хрусталь сарай сынды көзге оттай басылды,
билеп жатыр сылаң қағып, анау жерде бір аттам.
Саудыраған саусақтарын тесік башпақ лыпалап
қара жылтыр қаптал киген балтырға,
батпақ-батпақ рәзеңке етіктер

шыға беріс тұр фойеде, салқында,
батпақтары сол баттасқан қалпында.
Швейцары Наполеонша айқастырып қос білек,
шыны ішінде теңселеді, қол жеткізбей төс тіреп,
Хрусталь табыттағы сақалды ханша секілді:
«Нелерің бар – етіктеріңнен басқа?»

Бізге қарап жекірді.

Ал біз болсақ – кигеніміз болғанымен аяқта,
Жалаңаяқ екенбіз ғой,

қамықтық та кетілдік.

Ал, музыка ойнап берді «Асықпа» деп аталатын әуенді,
арзанқолдау даңқым сол сәт «бағы» жана жөнелді,
асып-сасып, дегбір қашып, әрең айттық демде біз:
«пролетарлық аяқпапты әлсіздік дей көрмеңіз,
тарихи ән – мынанікі, – деді досым, – шарлап жүрген
әлемді,

рәзеңке етік кигеніміз –

халықпен бір жүргеніміз,

бізді ерекше бөлмеңіз!»

Дұдамалдау дүңк етті швейцар,

тез шығатын қалпыменен ылаңнан,

«Жалаңаяқ — жыршымын де...

жазатайым «Бухенвальдты» сен емес пе шығарған?»

Қолбаладай қыпп-қыпп етіп

шұлықпенен залға өттік те жылысып,

көстендеген кір аяқты көрсетпеуге тырысып,
ас мәзірін сұрап қалдық, жасқаншақтап, жалтақтап,
қаупіміз бар даяшымыз қала ма деп ұрысып.

Шұрық-тесік шұлығымыз жасырынған столдан
дастарқанды жұлып алды

ашулы әйел құрысын!

Сыңғыр сарай сарт жабылды біз үшін.

Жылыстым мен үлдірекке, иек сүйеп тұрғышқа,

(шұлығы егер тесік болса – қылмыс па?)»

Бұқа мойын буфетші әйел інжу тағып жасанды,
қартаң тартқан қабағымен ол да маған қасарды.

Перуджалық профессордың Ассизидегі үйінде,
Катуллаға қылмаң қаққан

күлән – көпес күйінде,

елестеді буфетші әйел – тұрған мынау бүйірде.

Жалынышқа көштім мен де

(адам болса тумыста)

аяушылық сезім болса –

оятайын бір мысқал,

Сол шынтақты тіреп тастап

үлдірекке – тұрғышқа,
оң қолыммен бетімді ұстап
уқаладым, умаждадым –
(келді реті төзуге),
әкем солай істеуші еді
зәру болса, дәру болса –
әлденені алмай қоймас кезінде.
Мемлекеттік көп талабы –
қоя қойып маңызды ісін – сүртіп тұрған фужерін,
Жардай дене жанарымен жалт қарады,
әлдекімге ұқсады ма бір жерім.
– Тоқта!, – деді, – атыңды айтшы?
Абдырады, асыққанын білдірді,
– Женья!.. – дедім тәлімси қап,
тесік шұлық үлдіректің тасасына
тығылып та үлгірді.
«Шешенді айтшы – шешен атын?»
«Зина...» — дедім қиқаң етіп иығым,
Сауалының бажайламай түйінін.
«Александр Рудольфыч... –
әкең аты солай ма?»
бет-әлпеті тез өзгерді,
бір ой түртті-ау бүйірін,
өңі сәл-пәл қуқыл тартты,
Қызыл шырай көпес – бет
көру қиын болғанымен бозарғаны қиынын.
– Иә, тап солай,
солай! – дедім сезік шықты түріме,
ал ол болса фужері мен рюмкасын
соғып бірін-біріне,
үлдірекке таяу келіп, еңсеріле бұрылып,
күбірледі құлағыма: «Сашенька-жан тірі ме?»
«Тірі», — дедім күбіріне сыбыр қосып мен таяу,
сұрап тұрып, жылап күліп шіркінінде ес қалмады-ау,
бүгіжіктеп, кібіжіктеп әбігер боп айтқаны:
«Жүрсендерші, не тұрыс бар...
ал жүріңдер тамға анау...»
Токал тамда үстел үсті
балық, жеміс — ырғын-ақ,
«Ақ боз» виски буфетіне
кайдан келген құлдырап,
баяғы бір от басында шешем түскен фотоға,
о, тоба! –
Тәккаппарлау шешемменен тағатсыздау әкемнің
дәнекер боп хатын тасып –

жансыз екен, ойсыз екен көздеріндей өліктің,
Кешір, әке!

Су каналын жобалайтын жердегі
қызметтес достарыңмен табытыңды көтерем,
Кешір, әке!

Табылмаған табам – ауа жастығын,
Соған қадап өзің алған – өзіңе лайық ордендеріңді әкелем.
Кеш жеттім-ау, кеш түсіндім –

өксимін де опынамын,
Қабіріңе салам міне,
қара жердің жалғыз уыс топырағын.
Әке деймін, егердәки нейтрондық бомба

быт-шыт жарылса,
тек сені ойлап қабіріңе – келетұғын жанын сап,
Комсомолдық жарғақ куртка,
ескі куртка болады

Жалғыз ғана,
Жалғыз дара,
шешем ұқсап барын сап,
Жең салбырап,

кұр долбырап,
келер менің пиджағым,
қалтасында жартылығы

алар қол жоқ,
ашар жан жоқ,
көрсен мүмкін қимауың...

Грушаның мойнындағы жалған моншақ мың құрақ,
келер мүмкін
қабірің тасын қоңыраулатар
шын асылдай сыңғырап.

Әке деймін,
мен бейкүнә жапон қызы секілді
Исикава Такубоку өлеңінен сақталған,
Груша тасып, шешем жазған сол аяулы хаттардан,
«Гурвицтің – Гангнустың» геометрия кітабынан оқулық
тырна жасап ұшырамын
бомбаларға кеудесімен қарсы ұшатын қапталдан.

Әке деймін,
менің ісім — Россия,
Америка,
Йошкар-Ола,
Никарагуа,
Италия,
Сенегалға пайдалы,

Соның бәрі Райнисті құрайтынын білмейтін –

Сан пендеге, сан адамға пайдалы,
Эке деймін,
 бір кездегі атам сынды —
 Латвияға арналмақ бар жұмысым,
Атасына тартпағандар құрысын!

11

Евтушенко Наумович Ермолай —
 екінші атам болған менің белорус.
Екі ромб тағып жүрді балғадай
 екінші әлем ғазауаты қарсаңында сол арыс.
Сол кезеңде түн қатқан да, түс қашқан
кешті бастан атой менен аттанды
бірінші әлем ғазауаты тұсында —
георгиев кавалерін

 толық, түгел таққан-ды.

Әр жексенбі «эмкасымен» келді атам,
Дербес еді машинасы — елге таң.
Әлі балаң секпіл бетті шофері
қызыләскер, қимылы бар ерге тән.
Қорап — конфет қояды атам столға,
шие сепкен құс таңдайлы, құс таңба.
Чекушкасы асығындай киіктің,
баса ма әлде, аша ма әлде күйікті
соны ішкен соң белорусша ән шырқап,
жүрелеп кеп, түрегеп кеп,
 биін билеп сүйікті
айызы қанып, шаршап барып тынғанда
атамды әкеп жатқызатын диванға.

Дүйсенбіде келеді «эмка» қалт етпей,
бас жазады атам —
 шие конфетпен,
ал бір жолы сол конфетін «соғыстырып» менімен
күрсінді де, ал жылады, ол тектен...
Келесі жол келді басқа машина
«эмкасы» келмей қалды... келмепті.
Сол машина алып кетті атамды,
атам содан... сол кеткеннен мол кетті.
Шешем менің Полесьеде болмаған,
(бірақ ылғи әлденеге болды алаң).
Екі бірдей қарындасы атамның
қалды сонда,
 қанымызды жалғаған,
Бірі Ганна отызыншы жылдары
келіп кеткен қонақ болып, ол маған

башмақ әкеп – белорустың сырмағын,
кәрзеңкесі әлі есімде тоқыма
ал ішінде жүз жұмыртқа тұрғаны.

Ауылының атын ұмытып әкемнің
шешем талай тіл ұшына әкелді...
ал бір жолы біздер бір топ жанкүйер,
(әр жанкүйер өзінікін заңды дер)
өткен футбол даңқын айтып – опындық,
Хомич деп, Бобров деп
таңдай қағып отырдық,
Шешем сол сәт ұшып тұрды теңселе:
– Хомич қой, Хомич қой – ол село!
Минскіден бір жарымдай сағат ұшып,
қонғаннан соң вертолет,
енді әскери «газикпенен» ентелеп,
Келе жаттық Полесье жолында –
драмашы Макаенок Андрей мен
Белоруссия әскери округының
ВВС генералы жанымда.

Жолымыз — сүрлеу, тіптен,
Құлап-өрлеп не сайға, не қияға,
ұқсар кейде гүлден тіккен көк түсті тақияға.
Жол шетінде шал тұрды бір керемет,
кереметі – сұрасаңыз неде деп:
Киіп апты эсэс унтер-офицері мундирін,
салпыншақ қып Георгиев кресін
 омырауына көрсеніз ғой, күрмеуін
бір жағында жарқырайды
 партизанның медалы,
аяқтағы жаңа жөке шабатаның арасы –
даланың көк шөбі менен көгалы.
«Хомичке бармайсыз ба, ақсақал?»
 «Басқа қайда барушы едім?»
 Жауап дәл, сөз санаулы.

Мінген бетте-ақ «газикке» шал
қолдан үккен, қалампырдай
темекі иісі жыбырлатты танауды.

Жәймен ғана сұрадым мен:
«Евтушенко әулетінен бар ма қария, тірі ұрпақ?»
«Тірі болмай не болыпты, Хомичтің тең жарымы –
Явтушенко, бүгін тап»...

«Ал Ганна ше,
білесіз бе, тірі ме?»

«Не шара бар ондай жаны сіріге –
анау күні артық жұтып жіберіп к
үйіп қала жаздағаны... сол жетпесе түбіне...»
«Қарындасы бар еді ғой?» –

«Евга ма?..

Сол тұқымда сырқат бейбақ сол ғана,
құян дей ме, құдай ұрған бірдеңе,
табылмайтын көрінеді ем-дауа,
самогоннан сормақта бас деп едім
бір кесапат –
көндіре алмай келемін»...
«Ермолайды білетұғын шығарсыз?»
«Оны білмей жын ұрып па?»

таңғала:

«Жіңішке ауру жүдеу еді жасынан,
талағында биті бар ед, сонда да,
шошқа бағып,
он бесінші жылғы қыс
қашып шығып тұтқынынан германның
бір мезгілде онымен

Георгиев кресін де алғанмын.

Одан кейін қызыл командирлердің
құдіретіне құлаған,

Москваға барып бағын сынаған,
ізімқайым жоқ боп кетті ақыры,
үйде отырған өзіндейлер жүр аман...» —
«Өзі былай қалай еді?» –

«Қыз-қырқынға өліп-өшіп қалатын
сенің мұрның секілді анау
айрауықтай айыр мұрын болатын...»

Хомичке кірдік біздер шал сөзінің шырмауында,
есіктері ашық-тесік,
тірі жан жоқ күллі ауылда.

«Құлыптаусыз неге есіктер?» – дедім қартқа сауал тастап
«Алатыны жоқ болған соң –

әдірамды ұрғаның ба?» –

«Адамдары қайда кеткен?»

«Жүрген шығар қыр жағында».

Қырға шықтық.

Қыр төсінде жыбырлап,
картоп қазып – жүр адамдар қыбырлап,
әйел, бала – тайлы-таяқ қалмаған,
ең қызығы кереметі, ал, маған:
ең ақыры еңбектеген сәби де,

қақты білем шын «құдай»,
Көрдiңдер ме iлулi тұр – бiр ауылға бiр Құдай.
Одан кейiн отыз жетi басталардың
бас жағында келген ол,

иконды өртеп кеткенi үшiн
кiрер тесiк таба алмаған жерден ол.

Ел жағалап, жұртты «ағалап» ашып жүрiп есiгiн,
сауға, сауап сұрағандай сұрады елден кешiрiм,
Москваға кетiп едi сол бетi,
одан кейiн ұшты-күйлi естiмедiк есiмiн...»
Ганна әжемиз қызылшаның қымыранындай қырлыдан
толтырып ап екiншiсiн екпiндете қылғыған,
Содан кейiн сұрақ қойды:

«Кәсiбiң не, қарағым?»

«Өлең жазам».

Айтқан сөзiм басына оның қонбады,
«Ол не нәрсе?»

«Ән секiлдi ол дағы»

«Әндi айтпай ма тарқататын шер үшiн,
ол не кәсiп,

ол не нәсiп болғаны»

Ганна әжемиз қызылшаның қымыранындай қырлыдан
үшiншiсiн шөпiлдете, лекiлдете қылғыған.

«Көп болмай ма?»,— деп қалдым мен,

«Шошыма,

Полесье полячкасы – мен деген,
құдай берген,

берген саған немерем,
адамдармыз мейiрбандық жебеген,
Сақта құдай уласовшыл секiлдi
туыстарың сатқын болса,

болса алаяқ не дер ең?»

Ганна әжемиз омырауын алды ашып,
төс сүйекке қорытқандай қорғасын
Жара жатты,

омырауға жезтемірдей жалғасып:

«Көр, қарағым, партизан деп дiнi берiк, тiс жармас
Фашист – иттiң салған маған таңбасын»

Ганна әжемиз қызылшаның қымыранындай қырлыдан
төртiншiсiн төгiп алмай мейiмiлдете қылғыған.

«Жат жұрттарда болдың ба, сен?»

«Болдым, көрдiм талайын».

«Явтушенко зәу-затынан көрмедiң бе, ағайын?»

«Жоқ, жоқ,— дедiм,— көре алмадым».

Мына сауал қыпылдатты сәл менi,

«Евтушенко әулетінен эмигрант бар ма еді?»
Ганна әжеміз қызылшаның қымыранындай қырлыдан
бесіншісін бүлк етпестен, қыңқ етпестен қылғыған.
«Бірге туған кіндіктесі кіммен бірге жүреді,
Жаны ізгі жандарды айтам, тоқайласса тілегі,
Америца, Африцанда жоқ дейсің бе, жақсы адам
ал солардың бәрі маған –
Явтушенко әулетіне кіреді.
Жарық дүние жер бетінен қандас іздеп болма зар,
жаны туыс жақын ізде –
ең жақының сол болар,
сонда сенің туысың көп, тынысың да кең болар,
біздерді іздеп тапқаныңа – мың рақмет, ал балам»...
Ганна әжей де,
Евга әжей де селк-селк етіп иығы,
алпыс бірдей Явтушенко көз жасымен иіді.
Ярмола атамыздан әжей әрең сақтаған
Құдай — сурет тұрды жылап, түсіп кеткен иіні.
Некрасовтың «Темір жолы» түсті есіме,
сондағы
белорустың бейқұб шалы, бейшара шал бұйығы...
Аяулы әже, Ганна әжеміз,
қабіріңді гүл көмкерер көгеріп,
Көкшіл көзді немерелер, шөберелер ықыласына кенеліп.
Бәйбішесі белорустың –
қарапайым белорустың әжесі,
Күллі әлемнің әжесіне аруағыңмен жатасың сен, теңеліп.
Кешегі өткен қан майданда
белорустың төрт ұлының бірі өлді,
ертең соғыс болар болса...
тірі қалмақ кім енді,
Аяулы әже, сен тіріңде шекара асып,
шетке шығып көрмедің,
аттап көрші ал, шекараның шеңберін.
Шекарадан өткізіндер партизандық
тар кешудің, жан кешудің
Қара шаруа – Коллонтайын жігерлі.
Өткізіндер Ганна әжейді,
иіліндер, қалпағыңды ал басыңна,
бой тұмары – қолхаты бар
кеудесінде
фашистердің тозағында
шыжғырылып басылған!

Э П И Л О Г

Өміршінің өз тебені
тесіп таңба түсірген,
Сарыуызы дауыстарын жібітуге ішілген,
Көзге қораш мәйітханада
фашизмнің ақ кебіні секілденіп анығы,
діндарлықпен сақтаулы тұр
Жүз отыз екі жұмыртқаның қабығы.
Өміршінің тас пішіні —
қашаулы тұр қасындағы жартаста,
тас пішінді қырнай-қырнай
танауына таңба түскен марғасқа.
Жұмыртқаның қабығынан қабырғаға
жыландайын ирелендеп, бұрандап,
Фашизмнің жазулары шығып жатыр ұрандап.
«Ұлымызға Бенито² деп ат қойдық...
бұны жазған Пизадағы
Джузеппе мен Тереза деп танырсың».
Он жетіге жаңа толған Марчелло:
«Жаса, жаса,— деп жазыпты,— әміршім!»
«Ұлы адамның заманында өмір сүрдік,
күресіне бас тіктік,
Мақтанамыз біз сол үшін,
тәуекел деп тас жұттық.
Неаполдық ардагерлер», қол қойыпты,
о не деген ессіздік,
Жалған дақпырт ұлылыққа бас айналған бассыздық,
Қарғыс атқыр қараңғылық!
Қармалатқан көзсіздік.
Қылышынан қан тамғанның
Ышқырынан заң тамғанның
болған емес, болмақ емес — ұлысы,
туған жердің тасын қашап, мүсін жасап
ондайларға тәрк етпеңдер, дұрысы!
Мен айтамын ұлы адам деп
Ганна әжейді — белорустық әжемді,
Өмірін тек тауық-қазға албарында кезенді.
Әне, әне, көрдіңдер ме,
Перуджаның-Ассизидің
қасқа жолы үстімен
бұлтты ысырып, бір сәуле ұшып — бір керемет түсті рең,
бірақ та ол періште емес,
шалығы емес, солығы емес әсердің
өңірі тесік МОПР значогынан,

² Бенито (Бенито Муссолини) – Италиядағы фашизм диктаторы (1922 – 1943 жылдар).

келеді ұшып шешемнің

Бейбітшілік шеруіне шыққандардың қолында.
Сенер еді –
Құдай ана – ағаш ана десең кім?
Есесіне партизандық Полесье кемпірі
Ганна әжейді төбеге жұрт
 ұрандайды көтеріп,
төбемізден қарайды ол
кәрі шемен кеудедегі жарақаты өтеліп.
Құймақтайын конфет құйған
 мүсіншідей мың түрлі
Перуджиндік фабриканың жігіттері сиқырлы
Ганна әжейді тік көтеріп, төбесіне тік ұстап,
Ганна кемпір байыз таппай қояды әлсін дыбыстап:
– «Сендер мүмкін берерсіңдер,
 немеремнің бәріне
қызыл айдар конфет жасап,
 бір тамсансын дәміне...»
Жердің шарын жүз оرارдай
 алтын қамыр илеген
«Понтидағы» жұмысшылар Ганна әжейді кимелеп
төбесіне көтереді,
 ол нұскайды қамырды:
«Хомичте көрмеген нан...
 біз дағы нан илеп ек...»
Перуджалық университет шәкірттері зиялы
(зиялылар құшағына әжелері сияды).
Кафканы оқып ой мен өре
 молайған да отыққан,
молекула құрылымдарын айыратын тотықтан
Зиялылар Ганна әжейді
 тік көтерген бүгінгі.
Ал Ганна әжей Кафкаңызды естімеген ешқашан
Тотық демей, қатық десең,
Қызық демей, шыжық десең –
 оған сондай ұғымды.
Бұл кемпірді көтереді
Толстой да,
 Ганди да,
қарсы келмей жұрттың бәрі –
 құрақ ұшар алдында.
Көтереді Иисус та жара-жара
 шегенделген қолыменен, қарашы,
Полесье әдетімен

үшкіреді ол Иисустың жарасын,
адамдар мен ғасырлардың арасында – бұл кемпір,
Эйнштейн, Нильс Бордың қолы менен санасында –
бұл кемпір,
тербеледі, теңселеді,
әлдиленер бұл кемпір,
Саңырауқұлақ – атом лаулап
мынау дүние қалмауы үшін мүлдем тұл.
Ал соңында қаптап өріп –
ақ пен кара,
қоңыр, сары немере мен шөбере,
Қолдарында бір-бір түйнек – бір түп көде...
несібе ме, немене...
«Қара жерде қаптаған жан Явтушенко зәу-заты
Ал әйтпесе, мені бекер көтере ме, төбеге».

Перуджа мен Ассизидің қасқа жолы
қалт бұрылған бұрышта
Риганың вокзалының киоскасын менің шешем тұр ұстап.
Сатып тұр арғы күнгі –
алғы күнгі газеттерді алыңдар,
енді соғыс болмайтынын,
мәңгі соғыс болмайтынын –
оқыңыздар дұрыстап.

ФУКУ

Қатығы жоқ, татуы жоқ менің қара көжеме,
Тарақандар таласқанын –
ақылыма жол ашқанын сезе ме?
Көйлегімнің тігісінде сықырлаған
сірке-бит
Сілекейін сүртіп сәби –
ойлануға қарасқанын сезе ме?
Сәбилікті тәтті түстей
сілкіп алып бойымнан
санаспады сәбименен...
санаспауын сезе ме?
Кедейлікте көп ақыл жоқ,
келмейді ақыл ақшаға,
бар мәселе бастағы ойда –
бар мәселе басқада...
Өстім жайлап, өстім өзім,
өстім алқын-жұлқындау,
ал маңдайым тасқа тисе –
өстім қатты. Масқара!
Жалаңаяқ күс табанмын –
бейпіл сөйлеп көкітіп,
Тұқыл шылым ұстағанмын –
тарттым оны шекітіп,
шұрылдаған ішектеріммен сездім соғыс аштығын.
Отан жайлы ой қабырғамды қайыстырды,
бекітіп.
Маған даңқ бермеді ешкім –
өзім алдым мен оны,
оған тағзым етпеуімнің сол мендегі – себебі.
Ауып-көшкен адамдарға лықа толы вокзалдай

адамдардың жан-дүниесі жан дүниемді жебеді.

Жан-дүниемде жетпіс ел бар,

(балта шаппас мұртымды)

көрдім қанша концлагерь, монументті мың түрлі.

Дәуірімнің даңқы болған –

мақтанышқа куәмын,

маскарасын көрді көзім...

(неге ішімнен тынамын).

Президенттің көрдім талай қабағы мен сыңайын,

алаяқтың көрдім талай тазысы мен құмайын.

Дәуірімді жанмен ұғып және содан жеп таяқ,

және содан жиіркеніп,

жек көріп те кетпей-ақ,

бұл дүниенің балшықтарын, шалшықтарын білуші ем

қара мекер құзғындары бірақ одан көптей-ақ...

Мен бекерге тәккаппарсып,

тәлімсіппін көбірек,

(ойланбаудың себебі ме, ойламаудың кеңірек...)

Көкірегімді кердім бекер

жазуым бар секілді:

«Жасырын жан жаны жұмбақ,

жаны жұмбақ» еді деп.

Өз ойыма өзім мас боп

(шаруасы не бөтеннің)

Көкірегімді керіп бекер көкке танау көтердім.

Мені өлтіріп тынатынын білдім,

білдім, себебі –

бұл дүниеде білмейтіні жоқтың өзі екенмін.

Гонконгта қылпылдаған түсе жаздап пышаққа,

Вьетнамда оқтың өті алды айқарып құшаққа,

дәтім жетпей әлденеше ұмтылғанмын ажалға,
әлденеше кездестім мен

ажалда жоқ нысапқа.

Көзсіз оқтан, ессіз оқтан қалдым аман – жыны мол,
кеміп келдім талай рет, кемсеңдедім – шыным ол.
Олар мені мансұқ етпей өлтіруді біржола,
талшық етіп, тәлкек жасап, етпек болды – тірі қор.
Сап-саумын мен,

талай ажал жағама кеп жармасып,
таңба-мөрін бет-жүзіме сала алмады дәл басып.
Өлмеуімнің себебі сол –

асқан ұлы емеспін,
Жүрмеуіме қоймайтындай жарық дүние жер басып.
Жан-дүниемді тілгілеген күйзелісім жанымда,
көкке танау көтерудің –

күйрек ісі соңында –
ақылымнан аяңыммен өзім қалдым соңында,
Өмір берген ойларымның –

сөзім қалды соңында,
Өмір деген құпия ғой, құйрығы да қылмиып,
Жармасамыз,

жармасқанмен – ұстатпайды ол жылмиып.
Құпияның бергі жағын қопарамыз қаншалық,
арғы жағы одан бетер –

тылсым әрі тұңғиық.
Сол танымның тұңғиығын есе бердік түк көрмей,
қараң қалғыр, түпсіз шыңырау шет-шегі жоқ күткендей
керіскедей кемелерді қарпи салды ол қаншама,
ертегідей елдеріңді жұта салды жұқ көрмей!
Атланттың жүгін артар, жүгін тартар көлігі ем,

Жұмыр жерде шайқалақтап,

қайқалақтап көрінем,

қайқалақтап қайысатын, майысатын себебім –

қыну-қуат жетпеуінен, талантымның кемінен.

Желкен жеккен, сапар шеккен командалас қатардың
ортасында,

трактирде, мұңын жырғап сапардың,

Колумб та шайқалақтап бара жатты-ау шым батып,

құрымағыр, құрып қалғыр, құпиясына жаһанның...

Ал менің ешқандай командам жоқ еді.

Аэропорттағы конвейер алдында қол чемоданымды сарсыла күтіп тұрып, бүкіл Санто-Доминго жеріндегі жалғыз орыс екенімді сезінгем. Қол чемоданым да келді-ау, ақыры. Сырт қабы жырым-жырым, ішіндегісінің бәрі қобырап астаң-кестеңі шығыпты. Басқыншылардың тепкісіне түскен үндіс сияқты – үрпе-түрпе.

– Жүк тиегенде жыртылған ғой...– Доминикан авиакомпаниясының өкілі тісінің арасынан сыздықтата сөйлеп, түнерген жүзін түк сезбегендей әрі аударып әкетті.

Одан кейін менің тепкіге төзіп, мыж-мыж боп мехнат шеккен былғары серігім таможня тексерушілерінің қолына түсті. Бұл бір тіміскі қолдар кімнің қолдары еді? Менің көйлегімнен бастап шұлығыма дейін тімтіген тексерушілердің қыр арқасында осының бәріне айызы қанып, анди қарап тұрған аэропорт полициясы бастығының дәл иегінің астынан басталған кебежедей қарны шеңбіректеп шайқалады. Қап, шіркін-ай, құлқынын алтын тескен Колумбыға тап осы полиция бастығы кезіккенде нағыз қазынаның көзіне тап болғандай екен – эне, қараңызшы, алтын «Ролекс» оң қолында, атап тағылған алтын білезік сол қолында, жәуһар інжу мен жартылай інжу тастан жалт-жұлт еткен көздері бар алтын сақина әр саусағында десе болғандай; түкті кеудесіне әйел

суретінен жасалған алтын салпыншақ таққан, машина кілттерін салатын шығыршығының өзі Бостандық статуясының сымбатынан сылып жасалғандай – ол да сом алтынның сынығы. Ал беті қара шашқа қара май жаққандай жылтырайды. Ол менің чемоданымдағы киім-кешек, шүберекке назар салмағансып, мұрын шүйіргендей сыңай танытты, ал бірақ испан тіліндегі өлең кітабымды шырқ үйіріп, шұқшия қарап, салмақпен салдауыр парақтады.

– Керек десеңіз, генералиссимо Франконың тұсында Мадридте шыққан кітап, нанбасаңыз мерзіміне қараңыз, – деп мен оны күдіктендірмеуге тырыстым.

Менің испан тілінде сөйлеп қоя бергенімнен ол әуелі сәл-пәл шімірігіп, секем алып қалды да, артынша-ақ екеуміздің арамызды белгісіз бір жіп жалғап ала жөнелді. Айтар сөзін сақтықпен сараптап әрі қысқа, әрі нұсқа сөз тапқан түрі:

– Жұмыстың аты жұмыс...– дегені. Окуджаваның әнінің қайырмасында айтылатын осындай жол есіме түсіп мен еріксіз миығымды тарттым. Полиция бастығы өзімнің күле алатыныма көзін жеткізіп, күтпеген жерден мысқалдай мыс таныттым білем. Белгісіз бір жіп арамызға тағы жалғанды.

Одан кейін оның шаппа-шап быртық саусақтарының арасына менің видеокассеталарым ілікті.

– Бұл – менің өзімнің фильмім, – дедім мен оған түсіндіріп.

– Өзімдікі дегеніңізді қалай түсінеміз? – деп ол менен нақтылай, нығарлай сұрады. «Союзэкспортфильмнің» қасиетті хұқына мүлдем қол сұққым келмей:

– Бұл фильмді мен режиссер ретінде өзім түсіргенмін, — дедім.

– Аты қалай? – Полиция бастығы шырғалаңнан шығудың жәйін ойлап қинала қыбыжықтады.

– «Бала бақша».

– Сіздерде де бала бақша бар ма? – Полиция бастығы

дұдамалдана сұрады.

– Жетіспейді, бірақ бар,— дедім мен шындықты жасырмауға тырысып.

– Фильм қандай материалға жазылған, — деп енді ол қолы біліп, көзі танитын іскерлік аңғарта қалды.

– «ВХС»,— дедім мен. Белгісіз бір жіп арамызға тағы жалғанды.

– Ал менікі тек қана «Бетамакс»,— деп полиция бастығы жалынышты қалып танытты. – Өмір деген барған сайын қиындап, күрделіленіп барады. – Кешірім сұрағандай жаншыла күрсініп:— Кассетаңызды қарап шығу үшін басқармаға тапсыруыңызға тура келеді. Алда-жалда... ондай-мұндайдан аман болса... арғы күні өзіңізге қайтарамыз,— деп сәл-пәл қысылып, сәл-сәл қымтырылып қалды.

– О не дегеніңіз! Жалғыз ғана авторлық көшірмем. Бұл дегеніңіз бір миллион доллар тұрады ғой,— деп алтынды алтынмен ұрып түсірмек болдым.— Мен, әрине, сіздің өзіңіздің менің ала жібімді аттамайтыныңызға күмәнсыз сенемін, бірақ бұл кассетадағы дүниені сіздің орынбасарыңыз, әйтпесе, орынбасарыңыздың орынбасары жазып алуы әбден мүмкін ғой, ал содан кейін фильм әлемді адақтап ала жөнелсін деңіз. Кәзір түсіріп алатын – көшіріп алатын контрабандылардың қолынан не келетінін менен гөрі, әрине, өзіңіз жақсы білесіз. Мәселе одан кейін халықаралық соттың алдынан бір-ақ шығуы әбден ықтимал.

Миллион доллар мен халықаралық сот деген сөз полиция бастығына бірден әсер етті білем, ол өзінен-өзі ентігіп, ақсүйек, ақсаусақ қалып танытам деп тырнақтарын тыраштана бояған қара халық – қара шаруаға тән быртық саусақ қысқа қолымен менің кассетамды бір олай, бір былай аунақшытты.

Қырық бірінші жылғы ашпа-жалап, аш өзек балалық шағым полиция алақанының ауанында аударылып төңкеріліп, өлшеніп

тұрарсың деп үш ұйқтасам түсімде ойлаппын ба? Сонда сегіз жасар өзімнің өз поезымнан адасып жүріп, қалжырап қарным ашқанда буы бұрқырап капуста жапырағына ораулы тұрған картошканы көріп, аузымнан сілекейім шұбырып, көзім қарауытып... ұрлағаным үшін емес-ау, қолыма ұстағаным үшін алаяқ алыпсатарлардың темір өкшелерімен жалбарына сыңсыған жалғыз скрипкамды табандарына тақтайдай таптағаны, әскерге енді алынып, ертең аттанатын түбіт иек бала-бозбалалардың артында қалып бара жатқан, шұбалта ақ көйлек киген бойжеткен-аруларымен қимас қоштасулары, олардың соңында қолдарына қара қағаздарын ұстап солқ-солқ жылаған сібір жесірлерінің көз жасы... соның бәрі осы алақан арқылы өлшенбек пе?..

Бірақ полиция бастығы үшін алақанында тұрған фильм оның ойына үш ұйқтаса кірмейтін менің белгісіз ғұмыр-намам емес, қырағылығынан қылау жіберсе астындағы орындығынан аударып тастайтын алмағайып қорқыныш боп көрініп тұр еді. Полиция уысына түскен өнер тағдыры деген, міне, осы...

– Мұның ішінде Санто-Доминго үкіметіне қарсы ештеңе жоқ па өзі, – деп полиция бастығы тағы да қолайсыздау күңкілдеді.

– Арымның садағасы, – дедім мен ағымнан жарылып. – Сенбе-сеңіз, қолхат берейін.

– Түу, оныңыз артық енді, – Полиция бастығы аптығыңқырап сөйлеп менің өз балалық шағымды – өзіме қайтарып беріп жатты.

Кеудеме қысып қырық бірінші жылымды, Санто-Доминго көшелеріне шықтым мен.

Кеудеме қысып қырық бірінші жылымды

Санто-Доминго көшелеріне шықтым мен.

Баяғы тентек бозбалам бойда тірілді,

отқа да, суға басымды қайта тіктім мен.

Қайтадан — солмын, қуғыннан қашқан туысынан,
сотқармын сондай, қорқыныш-үрей ала алмас.
Қалайша бірақ, полицейлердің уысына
қақтығып қалдым... қақпанға бірақ сала алмас.

Кеудеме қысып қырық бірінші жылымды
Санто-Доминго көшелерінде келемін.
Сібір бораны апдымды орап жүгірді,
сайтандай ойнап озады-дағы ереді.

Пальманың анау арасын бойлап, қақпадан
ағылған сынды сібірлік состав — қимасым.
Колумбы — тұғыр кезегінде жұрт қаптаған
әйелдер сынды сықырлай қаққан пимасын.

Жан-жағымдағы магнолия дарағы
елшідей шыққан халықтың азап өтіне.
Жесір де жетім, жарымжан сынды жаралы
орыстың қары қаһарлы боп қатқан бетіне.

Сөреде бірақ шаяндар жатты сең-сең боп,
ананас жатты үйіліп...

дәмімді, шіркін, білсең деп.

Кезекте бейне тұрғандар жоқтай кемсеңдеп,
аштықта бейне жүргендер жоқтай бүрсеңдеп.

Осынау жалған жалтылдақ тоқтық сыртында
қалтылдап тоқтық көздеріменен кіртиген.
Қырауға қызыл, бір түйір ет жоқ ұртында

Жабайы үндістей жақ жүні қурап үрпиген.

Ши қалпақ асты соралы көзде сор меңдеп,
шотаяқ саусақ, тырнақта тамтық қалмаған.
Сұғанак тұмсық, сұқ мінез құстай сәумендеп,
Жез бақыр сұрап, жабысты олар ал маған.

Қарғаны қарға шұқымас көзге,
(мен тұрдым бірақ қорғалап)
Шетелдікпін ғой. Ақ қарғамын ғой – күй бөлек.
Бәтенкемді тазартпақ бала алдыма түсіп жорғалап,
Жезөкше біткен жеңімнен тартты сүйрелеп.

Самаладай қонақ үйінің холлына
аспаннан түскен томардай қара шақпақ па?
Қара домалақ гаитян бала жолыма
Жата жабысты, майлы кенебін сатпақ па?..

Қайтсін-ай деймін, үйренген өзі талпынып,
тақсірет көрсе – өлермен бала өнерге.
Бәби-Доктың елінен қашып шарқ ұрып,
тап болып бүйірі тоқ –
суретшісі жоқ елге.

Бұл не сұмдық, бұл не кәззап, бұл не азап
жаныққан.

Адамзатты жынды ететін шығара алмай жабықтан,
сасса адамдар, қашса адамдар
құтылам деп тамұқтан
тап болады одан да өткен қайраны жоқ қамытқа!

Арандаған айналамда қайыршылық құйыны
ырқымды алып, еркімді алып ерсіл-қарсыл үйіріп,
қуып жетіп, қолдан ұстап, жұлқып тартып,
жармасып,
ылықтырмай қояр емес ылаң неме – қиыны.

Сонау жылғы Сібірдегі шиқылымен гармоньның
«Шалқар теңіз Байкал» жайлы ән салып,
қарғыс атқыр «моне́й»³ деген жалғанымен
жалғанның
аш адамды көргім келмей қашушы едім соншалық.

Өткен бастан, білем мен де көз сүзудің кезегін,
қара ржаной – кебек дәмі кете қоймас тілімнен.
Әлемдегі ашпа-жалап, аштық жайлап өзегін
естері ауып енді менің неге артымнан жүгірген.

Бұл адамдар білмейді ғой, білмейді ғой шерменде
аш-жалаңаш балалықты көрмейді ғой көзімнен.
Соғыс мені қақ бөлді де қарс айырып кеудемді,
балалықты бөлді менен,
бөлді мені өзімнен.

Нартәуекел, басбұзарлар ұясына ал... ендім!
Күзетшімдей сумаң қағып соңымда екі – ақ сайтан.
Сырахана сықсыңдары әлгі екі әйелді
Тайвань-парик шаштан бастап,
сүзіп өтті башпайға.

³ Ақша (ағылшынша)

Ал бұл жерде сап тынғандай қайыршылық құйыны,
сыра деген өңештерге сар-сар етіп құйылып.
Балалар жүр төбелесіп –

жұдырығы түйіліп,
кәріп адам алба-жұлба, маған жервес¹ ұсынды,
мерезі жоқ деді білем, жиіркенбей иіліп.

Киімдерін жайбарақат шешіп жатыр барлығы,
ұрлық та жоқ, қарлық та жоқ,
Қорлық та жоқ
көрсететін пышақпенен бұйырып.

Мен – қонақпын,
менімен дос буэнас мучачас⁴,
менен ешкім ештеңе де сұрамады қиылып.

Күн демалыс болса-дағы, шешелері сілкісе,
құмға аунаған балалардың сауғалайды құм-шаңы.
Балаларын шешелері жиырып ап кірпіше,
«Қайыр сұрап қайтыңдар» деп қабағымен жұмсады.

Шұлғау сынды шоқпыт тігер бір мекеме тұр алда,
жарнамасын жайнаңдатқан төбесіне тіреудің.
«Күллі дүние кедейлерге!» деп жазылған ұранда,
суреті тұр сайланатын талпақ танау біреудің.

«Бұл не тұмсық?» деп едім мен,
жалт қарады серігім,
«дарақым-ау» дегендей-ақ шолып өтіп бетімді.

¹ Сыра

² Ең әдемі бойжеткен (испанша).

Бояулы аузын көлегейлеп, шығарғандай ерінін
«Фуку!» деді, – түсінбес сөз... «пішту» деген секілді.

«Фуку деген адам ба?..»— деп қалып едім сыр бағып,
түсінбейтін бұл не қылған, ойлады ма пері деп.
Жауырыны қикаң етіп, көз қиығы қуланып
қиқ-қиқ күлді, шиқ-шиқ күлді:

«Керісінше, кері!» деп.

Темір тісті, кетік иек, опырық та жапырық,
қайыршылар қарап маған,

ашуларын шақырып

плакатқа қарады да «Фуку!» деді барлығы,
білте үрлеген секілденіп,
«пішту» деген секілденіп

қарқ-қарқ күліп, қапылып.

Суреттегі таныды олар — талпақ танау танысын,
Сәл үрпиіп тұрғандығын, жыртар кезде намысын.
Уәдеменен жұмақ сыйлап, пышақ тақап алқымға,
алдап-сулап алатұғын аш-жалаңаш дауысын.

Бұл танаулар өрттей қаулап тұмсық тықпас жоқ жері,
мастыққаннан,

аштықтардан бомбылайды бомбыны.

Ел-халықтың аштығы ғой — омыраудағы ордені,
Құлпырады сорған сайын халық дейтін сорлыны.

Аштық менің азаматтық күйігім,
жан-тәнімді рақатқа мен бөлемен!
милиондарды құтқара алса түйірім,

Ол шолтиған ғана шалбары бар, бозаң ақ шұлығының бір сыңарына, қайдан қаңғып жүргені белгісіз, жалғыз жетім ошаған жабысқан, қос танауын қорс-қорс тартқан тырыли баланы қолынан ұстап тұрды. Баланың көзі де әкесіне тартқан еді, тек зығыр түстес маңдайына түскен кекілімен шағылысқанда одан да гөрі

көктеңбілдеу көрінетін тәрізді.

Менің Москвадағы пәтеріме өңім түгіл түсімде көрмеген адам таң атпай құлқын сәріден келуінің мынадай тарихы болатын. Айтысына қарағанда – ол Камчаткада жұмыс істейтін, кеме жөндеуші инженер екен. Москваға ұлы екеуі демалысқа келген жерінде – қалтасына ұры түсіп, бар қаражатын қағып кеткен көрінеді. Москвада бірде-бір танысы жоқ, бірақ ең сүйікті ақыны бар екен, ол – мен екенмін, сондықтан Москвадағы екі туып бір қалғаны – мен болмаймын ба... Тығырыққа тірелгенде — Петропавловск – Камчаткаға дейін екі авиабилетке ақша сұраса, беретін адам жалғыз мен деп ойлаған. Ол жаққа табаны тисе, ақшаны телеграфпен тездетіп жіберетініне күмән жоқ.

– Ұлым, Женя ағанның өлеңінен оқып жіберші,— деді ол ұлына еркелеткен сыңаймен. – Үй-ішіміз боп бұл кісі десе ішкен асымызды жерге қоятынымызды көрсін, ағаң...

Бала орнынан тұрып сәл-пәл бойын түзеп, кекіл шашын алақанымен бір сипап, саңқылдай жөнелді:

«Соғыс жылғы неке қиған тойлар-ай!»

Ақша бермесіме амалым қалған жоқ. Содан бері он бес жыл уақыт өтті, сол саңқылдап менің өлеңімді оқыған баланың ендігі өз балалары да бар шығар, бірақ мен Камчаткадан ешқандай телеграфпен салынған ақша алғаным жоқ. Менің тұла бойымды иіткен сол бір кішкентай концерт әдемі әзірленген еді. Неге екені белгісіз, осы бір қулығына құрық бойламайтын сезімтал бопса менің қабырғама қатты батты.

Менің соғыс кезіндегі балалық шағым тұтастай қарызға толы. Маған бір түйір нанды да, жатар баспананы да, қайырымды қас-қабак пен ақылды да, ең аяғы азық-түліктің карточкасын да ешқандай қайтарусыз қарызға берді.

Қайтарады-ау деп ешкім менен күткен жоқ, қайтарамын деп мен

де мойныма уәде алып, уәде бергенім жоқ. Ал бірақ қайтарып келемін, әлі күнге қайтарып келемін.

Сондықтан да мен алдау-арбаудың аранына түсе отырып, әрқашан қолымнан келгенше қарыз беруге тырысамын. Бірақ, менің бір байқай бастағаным – кейде өзіңнен қарыз алған адамдар, сені бірте-бірте жек көре бастайды, өйткені сен оған оның қарызы туралы тірі ескертусің ғой. Алайда, ақшаны беріп тұру керек. Ал бірақ жұрттың бәріне жететін ақша қайдан табылады десеңші?

Шырғалаң түкпір, шытырман түптің ұлдары
шырмауық дерсің –

ортаға бейім туғалы.

Санто-Доминго балалары да өздерін
сыртқы әсер бөліп,

көрдің бе келіп шулауын:

«Карлтон» дейді өздерін, «Хилтон» деп олар
амалы бар ма –

алаяқ болмай жоқ амал.

Не деген пысық біз жатқан жайда балалар,
қалт етсе қимыл ақшаға шағып бағалар,
сыртынан сылап,

алмұрттай сипап қағады
сау етер ақша секілді шеттің адамы.

Күтеді олар

қонақтар қашан оралар,
күбіжіктейді кішкентай мүсін – балалар.
Жаутаңдап қана жалынышпенен қарайды
Үмітке толы көзқарастары және олар.
«Лоббилардың» ылауыменен,

ЫМЫМЕН

Жорғалап құрдай,

өтетін бірі-бірінен

Әрбір Боббидің,

әрбір Джонның,

Фрэнктің

айырады ойын анадайдан-ақ түрінен.

Аңғалбайым деп ат қойған менің бір балам,

ынт-шынты менен ықыласы ауып шын маған

басынан сипап диминутиво⁵ деп едім,

Диминутиво — еркелетіп ат қою.

еркелеткенді өзіме сосын бұлдаған.

Ұйқыдан тұрып «мастығым» әлі тарамай,

Жатқанмын бір күн

көтертпей бойым қаралай.

Аңғалбай келіп испанша менен сұрайды:

«Ақша берші, ағай!

Женя ағай, жан ағай!»

Бердім мен ақша.

Қоңырқай жүзді, кең маңдай

«Грасиас!»⁶ деді көзінен бір от жанғандай.

Артында тұрған жалаңаш қарын екі іні:

«Здравствуй!» деді

ғайыптан пайда болғандай.

Оларда да алаң, менде де алаң жоқтұғын,

алаңсыз тұрдық —

арада талай өтті күн.

⁵ Димунитиво – еркелетіп ат қою.

⁶ Грасиас – Рақмет!

Бір күні жолдан болдырып келіп жатқанмын,
құдай ұрғанда, қалтамда жоқ-ты көк тиын.

Аңғалым келіп ақша сұрады, абайлап,
артынан мені шық бермес болды-ау деп ойлап,
соңына ерген інілерінен болды ұят,
өш алмақ болып жасасын сосын, жын ойнақ.
Тереземдегі тоңазытқышты тағадай,
көзіне қосып,

жатқанмын салқын сағалай,
балкон түбінен әлгілер енді шуласын:
«Ақша берші, ағай!

Женя ағай, жан ағай!»

Әуелі күліп,
езуді жидым мен енді,
көп көріп едім күңіренген түнек шеменді,
күңіренген түнек арасынан сан естігем
«Ақша бер, Женя,

ақша бер, Женя!» дегенді.

Қаңғырған кезім, қор болған жылдар – санамда
«Женяжан емес», «әй, Женя!» едім мен онда.

Қаңғыбастарым айтатын маған: «әй, Женя,
төзсеңші аздап – қонбайды бақыт табанда,
кездесері анық өлмеске – өлі балықтың,
кресінді тақ,

құдайға табын, оданда!

Жасаған иең пендесін көрмей қалмайды,
есебінде жоқ

жасаған «құлы» жоқ онда!

Тақпадым крест,

бекерге құнын түсірмен,
табыну болсын, тағзымым болсын – ішімде!
Өлмедім аштан,
өлісі түгіл балықтың
тірісін көрдім, ірісін көрдім –
көрмеген онда түсімде.

Әсіре деді,
әуей деп бір кез ел мені,
сәнқойлау едім – көре алмады да, көрмеді.
Қарным да тойып, бүтінделсе де иінім,
ақылға деген кетпеді аштық мендегі.
Бай ғой деп санап
бөлетін жандар мені елден,
Жоқтықтың жойқын құрдымын көрсе әлемнен,
Сол аштықпенен, сол жоқшылықтың алдында
дәрменсіз болып,
сорлы да болып келем мен.
Аш жүрген менің Женькаларымды әлемде,
Аштықтан ақша құтқарар болса егерде,
Тек қана ақша,
тек қана ақша жасар ем
Уақытымды қор қылмас едім өлеңге!
Жасар ем ақша,
жасар ем жалған бақырды,
құтқарар болсам... аштықтан, Адам, атыңды.
Мәймөңке жәрдем,
қашыңдар сайқал қайырымнан
Тәубасыменен, таупиығынан айрылған
Тарихқа аз ба,
Колумбы жасап кеткен іс

Жақсылығының — ниетін жолдан тайдырған.

Құрлыққа оның, құрғаққа оның шығуы —
аяқталды ғой,

көрдің бе, міне, сиығы:

«Ақша берші, ағай,

Женя ағай, жан ағай!»

көрген бір түстей қиыны қашқан, қиюы.

Жаныңды жеген

жансебіл бала-шағаның

Ұлардай шулап қолдарын жайып тұруы...

— Колумбының тырнақтары тағы да кір ғой! Осы бір ирландиялықты икемге келтіре алмай-ақ қойдым-ау, не істесем екен? Қазір біз оның қолдарын ірі планмен түсіруге кірісеміз ғой! Гримші қайда, әлгі?! — күнге күймеу үшін танауын креммен баттастыра сылап, жыртық шортик киген, түк-түк кактус балтырлы адамсымақ итальян тілінде сөйлеп, шыр-пыр бола бастады.

— Мүмкін тазармаған түрпідей кір тырнақтар оны айбындырақ көрсетер? — беті күйдірілген қызыл қыштай күреңітіп, танауы апиыншының әлпетіндей ақтаңдақтанып кеткен кинорежиссер қырылдай сөйлеп, сәл-пәл ойланып қалды.

Творчестволық ауызбірліктің тоқайласпауына қара-мастан, киноны түсіру әрі қарай жалғасып кетті.

Банан пальмалары баяу ғана ырғатылады. Үндістердің жаппа-жабындысы етіп салынған декорацияның көлегейінде тұрған жасанды пальмалар жалғандықтың жымын байқатпауға тырысатындай.

Тоқыма қаудың үстінде қаққан қазықтай менменсіп отырған Христофор Колумб — ирландиялық актер саптама етіктің жанын шығара аяғын қысқанын сездірмейді. Өйтпегенде қайтсін, «Санта-

Марияның» жүзіп шыққанын түсіргенде мұрнына су жетпей жүріп өзінің қарағайдай етігін Испанияда қалдырып кеткен. Колумбының қасында үндістердің қол басшысы Каонабо боп отырған жапон актері – гриммен қоңырайтқан қылша мойнын акуланың тістерінен жасаған, тасалқалар қаншама қысса да нағыз самурайдың қалпын сақтап, қыңқ ететін емес. Колумб үндіс қолбасшысына саудыраған шыны моншақтарды салтанатты түрде ұсынып жатып, Римде осындай вестерн-кинолардың шауыпкелінде арзанға жалданып нан тауып жүрген әріптес-американдық актерларға көзін қысып қойды. Қолбасшы ұсынылған сияпатты бұлшық еттері бұлт-бұлт еткен каратэшінің кеудесіне үнсіз ықыласпен қысты да, сыйға – сый дегендей – Колумбыға лайық құрметпен – алтын сауытын сыйлап жатты. Санто-Домингоның жағасында түсіріліп жатқан осынау жалпы көріністе – байырғының бойжеткендерін он долларға жалданып ойнап жүрген сайқал-жезөкшелер, айналасын айуандай қанға бояған басқыншылардың роліндегі небір алаяқтар мен азғындар сабан киімдерін саудыратып, ала-құла қылыш найзаларын осқылап, тақтай қалқандарын тарсылдатып табан астында ию-қию бола қалды. Алдын ала жазылып қойылған музыка қосылды, грундигов күшейткіштері қол аямай дабыл-барабандардың дауысын одан бетер жаңғырықтырды.

– Ал түсіремін... Жемісті әкеліңдер! – камераны жүргізуші тамағын жырта айқайлады.

Кактус балтырлы адамсымақ байырғы бойжеткендердің біреуін иығынан нұқып қалуы-ақ мұң екен, ол бөксесін шөп тиеген шанадай шайқалтып, айналасында жеміс-жидек үйіліп жатса да төбесіндегі ыдыстағы қолдан жасаған қойыртпақ жеміс-жидекті төгіп алмастай икеммен тайпалып ала жөнелді.

– Тоқтат! – режиссердің шыбын жаны шырқырады. – Өнебіреу кемпір аспаннан түсті ме?

Жұрттың бәрі, түсіру алаңына ғайыптан тайып қайдан пайда болғаны белгісіз, иіні түскен, алба-жұлба, жұдырықтай үндіс кемпірді көріп еді. Кемпірдің екі дүниеде жұмысы жоқ – құлағына келген музыка дыбысына ессіз ырғатылып, жарым-жартысы босаған шөлмектен шарап сіміріп тұрды. Сіңірі тартылып қалған кішкентай баланың саусақтарындай саусақтарымен шөлмекті өлердей сығымдайды, әлдебір дуа-сиқыр өңін әлдеқашан мүжіп тастағандай.

Менің есіме мына бір жағдай түсті... Кіші Ярославцыда революцияға дейін өткен жәрмеңкені киноға түсіріп жатқан кезде мен карабурыл түлкі мен бұлғын терісін іліп тастаған Циолковский паровозының тот басқан ескі қанатында тұрдым. Көпестердің дастарқандары бекіреден, үйітілген торайдан, тоңазыған еттен, шампан шөлмектерінен қайысады. (Бекіренің біреуі – екінші күні ұшты-күйлі жоқ болды. «Столдан құлады да – қақ жарылды. Актіледік», – деп картина директоры себебін қысқа ғана қайырды, сөйтсек Кіші Ярославцының еңбекшілері революцияға дейінгі бекіренің сорпасымен жергілікті асханада үш күн терлеп-тепшіпті). Кенет кадрға қолында екі түйір балқыма ірімшігі мен бір шыны айраны бар, самай шашы қудай, шүйкедей ғана кемпірдің шыға келгені.

Кемпірді қосалқы режиссердің қайда болмасын көстендеп жүретін қолы келіп ұстағанша, сеңсең бөрік киіп, күзен ішікке оранған көпестер мен қайсар мұрттарын қайқайта шиырған дуанбасылардың арасынан қырындап өте берді...

Кактус балтырлы адамсымақ полицияға тән қамқорлықпен үндіс кемпірге қарай құлай-мұлай ұмтылып кадрдан алып шықты. Ал үндіс кемпір болса, мынау топыр мені өздерімен бірге неге билетпейді деп, аң-таң. Бірақ өткеннің қолдан жасалған сұлбасы, бүгінгінің қаз-қалпындағысын бойына сіңіре бермейді.

– Қайтадан жаңа дубль! – режиссер қапалана қынжылды.

–Үздік-создық, қашан таусылады, осы? – Колумб қабағы түксиіп, тісінің арасынан сыздықтата сөйлеп, самайына жапсырылған ақбурыл бояу түсіп қалмады ма дегендей саусақтарының ұшымен сипалап қойды. – Біреуің маған джин қосылған сусын әкеліңдерші...

Қалай-қалай айналасың,

тегершігі-ай, тарихтың!

Санто-Доминго.

Яхта – клуб.

Түсірудің алаңы.

Кинофильмұлы болып Христофор Колумбы

джинді сусын сораптайды –

шөлін басып шамалы.

Дубльдердің арасында үзік-үзік мезі еткен,

Дублин⁷ сағынады өзім деген өзекпен.

– Чарльз, – дейді жанындағы Охеде Алансоға ол, –
босқа арам тер болмадық па

бекерге біз безектеп?

Токионың қуы әнеки,

бес минутын дәл ұғып,

бес минутта карта ойнайды – барыменен салынып.

Тарихымыз қолдан жасап, ойдан жасап ойнаған

құйрық бұлғап қайқаңдайды

дауылпаздың даңғырасын жамылып.

Салқын суға мұртын малып,

жан күткен жан болма, сен,

жан қалар деп ойлайсың ба, жан күткеннен,

әлде сен.

⁷ Дублин – Ирландия астанасы.

Тән сөгілмей,

қан төгілмей

бола қалған қырғынсыз

Хор қызындай тарих бар деп ойлайсың ба,

сонда сен?

Ал шын тарих нағыз, нақты

кімге ұнады, кімге жақты?..

Мүмкін оны жаңағы бір кемпірдей

Желкесінен алып біреу,

өлтірмей

лақтырып жіберді ме,

өзінің

киносына ешбір зиян келтірмей.

Жаппаларды, жабындыны –

жалап өтті от-қаһар,

шындығында, шын Колумбы – зауалынан жоқ қатал.

Алтынға күл айналардай өрт орнына қарады,

қарады ол тағылықпен –

өзіне тән тәкаппар.

Өртеу, отау, байлау, матау дегенің –

Колумбыдан қалғандайын көремін.

Зеңбірекке оқ салғанда,

дүміне.

Ядролық соғысты екті дер едім.

Сол емес пе тәлкегі асқан заманда

аң алатын итті салған адамға.

Үндістердің өлімтігін етігімен таптады

аяқ асты жатқан жоқ па,

бұйырмады-ау уыс топырақ оларға,

бас жұлынды,

бастан бөлек жұлынды
салт қып салған шығыршықтар танауға.
Қара күлді қарашықпен көзге үрлеп
қараулықпен, мекерлікпен
жаңа әлемді тез билеп,
Өзіне-өзі қара ат алды Колумбы
дүниені дуалаған болды нағыз безбүйрек.
Қай әмірші ажалынан аса алған,
күнәлі ажал –
азапты ғой қашаннан,
өлерінде сол Колумбы құяңынан тырысып
құрысымды жазамын деп қасарған.
Өмір бойы өзі шашқан сүйектер
сай-сүйегін сырқыратып, өш алған...

Санто-Домингода жаныңды қоярға жер таппайтын ыстық еді – Колумбы мүсіні күнге балқып, қола қамзолын кәзір-кәзір сыпырып тастайтын сияқты көрінеді, бірақ қабырғадағы жазуларға сенсек – адмиралдың сүйегі жерленген собор ішіндегі мола тастары арасынан қабірдің қолаңса салқын ылғалы есіп тұр. Осы бір мәйіт тасы дүниежүзілік дактилоскопиялық мәлімет жинайтын құралдың орнын әбден алмастыра алар еді – өйткені әрбір турист осы тасты бір сипап өту парыз деп есептейді демек, мұнда қолтаңбасын қалдырмайтын адам жоқ. Жергілікті қалта қағар алаяқ алыпсатарлар топтан сәл-пәл жырылсаң бітті – ғайыптан тайып, елес сияқты жымын білдірмей жұғысып, шетелдік қонаққа айырбаспен сыбыр – сауда жасап, басы артық базар бағасымен бірдеңесін қолтығыңа тығып кетеді. Бұл собордың төрт бұрышында Колумбы осы дүниенің төрт құбыласында өмір сүргендей-ақ бір-бір гид доллар мен франктардың, батысгерман ақшалары сылдырының сүйемелімен оның өмірінен әрқилы хикаяларды

сарнатып тұрды. Бір бұрыштан айтылып жатқан хикаяда оның керең адамдай қылымсыған Изабелла ханымға құлдық ұрып, өліп-өшіп өз мақсатын түсіндіріп тұрғаны, екіншісінде оған Жаңа Индиядан дожына-дожына алтын мен байлап-матап құл жіберіп жатып: «Бұл құлдар, жолда өлсе де бақытты – бұлардың бәріне бірдей мұндай қасиетті сапар қайдан бұйыра берсін» деп ақылдымсығаны, үшіншісінде – үндістердің қанына малынған шынжыр бұғауды оның қолына өз аспазы салып еліне қайтарғаны туралы хикая, ал, төртіншісінде оның есінен танып, ақылынан ауысып не айтып, не қойғанын бір біліп, бір білмейтін сәтінде өзінің ақыр-тақырына жеткен металл туралы: «Алтын деген – қазынаның қаспағы, оған ие болған адам не істеймін десе соны жасай алады, жаныңа жұмақ, басыңа бақ орнатады» деп бұзау терісіне жазып қалдырған жалғыз ауыз өсиеті туралы сыр шертіледі. Басқа түгіл өз басын сұға алмаған бейбақ, кімнің жанын жұмаққа кіргізді екен, сірә?

Мені таңқалдырған тағы бір дүние: бір де бір адмиралдың атын атамайды – тек альмиранте дейді.

– Неге бұлай? – дедім мен доминикандық досыма.

– Фуку!— деді ол иығын қиқаң еткізіп. Сол сәт күйік иісі, от қарпыған бір лек теңіз желі шіркеу ішіне лап ете қалды да, әлдекімнің қолынан әлгі жел ұшырған ақша:

– Фуку! Фуку! Фуку!,— деп Колумбының табытының үстіне сыбдыр қағып әр тілде дыбыс шығарып, әлденені үшкіргендей жерге түспей қалықтап тұрып алды.

Желкенін керіп кеменің,
қайыққа теңіз желегін
жамылғы жасап,
жүзіп кеп

андыдық аңыс біз ептеп;
тап болған манго шырынға
мұрттарын малып,
шынында
құдайлар екен – аз күндік
кездескен аштық – ығырға.
Қарадық бейқұт... аң-таңбыз –
бейкүнә аралдықтармыз!
Шетінен құдай және ақ-ты,
аузына бізді қаратты.
Қаптауы шошқа терісі –
Тауратын бізге таратты.
Зауал ғой құдай жасқаған
(түскен жерге ауыр — тас жаман.)
Жауыздық көрдің қай елде,
шермиген іші әйелді
шетінен жарып тастаған...
Жауырынға темір шыжғырып,
басқандай тайға таңбаны,
өкшемізді отпен қыздырып,
өзекке теуіп қорлады.
Зынданға жылан ініндей
тастады бізді лақтырып,
ағаштың керді діңіне
дірдек те дірдек қақтырып.
Бейшара әйел, баламыз
Жасамаса да жат қылық,
сыйлады сөз бен мерезін
Созылып содан жатты іріп...
Біздер сол – аралдықтармыз,

Жылады жесір Африка.

Жылайтын солай,

күйеуін

Қойнынан суырып алғанда.

Сарт та сұрт үзіп кісенді

ызадан құлдар күшенді –

қайыққа қарғып жалаңаш.

Қыл арқандарын шиырып,

қылша мойынға бұйырып –

қасында тұрды дар ағаш.

Адамды аулау сәтінде,

азаптап, қорлау сәтінде,

туыпты «Фуку» деген сөз,

африкан сөзі – нәтінде.

Сөз емес – Фуку – қате естір,

Сөз емес – Фуку – бата естір,

Әдет сөз –

зауал зұлматты

атамайтұғын, аты өшкір!

Қайталап қалсаң – бұл сөзді,

Жаңғырар зауал індеті –

бұл сөздің сондай міндеті.

Алғандай өшін темірден

темірді фуку кемірген,

генуэздік бір сарбаздың

белінде шіріп, бөлінген

семсерге фуку ілінді –

сүйектен темір сылынды.

Кез келген доминикандық,

дінбасы,

жүрген ел қаңғып
қайыршы әлде етікші,
маскүнем жүрген жолды аңдып –
бәрі де ырымды елейді,
(тұрады фуку көмейде.)
«Кристобаль Колон» қолдар-ау,
«Колумбы» жебер демейді.
Креол әйел балаларды
қорқытпай қасқыр – бөрімен,
қарғамас үшін құдайды
сыбырлайды тек жөнімен:
«Жылама, ойбай, жыласаң –
альмиранте келеді –
сазайларыңды береді».
«Альмиранте» – испанша адмирал шенді дегені.

Күлкісі көмеш, май далап,
музейлік гидтер тайғанақ,
«Колумбыны» алмай ауызға
айтатын сөздің тігісін
өзгеше бірақ жаймалап:
«Альмиранте сүйегі
жатыр, – деп, – мұнда, – жәй ғана
таныстырады жаншылып
қоймайды ешкім,
ойлана.

Қанішер дүние сұмдары –
ескерткіш болып тұрғаны
белгілі, тіпті, жындыға.
Халықтық сана – қатты қу,

қулығы – тегіс соларды
санадан сілкіп лақтыру.
Мойнында қаны барларды
Фукумен сипап жоқ қылу!
Атағы асқан сүйектер,
даңғаза дақпырт көп кешіп
күрсінген кедей-кепшіктің
ұйқысын бөліп қақпа, есік!
Нанбасаң сұра олардан
көсемің кәне, «кім, кім?» деп.
Береді жауап сендерге:
«Аттарың өшсін – фуку, фуку, фуку!» деп.

Біздер – сол аралдықтармыз,
көргенбіз, бәрін ұққанбыз,
Құдай мен Таурат қойнында
адамның қаны мойнында
(аяқтың асты ар құны)
христиан аз ба дін бұзған,
кетер ме қанға кек қатқан,
құдайшылығын тоқтатқан
аты өшсін — фуку! жалғанда,
табынуға емес, алдауға,
алдауға таққан кресті
құдайсыздардың барлығы!

Испандықтардың айтуы бойынша, адмиралдардың мәйіті
қойылатын Севильдегі кафедралдық собордың сүмбісіне байланған
үлкен ауа шарындағы: «Демократияның Колумбысы —
генералиссимо Франко жасасын!» деген жазу алқызыл
бояуларымен алабұртып көрінеді.

Севильдегі 1966 жылғы фиеста салтанатын ашуға келген генералиссимоны қарсы алуға жиналған қарақұрым қаптаған тобырдың төбесінде: «Еңбекшілердің халықаралық ынтымақ күні— 1 Май жасасын!», «Испандықтардың кіндік қаны тамған жері Гибралтардан, британ империалистері, тарт қолыңды!» деген сияқты ұрандар андыздап айбын көтергенде, мені есімнен тандырып, мен күткен үкіметке қарсы демонстрацияның дымын шығармай, өңін басқа жаққа айналдып жіберді.

Генералиссимо халыққа қарсы тәртіптің қаһарын халықтық ұрандармен сылап-сипап, жатқызып жіберудің небір әдістерін білетін нағыз әккі жырындының өзі болатын. Қара халықтың атын жамылып генералиссимоны қарсы алған тобыр – құлай берілген адалдығы үшін басынан сипай-сипай маңдай шашы түсіп қалған мемлекет қызметкерлері, талай жылдан бері генералиссимо бәріміздің ортақ әкеміз деген уағызға ылығып, ниеттерінің түзулігіне көз жетіп тексерілгеннен кейін қарапайым халық деп ұлттық банкіден қарыз алып, алдаудың шылауында жүрген дүкеншілер мен жалдамалы сауда-саттық жасайтындар, ал ең соңғылары көтерме айқайдан тамақтарына сүйел пайда болған штаттағы шегендеулі кәсіби тыңшы-тіміскілеушілер еді. Көшенің көне тастарына тағалы тұяқтары бірқалыпты тиіп, баппен баяу қозғалып бара жатқан салт аттылар тобында – ақсүйектерге атқа мінуге лайықталып тігілген амазонка көйлектері – желбіреп, қара шляпаларының үкі-қауырсындары оқа-зермен жалтылдай ырғатылып – ұлттық киімге малынған король семьясы кетіп барады.

Олардың соңында оқ өткізбейтін шынымен шымқалған ашық «мерседес», сірә, сағатына бес шақырымдық ңана жылдамдықпен баяу жылжып барады. Оған қарай оқ атылып, ішінде жанғыш майы бар жарылатын шөлмектер лақтырылудың орнына шоқ-шоқ сирень

мен орхидей, қалампыр мен райхан гүлдері көміледі. «Мерседестегі» бойы машинаның маңдай терезесінен аспайтын, үсті-басын гүл жапырақшалары жауып кеткен, бет-әлпетіндегі жайбарақат рай саудасы жүріп берген жергілікті дүкеншінің қалпын танытатын тығыршықтай ғана адамсымақ айналасындағыларға әкелік қамқор қабақ көрсеткенсіп быртиған боржық саусақты, қамшы сап қысқа қолын көтереді. Оң қолы шаршаса сол қолын, сол қолы шаршаса оң қолын бұлғап бәйек болады. Бет-әлпетінен халықты әжуа етіп тұрмын-ау деген әбігерленушіліктің мысқалдай мазасыздығы байқалмайды, сондықтан да тұла бойымнан мемлекеттік мейірбандық, иман есіп тұр деп рақаттанатын тәрізді. «Халықтың әкесін» көзі шалып қалсын деп кейбір әке-шешелер балаларын мойындарына көтеріп, алаөкпе боп алқынады. Көптеген адамдардың азаматтық айызы қанып, көздеріне еріксіз жас көлкілдеді. Полиция шебінің арасын бұзып-жарып әрең өтіп автомобиль қорғаушысының баттасып қалған ізіне жетіп құлаған жас шамасы неғайбыл бір сенъора (әйел) балгер-бақсыдай өзінен-өзі бірдеңе-бірдеңе деп күбірледі. Түрме мен цензураның ауызкергіштерін езулеріне байлап қойған бүкіл ойлана білетін испандықтардың пікірінше – Лорканы өлтірген қанішер, жас испан республикасының түбіне жеткен жендет, бүкіл елді өтірігімен ермегіне түсіріп, басын шырмап алған барып тұрған айлакер, саяжайлар мен жағажайларды, музейлер мен пейзаждарды сатып, корридалар мен кастанъетталардың қызығын кешіп, қолжаулық донкихоттарды табанына таптап жүрген генералиссимо Франконы қарсы алғанына құдайдың қолын ұстағандай болған мына тобыр:

— Вива генералиссимо! Жасасын генералиссимо!— деп жанұшыра, тамақ жырта айқайлап, ит-әлекке түскені бар. Бірақ мына тобырдың ойынша — екі ағайын елдің бірін-бірі бауыздаған

қанды қасап азамат соғысын тоқтатқан сол көрінеді, тіпті оның құрбандарына арнап екі жаққа да ортақ бәтуа монументін қойғызған тағы сол көрінеді. Осы тобырдың ойынша – екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Россиядан «Жасыл дивизион» деген жартыкеш жарнақпен құтылып, Испанияны апаттан аман алып қалған сол көрінеді. «Тіпті испан жағынан болса да – пиренейліктер өз жерінен әскер өткенді суқаны сүймейді»,— деген сөзді адмирал Канариске сол айтыпты деседі.

Осы тобырдың ойынша – ол елге жалаңаш жәләптыққа, қысқа юбкаларға, күй мен сүюдің өліп-өшуінен тұратын фильмдерге, ар мен ұяттан бездіретін шығармаларға шекара шек қойған, бір сөзбен айтқанда, батыстың бейбастақ әсерінен аман сақтап қалған, соған қарсы күрескендерді желеп-жебеп отырған – елдің қайырымды қожасы көрінеді. Испанияның информация және туризм министрінің менің Мадридте өлең оқуымды сұраған қағазына Франко байқап-байырқалап барып, мектеп баласының дөңгелек қолтаңбасымен «Ойлану керек» деп белгі соққан еді. Ол белгінің жоғары жағында ішкі істер министрінің «Менің өлігімді аттап өтпесе – рұқсат жоқ» деген бұрыштамасы тұрған болатын. Әрине, менімен кездесу өткен жоқ, бірақ генералиссимо бұған ешқандай кінәсы жоқ адам сияқты қалды.

— Виво генералиссимо! Жасасын генералиссимо!— деп өңештерін жыртып өзеурей айқайлаған тобырдың дауысы Севильдің кафедралдық соборының қабырғасын қақыратып жіберердей еді. Егер осы собордың ішінде жатқаны рас болса, Колумбының да сүйегі шайқалған шығар-ау...

Өлгеннен соң адмиралдың қаңқасын

шашты теңіз –

шықты жаңқа-жаңқасы

алды ашуын,

шашы жидіп,

сүйегі қаңғып кетті,

болып теңіз малтасы.

Королева әмірімен жасырын

каравелла мәйіттерді тасыды.

Ал бір күні –

түн ішінде бір өлік,

табытының қақпақтарын шіреніп,

үңірейген тесігінен сығалап

көзі көрмей,

кеңістікке тіреліп

шірік етік,

омырылып өкшесі

тірей алмай, тірей алмай түнеріп,

Сыйып кеткен қауызынан тарының

шықпақ болды тіршілікке тіленіп

Саусақтары саудыраған қалтылдай,

жұлдыздарды уыстамақ алтындай

табытына қалды қолы қысылып,

Көзден елес ұшып кетті, ұшынып...

Қаңқа баста жаңқадай да жоқ белгі.

Үкілеген даңқы да ұшып кеткен-ді.

«Мен Колумбы, Колумбымын!» –

бас сүйек

емексіді еске алмақ боп өткенді.

Теңіз сонда тыпыршыды теңбіл көк,

теңіз желі ыңырсыды гу-гулеп,

толқын тулап,

желі шулап жіберді:

Атың өшсін –

«Фуку!», «Фуку!», «Фуку!» деп,

өтірігін өзі қалай сезбесін,

Жалғандығын – ашқан, тапқан кезде осы.

Таз кепесін қайта киді амалсыз

Индияның жалған жиһанкезбесі.

Сүйектері әр аралды жағалап –

сүйегіне басты өзінің қара дақ.

Жұрт айтады Санто-Домингода

оның

Мәйітінің жатқандығы деп ағат.

Өйтуі де мүмкін оның бүйтуі.

Күдік рас,

жоқ ешқандай сиқыры.

Мен ойлаймын

бұл табытта шіріген

Трухильоның⁸ шығар деп өз қиқымы.

Ал біреулер деген оймен «бұлдайық»,

Севильде деп сыпсыңдайды бұл мәйіт.

Жиһанкездің табыты десе туристер

Сипайды кеп –

келсе болды ыңғайы.

Бас қаңқасы кетті бірде қызығып

шап беріпті –

бір білекке бұзылып,

үндістердің көсемінің қызының

жүзігіндей, алтын екен жүзігі.

Ал біреулер...

Гаванада деп олар,

⁸ Трухильо – Доминикан республикасының диктаторы (1930 – 1938 және 1942 – 1952 жылдар)

бұл сүйектің жатқан жерін шамалар,
қанқа – сүйек қыжылынан іштегі
шақыр-шұқыр шықырлайды тістері –
тірі болса табар еді-ау бірдеңе
бағындырар,

табындырар, табалар.

Адмиралдың үш табыты үш аралда жүрсе егер,
үш қаңқасы бар дегенге кім сенер?

Таққа құмар, даңқ құмар ындыны
тәнін үшке тәрк етті ме тілшелеп?

Даңқ құны болса егерде қанқұйлы,
даңқың шықпас –

қанша құдірет бол, мейлі.

Сондай даңқ адмиралдың сүйегін
көрде өкіртіп бір тыныштық бермейді.

Алдымен испан конкистадорлары (жаулаушылары) үндістерді
«жынды сумен» суарып келеке-қызығына батса, кейіннен үндістер
сынған шөлмектерді үскідей үшкірлеп, жебенің ұшына қадап,
өздерін ататын оқ етіп пайдаланған.

Статуялар,

ұшырған көкке күліңді

(кім берер сенің, кім төлер сенің құныңды.)

Қалдықтарыңның астына таптап көмер ем,
конкистадорды қанқұйлы, ескі жырынды,
қолымнан келсе – жоқ қылар едім санадан
басқыншы деген қанішер жаңа ұғымды.

Кемеге тиеп саудыр да саудыр бұғауды
неге әкелдіңдер, тып-тыныш жерге ыланды.

Картадағы аппақ алаңқайларды қан етіп,
батырлық жасап, баса алдыңдар ма құмарды?

Адмирал жазған күнәға белден шатылып,
өлер алдында аласұрыпты аһ ұрып.

Үндіс сардары Каонабоның қандарын
алапес қолдан қырмақ болыпты қапылып.

Ойлаймын дүние,

қарға тамырлы қан ба деп,
араласпаған, аралас қансыз бар ма деп.

Үндістің қаны Колумбы жұтқан, күнәсіз
«немересінің сүйегінде жүр таңба боп.

Зәу-затым менің «Санта-Мариям» –
балық бөшке – аш өзегім таныған.

Қылмысым бар қысылатын қаншалық,
не күнәм бар жарылмайтын ағынан?

Крест таққан мен «кұдайдың» құлына
киянат қып айдамадым, концлагерь сымына,
Зар еңіреп, қан жылайды жүрегім
адамзаттың төккен қаны-құнына.

Азаптаудың тамұқ оты енді аңыз,
(енді аңыз деп әсте алаңсыз болмаңыз.)
Қылша мойны талша боп тұр күллі әлем
қолдан келсе ал кәнеки, қорғаңыз,
күллі әлемдік қорқыныштың,

жұқпалы

Жыбырлаған жәндігі боп қалмаңыз.

Орта ғасыр ойрандары ол дағы –
(аюға ұқсап қорбаң-қорбаң қалмады.)

Біреулердің көтергенсіп шашбауын
«аңға шығып» аңдып жұртын басқаның,

басқыншы әдет бас көтерді қандағы.

Барлық елдің жарақатын, жарасын
қабылдамай, қалай ақын боласың?
Ғасырмен тең – ақын біздің ғасырда
сол ғасырдың беретұғын шамасын.
Құлыптасы – ақын күллі құрлықтың
ескерткіші болсын мейлі, болмасын,
Ұмыттырмас ешбір адам баласын.

Алаңғасар ашкөзденіп тойымсыз,
мақтанса егер, мастанса егер уайымсыз,
аштарменен ойланбаса аш болып,
Ондай ақын –
өз халқына қайырсыз.

Біледі ақын қай заманнан бастасаң,
(сол соғыстан тиді маңдай тасқа сан.)
Қанау-тонау, езіп-жаншу құрымай
Соғыстың да аты өшпейді ешқашан.

Төтеп берген орта ғасыр отына
(артық шеннің қажеті жоқ атына).
Әлемдегі езілгендер – елшісі
сенеді ақын, соңындағы хатына.
Қарғау керек қанмен даңқы шыққанды,
қоспау керек даңқтылар сапына.

Команданте Че қызық көргеннен немесе қажетсінгеннен
қойылғанын байқау үшін менің өз сұрағымды өзіме қойып алып,
мені көзінің астымен бір сүзіп өтті.

Менде өзім үшін емес, ол үшін түрлі үрей пайда болды – көзімді тайдырып әкеттім. Блоктың суреттегеніндей ол – «өлімге бас тіккендердің өзінен» еді.

Команданте Сьерра – Маэстраның батпағы әлі кете қоймаған өкшесі зілдей солдат ботинкасын сарт еткізіп қалт бұрылды да, терезенің алдына келді. Гавана түнінің бір бөлігін қанатымен дір еткізіп қағып жібергендей үлкен қара көбелек оның сарғыш көк көйлегіндегі погонының астына қыстырған телпегінің (бас киімінің) маңдайындағы жарқыраған жұлдызшаға келіп қонбасы бар ма?

– Менің әуелде дәрігер болғым келіп еді, бірақ бір ғана медицинамен адамзатты азаптан құтқару қиын екен...— Команданте бұл сөзді теріс қарап тұрып жәйімен айтты.

Содан кейін ол тағы да кілт бұрылды, көздеріндегі өңменіңнен өтетін өкпек желдей өткір ызғардан мен бұл жолы да тайқып кеттім. Көзінің айналасындағы түн қатып, түс қашқаннан түскен әжімдер тұтасып, қабағы қалыңдап кеткендей сыңай танытады.

– Сіз велосипедпен қыдырасыз ба?— деді ол маған. Мен оның жүзінде әзіл үйіріліп тұрған шығар деп назар аударып едім – оның құп-қу өңінде күлкінің нышаны да жоқ екен.

Пианистің саусақтарындай жіңішке саусақтарымен кофе шыныаяғын еппен ұстап, орындыққа отырып жатып:

– Кейде революционер болуға велосипедтің көмек-тесетіні бар,— деді. – Бала кезімде мен велосипедпен әлемді аралап шыққым келетін. Бірде мен велосипедіммен Майамиге ұшқалы тұрған керіскедей жүк самолетіне кіріп кеткенім бар. Самолет бәйгеге қосатын аттарды алып бара жатыр екен. Ал мен кіріп алған соң велосипедімді қабырғаға сүйедім де, өзім көзтаса қаға беріске тығылып жатып алдым. Ұшып келгеннен кейін ат иелері бұрқан-талқан болды. Жылқы жануар кінәмшыл емес пе, менің

көлденеңнен қосарлануым аттарды әлденеге алаңдатып кете ме деп олардың имандары ұшыпты. Ызадан жарыла жаздап, олар мені самолеттің ішіне қамап тастады, ал самолеттің іші ыстықтан күйіп кетті. Мен тұншығып дем ала алмай қалдым. Ыстық пен аштық қатар қосылған соң қойсын ба, есім ауып сандырақтай бастасам керек... Тағы да бір шыныаяқ кофе ішпейсіз бе?.. Талғажау бола ма деп шөп талмадым, одан жүрегім айнып, лоқсыдым. Бір тәулік өткенде удай мас боп, сірә, бәйге ала алмаған болуы керек, атбегілер келді. Біреуі жартылай ішілген бір шөлмек кокаколаны маған қарай жіберсін кеп. Шөлмек быт-шыт болды да, сынған шынының бір бөлігінде бір жұтым су қалды. Сол суды ішем деп шынымен ернімді орып алдым. Қайта ұшып бара жатқанда атбегілер вискиді суша сапырып, сандвичті⁹ айыздары қанғанша күйсеп, әбден ызамды келтірді. Бір жақсысы олар кенеп қапшықпен аттарға су беріп тұрды, мен де жануарлармен бірге сол судан кепкен аңқамды бастым...

Бұл әңгіме империализмге қарсы солшыл жастардың ниетін өз кәделеріне жымын білдірмей пайдалана қоятын империалистік жылмақайлықтың комендантенің са-қал көмкерген қайғылы бет-жүзін мөр ғып басып, қаптаған көйлек-көншек шығара қоймаған 1963 жылы болып еді. Команданте жазу үстеліне ғайыптан тайып келе қалмаған Қытайдағы партизандық соғыс туралы кітапты саусақтарымен шертіп қойып, менің жанымда кофе ішіп отырған. Бірақ, Боливияға дейін-ақ оның аты көзтірісінде аңызға айналып кеткен болатын, ал есімі тірісінде аңызға айналғандарға ажалдың да көзі аларып көп қарайтыны белгілі. Ал бұл сол ажалды өзі іздеген сияқты. Сондай бір аңыз ретінде оның күтпеген жерден саусақпен са-нарлық сай тасындай бір топ серіктесімен Вьетнамға ұшып келіп, Хо Ши Минге бірге күрескісі келетінін біл-діргенін

⁹ Сандвич – арасына ет салынған нан..

айтады, бірақ Хо Ши Мин инабатпен қарсылық білдіріпті дейді. Шыбын мен маса құжынаған Боливияның батпақты елді мекендерін еңдей кезіп жүріп команданте ажалмен қаймықпай қарсыласуын сонда да қойған жоқ. Оны сатқан солар үшін өлімге бас тігіп, қайтсем бүйірін шығарамын деп жүрген өзінің аштары болатын. «Батыр – аңғал» деген, ал бұл баспаналатқандарға уәдемен байытқанындай бас еркін берудің орнына, олардың әрқайсысын қанға бояп өз соңында жазалаушылардың жүргенін ескерген жоқ. Ажал оған Ля Игердегі ауыл мектебінде мұғалім столында әбден шаршап, аурудан қажып отырған сәтінде келді. Әскери наградадан есекдәме адамды есінен тандырып келетін «Тұр орныңнан!» деген әкірең-айқай болады ғой, сол әкірең-айқаймен келді – бірақ бұл балағаттайтын дүниесін әлгінде ғана сықпыртып алып еді, әкірең-айқай әміріне сондықтан айылын жиып, орнынан қозғалуды ойлаған да жоқ. Артынан ол үсті-үстіне жаудырған оқты ауырсынудың орнына, ерегескендей – езуін жимай күліпті дейді, сірә, бұл оның ажалды да айызы қанып қарсы алғаны болуы керек. Оның пианистің саусақтарындай нәзік саусақты қолдарын өлі денесінен шауып алып, самолетпен Ла – Пасқа дактилоскопиялық таным жүргізу үшін алып кетті де, артынан адамдар келіп мінәжат жасайтын бейіті болмас үшін сүйегін бұтарлап-бұтарлап далаға лақтырып жіберді. Ол егерде, жан-тәсілім алдында езу тартып күлген болса, адам – пенде бүкіл ғұмыр-тіршілігінде қолынан келмейтін дүниеге ажалға бас тігіп, өлімге бел буғанда ғана қолын жеткізуге болатынын түсінгендіктен күлген шығар. Егер Христос өлермендікпен дербес пенсия алып барып көз жұмса, христиан діні болмаған да, оған ешкім мінәжат етпеген де болар еді.

Ал сонда денесінен әлі шауып тасталмаған қолымен кофе ішіп тұрып, әлі ойып алынбаған көздерімен өңменімді тесе қадалып, команданте маған былай деп еді:

— Адамдарды революционер жасайтын бірден-бір жағдай —
аштық қана. Не өзіңнің, не өзгенің аштығы. Бірақ соны өз өзегіңмен
сезінгенде ғана...

Тас жарып шыққан жаралы гүлдей,
жабайы гүлдей Каракас,
мұнаймен жардың шешек гүлінді —
мұнайға шып-шып қара тас.

Секілдісің сен,
сән сарайлар мен атнөпір лашық — ойнағы,
Жаулаушыларың астыңда жатыр —
шіріген сауыт-сайманы.

Қайсыбір бикеш көшенде сенің торала шұлық балтырын
майыстырады,
қайыстырады. Қайшылай келіп қарпыды.

Әлдебір елес кезегіменен түрткілеп,
көсеудей семсерсымағы,
дірілдетіп қаңқаларды құлағынан бұрады.

Қаңқа бірақ қайдан тұрсын —
көсеу семсер көстеңі

Жылтыраған едендерді жыртып-тесіп шығады.

Жасатқан осы немерелер ғой —
мұнайдың мұнараларын,
лимузиндермен жүйткіп жүр әне,

артының қандай боларын
білмейді олар, құн төлейтінін —
буланып жатқан асфальтта

Колумбы семсерлері емес пе екен?

Төлейтін құнның хабарын —
төбе көтеріп білдіріп жатқан —
ішінде барын зауалын.

Сазайын түбі тартады сөзсіз,

тартқызады оны тағдыры!
Лыпасыз лашық, көр кепелердің
көрсен ғой егер іштерін,
қап-қара болып ашу-ызадан
қайрайтын аз ба тістерін.
Ушығып ашу, ушығып ыза
жаңағы нәжіс сулардан
Шашпай ма шайқап уылдырығын...
көрсетпей ме екен күштерін.
Булығып жатқан, буланып жатқан
осынау ұйық тірлікке,
Команданте, Сіз бенен біз де
шырмалғандармыз кіндіктен.
Бұл деген қамыт –
мойныға таңып,
сөліңді сығып сүйрейсің,
Өле-өлгенше ме, өлгеннен соң ба –
сүйрейсің қанша... білмейсің.
Нысапсыз ұйық, табаның тиіп –
қалайша табан тірерсің,
тірілерге түгел «жыным бар» десе –
жымысқы сырын білерсің...
Табыттан бетер қамыттан шығар –
қалайша айла табасың,
қырқылған қолмен, күресіп кіммен
жыртарсың кімнің жағасын.
Махаббатыңды машақат көрер
мехнат-азап таратар
Ұрық көбейтіп, ұрпақ өсіру
қылмысқа мұнда пара-пар.

кеміреді кеп үмітін

қайқайтып алып құйрығын жерден,

маймиып алып табаны:

Атжалман біткен шетінен семіз,

жылтырап жоны май шығып,

ал аштық деген ұрлықтың – түбі,

қорлығы соның – қайшылық.

Атжалман – анау ракеталар,

әлемдегі аш балалардың нанына

кебеже қарнын толтырып алып

кезеді көкті айшылық.

Сүңгуір қайық – атжалмандардың

тістері сықырлағанда,

Салыну күткен,

мектептер менен емхана біткен –

молаға айналар табанда.

Бір алаяқтың атжалман – айла-қулығы

ана-көкіректі алдап соқты да,

сүт-мүтіменен емініп тұрып үңгіді.

Өз ұяттарын үңгімейді олар

болмайды иман, ойлану,

Өзгені мүжіп өмір сүру ғой –

атжалмандыққа айналу!

Жер бетіндегі қару біткенді қол көтеремін көмуге,

Че Гевара, керек десеңіз,

автоматыңды сенің де!

Шынымды айтсам мен соның бәрін –

атжалман аулар тұзаққа,

қолтұзақтарға айырбастар ем,

айырбастар ем тегінге.

Жер бетін шарлап дүниені кезген кезбемін,

Не үшін кездім?

Өзімнің іштей сезгенім:

Кездірген мені – аштық қой деймін.

Иә, аштық.

Өзімнің және аштығы шығар өзгенің.

Кеміргіш біткен

Колумбыға арқа сүйеген

білдірмей жымын

құрытпас үшін көздерін.

Ресторанда қолтығына еніп біреудің

қабақтай керіп қарнымды мен де шірендім.

Ішегімді бірақ шұрылдатады басқа аштық,

басқа бір дүние жетпегендіктен түнердім.

Рух киесіз,

ұшпаққа қандай шықсаң да,

Рақат жоқ онда,

аштық та сонда, жұт сонда!

Әлемнен көріп атжалмандықты аламан,

қиялды көріп

құрдымға сіңген санадан түңілген сәтте,

Эфиопия шөлінде

бұралған аштан адамға өзім саналам.

Сынық қарындаш ұшын мен тіл ұшыменен жібіттім,

баланікі емес алақаныма таңбалап

бір нөмір жазып іліктім.

Төртінші миллиард –

нөміріммен қолымда

Кезегіне кеп тұрамын мен де үміттің.

Қай жақтан шыққан бұл кезек, қайдан басталған?

Қыс ауылының дүкеніне кеп дүмеген халық тұрғанда,

дүкен есігін жұдырықпенен

ашқызамыз деп ұрғанда,

басталған шығар,

алып-сатарлар ар жағында ауыз жаласып,

атжалмандықпен аламан сауда бітіріп олар тынғанда.

Созылған кезек –

созылған сонар – драма сынды тым ұзақ,

адамзат маршы ілеседі ілбіп,

ілеседі әрең қызық-ақ.

Созылған кезек

Амазонканың ағысы болып құйылған

Сібірдің сіңер бұрқасынына қосылған сынды

қиырдан.

Созылған кезек жыландай жылжып

көшелерімен Далластың,

құйрығы бірде Ливанға жетіп

бір қайқаң етіп шиырған.

Адамдар әбден зарыққан шығар,

тарыққан шығар тегінде

атжалмандарсыз, алаяқтарсыз,

өз ажалынан өлуге!

Шегіне жетті,

Зарықты адамдар

өмір сүруге қысымсыз –

тоңмойын, менмен, тәккаппарлықсыз,

тарттырылусыз, пішусіз!

Жан дүниесі азғындағандар – бойынан рух байқалмас,

Жан дүниесі азғындағанын азар да безер... айта алмас.

Еркіндіктің ең болмағанда – бір үзім қара наны үшін,

күллі халықтар кезекте тұрар –

келешек күннің қамы үшін.

Қарындашымды бір сулап алып тіл ұшымменен тағыда,
дір ете қалып болмысым бүкіл қан құйылғандай қаныма
Данте әлемінен дәметіп маған қырқылған қолын ұсынған
Туған ауылымның нөмірін жазам командантенің қолына...

Қабылдау бөлмесінің дәлізге шығатын еңсегейдей емен есігі астына мұқият сыналаған бір сүйір сүйем ағаш арқылы ашық еңкейіп, әрлі-берлі өткендерді әдемі аңғартатындай еді. Қызғылт қынадай қою шашты парик киген, сфинкс тәрізді ірі сүйекті, денелі әккі хатшы әккілік танытып осы бір сүйем ағаштың қызметі арқасында егер бастығы сән-салтанатқа пайдаланатын сырт жақтағы екінші есікпен көтерілмесе, кабинетке жақтауының бәрі таяныш, қызыл барқыт төселіп тасталған осы мрамор баспалдақпен келетінін біліп, көз қиығымен қиядағыны шалып отыр.

– Бекерге күтесіз...— деді маған хатшы қыз. – Мен сізге ол кісінің бүгін шетелдік делегациядан қолы тимейтінін ескертіп едім ғой.

– Оқасы жоқ, мен күтем, – деп, келте ғана жауап қайырып, қабылдау бөлмесінің бір бұрышынан баспалдақ бессаусақтай көрінетін, әрекетіме ыңғайлы әдемі орын таңдап алдым.

– Бір жерден жел соғып тұр ғой... – хатшы қыз екі иығын тыжырына қозғаған бетте сүйріктей сәнді итальян туфлиіне, сірә, үлкен әбігермен сыйған футболшының балтырындай бура сан, түйетабан аяғымен су төгілмес жорғадай тайпалып барып, есіктің астындағы сына ағашты туфлиінің тұмсығымен еппен ғана итеріп жіберді.

Есік бүкіл серіппелері сықырлап, басқышты көзден тасалап, сарт жабылды.

– Ал, енді қапырық боп кетті ғой, – мен сөзімді тағы да қысқа қайырып, қозғалақтап орнымнан тұрып, айтқанымнан

қайтпайтындық танытып, есікті аштым да, сына ағашты аяғыммен жылжытып бұрынғы орнына енгіздім.

Хатшы қыз қорланғаннан көздері тас төбесіне шыққандай, қабылдау бөлмесінен атып ала жөнелді. Сөйткенше болмай, көмекші кірді, бөлмеге кірген адам сияқты емес, бағыты менде, назары маған ауып, есіктің жақтауында тұрып қалды.

– Беу, өз уақытыңызды аямайды екенсіз, Евгений Александрович, аямайды екенсіз-ау, аямайды-ақ екен-сіз... Ал, ол деген сізге алтыннан да қымбат қой. Мен сізге оның бүгін болмайтынын айттым ғой. Бізге сенбейсіз ғой, сірә, бізді бюрократқа санайсыз ғой, ал мен болсам сіздің зая кеткен уақытыңызға күйіп-пісемін, – ол маған тура қарап, қамқорси сөйлеген қалып таныта тұрып сәл-пәл артқа қарай шегініп, сол аяғыммен есіктің астындағы сына ағашты шығармаққа шұқылай бастады.

– Тимеңізші, ағашқа маза беріңізші, – дедім мен қатқыл дауыспен.

– Қай ағашты айтасыз? – балетте билейтін адамдай сол аяғының ұшын қимылдатуын әлі қоймаған қалпы ол маған мүләйімси қарап, орынсыз ыржалақтады.

– Мына ағашты, – дедім мен де оның сыңайына қарай мүләйімси, момақанси жарамсақ дауыспен.— Қарағай ағаш екен... қатты ағаш екен... әдемі ағаш екен өзі...

Жақындап келдім де ағашты есіктің астына қарай кеулетіңкіреп, тереңірекке итеріп жібердім.

Көмекші бүкіл денесімен сылқ түскендей жаншыла дем алды, өйткені бұл кезде басқыштан сән-салтанатсыз көтерілетін есікке қарай беттеген Оның тұлғасы көрініп еді. Мені көрісімен, Ол табан астында жағдайдың жайын таразы басына салып үлгіріп, кілт қабылдау бөлмесіне қарай бұрылды, білегіндегі жара-тыртығын

әдіптеген шілтер жауып тұрған теннисшінің тегеурінді қолдарымен менің қолымды мытып-мытып жіберді.

– Кешіріңіз, сізді күттіріп қойған екенмін ғой, – ол ашық қабақ, қонақжай күлкі сыңайымен мені кабинетіне қарай шақырған мезірет танытып, жүріп келе жатып бұлғын мانتосын шеше бастады.

Мен оған көмектесуге қам жасадым, ал ол мұны мемлекет қамын ойлайтын әйелдің әйелге тән алғыр қасиетімен тез аңғарып, тез бағалап үлгірді. Мен оның өз нарқын өзі бағалай білуіне, физкультурамен шынықтырғандай сұп-сұңғақ сұлу денесіне таңғалдым.

Мап-майда жылжып бөлмеге енген хатшы қыз манағы жәбірленген қалпымен мен жаққа мойын бұрмастан, бильярд тақтайының көк мауытысындай матамен тысталған ұзын мәжіліс столының бір шетіне поднос әкеп қойды.

– Қашандағыдай – ашық сөйлесеміз бе? – деді Ол маған бетіне бу үйірілген стаканнан шай ораған «Липтон» пакетін салмақтап өлшегендей қолына ұстап тұрып.

Кенет Ол жеңіндегі шілтер-әдіптен білегін созғанда жаратыртығы керінетіндей қолын созып жіберіп, менің қолымды өзінің қолына қарай тартып алды да, әлденені шын түсінбейтін адамның шынайы ынтығымен:

– Женья, құдайақы, түсіндіріңізші маған, осы сізге не болған? Сізді жариялап жатыр, шетелдерге жіберіп жатыр. Сізде – талант та, атақ та, ақша да, машина да, дача да бар ғой... Семейаңыз да бақытты болса керек, сөйте тұрып неге сіз үнемі мұң мен машақат туралы, жетіспеушілік, қайыршылық туралы, күту, кезек туралы жазасыз? Не жетпейді Сізге, айтыңызшы, не жетпейді? А?

Команданте, жүр менімен
аралайық, жолды жырақ.

«Бере гөр!» деп жөргегімнен
Тіленбедім. Берді бірақ.

Сонау алыс қырық бірде
қабындаған сынақ – сыны,
Бала едім мен сірне-сірне
қырық құрау құлақшыны.

Маған патша сусар бөркін кигіз,
камқа түкті тонын,
бас айналар басты дертім –
кедей кербез, қалмас тегім.

Қалтам қанша қалыңдасын,
айналамда алаяқтар
алмағайып топ құрап,
ақша сынды менің басым
домалаған жоқ бірақ.

Басып перрон айқай-шуын
Жүзден мысқыл жасырып.
Жүкші мені елден бұрын
қарсы алмайды
қол арбасы тосылып.

Таксиге мен домаланып
дөңайбатсыз мінем-ақ,
таксист көзін қадап алып,
«шығыңыз» дер сыналап.

Зарядьеде бір қыз маған:

«Ағай, – деген, – өзіңізде
бар ма, сірә, тек дейтұғын?
Қараңызшы, көзіңізде
кедейлік тұр кетпейтұғын.
Таксистерге сөзіңіздің
Себебі сол өтпейтұғын».
Күлдім сонда. Тапты қалай,
Әдемі айтты, не керек!
Кедей едім. Қалдым солай,
Кедейлігім – керемет!

Кедейліктің ең ғажабы –
тарыққанда таба алмау,
Жылпос тұмсық жорғалардың
Жоқ жеңісі, жоқ алдау.

Кедейліктің ең ғажабы –
ойдағыны жасырмау –
сырахана ауласында
мүгедектің арбасында
отырсаң да бас ұрмау.

Кедейліктің ең ғажабы –
қабақтары қас-қағым
Жер таңдамай, күй таңдамай,
көңілдері жалғанады
дырдуында пасханың.

Кедейліктің ең ғажабы
кедейсінбей жырғауы —

трамвайда
бақырларын
Жоғалтқанға қыңбауы.

Қалтам егер сыңғырласа,
Түк қалдырмай қағамын.
Бар байлыққа бір жырғасам –
байығандай боламын.
Кейін өлем... зіл-заланы
Жұмақ көрем бөленер.
Кедейліктің бір ғажабы –
өлсем орным – қара жер.
Өзім кейде өлсем деймін,
өлтіртпейді өзгелер.
Мен өзімді бөлсем деймін
өзіме де, өзгеге.

Көргенімді, көрерімді,
келетінді қолымнан,
Рязаньға да, Парижге де
берсем деймін жолымнан.

Сүйектерім салқам-салқам
базаршылап сабылдым.
Бәрін берем Коста-Рика,
Уругвайға барымның.

Бір үзім нан жан болады
Аш өзекті жалғасаң.
Кедейліктің ең ғажабы –

өле ішкенше бөле ішуі,
бөлісуі әрқашан.

Бір кездегі сібір кемпірінің перрон басында бір үзім нанды қалай бөлгенін келтіре алмай актриса әбігерге түскені! Ақ тер, көк тер болды, бірақ саусақтарынан жалған қимыл сезіліп тұрды. Сол кезде оператордың ту желкесіндегі топтың ортасында аузын ашып, таңырқай қарап қалған кемпірге көзім түсті. Оның көзінде мың сан рет кезекте тұрған жансебіл әйелдің көзқарасы бар еді. Оны қайтадан киіндіріп жатудың да қажеті болмады, өйткені сексен үш жасар кемпірдің үстіндегі киім сол қырық бірінші жылғы киіммен пара-пар еді.

– Мүмкін, сіз байқап көрерсіз?— дедім мен жәй ғана.

Ол түйіншекті қолына ұстап, темір жол қоймасының бөрене қабырғасына сүйеген қапшыққа тізе бүкті. Іске қосылған камералардың тарсыл-тұрсылына зәредей назар аудармастан, ол алдында аш адамның тұрғанын балаға қарамай-ақ көзін жұмып көргендей еді.

– Балам, бері келе ғой, – деп күбірлемей-ақ бір күрсінді де түйіншектің шетін шеше бастады. Ол нанды әр талшығының қасиетін саусақтарының ұшымен сезінгендей сипалай сындырды. Қара қылды қақ айырғандай бір үзім нанды қақ ортасынан бөліп алды да, баланы аяныш сезіммен ашуландырып алмайын дегендей еппен ғана ұсынды. Одан кейін орамалының шетінен шығып кеткен ақбурыл шаштарын сол қолымен жәйімен ғана түзеді де, оң қолының алақанындағы нанның үгіндісін бір қиқымын қалдырмастан тілінің үстіне тастап жіберіп, әлгі бір түйір нанды апыл-ғұпыл жеп жатқан балаға көзі түскенде бәрібір аяныш сезімін жасыра алмай – мұңға толы көкшіл көздерінен жас ытқып-ытқып кетті. Оператор шыдамай жылап жіберді, маған осынша уақыттың, адамдардың арасындағы шекара жойылып кеткендей, менің

алдымда маған тілім-тілім, күс-күс қара қоңыр алақанымен,
арзанқол ғана мыс сақина өткізген мүйіз-мүйіз мейірбан
саусақтарымен менің балалық шағымнан шығып баяғы сібірлік
кемпір бір үзімнің қақ жартысын қайтадан ұсынып тұрғандай
болып көрінді.

Уақыттың, адамдардың, халықтардың арасындағы ше-
каралардың жойылуынан артық қандай жақсылық болуы мүмкін...

Мен сендерді құрметтеймін,

қызғылт жүзді шекарашы бауырларым,

жер-көкте

туған елдің тыныштығын

кірпік қақпай күзеткендер тұғырда,

«Мемлекет және революция» атты

лениндік еңбекте

шекарасы болмайтұғын әлем жайлы

мықты айтылған, шынында.

Шекараның әр бағаны

өз-өзінен байызсыз да сенімсіз,

басқа жапырақ, басқа ағашты

сағынады, сарғаяды көңілсіз.

Ағаш екеш ағашқа да ең ауыры жазаның –

шекаралық ағаш болып

сағыну мен сарғаюдың тарту шығар азабын.

Шекаралық бағандарда қалғыған құс – ерқара,

ағаш мұңын өлтірсең де

ойлай алмас толғана.

Шекара да ең алдымен

адамдардың өз ойынан жаралды,

шеңберімен шектеп сосын

шыр үйірді адамды.

Шекаралар шығарды ойлап

полиция, әскерлерді, шекарашы солдатты
таможня тексерісін бас куәлік –
паспорттарға жалғатты.

Шүкір, тоба!

Көз көрмейтін бар екен бір тініміз бен жібіміз,
қан тамыры секілденіп,
бір Құдайдың тамырынан тарапты.

Махаббатқа махаббатты,

сағынышқа сағынышты қосу үшін жан салар
сол суыртпақ, сол бір тіндер темір торлы арандарды
бұзып өтіп, жол салар.

Қайдағы бір Парагвайда

тамып кеткен көздің жасы буланып,
Эскимостың мұртына кеп
таңғалмайсың мұздақ болып қонса олар.

Ойлайды ғой қабырғасы

Чилидегі түрменің
тас шекара болдым-ау деп шемендеген іргені:
Ойлайды ғой: «Қандай рақат,
бұзса мені, тас-талқан ғып тастаса,
сүйегімнен лунапарк, аурухана, мектеп...
сала бастаса».

Нью-Йорктың көк тіреген

(кекшірейген) ғимараттар ғаламы
шалғын иісін ұмытты ғой, жер иіскемей табаны:
«Кремльдік мұнарамен –
(жоқ-ау рұқсат!)

төс қағысса қайтер ед»
деп ойлайды,

неон шамнан көгіс тартып қабағы,
маңдайында әжімі бар шамалы.
Бағзы-бағзы замандағы бабаларым еске түссе қиналам,
Жаудың басын олжа көріп
үңгірді үңгіп көмген дағы жинаған.
Тас найзасын қанға малып,
үшкір ұшы қан жалап
ең алғашқы шекараны тартқан сол ғой таңбалап.
Бас сүйектен тау тұрғызса –
Эверестке жетер ед,
Жер жарықтық қабір – табыт қорабы боп кетер ед.
Шекаралар тұрғанда әзір қаз-қалпында қалыпта,
Біз бәріміз – бағзылармыз,
дейінгіміз тарихқа.
Нағыз тарих басталады жойылған күн шекара,
Нағыз тарих шығар сонда,
келер сонда жарыққа.
Тек әзірге көз көрмейтін
тініміз бен жібіміз
білдіреді бәрімізге бір екенін тегіндегі түбіміз,
Россия, Ирландия,
Таити де түсті деп пе ең аспаннан,
тылсым жұмбақ туыстармыз –
біріміз бен біріміз.
Күллі адамзат –
маған тұтас үкімет
Әр қайыршы – маршалымсың, үкім ет!
Нәсілшілмін, нәсілшілдік жалғыз ғана асығым –
мойындаймын, нәсілдердің нәсілінің нәсілін
Неткен кем сөз, неткен қор сөз:

«шеттен келген шетелдік»

Жер бетінде төрт жарым миллиард көсемім бар –
мен солардың көз көрмейтін

жүректегі жіптерінің қылында

би билеймін –

орыс биін (бас тігіп),

үзілсе өліп кетерлік...

Ал Гитлер – құйыршықтар сұрқия көз, сұм қабак,
күллі әлемнің төрт құбыласын

концлагерь сымдарымен шырмалап,

Пиночеттің стадионы секілді

дүниені көкала көк торғайдай

еткен болды тонап, талап, жұлмалап...

Мен Леондинг дейтін жердегі қарапайым ғана австриялық қорымның арасында айналасына айрықша бір қамқорлықпен шымқай қызғылт қазотын егіп, көмкеріп тастаған қабір басында тұрдым. Басында фотосуреттері бар құлыптаста «Алоиз Гитлер. 1837—1903» және «Клара Гитлер. 1852—1907» деген таңбадан басқа таңғалдырарлықтай ештеңе жоқ еді.

Кенеттен жел үрлеген қазотының бір тал жапырағы әйнек-суреттегі келбетіне көңілі тоқ баж алушының түнеріңкілеу жайдарылылық танытатын мұртына барып жабыса қалғаны, көзім сол сәт солай қарай түспесі бар ма, мыңдаған саптыаяқ сыра ішкен адамның мұртында сүртілмей қалған көбіктің көпіршігі сияқты боп көрінді. Сіркіреген жаңбыр тамшылары мейірімді ханымның ақбурыл самайынан атжақтарына қарай сорғалай бастады. Гитлердің әке-шешесінің жүзінен мен аламан атжалмандық ешнәрсе көре қоймадым. Бірақ, олардың ұлдарының жер бетін алатайдай бүлдіргені есіме түскенде, қабірдің үстін көмкерген мынау қызғылт қазотының астындағы тылсым тыншуда аламан

атжалмандық бұғып жатқан сияқты сезілді.

Гитлер аламан атжалманға айналған шұнақ құлақ сұртышқан ғана болатын. Аламан атжалмандар бірден тумайды, бірте-бірте қалыптасады. Қаншама аналар мен балалардың қан-сүйегіне дейін кеміріп ол әлемдік ауқымдағы аламан атжалманға қалайша айналды?

Ламба монастырындағы шіркеу хорына қатысатын балалардың суретінде артқы қатарда жұрттың бәрінен биік көрініп, жұрттың бәрінен көзге бөлектеу түсіп, екі қолын кеудесіне қаусырып, екіншісі бірі көре бермейтін белгісіз бір нүктеге көзін қадап алған бала Адольфтың тұрысы туғаннан дене бітімі ойқы-шойқылау (кемтарлау) көрінсе де, фюрерлік сызданысымен таңғаларлық сыр аңғартатын сияқты. Айтпақшы, бойы аласа болса да, ол басқа суреттерде де басқалардан биігірек көрініп тұрады. Суретке аяғының ұшымен тұрып түскен бе? Туа сала мұндай кеудемсоқ көкірек оған қайдан пайда болған?

Ол – алты баланың біреуі. 1960 жылы көз жұмған Пауланың ғұмыры ғана одан ұзақ болды. Густав небәрі екі-ақ жас өмір сүрді, Ида да екі жыл. Ал Отто небәрі бірнеше ай ғана жарық көрді, Эдмонд алты жасында өлді. Кім біледі, бір жапырақ Адольф жарық дүниеге келгенде әкесі шешесіне: «Әй, қойшы, басқаларынан асып бұл қайда барар дейсің?» – деп, бір бұрқ еткен шығар. Мүмкін осы әңгіме санасына санасыз түрде сақталып қалған Адольф сол ерекшелікті дәлелдеу үшін өлмей, өлермендік танытқан шығар?

Гитлер бауырына басқан нағашы апасының қолында жетім өседі. Мүмкін оны өшпенді ғып өсірген жетімдіктің жетіспеген қара наны шығар? Рас, нағашы апасы оны ұрып-соқты ма әлде тұт жалаңаш киіндірмей өсірді ме, ол жөнінде ешқандай әңгіме-аяң жоқ... Кейбір әңгіме төркініне қарағанда, Гитлердің түп нағашы әжесі еврей

болған болса керек, сондықтан мектепте оқып жүргенінде оны жөйтсің деп жаман ызаландырады екен. Оның патологиялық антисемитизм ауруы осыдан пайда болмады ма екен? Бірақ бұл болжамнан антисемиттіктің иісі аңқымай ма?

Оның алғашқы екі махаббатының екеуі де сәтсіз – біріншісі мектепте, Штефани деген қызға, екіншісі өзінің туыстары мен таныстарының екіжүзділіктерінен жапа шегіп, 1931 жылы өзін-өзі өлтірген, немере жиені Анжелика Раубалға; осыдан соң ғана Гитлер Ева Браунға үйленген...

Бірақ, оның өшпенділігінің жұмбағы мұнда емес, басқада ғой деп ойлаймын.

Гитлер бола алмай қалған суретші және де ол өзінің танылмай қалғанын өлердей қорлық санаған адам. Мен оның салған суреттерін кердім, онда ортақол кәсіпқой суретшінің қабілеті бары сөзсіз. Ал егер ортақол, дүмбіл дүбара қабілеттер кеудемсоқ ұлылықтың өлермен өшпенділігімен қосылса, қауіптінің қауіптісі сол ғой. Гитлерді 1907 және 1908 жылдары Венадағы өнер Академиясы қатарынан екі рет қабылдамай қойған. Ол кезде Венада негізінен Галициядан шыққан үлкен еврейлер қауымы болған, сірә, Гитлердің картиналарын қабылдамай қайтарғандар немесе су тегінге сатып алғандар сол саудагер – еврейлер болуға тиіс, олар, бұл әрекеттерімен келешек қаныпезердің ызасын ушықтырғанын, әрине, білген жоқ.

Бұл қалай болғанда да Гитлердің аламан атжалман болуы үшін, оның ішінде әуелі бүкіл ішек-қарнын қырып кемірген атаққұмарлықтың тойымсыз сұртышқандары пайда болғаны сөзсіз.

Бәлкім оның австриялық әскердегі қызметінен түлкі бұлаңмен құтылып, даңққа лайық екенін қыл қаламмен көрсете алмаған соң мылтықтың дүмімен танытайын деп, 16-шы Бавария полкіне өз еркімен кіруі осы атақ құмарлығының айғағы шығар.

1918 жылы ол Ла Монтань селосында «сары крест» газымен уландырған француздардың шабуылына түсіп қап, көзі көрмей қалады. Артынан айығып, көзіндегі байлаулы шүберекті шешіп, қайтадан жаратқан тәңірдің жарық дүниесін көрген кезде атағы жер жарған суретші болу үшін ант-су ішеді. Бірақ, сол кездегі Германия маңдайын тасқа соғып, тізе бүгіп жеңілген күні, бәлкім, бұл өзінің аласұрған сезімінің азабын тартты ма, әйтеуір ол тағы да соқырланып, тағы да тоғышарланып барып, қайта пісіп, қайта толысқан, бірақ бұл жолғы ант-суды ол өзінің бүкіл ғұмырын, живописін түсінбеген жөйіттер мен қызылдарға қарсы қырқысқа арнау үшін ант-су ішеді.

Шындығында, ол атағы жер жарған ажал суретшісі ретінде алғашқы ішкен ант-суын орындады. Ол жер шарының жыртық кенебіне қызыл қасап жасап, қанды бояуды айқұш-ұйқыш жағып, дар ағаштардың адам қолынан келместей мүсіндерін орнатып, қираған дүниелерден тау-тау үйінді ескерткіштер тұрғызып, тіпті американ мүсіншісі Колдерден бұрын ең алғаш арантемір қоршаулардан түршіге таңғаларлық композициялар жасады. Ол өзін мойындауға мәжбүр етті, ол өзі туралы амалсыз «айтқызуға» тура келтірді.

Гитлер алпауыт алып-сатарлардың алақанына салып көтерген ұсақ қана ұңғыт еді. Өздерінің алып-сатар, сауда-саттығының ауқымын қанды қасап арқылы жер-дүниеге жайып жіберу үшін, оларға оның көрпесіне қарай көсілуді білмейтін көрсеқызар, қанағатсыз, тойымсыз ауруы ауадай қажет болды. Сондықтан да олар Гитлер үшін қол көтерді, сол үшін оның етегінен ұстады. Фашизм – қанағатсыздықтың қанадан шыққан қасиетсіз саудасы.

Үш ұйқтаса түске кірмейтін кездейсоқтықты қараңызшы — Гитлердің балалық шағы өткен үйде кәзір қорымның көр қазушылары тұрады екен.

Жын ойнақ тәртіп кез келген елдің түбінде
түбіне жетер,

ішінде жүрген шіреніп
денесі жұмсақ либералдардың іріде
түсіне қамқор, тегеурін қолдар кіреді.
Ал содан кейін ой қуып жүрген шабақты
тегеурін қолдар желкеден алып, кішіре
Жұмсақтығы үшін рақмет айтып,

бейбақты –
бейшараларды қамайды тордың ішіне.

Либералдардың Гитлер білген бар құнын
социализмнің шабынан түртіп шамалы
циркші сынды,

өрмелеп жасап тағдырын
Гинденбургтің¹⁰ сиреген мұрты арқылы
сығалап тарих сахнасына қарады.

Әнеки, әне ол алдында қара құрым топ
жаңғырды дауысы күшейткіштермен гүрілдеп.
Туларда, жеңде, маңдайда –

свастикалар
қарақұрт сынды билейді қаптап, дірілдеп.

Өңмендеп аттап, өңешін жыртып есіріп,
Европаны бағындырған ой басында
қадалып Рем¹¹ сыр аңдап,

¹⁰ Гинденбург Пауль – 1925 жылдан Германияның президенті, 1933 жылы өкіметті фашистердің қолына беріп, Гитлерге жаңа үкімет ұйымдастыруды тапсырады.

галифелі етік, былғары қоныш сылаңдап,
не кесе дағы... қасапшы екен-ау, расында.

Ойлайды Рем: «керек боп аз күн жүр едің...
фюрерсымақ құйрықтан ертең бір тебем».
Шарпулы оттан тыртық бетінде Ремнің
ойнайды сәуле шырақты түнгі білтеден.
Ремнің ойын жонымен сезіп, демінен,
Желөкпелігін желеу ғып сырттай тобырға.
Гитлер болса «ойнапсың, дейді, менімен
Уақытың бітті... ендігі менің қолымда».

Сыйлаған болып байқатпас Рем әр ізін
есеп қой, тәйірі, қарымта алар, есе алар.
Түндерде мұндай қайшысы ұзын, қолы ұзын
талайдың өмір, талайдың жолын кесе алар.

«Хайль Гитлер!» – ес тана шулап, дүркіреп
бұйра шаш кілең – гретхен біткен зыр қақты.
Ремнің қолын қысастау қысты Гитлер:
«Түн қандай рақат, партайгеноссем, қымбатты!»

Қартайып, денесі сал тартқан әмірші сүйікті адамының келе
жатқанын аңғарып, көзілдірігін қолына алғанда, әлгінде киноға
түсірерде гримердің түтігімен тамызылған, былайша айтқанда,
зордың күшімен шыққан жасанды жас оның ұйқысыздықтан
үңірейген көз алдында көлк-көлк етті. Осы бір дүниенің бәрінен
талақ та тастанды, жападан жалғыз қалған бақытсыз адамды ең ұлы

¹¹ Рем (1887 – 1934) – империя министрі, фашистік Германияда шабуыл жасайтын отряд штабының бастығы, кейін Гитлер санкциясымен атылған.

мақсат-мұраты тәрк болуға айналған тұста да сатпаған сүйіктісі ретінде жаттанды жаттығыс әдетімен құшақтауға ұмтылған Клара Петтачидің көзінде де осындай түтік-тамызқтың жасы бар еді...

– Мынау масқара ғой! – әйгілі итальян режиссері оқыс айқайлап жіберді, 1984 жылғы Венеция кинофестивалінің жюри мүшелері түгелдей зығырдандары кайнап, дүрліге дауыс көтеріп, құрқылтайдың ұясындай кинозалды басына көтерді. – Фашистік бояма ғой мынау... Тарихтың өңін айналдыру! Фестивальдің бетіне түкіргенмен бірдей...

Шыдамай шырыл қаққан батысгермен жазушысы Гюнтер Грасс езуіндегі трубкасынан кішігірім вулканның түтіні атқылағандай ашуға шыдамай шырыл қаққанда көзілдірігі мұрнына қарғып, мұрттары жыбырлап, енеке сиырдай (буйвол) еріксіз басын шайқады.

– Үзілді-кесілді қарсымын! Фильмді фестивальда көрсетуден алып тастау керек. Егер бұл Гитлер туралы немістік фашизм жөніндегі фильм болса да, мен осыны айтқан болар ем.

Қаншама жылдар бойы шор-шор тырнақтарымен мексикан кактусына жабысқан Пиренейдің бурыл бас қыранындай Рафаэль Альберти мұхит арқылы өзінен тартып алған Испаниясына қимастықпен қинала қарап:

– Мұнда фашизмнің иісі ғана емес, сасығы мұңкіп тұр ғой, – деді.

Актерден гөрі провинция мұғаліміне ұқсаңқырайтын швед актері Эриксон:

– Менің танауымның сезген иісі дә сондай, – деді сенімді түрде жұмсақ үнмен.

Сексуалды тақырыпта жазатын американдық жазушы әйел Эрика Ионг үй шаруасындағы инабатты ұяң әйелдің қалпымен:

– Масқара, ұят-тағы!, – деп бұйра шаштарын бір сілкіп қойды.

– Бұл жәй ғана былапыт емес, барып тұрған қауіпті былапыт, мұны адамдар пайдаланады, зар илеп, запыран құсады, – дедім мен.

Әкімшілік өкілінің көздері безек қаққан қоңырау кнопкасындай әбігерленіп, бір орында тұрмай әлекке түсті. Бет-аузы әп-сәтте бір жағы оңға, бір жағы солға тартып, қисайып кеткендей. Мұрыны оңнан солға, солдан оңға қарай сарайған сыңай танытады.

– Моментито! Сәл ғана сабыр! Сіздердің айтқан пікірлеріңізді бірге бөлісемін, синьорлар... Бұл – нашар фильм... иә... иә... өте нашар фильм... нашардан да нашар, төменнен де төмен фильм... Бұл Италияның атына ұят... Бірақ әкімшілік өте қиын жағдайда. Мұндай жағдай бізде бірінші рет, мүмкін әлемдегі ең прогрессивті жюри жиналып отырған шығар. Бірақ, синьорлар, мені ащы шындықты айтқаным үшін айып етпеңіздер – прогреске тек қана реакцияның көмегімен ғана қол жеткізуге болады. Бізді «Москваның қолында» солшыл экстремизмге ұрынғанымыз үшін табан астында-ақ айыптайды... иә-иә... синьор Евтушенко, сіз күлмеңіз! Келесі жылы біздің солшыл әкімшілігімізді таратып жіберсе, фестиваль кімнің қолында болады? Әрине, «Клареттаны» жасаған адамдардың қолында қалады.

– Демек, фашизмге қарсы дауыс беруге болмайды екен ғой, өйткені сол арқылы біз фашизмге көмектеспейміз бе? Бұл белгілі – таныс теория, – деп буйвол сияқты бірбеткейлігінен танбайтын Грасс мұрнының ұшына түсіп кеткен көзілдірігінің астынан сүзе қарап, қаны басына теуіп бұрқылдай бастады.

– Өкінішке орай, солай болып тұр, – деді әкімшілік өкілі қолын шапақтап. – Иә, иә, синьор мырзалар, бұл өлердей ұят, бірақ амал жоқ. – Өзінің азаматтық ары бар неме екен, бетінен оты шығып, ұялғаннан піскен шаяндай қызарғаны.

Әйгілі итальян режиссері даңқының дақпыртындай бурыл шаштарын көк желкесінен құяңы ұстаған адамдай әсіре

кербездікпен әрең-әрең қозғап:

– Егер бұл фильмді тоқтататын болсақ, онда бізге фашистік тәсілді пайдаланып жүрген өздерің деп күдік келтіруі мүмкін, – деп көз қиығын төмен түсірді.

– Әрине, менің фильм туралы пікірімді өзгертпегенімен, жалпы мен кез келген цензураға қарсы адаммын,— деп, Эрика Ионг оны лайықты ықыласпен қолдады.

– Бұл фильм прокатқа шығарылмасын деген сөз емес қой, мәселе оны бәріміз бірге жауап беретін фестивальдан алып тастау туралы болып отыр! – деп Грасс көзілдірігін күлсалғышқа түсіріп алып, бұрқан-талқан болды.

– «Алып тастау» деген сөздің негізінде ашықтан-ашық түп-тамырымен түбегейлі қарсы бірдеңе жатыр ғой, – деді қиы-жиы геометриялық теңдеулері бар бір бет қағазды бетіне жапқан жюри мүшелерінің біреуі мүләйім дауыспен. – Италияда «тоқтатып тастау», «алып тастау» деген сияқты сөздерді сүймейді.

– Фильмнің дарынсыз жасалғаны соншалық, көрермендердің антифашистік реакциясын қоздырғаннан басқа қосары болмайды, – деп қосарланды тағы жюри мүшесі.

Фильмді фестивальда көрсетілетін фильмдер тізімінен алып тастауға Эрика Ионгты қоспағанда үш адам қол көтерді.

Әкімшілік өкілі прогрессивтік қайраткерлігі үшін – ең құрығанда келесі фестивальға дейін жалақысының сақталатынын сезіп «Уһ» деп бір дем алды.

Бірақ Грасс өзінің буйволдай бірбеткейлігін тоқтатқан жоқ.

– Үзілді-кесілді қарсымын! – деді ол қарлығыңқы дауысымен. – Мұндай жағдайда біз ең болмағанда фильмге деген ортақ көзқарасымызды айтып қарсылық білдіруіміз керек. Мен жобасын жазам.

– Мен де жазам,— дедім мен Грассдың адам жазып жеткізе

алмайтын әлдене жазатынын ішім сезіп. Айтқандай, солай болып шықты.

– Сіздер фильм профашистік фильм деп тым қатты қадаласыздар, бұларыңыз саяси айыптау болып шығады. Өнер саясаттан жоғарырақ тұру керек қой... Италияда фашизм де, профашистік зауық та жоқ. Жекелеген, көпшіліктің көрінісі бола алмайтын топсымақтар бар болса, бар шығар... (Өйтдейт деген, біздің ең катал деген сыншыларымыздың ауызынан «көпшіліктің көрінісі бола алмайтын топсымақтар» деген сөзді көптен бері естігенім). Италияда фашизм сіздің Германиядағыдай дәрежеде ешқашан болған емес, синьор Грасс, бізде, мысалға антисемитизм де, улы газ камералары да болған жоқ... Муссолини бар болғаны оперетталық қана тұлға сияқты еді, соның өзін шындық деп қабылдауға бола ма?..

Әлемдегі ең бір прогрессивті жюри мүшелерінің көпшілігі емеурін-сауалды Грассқа қарай жаудырып жатты.

Менің әлгіден гөрі қайырымдылау қарарымның жобасына алдымен бәрі де бас шұлғығандай көрінген. Ал артынша-ақ коллективтік түзету басталған кезде байқадым – бұл менің бүкіл отыз бес жылдық әдеби өмірімде болып көрмеген масқара түзету болды. Әкімшілік өкілі бет-аузын тыржаң-тыржаң еткізіп қаулы қарарын біресе оңнан солға қарай, біресе солдан оңға қарай аударыстырып, оны азсынғандай біресе астынан, біресе үстінен оқыды. Әр сөз, әрбір үтір, нүкте сараланып өлшеніп, тұздықталып, тұздалып жатыр. Әуелі мен қарсыласқан сыңай танытқанмын, бірақ бірте-бірте қалыпқа түсе бастадым. Мен бір-бірінің жоққа шығарған ескертпелерін бір-бірімен сәйкестендіре алмай, осынша орын ауыстырудың, сызудың соңы не боларын қызықтай күттім. Менің сөзімнен бір ауыз сөз қалмаған қарардың соңғы тексті миниатюралық парсы өлеңіндей қып-қысқа еді:

«Біз, Венеция кинофестивалінің жюри мүшелері, цензураға бағынбайтын өнердің тәуелсіз принциптеріне сүйене отырып, фестиваль байқауында көрсетілуіне жалпы қарсы болмағанымызбен, «Кларетта» фильміндегі фашизмнің сентименталды кейіптеліп, дәріптелуіне өзіміздің адамгершілік тұрғысынан бір ауыздан қарсы екенімізді білдіреміз».

Мен, былайша айтқанда, бүкіл творчестволық коллективтің қолымен жасалған осы жобаны оқығанымда, Грасстың қарардың азусыздығына айызы қанбай, бірбеткей буйволдығымен тыпыршығанынан басқа тырс еткен дыбыс болған жоқ, бөлме ішін құлаққа ұрған танадай тыныштық жайлай қалды.

Кенет мен қарарға бұл қалпында қол қойылмайтынын түсіндім.

– Ал жалпы осы коллективтік қарсылықтың қажеті бар ма? — деп, әйгілі итальян режиссері ақыр соңында тыныштықты бұзып желке бұғаналарын сипап, ыңырси ырғатылды. – Әркім өз пікірін баспасөз бетінде айтсын. Қашанда болмасын, коллективтік пікірде тобырлықтың салқыны болады. Мен өзім адамның жеке-дара қасиеттерін боямалауға қарсымын. Оның сыртында біз өзіміздің қарсылығымызбен бұл фильмге басқа ешкім байқап, сезбей қалатындай жарнама жасап жүрмейік...

– Реакцияға неге көмектесеміз? – әкімшілік өкілі тағы да алақанын шапақтап, саусақтарын қармалады.

Мен осы бір әйгілі итальян режиссерін сүйетін едім – әсіресе, маған ол түсірген тіршілікке беймаза менмен қыздың көзімен қарауы, сол беймаза көз жанардың алдында көкке ұшатын отельдер мен төбесі көк тіреген ғимараттар, немесе шкафтан шашылған ескі киімдердің гүл-гүл жайнауы, ең ақырында целлофан–кебінге оралған қатқан тауықтардың тоңазытқыштан шығып, көкке ұша жөнелгені сияқты кадрлар қатты ұнайтын. Дүниені көз жанармен, көзқараспен қақ жарып жіберуге болатынын маған үйреткен соның

өзі ғой, сондықтан мен де осы бөлмені жарып жібергендей болдым – мағынасыз мәжілістер өткізген столдардың аяқтары аспанға ұшып, қол қойылмаған қарарлардың ескі қағаздары қалықтап, әкімшілік өкілі денесінен бөлініп әлденеге ілініп қалған қолдарын өзінен-өзі қармалап, сыртылдатып шапақтай береді, шапақтай береді.

– Міне, сіздер қандайсыздар – сөз бостандығының қорғаушылары, солшыл интеллектуалдар, – дедім мен осы режиссерді сүйгендіктен шыдай алмай. – Сіздер, Россияның правосын қорғауға қарсылық қағаз болса, әрине, қуана қол қояр едіңіздер, өйткені ол сіздерге түкке де тұрмайды, ал өздерің өздеріңнің меншікті мафияларыңа қарсы қол қоюға қалай қорқасындар?.. Мен ақымақпын, қарар жазып, қайта көшіріп жүрген.

Әйгілі итальян режиссерінің бет-әлпеті өзгеріп, қыртыстанып кетіпті, мен оның ішінен әр сөздің қалай сыздап шығып, әр сөзден кейін қалай қартайып бара жатқанын байқадым.

– Сіздер, шетелдіктер ертең кетесіздер, ал біз бұл жерде өмір сүреміз! – деп ол қос қолымен бірдей мойын бұғанасын ұстап, шаңқ етіп айқайлап жіберді. – Сіздер мафия дегеннің не екенін түсінбейсіздер... Ол жасырын суретке түсіруге келген бейшара папараццоның¹² сүйегін күл-талқан қылды. Әрең-әрең тірі қалды... Ал мен кастетпен сындырған бас сүйегімді қайсыбір қараңғы бұрыштан тауып алғанша ең болмаса тағы бір-екі фильм түсіріп үлгірсем деп ойлаймын... Енді сіздерге бәрі түсінікті ме?

Енді маған бәрі түсінікті болып еді. Қарарға қол қойылған жоқ. «Бала бақшаның» журналистерге көрсетілетін қойылымына келгенде менің арқамнан сонау соғыс жылдары станокқа бойлары жетпей аяқтарының астына тақтай қойып снаряд жасаған сол бір

¹² Папараццо (итальянша) – атактыларды суретке түсіретін фотограф.

іріңкөз сібір балалары итеріп жібергендей шыдай алмай, жарықты жағып жіберіп, тағыда топтың алдына шықтым да, мен «Кларетта» фильмі туралы, фашизмнің не екені туралы ойымдағымды жан дауысыммен ақтарып салдым. Мен бұл кезде көз алдым – көк мұнар, тұманның ішінде тұрғандай өз дауысымды естігенім жоқ, бірақ өзімнің ішімнен шыққандай қырық бірінші жылғы қарлыққан паровоздардың үздік-создық дауысы құлағымды тұндырып тұрды.

Одан кейін мен тып-тыныш тынши қалған түнгі Венеция көшесімен келе жаттым, ертең көрсетілетін «Кларетта» фильмінің көшеге ілінген сансыз жарнамаларынан Клаудиа Кардинал жүзі менің соңымнан мырс-мырс мысқылмен күле қарап тұрды.

Мотоциклистің қорапша бас киімін киген жігіт «харлей» тротуардың шетіне тастап тап сондай қорап бас киім киген қызды бетон қабырғаға қарай нығырлап жатты. Қыз онша қатты қарсыласқан жоқ-ау деймін, олар сүйіскен кезде қаңғырлаған қорап бас киімдердің дыбысы шықты. Олар қайтадан мотоциклдеріне мінгенде мен жігіт бетон қабырғаға қысқан қыздың ақ майкасының арқасына байқаусыз басылып қалған свастика¹³ таңбасын көрдім. «Харлей» қайтадан дарылдап жабайы жағажайға қарай құйғыта жөнелді, олар қыздың бел омыртқасына өрмекшінің торындай жабысқан свастика белгісін сүйреп алып бара жатты. Мен бетон қабырғаға жақындап свастика белгісінің ұшына қол тигізіп көрдім. Свастика белгісі үр жаңа екен.

Гитлердің туған күні

бәріне куә

Россияның аспаны астында, –

асылық,

асылық жасап бір топ қыз-жігіт,

¹³ Свастика – ескідегі дін белгісі және фашистердің белгісі.

аяйсың тіпті ашынып
кішкентай ғана сырғаларына
свастика ғып жасаған
ұлтшылдық пенен нәсілшілдіктің
таңбалары басылып,
Қасқырға емес-ау, күшікке таққан
қарғыбау сынды салпыншақ
салақтайды...
далақтайды дәнемені ұқпай бас ұрып
Әнеки Васек
жарымес жарты, көзінің алды көкжағал,
Әлеміш шашты Нюркаменен әлемет болып
толғанар,
шөмеле сынды шашындағы оның
шотаяқ сынды түйреуіш
Свастика белгісі бар онда да.
Алтынның буы шыдатпағандай,
қисаңдап, Васек қыпылдап,
былғары сынды
қара сақтиян курткасы
қылмаң қаққанмен сықырлап.
Тәртіп сақтайды,
емес ол, тіпті, тәртіпсіз,
(тәртібіне оның түк айта алмайсыз артық сіз.)
Туысқан Отан қабіріне келіп түнерген,
Жарымжан көрсең жылар ма ең әлде күлер ме ең?
Бұл болса оған сүзіле қарап:
«Барсайшы, барсай, әкетай,
Әкесі деген жүрмей ме екен, әрі қарай...
Неге шулайсың, неге айқайлайсың,

көрдің бе?

Соғысқан екен...

соғысқандардың бәрі «кұдай»

Басқа ісі жоқ қой –

осыған түсті енді ісі,

«Мынау ма?» - дейді қарғыбауын көрсетіп, –

Индияда бұл – жемісті жәннат белгісі.

Әкесі-ау біздер үнділерменен доспыз ғой...

боспыз ғой біздер... біздікі тұтас «бхай-бхай!»

Үйренген біздер жеке деп,

бірен-саран деп,

қаулады онда қай жақтан мынау арам шөп?

Жиырма миллион құрбаны бар ел ұрпағы

қайғыдан, мұңнан

қағажу өскен қалай шет?

Кім мәжбүр етті.

Кім көмектесті бұларға

Жауыздықтың белгісін тағып бесіктен

таңбасына таңдай қағып туарға?

Шиқылдап шулап, шымшысып

көгершіндері көшенің,

бурыл шаш комбат кеселін –

отандық намыс көседі.

Свастикамен ойнаған

ұрпағын көріп қан құсып,

Қайтадан ұят – намыстан

мұз боп қатты Карбышев.

Бірақ, тарихтың өзі өлімінен кейін де өз фукуын айтып «атың өшкір!» деп ататқызбайтын есімдер болады.

Үркініш-үрей туғызатыны соншалықты, бұл адамның атын оның көзінің тірісінде де атамауға тырысатын.

Бірде ол қарасұр жүн пальтосының жағасын көтеріп, қаршыға кейіптес жауырынын күжірейтіп, қолдан құрастырылған өзінің қара «ЗИМ»-інде әдеттегі дағдысы бойынша тротуардың жиегіне жұғыса жылжып келе жатты. Иегінен асыра салған шалмасы мен тұқырта киген шляпасының арасынан, сәл-пәл ысырылған әйнек шымылдығынан айналасына көз салғанда, имек мұрынның үстіндегі алтын пенсне ағарандайды, тұмсықтың астындағы бурыл қылтанақтар да сақсынған сыңай таныттырады.

Дәл осы кезде көктемгі жылғаларда жүзген ойыншық кемелерді қызықтап, (ойыншық кеме жасалған газеттердің ішінде мұның портреті болуы да мүмкін еді) клеенка портфелін оңды-солды ырғап, көзі түстес көк беретінен сары алтындай қысқа бұрымдары торайдың құйрығындай шолтандап, толық емес тоқ балтырлы тәмпіш мұрын оныншы кластық бойжеткен көтеріңкі көңілмен қарғи-орғи адымдап бара жатты. Қаршыға-адамға қашанда батпандай толық емес, бірақ бірсыдырғы тоқ балтырлар ұнайтын. Ол шоферіне белгі берді, бастығының дағдысын бес саусақтай білетін шофер тротуарға кеп жанасты. Машинадан секіріп шыққан күзет бастығы бойжеткен оқушыны «жеткізіп тастауға болмас па екен» деп әдеппен әдемі иілді. Ал оның машинаға мініп қыдыруға қолы жете бермейтін, сондықтан ол қорыққан жоқ, келісе кетті.

Ақыр аяғында қаршыға-адам үш ұйқаса түсіне кірмеген жерден онымен шарғы жіптей шатасты. Ол мұның жалғандағы жалғыз ашынасы болды, ол кезде ырабайда біреудің қолынан ғана келетін жағдай жасап, «Арагви» ресторанының қарсысынан оған жеке бөлме пәтер алып берді, ал ол болса бұған бала тауып берді.

1952 жылы оның мектептес құрбысы маған қоса кәзір даңқпен салмақсып, салиқаланған, ал ол кезде тек Литинституттың

дәлізінде ғана гүжілдеген тағы бір-екі ақынды туған күніне шақырды.

Столдағы дастарқан ол кезде әлі дағдыға сіңе қоймаған а-ля фуршет (асты түрегеп тұрып, жедел-қабыл ішу) қалпымен жабдықталса да, виктрола асығыстық сыңай байқатпай, танго мен фокстротты ұзағынан ойнап тұрды, бірақ ешкім билемеді, оның үстіне кейбір қонақтар тарелкаларын қолдарына ұстап, қабырғаны жастанып жатып алды, Дастарқанның үстінде пенсияға шыққан цирктің ұлы кіршісі Лонгиноз Стожадзенің өз қадағалауымен келгендей тура «Арагви» ресторанының өзінен әкелген тұздықталған тауық та, гурия капуста да, сүйексіз өріктер де қозғаусыз жатты.

– Ешкімнің билемейтіні қалай? – үй иесі келеңсіз көңілділікпен сауал тастап, бөлменің ортасына біреуді қолынан сүйреп шығарғысы келгендей сыңай байқатты.

Бірақ бөлменің ортасындағы кеңістік табан астында ойламаған жерден қаршығаға ұқсамақ боп жауырынын күжірейтіп, пальтосының жағасын көтеріп, тұқырта киген шляпасының жиегінен біздің өміріміздің секундтарын санағандай қатып қалған мұздақтар сырт-сырт тамып оның өзі жетіп келгендей қаңырап бос тұрды...

Қаршыға-адам атылғаннан кейін көп жылдар өткен соң, (кәзір мағынасы жартылай ұмытылған сөзбен айтсам), ол тағы да ату жазасына бұйрылған, ақша жасаушы Рокотовпен бас қосып еді.

Осылайша, клеенка портфелін оңды-солды ырғаған москвалық оқушы – бойжеткен тарихқа батпандай толық емес, бірсыдырғы тоқ балтырының арқасында еніп еді...

Ұмытпасам егер,

жетпіс жетінші жыл еді,

Моторға мініп Колымада келе жатырмыз.

Кездейсоқ келіп,
кездескен үйге түнедік.
Мәссаған! – десей,
Колымада мынау шіреніп,
телевизордан Парижді көріп отырмыз.
Көзімді сүртіп –
өңім бе деймін, түсім бе,
Францияның апталығындай Колымада!
Жатақханада бұрынғы Бурдың¹⁴ орынында,
Азнавур¹⁵ әнші теледидардан көсіліп,
Шырқаған әнін тыңдап отырмын оның да!
Өзімнен өзім өлердей қапа боламын,
Он тоғыз жасар колымалық шофер баланың
Жүк машинасы айнасы алдына
белгілі портретті ілгенін
мардамсынғанын көргенде соған шамалы,
Сонымен қатар –
қарасаң көзің шыдамас
плейбойлық қыздың суреті тырдай жалаңаш,
Жалаңаштығын жаның түршігер жеткізсем –
Шалбардың ауы...
жыртылып кетер шамалас.
«Әкетай дейді ол,
жатырқамасай заманға!
Әлеміш джинсы тауып бер маған одан да...»
Есіңді жина,
бозөкпе шикі, жады жоқ бала санасыз,
атадан тарап, әкеден тумай,

¹⁴ БУР – қатаң тәртіп барағы.

¹⁵ Шарль Азнавур – француз әншісі.

домалап қайда барасыз?

Баллоныңды бір-ақ жарады

өткеннің аран сымдары,

есінді сонда бір-ақ жинайсың,

есіңнен сонда танасың.

Әлеміш джинсы дүниенің саған

ұшпағы, сірә, емес пе,

тарихтан тіпті мақұрым қалсаң –

өтірік сол ғой өрескел!

Кешегі өткен құрбандықтарға қарамағандар қырағы

ертеңгі болар құрбандықтарға

қайтадан құлдық ұрады.

Кеудені қысқан қайғы мен қапа

Зіл менен зала іштегі –

қарсыласыңның қолыңды қайырып,

зорлауы сынды, күштеуі –

айлакер, әккі секілді және лагерь мен түрме туралы

Өңгімелерге араласпай-ақ

сұмдыққа толы істері.

Ас ішіп, аяқ босатқанды ая,

қарын қамымен шектелген,

Ойлай білмейтін саяздарды ая,

көргенсізді ая өткеннен.

Не қылған сендер әумесерсіңдер

әпербақандар ұр да жық,

тегеурін қолға табынушылар –

табанын жалар құлдары.

Әлемде жалғыз әділет қол бар –

әлует қол бар, жарықтық,

Құдіретті қолы жер бетіндегі қосылған күллі халықтың!

Экранда, әне, ән шырқап тұрды

Мирей Матъе малынып,

Колыманың қыздарын солай

киіндіріп көр, шабылып,

Олар да сонда шыға келер ед, кем түспей бұдан

шабынып.

Жатақхананың жалғыз столын тақасқан шынтақ

ырғайды,

дәулескер даукес қарсыласым да

қарсыласудан тынбайды.

Қарсыласқан соң көзімді шұқып –

дәлелдемей ме мысымен,

қолымды бұрап қайырғысы бар қақпақыл жасап

күшімен.

Қолым-ау менің, неге әлсірейсің,

қалтырайтындай не туды?

Салдырап қалған сотталғандардың сенімсіз қолы секілді.

«Арымның жаным — садағасы» деп,

арымдай сенсем халқыма

Қолымды менің кім бұрай алар?

Қарасын, тәйірі, артына...

Сықырлап маған стол астынан

самсаған қолдар қол берді,

Сенімді қолдар, тегеурін қолдар –

әдепті қолдар, көргенді.

Үзілмес үшін бір тінім –

қағылғанда әрең кірпігім,

нан үзген қолдар бір тілім.

Ажалға қаны қайнаған қолдар

жекпе-жек, жеме-жемеде,
байрақты сырық байлаған қолдар
Рейхстагқа да төбеден.
Аялап мені үйреткен қолдар –
қысылсам болған жан медет,
Рейхстагтарға шабуылдаудан өмірбақиға танба деп.
Солардың бәрі дәт берген қолды
көнбейтін мазақ, табаға
Француздық актер бір айтқан әнге
көпшік етуге бола ма?

Бұл Колымаға тағдыр айдап кім келмеді дейсің, кіршіксіз,
күнәдан таза еместер де аз емес еді...

Маңдайшасында көшпелі қызыл жалауша желбіреп, үзіліс
кезінде тоқтап тұрған алтын шаятын машинаның жанындағы
шөптесінде басқа жұмысшылармен бірге үстіне жамау-жамау
күпәйке киген, мұрнының ұшында қолдан қондырған бастырмадай
сүйелі бар, әлі ширақ, өңі өзінен әлдеқайда жас көрінетін
кутындаған бір шал отыр. Шал терімен тысталған юкагир бәкісін
қалтасынан алып, күс кіндік совхоздың өнімі емес екені май
жаққандай жылтыраған көкшіл кілегей қабығынан көрінетін
парниктің сорайған ұзын қиярын тілшелеп ортасынан бөлді. Сосын
ол сыртына Гагариннің суреті салынған қорапшадан шым-шымдап
тұз алды да, оның тіске шықырламай, қиярдың сулы дәніне сіңіп
кетуі үшін екі тілімді бір-біріне үйкеледі. «Гагра» таңбалы кенеп
дорбасынан сыртында югослав вермутының этикеткасы жап-
сырылған ауызы бұрандалы шөлмекті алып, ішінде сарымсақ
түйіршіктері, укроп сабақтары, петрушка жапырақтары, қызыл
бұрыш қабықтары өріп жүрген өндірістік емес сұйықты ақ фарфор
кружкаға сабырмен сыздықтатып, ешкімге ұсынбастан өзі іше
бастады.

– Остапыч, сенің осы бір қиярларың керемет өскен екен өзі,— деп, жұмысшылардың бірі қияр емес, субтропикалық аймақ сияқты кенеп дорбаға қайта сүңгіп кеткен шөлмекке сықсыңдай қарап, күрсініспен қызғаныш танытқандай болды.

– Керемет өспегенде қайтсін! – Ол аузы ыржия, өзімшілдікпен өңмендей күліп, қиярды күтірлете омырғанда дәннің біреуі езуінен ернеулей ұшып мұрнының үстіндегі сүйелге кеп жабысты.— Парнигімнің шынысы қос қабат... Жылу жүйесі жұмақтағыдай, аяймын ба, соляркаға малып қойдым. Тыңайтатын дүниелеріңді белшеден төгіп тастаймын... Қияр деме, көк түйнек деме сен оны — күтімді қажет етуі адамнан әрі...

– Білеміз, Остапыч, Днепропетровскідегі немістердің жаналғышында адамдардың жанын жәһәннамға қалай жібергеніңді... – самогоннан аузына тамшы тимеген жұмысшы қабағын түйіп дүрдие қалды.

– Ескіні естен шығармайтындардың – көзі ақсын, көзі аққыр, – деп шал жайбарақат қана жауап беріп, қолдау дәметкендей маған қарады. – Мен жазмыш маңдайыма жазған жиырма жылды өтеген адаммын, сондықтан радьян жұмысшы табының қатарына баяғыда қосылғанмын деуіме болады. Баяғы бір жаналғышты менің бетіме неге салық ете береді осы жұрт? Мен жаналғыштың ішіне адам итерген жоқпын, тек есігін ашып-жауып тұрғаным болмаса...

– Өкінішке орай, біздің жақсы бригадиріміз осы, – карьер бастығы маған сұрлана сыбырлады. – Мұның бригадасы өткен жылы бүкіл көрсеткіштер бойынша алға шықты. Қызыл ту тапсыру керек болды. Кешегі полицайдың қолына оны қалай тапсырарсың, дәтің қалай шыдар? Ақыр аяғында таптық-ау тәсілді, мұны жолдама беріп Гаграға жібердік те, туды орынбасарына тапсырдық... Жымын білдірмей, тігісін жатқызып жібердік, сөйтіп...

Жас гвардияшылардың сатқыны
Стахович... жо... жо... жоқ.
Стахевич ол да емес.
Аты-жөні қазір бұлыңғыр –
Үндіс болып бұл күнде,
солармен өмір сүріп жүр.
Мойынына азап артпай-ақ,
ешқандай жаза тартпай-ақ
қартайып жүнжіп барады
күнәсына дауа жоқтай-ақ...

«Самаурын шәйі» дейтұғын
Жарнамаменен жалатқан,
Қолаңса бардың иесі
«қазанына» қаспақ қатқан.
Біреуден қайыр тілердей
Қалтылдап өмір сүреді,
дон Педро демес жұрт бекер
дөйлігін іштей біледі.
Қырғыштай етіп мойнына
католик – крест тағады.
Үрім бұтақ, зәу-заты
өсіп-өніп барады...
Бар ішінде жалаңаш
өңкей үндіс – немере
секіреді төбеге
Жергілікті әдетпен
шайнаңдайды бетелін¹⁶.
Маскүнемдер меншікті

¹⁶ Бетель – сағыз насыбайдың бір түрі.

көтереді беделін.

Ана тілін естіп қап

көсеу қарып алғандай

Тұла бойы шоқ болған

Сөйтпегенде қайтеді?..

Мәңгілікке сотталған

Шалбарына қол сүртіп

Жарқылдарын көздегі

Жоғалтқанын сезбеді.

Қолтығыма тықпалап

«Қалай ма орыстар соғысты?»

Күйтабағымды өзімнің

Өзіме «ал» деп мезгеді.

«Ештеңе де қоймаңыз...»

«Сөз етпеңіз... жоқ... пұлды...

Қалай ғана таптыңыз

мен сияқты сатқынды?

Не әкелейін мен сізге?

Бәрін, бәрін тасиын,

тыңдайсыз ба, шындықты –

бар қотырын қасиын?»

Краснодоннан зып еткен

зым-зия ғой жымы әлі,

Мюнхеннен бір оттап,

Венесуэла тұрағы.

Қызып алып ол маған естігендей бір бүгін,

Жүзі жанбай айтады гестапоның сұмдығын.

Сіз ғой, міне, дәл кәзір

тұрғандайсыз тұғырда

сізді бар ғой una vez¹⁷

азаптады ма ғұмырда?

Сізге білем темірді culo²-ңізге сұқты ма,

қып-қызыл қан сауылдап,

шықпа жаның шықты ма?

Шабыңызға шым-шымдап

тотияйын септі ме,

doloroso³, айт кәне,

ішіңізге тепті ме?

Өлгендерді алдымен сатқанмын мен,

қорлағам,

Олар маған ақырды: «Жалтарма!» – деп оңбаған.

Өтті маған олардың малдан әрі болғаны

Қарындасым қасымда –

көзімше оны зорлады.

Электрдің сымымен құлағыма қыл бұрап,

Оң жағыммен естимін,

сол жағым тас саңырау.

Бәрін саттым мен сосын

тәрк дүние құрғыр деп,

сатқан жоқпын мен бірден,

саттым бәрін бір-бірлеп.

Не істер едім мен сонда, қанды қасап ішінде

жібермесе қақпаны?

Менмін – traidor¹ құрытқан

Олегті де, Любканы.

Ат-жөнімнен Фадеев, сірә, қателескен білем,

мен емес ем нәтінде жансыз тыңшы, қаскүнем,

¹⁷ Бір рет (испанша).

² К... (испанша).

³ Ауырды ма? (испанша)

кескілендім, кесілдім,
тілгілендім – өлмедім,
Саттым сосын оларды –
бар азабым сол менің»
Азаптардың үстінде
шырқыраған шыбын жан,
көрсетеді ол саусағын –
тырнақтары жұлынған.
Тіссіз аузын ыржитып
түспей бірақ жаннан жүк
Фамилиясын сұрайды жасамауды қолжаулық.
«Қайтем егер әлі де әке-шешем бар болса,
өлі болған дұрыс қой, бүйтіп тірі болғанша.

¹Сатқын (испанша)

Маскара ғой, verguenza¹ ғой,
қайтем олар қарғаса?...»
Жас гвардияшылар сатқыны
құйды ромды мұнайып,
дірілдейді қолдары — қасиетіне лайық...

1948 жылы «Киров қақпасы» метросынан таяқ тастамдай жердегі әлі бұзыла қоймаған Тургенев атындағы кітапханада Дзержинский ауданындағы мектеп оқушылары «Жас гвардия» романының жаңа варианты бойынша оқырмандар конференциясын өткізіп жатты.

Ақбурыл болса да – жас, сылыңғыр болса да – сұлу автордың өзі де қатысып отырды. Романды қайта жасау, сірә, оған оңайға түспей жүрсе керек, ол әр сөзді мұқият маңыз бере ықтиятпен тыңдап, мүсіннен ойып жасағандай қиыр шығыс комиссарының басына үздіксіз бір шаншу қадалғандай саусақтарының ұшымен күмістей аппақ маңдай шаштарын мазасыз шиыршықтап отырды.

Пионер галстугын таққан балалар мен қыздар бұл жолы мұғалімдер құлшына кірісіп жазып берген жаттанды қағаздарды қолдарына ұстап, егер өздері гестаполықтардың азаптауына түсетін болса аты өшпейтін Краснодон батырлары сияқты төзімділік танытатындарын жалынды сөздермен айтып жатты.

Мен кенет жоспарланбаған жерден қол көтердім. Президиумда сәл-пәл жеңіл әбігер туып қалды, бірақ маған сөз беріліп еді. Мен былай дедім:

– Балалар, мен сендердің өздеріңе деген өлермен сенімдеріңе таңғаламын. Ал мына менде үлкен кемшілік бар. Мен денемнің бір жерінің ауырғанына, шынымды айтсам, төзе алмаймын. Мен шприцтерден, дәрі егетін инеден және тіс егейтін машинадан жаман қорқам. Жақында мұрныма шыққан шығуды жұлғанда

¹ Ұят (испанша)

жанұшыра бақырып, дәрігердің қолын қыршып алдым. Сондықтан мен өзім гестаполықтардың азаптауына түссем, қалай шыдайтынымды білмеймін. Мен өзімнің осы кемшілігіммен пионерше күресемін деп салтанатты түрде осы жиналысқа және, Фадеев жолдас, Сізге уәде беремін.

Гороно өкілінің шеңбірек атқан төс қақпағы мынау масқарадан жарылып кете жаздады. Бірақ ол көпшіліктің қарсы айқайына қосылып кетпей, сыпайы ғана сыздықтатып бояған ернінің ұшына келіп қалған сөзді соңғы сәтте педагогтық терең тынысқа айырбастап жіберіп, үлкен ерлік жасады.

– Мына бала – Дзержинский ауданының абыройын айрандай төкті, – деді ол, цукат пен крем гүлдерін сеуіп бар өнерін салып жасаған тортына ауа шарын сатушы жалп етіп отыра кеткенде «Үш семіз» фильміндегі конфетшінің кеңірдегінен шығатын күйінішті дауыспен. – Басқа оқушылар мұндай қаскөй шабуылға лайықты

тойтарыс береді деп сенемін...

Күтпеген жерден залдан менің артымдағы партада отырып, көк желкемнен үнемі әдебиеттен жазатын шығарманы шып-шырғасын шығармай көшіріп алатын, біз Цупа деп атап кеткен Ким Карацупа суырылып шыға келгені. Цупа табан астында өзгеріпті. Ол әншейіндегі ыржалақтап жүретін маринорощинскілік бұлғағына салмай, әскери сабақта сапта адымдағандай ширығады. Цупа сарғыш дудар тұлымын қолымен сипады да, пионер емес, пионер вожатыйдың дауысымен дүрдиіп, сөйлей жөнелді.

– Короленко: «Құстың ұшуға жаралғаны сияқты, адам бақыт үшін жаралған» деген ғой. Ал бірақ совет дәрігерлерінен қорқатын үргедектер ұшып жарыта ма? Мұндай ездерді Горький: «Жорғалауға туғандар жоғарылап ұшпақ емес» деп өлтіре әшкерелеген болатын. Тырбандаған кірпілердің мұндай үргедек қорқақтығы біз сияқты жас гвардияшылардың ісін жалғастырушыларға тіпті де лайық емес. Біз, екі жүз елу төртінші мектептің, жетінші «б» класының пионерлері, өзіміздің кластасымыз Женя Евтушенконың бұл қылығын бір ауыздан айыптап, оның пионер ұйымында алдағы уақытта қалу-қалмауы туралы мәселені күн тәртібіне қою керек деп ойлаймыз...

– Неге бір ауыздан дейсің? Сен өзің үшін ғана сөйле!— мен футболдың алашапқын алаңында қапталдас жүретін қатарым, өзіміз Чина деп атайтын Леха Чиненковтың дауысын естіп қалдым, бірақ оның шәңкілі соққан алақандардың сатырына көміліп кетті.

– Тоқтаңдар, тоқтаңдар, балалар, – деді Фадеев орнынан тұрып, күтпеген жерден, әрі зор, әрі жігерлі жігіт дауыспен. Ол әлденеге абыржығандай, жүзі дірілдеп, өңін от шарпығандай қызарып шыға келді. – Бұлай асыра сілтей берсе, шарана деп сәбиді суға төгіп тастауға бо-лады ғой... Барлық азапты бит шаққан құрлы көрмеймін деп көкірек көтеріп, кеуде қағу оңайдың оңайы. Ал мынау Женя

шприцтерден қорқатынын шынымен мойындап тұр. Онда тұрған не бар, мысал үшін, одан мына мен де қорқам. Кәне, шын батылдық танытып, шындықтарыңды жасырмай, шприцтен қорқатындарың қолдарыңды көтеріңдерші!

Залдағылар ду етіп күліп жіберді де, жапатармағай қол көтерді. Тек Цупаның қолы ғана көтерілген жоқ, бірақ мен оның шешекке қарсы жаппай егу жүргенде «Диңамо» – ЦДКА матчының билетін беріп, медсестра инесінің астына басқа біреуді әкеліп, өз орнына басқа баланы ектіргенін білетінмін.

– Қорқақ деп өзіне-өзі дұдамалданған, күдіктенген адамды емес, сол дүдәмал-күдігін өзінен-өзі жасырған адамды айту керек. Батылдық – өзгенің де, өзіңнің де кемшілігіңді көлгірсімей бетке айту, ағыңнан жарылып айту. Бірақ, қайткенмен де барлығын өзіңнен бастау керек, – деп, неге екені белгісіз, езілген күрсініспен езу тартты.

Жаңа ғана Цупаға дүркіреген зал енді сол қалпында сатырлатып жазушыға қол соқты.

Гороно өкілінің шеңбірек атқан төс қақпағы жеңіл демалып, жұмсарғандай болды.

– Біздің құрметті Александр Александрович өз кемшілігіне қатал қараудың, жолдастық сынға құлақ асудың бәрімізге асқан үлгісін көрсетіп, «Жас гвардияның» әлдеқайда жақсы нұсқасын жасап шықты ғой,— деді ол.

Фадеев қайтадан саусақтарының ұшымен ақ күміс самай шаштарын шиыршықтай бастады...

Үлкен ұлым кедасымен үйкелейді кілемді,
шығарады еденнің жын-ойнағын,
Әкесіне, мына маған, құпия,
өзіне-өзі беймағұлым, беймәлім.

Кім болады?

Қандай болмақ?

Он алтыда қылшылдап

өзінен-өзі қойылмаған,

уайым маған – бұл сұрақ!

Педсоветте тұрады ол –

дөңайбатпен дөңкиіп,

Менің ұлым – үлкен ұлым –

ұлым менің ең қиын.

Тұрады ол ауызын буып тіс жармастан

әлемдегі ең бір тұйық баладай –

Тұрады ол жалғыз өзі — жалғыз дара.

Одағай.

Уыздай жас. Морт ойлайды –

қорқа алмайды жазаңнан,

құдай ұрғыр әдеті осы, кессең – қансыз сазарған.

Үндемес хан...

деген оған ат жабысып күйсе де,

Үндемейді ерегессе –

басы жерге тисе де.

Үйдей-үйдей мінезі бар –

мінезі бар оспадар,

бірде шашын бастырыпты,

еліктепті басқаға...

Жасанды тіс бір мұғалім түтіккенде түсінен,

«Фашист!» депті айқай салып,

ызғар шашып ішінен.

Мұндай хақы кім беріпті,

тап осындай заң бар ма екен –

педагогтық шарғыда,

Жасанды айқай, жалған дабыл –

азаматтық даңғыра.

Өлтіргені осы емес пе –

тышқан мұрнын қанатпаған баланы

қанды қасап қаскүнемнің жасай салу бодауы!

О, жарықтық Ушинский осы кезде қабірінен

тұрса егер,

фашистка деп өзін атап, көзін шұқып

шын сөгер...

Мен бұл жерде тыпыршимын,

тыпырлаймын, көнемін,

еш төрелік айта алмаймын.

Әкесімін мен оның.

Менің ұлым – үлкен ұлым,

періштеден тым аулақ.

Өз бағасын өзім бердім:

«үндемейтін сұғанақ».

Педсоветте кірпі сынды тікендерін тараған,

кірпиязсып кіртиеді, қарамайды туралап.

Мектептегі өзі сынды Стенька Разиндерінің

арасында үндемесім,

не істегенін көрмедім.

Адамдықпен сөйлер тілде

мен жіберген қателіктен құралған

Үндемейтін Антологиям –

аумай түскен ол менің.

Олар маған мұң шағады –

айтатыны бір желеу,

«Ұлыңыздың хоббиі сол –

жауап бермеу, үндемеу.

Петя дейді, жауап берсей,

үйренсеңші, қысылма!

Ең болмаса сөйлеп қалсай, әкеңнің бар тұсында!

Ұлыңыздың мылқаулықтан жоқ па дейміз зақымы,

мұғалімге қаны ұйымас... толмайды әлде тақымы.

Алдыңғы күн Раскольников бейнесіне тіреліп...

Ұлыңыздан сұрап едік...

түртіп алмай, түнеріп,

Үндемес хан аузын буған,

жақындатпас шіреніп,

Неге, неге үндемейсің,

айтшы сырын білелік?»

Ол сол кезде кедасымен еден шұқып тылсымсып,

Қырықтырған шаштарының құнын алды бір шымшып:

«Сіз өзіңіз маған берген сұрағыңыз жауабын

айтып қойған жоқ па едіңіз...

сабыр етпей шамалы»...

Тап сол айқай шығып тағы

соңы ұласты шаңқылға:

«Сұрасам мен сұрадым ғой...

марксистік тәсілдерден ауытқымай,

горононың кестелерін

қалт еткізбей қалтқыдай...

Неменеңе ыржақтайсың,

қылжақтайсың жетісіп,

Біздің күнді көрдіңіз ғой –

бір тыныштық жоқ, былай...

Ұлыңызды көрдіңіз ғой...

о, тамағы тоқ құдай!»

«Көрдім. Көрдім».

Шындығында көрдім оны –

көрдім кенет, аққұла.

...Педсоветтен кейін біздер ажырастық, жаңағы
томырайып топ ішінен ұлым үнсіз қарады.

Таптырмаған сауалдардың қыжылдаған жауабы
безеу бетті бозбаланың жанын күйзеп барады.

Мен де тұйық, томағамын,

болғаныммен сөзге ұшқыр,

«қайран» деумен келем ылғи

у-шуым жоқ өзге ешбір.

Үндемеймін. Қағажумын,

жалғыз дара қалпымда,

Сол бозбала секілдімін.

Тек әкем жоқ артымда...

Менің – Саша және Тоша деген тағы екі ұлым бар. Оларды әзірге педсоветтерге шақырмайды, өйткені Саша – алтыда, ал Тоша – бесте ғана.

Сашаны мен оқытып үйрете бастағанымда ол әуелі іліп кете алмай, іс қиынға айналды да, артынша Фрейд тәсілін пайдаланғанда, бірден «юбка» деген сөзді дауыстап оқи жөнелгені. Жер бетіндегі бала атаулының көпшілігі сияқты, менің балаларым да «қонарын сай білетін» менің шалбарымның шалғайына жабыспай, шешелерінің юбкасының етегінен ұстап өсіп келеді. Саша мезгілінде жүріп, мезгілінде сөйлеп кетті. Саша күтпеген күйректіктерден күрт жанданып, күшін жан-жаққа шашып тез жарылатын жарылғыш қоспа сияқты. Ол табан астында дүниенің бәрін астын үстіне шығаруға бар да, артынша күрт солықтап, иегін жаңбыр тамшылары сорғалаған терезенің жақтауына сүйеп, ұзақ сонар бірдеңе ойлайды.

Тоша сүт те ішпеді, өспеді де, жансыз баладай жатып алды.

Еңбегі былқылдап, басына шаш та шықпады.

– Ширықпайтын шарана. Жылбысқы, жаман бала... – деп, әйгілі невропатолог – профессор әйел үмітсіз таңдай қағып, ақ қалпақты басын әлсін-әлсін шайқайтын.

Сонымен «цитомегаловирус» деген қатерлі сөз біздің үйдің есігін аттады.

Кавказдықтардың бәріне есімі қатты ұнайтын менің ағылшын әйелім Джан ештеңеге күйбелектеп, күйрей қоймады. Ол Тошаның өлуіне жол бермеді, қозғалмауына, қимылдамауына ырық бермеді, мүмкін сәби түк түсінбеген шығар, бірақ ол онымен күбір-күбір сөйлесіп, күлдір-күлдір ым қақты. Ал негізінде, балалар шешесінің құрсағында-ақ бәрін естіп, бәрін түсініп жататын көрінеді.

Бір күні таң атпастан Джан мені көзіне керемет қуаныш жасы үйіріліп, иығымнан жұлқылап оятты: – Көрдің бе, эне, қарашы!

Мекемелік ДСП тақтайының қоңыр күлгін қалдығынан жасалған бала керуетінің бүйірінен жылтыраған көздерінде болар-болмас күлкі ойнап алғаш рет жабықтан сығалаған дүрбі сияқты қалт-құлт етіп қозғалған кіші ұлымыздың ақсары жүзін көрдім.

Цитомегаловирус – ми талшықтарының бір бөлігін зақымдап, өз дегенін істемей қоймапты. Бірақ қаһарының кәріне мінген Джан дене тәрбиесінің жаңаша программасын тауып алып, викториандық ыждағаттылықпен үздіксіз жаттығуға кірісті, үш адам бір жапырақ балаға тыныштық бермей, қол-аяғын созғылап, қозғалмасына қоймады. Үздіксіз жұмыс. Таңертеңгі оннан кешкі сегізге дейін сексен жаттығу жасалады. Сонда басқа талшықтарға (клеткаларға) жан кіреді екен де, бұзылған функциялардың жұмысын өз мойнына алады екен.

Көмекшілер де пайда бола бастады. Кейбіреулердің қолдарынан қол ұшымен, қол соғып көмектесу ғана келеді екен, кәкір-шүкір гуманистік қарыздарын өтеді де, тайып тұрды. Мен көптеген

адамдардың тек қоғамдық тапсырма бергенде ғана еркімен жұмыс ісіей алатынын сонда байқадым, ал өз ықылас-ықтиярымен ерік таныту олардың үш ұйқтаса түсіне кірмейді. Әрине, жұмысты өгіздей өрге сүйрегендер де болды.

Бұл ең алдымен Джанның өзі. Тоша ең бірінші сөзін «Зи» деп бастаған, біздің үйдің періште-сақтаушысы, бұрынғы калугалық медсестра Зина. Жылмаңдай қозғалатын, қара өріктей көздері жайнаң қаққан геодезист – татар әйелі Валентина Каримовна – Ки. Күннің шығатын Еліне, атын естігенмен өзіне байланысты емес себептермен бара алмаса да, – жапондықтардың бала тәрбиесі туралы диссертация қорғаған украинка Вера – Ве. Шыққан тегі жер аударылып келген поляктан, сібірлік аспирантка – психолог Марина – Ма. Әйгілі ватерполист, жәй ғана жақсы адам, еврей – Игорь. Жасырын өлең жазатын, бірақ ешқашан ақын болмайтын, есесіне керемет әке болатынына дау жоқ, абхаздық – студент Валера – Ле. Илья Муромец пен астыртын ұйымды қолдайтын миллионер Савва Морозовқа бірдей ұқсайтын, бірде сыйлыққа ұтып алған май шам қоятын қола тұтқасын, бірде өзін аңсай күтіп отырған Ярославльдан әкелген бір банкі маринадталған ақбас саңырауқұлағын алма-кезек алып келіп жүретін шофер әрі бильярдшы Вадим – Ди. Менің үлкен ұлым Петя – Пе. Ең тәртіпті көмекшілер – Тошаға жаттығу кезінде тек қана «Крокодил Генамен» тең түсетін «Black sheep» сүйікті әнін орындап беретін, шетелдіктер үшін орыс тілі институтында оқитын ағылшын студенттері. Тоша студенттерді Дж, Э, Ру, Мэ деп атады. Ал Джанның қиын есімін сиқырдың күшімен атағандай бірден атап кетті.

Баланы аяғынан тік тұрғызушы тұтас бір интернационал құрылды. Бұл интернационал оны мүсіншінің тасты илегеніндей сылап-сипап, баптап, бипаздады. Бұл интернационал одан адам

илеп шығарды. Соның себесінімен, осы бір кішкентай адам алдында жанып тұрған отты үрлеп мәз-мәйрам еңбектей бастады, пыс-пыс етіп мұрнын тартқылап баспалдақпен жоғары-төмен жүгірді, бір қабырғасынан бір қабырғасына аунап, мөп-мөлдір ауа маскасының ішінде пыс-пыс етіп, арқан әткеншекпен үйдің төбесіне секіріп, шешесіне тартқан шегіргүл көздеріне ой жүгіріп, бұрын қозғалуға келмейтін ағаш аяқтарына жан бітіп, жерді бірте-бірте нығырақ, мығымырақ баса бастады.

Бірақ біздің үйге енді сырттан көз салатын байқағыштар пайда болды. Баланы сіріңкемен ойнатқанға шоши қарайтындар табылды. Оларды шалқасынан ашып тасталған желдеткіштер де түршіктіретін. Октябрьдің 25 жылдығы көшесіндегі «Культовары» магазинінің жалау сататын бөлімінің бұрын меңгерушісі болған бір әйел, бізге үй басқарушы керегі жоқ па екен деп сұрай келіп, (ол өз пікіріншө «үй қызметшісі» деген сөзді қор санайтын болғандықтан, басқарушы деген сөзге баса мән беріп айтты) Тошаның төбеге ілулі тұрған гимнастикалық асай-мүсейлері мен аспалы шығыршықты көріп қапа болып, жалбарынған адамдай қолын көкке көтерді:

– Ғафу етіндер, құдайым-ау, мыналарың масқара, орта ғасырдың азап құралдары ғой. Балаға ең алдымен тыныштық пен қынулы тамақ керек емес пе?!

Тошамен тірнек жалғаса берді, көзінде таураттан тарағандай мұң аялаған логопед-дәрігер Лариса ұшында шаригі бар сиқырлы металл шыбықтың көмегімен оның аузынан жаңа дыбыстар естірте бастады.

Ал алдыңғы күні біз оны шынтағынан демемей-ақ қойып едік, ол тұңғыш рет тырбандап өздігінен тұрып, көпшікте секіргендей ескі жастықтың үстінде құлдыраң қарғып: «қар» деп қиын сөздің жарты қосығын айтты.

Шешелеріне күш салмай,

Петяны,
Саша, Тошаны
аяқтарынан тұрғызып,
жетер ме күшім демеуге,
өзіме жатты бейтаныс
өзекке тепсем егерде,
өзіме ғана жасаған –
жақсылық опа берер ме?!

Кампучия, Найробиларды
ракеталардан құтқарып
Жеткерер ме еді жетімін...
аспаннан түскен халық жоғындай,
жат бала да жоқ – кепілім.
Аддис-Абеба сәбилерінің бәрінің
аш құрсағына әл беріп, демеп, арқалап,
«Оқыр ма едің Шекспирді?» деп,
сыбырлар ма еді құлақтарына қалқалап.
Бангладеште аштықтан өлген

бозбала, бәлкім, сол ғана,
адамдық біздің әулетімізді
келтірер ортақ тәубаға.

Өз баласына қарамай, далаға тастап
Әлемнің күллі баласын бауырына баспақ,
Қоғамның жұмақ жобасы алдаусыратар
Ұяттың шегі бар ма екен, ал содан аспақ.
Шовинизмнің кей-кейде кеудемсоқтығы
Дүниелік дақпырт.

Дақпыртқа еремін бе мен?
Адамзатты өбу – әрине,
әдемірек қой

Құшақтасқаннан өзіңнің әйеліңменен.

Ал мен әлекпін құрлықты қырық та тесік
бітеймін бе деп,

толтырып үгітілгенін.

Күйеуі еместей, мен оның иесі еместей,

Күйеуі емеспін –

Масқара!

Тірі пендемін.

Өзектен шыққан өз ұлың тастанды болса,
талақ болғаны,

оның да жетім қалғаны,

Бала жаны үшін тиіспіз жан салуға біз,

Жанына қалай жөн тауып,

жол сала аламыз?

Ұшқары бірақ үйреткіш дағдыларымызға

Жанымыз болмай қалайша

жан сала аламыз?

Елші ғой ұстаз,

жәй ғана үйретуші емес,

Және де мектеп тәрбие перзентханасы.

Оқытатұғын әуелі хұқы алыңыздар

ал содан оқытар болар шамасы.

Бала жаны үшін тиіспіз жан салуға біз,

Қалайша бірақ?

(Сауалдар иін тіресті)

Бала қолында кезенген ойыншық қару

жүрек тілімдер не деген жиіркенішті.

Фюрерлер менен әмірші ешқашан да,

шықпауы үшін шырқырап барша жанымыз.

Ұятпен егіп, арменен, жанменен емдеп

бала жаны үшін тиіспіз жан салуға біз.
Үйреткіштіктің ойнатып әңгір таяғын,
бала жаны үшін күреске барудан бұрын,
ересектер-ау,
кез келді өздерімізге,
өз жанымыздың кірінен арылатұғын.

1972 жылы Миннесот штатының Сент-Пол қаласында металл тіреулері мен арқандары алдын-ала абайламай алынып тасталған жабық стадионның боксерлік рингінде тұрып мен американ студенттерінің алдында өлең оқыдым. Кенет рингке жүгіріп келе жатқан он шақты жас адамды көзім шалды. Мен бұлар мені құттықтап қолымды қысайын деп келе жатқандар екен ғой деп рингтің шетіне қарай шықтым. Соңғы сәтте барып олардың бет-жүздері құттықтау нышанынан құралақан, қанын ішіне тартып алған қытымыр, сұп-сұр, қолдарында бір тал гүлдері жоқ екенін аңғардым. Зал ішін «а-ах!» деген көпшілік айқайы жаңғырықтырып жіберді, өйткені залдағылар мен көрмегенді көрген; рингтің арт жағынан шығып, менің ту сыртымнан тағы да бір топ жас жігіт ұмтылып келе жатыр екен. Жауырынымнан тиген жазатайым соққы мені «құттықтауға» қара таласып келе жатқандардың табанының астына қарай үйіріп жіберді. Барлық әрекет бір сәтке жылдам жымдастырылып, әдейі де әдемі жасалған екен. Құлап түскен бойда олар мені сұлатып салып үсті-үстіне аяқтарымен асығыс тепкілей бастады. Жалғыз-ақ сол сәт менің есімде қалғаны: гүрзідей табанына құлпынайдан жасалған сағыз орайтын қағаз жабысқан альпинистің әбдіредей бәтеңкесі қабырғамды балғамен шеге қаққандай солқылдатып жатты. Тағы бір байқағаным: өзімді үһілей тепкілеп жатқан аяқтардың арасынан, тізесін бүгіп алып, мынау тепкілеушілер тәрізді жанталасқан іскерлікпен мені суретке түсіріп жатқан жап-жас фоторепортер қыздың дамылсыз қимылдаған

фотоаппаратының жарқылдары болды. Менің досым әрі аудармашы Альберт Тодд мені бүкіл денесімен қаусырып маған қарай ұмтылды. Актер Барри Бойс қайырып микрофонның аяғын жұлып алып, сойыл сияқты сілтеп, байқамай жазықсыз полицейдің тісін сындырды. Естерін енді жиғандай көрермендер мынау бастырмалаған жүгенсіздердің қолдарын қайырып, кеудесінен кері итерді, ал олар болса, мені әлі тепкілеп бітпегендей қалш-қалш етіп, аяқтарымен ауа қармалап жатты. Бұлар Гитлерге қызмет еткен бандеровшылардың АҚШ пен Канадада туған балалары болып шықты, сірә, сонау соғыс жылдарында Қыс станциясына аяғы жете алмай қалған фашизм мені Америкада қолға түсірмек болған болса керек. Мен қиралаңдай орнымнан тұрып рингке көтерілдім де, тағы да бір сағаттай өлең оқыдым. Неге екені белгісіз, денемнің ауырғанын мен сезгенім жоқ. Кешкісін концерттен кейін манағы жап-жас фоторепортер қыз менің қасыма келді. Ол қылдырықтай, аққу мойнын жылан орағандай «Никон» мен «Хасенблаттың» белдіктерімен орап, орамыштап тастаған екен.

– Менің суреттерімді ертең бүкіл Америка көретін болады... – деп, жаны жай тапқандай мақтана сөйледі.

Мүмкін кәнігі кәсіп иесі ретінде оның айтқаны дұрыс та шығар, бірақ, неге екені белгісіз, менің онымен сөйлескім келмеді. Онда адамдық қасиеттен гөрі, кәнігі кәсіп иесінің қасиеті артық боп шықты, мен оған көмектессем деп едім. Кенет менің бүкіл тұла бойымды құрыстырып төменгі қабырғамның жанымды көзіме көрсетіп шаншудай сырқырай жөнелгені.

– Сынық жоқ екен...– деді доктор жақын маңайдағы госпитальдардың бірінде түсірілген суретке қарап тұрып. – Бірақ сүйек шытынаған... Маған олар ескі жара — ескі жарықшақтың орнын тап басып ұрғандай боп көрінді... Сіз бұрын-соңды автомобиль авариясына немесе басқа бір қиын қақтығысқа түскен

жоқ па едіңіз?

Сол кезде барып мен бәрін есіме түсірдім. Менің көз алдыма әлгі гүрзідей табанына құлпынайдан жасалған сағыз орайтын қағаз жабысқан альпинистің бәтеңкесі емес, қырық бірінші жылы мені базарда тепкілеген өкшесінде жартыкеш айдай темір тағалы таңбасы жарқыраған алыпсатардың аяқ киімі келіп еді. Мен осы оқиғаны докторға баяндап бергенімде, оның көзінде ас та төк сезімінің жас тамшыларына ұқсас бірдеңе жылтырады.

– Өкінішке орай, біз Америкада сіздің халық пен сіздердің балаларыңыз соғыс кезінде қандай ауыртпалық көтергенін біле бермейміз,..— деді доктор. – Бірақ сіздің айтқаныңыз менің көз алдыма кино оқиғасын әкелгендей болды... Өзіңіздің балалық шағыңыз туралы сізге неге кино түсірмеске?

Менің ескі жарықшағыма тиген тепкі —«Бала бақша» фильмін түсіруіме осылайша түрткі болып еді.

Қабырғама түскен алғашқы жарықшақтан бастап мен фашизм мен алыпсатарлықты бұл дүниеде бәрі-бәрінен жек көремін.

Жарықшақтан ұрады ескі

тепкілейді баладай.

Жас қалпымда және ұрады,

Соғыс таңып талайыма

бурыл тартқан самайыма

төпелейді қарамай.

Фашистер мен саудагерлер

барлық тірі, барлық жасты,

таланттарды табан асты

жасамақ боп – жатыпішер,

табады ойлап жанталасты.

Жарықшақтан ұрады ескі

қасапшылар, наубайшылар,

ескіше ұрып қоймайды олар,
жаңаша ұрар...

келешекке жалғай соғар.

Қара жүздіктер – әлемге ортақ.

Оған нейтрон айбалтасы –
антисемитизм қырғынындай
атом өрті – ойран басы.

Сәбиді таптап табанына,
бір тарының қауызына
сыйғызғандай елді күнде.

Террорымен зіркілдейді
төрткіл дүние бұрышында,
Жетіқат көк зеңгірінде.

Идеяларды илеп, таптап,
илеп елдер, халықтарды
Зар илетіп, зәрін шашты.

Қара жердің қаншама ескі
Жарасының аузын ашты.

Кез келген жойқын арасында мен
Алапаттарға шыдаймын.

Жарықшақ күллі сынықтарымнан
сына білмеуді құраймын.

Қара жүздерге қарсы күресте
аман емеспін,

амалдан

Сынған жоқпын мен.

Сынбаймын және

қабырғам шытынағаннан.

– Не деген есі ауысқандар...– тағы да өзіне таң емес кезекті
былғаныш ғайбаттарын жаудыртқан «Меркурио» газетінің жаңа

санын қарап отырып Пабло Неруда бір мырс етіп жымыып қойды. – Олар мені екі жүзді Янус деп жазады. Олар мені бағалай алмай-ақ қойды-ау. Ал менде екеу емес, мыңдаған жүз бар ғой. Бірақ, өздеріне ұқсамаған соң оларға менің бірде-бір жүзім ұнамайды... Құдайға шүкір... ұқсамағаны қандай жақсы болған...

Чили үшін сирек болатын 1972 жылдың қарлы қысында Пабло Неруданың кемеге ұксас үйінің төбесінде қарлы қыстың қатал қаһарын сезіп, сақтандырған шағалалар шаңқ-шаңқ етіп үйіріліп ұшып жүрді.

Екі өтірікті сұққанда саған байқатпай
үшінші таңдау — таңдамау, таңдап ойланбау.
Біреудің тәлкек ойыншығы боп айналып
Жағымпазға да, жалақорға да айналмау.
Өз азғыныға өкпелеп...

Тоныңды отқа жаққанша,
азғынынан өзгенің күмәнді ләззат тапқанша
өлімтігін көрсетпей өлген жақсы иттей
Жатқаның жақсы жырада,
сайда көп болса.

Жалданбаймын деу жалданып тұрған жанымен –
интеллигентке айрылысу ғой арымен.
Жарнама жасап өз отанынан қол үзіп
не болады екен әрекетіне басқаның
және де бірге жасағаныңда тамызық.
Асқақ мұрат жолдарында астарласа, астаса,
«Колоколы» Шпрингерде жарық көре бастаса,
Герцен кезін көз алдыға елестету қиындау
интеллигенттік дегеніміз –
болған тіпті басқаша.

Жауың сенің қорқау болса,

ұқсар досың жайынға,
бар үшінші таңдау бірақ,
оны былай пайымда:
Қырқыс-талас ортасында қатар тұрған екі орындық
өзді-өзінше екеуі де кір болса,
арасына отыра кет,
екеуін де алалама, айырма.
«Ара», «ортасы» деген сөзде дей алмаймын
таңдауымды мүлде мен,
екі кір-кір орындықтың ортасынан
шықпайды ғой күн деген.
Бар таңдауым – ортақ үміт жолындағы күресте
Азамат па?..
Дүниеде ортақ үміт бар екенін білмеген.
Қабылдайтын дүниемді –
қабылдадым еркімнен тыс жүгініп,
Күллі адамға ортақ күнә
деп ойлаймын түңіліп.
Халық алдында жылдым күліп,
жауырын бүгіп, иіліп,
Отанына жон көрсетіп,
жөнелсе жалт бұрылып.

Қол қысысып амандасқанымызда генерал Пиночеттің қолы маған сонша бір тегеурінділік танытқан жоқ, қайта сүйексіз, қансыз, мінезсіз боп көрінді. Ең бір есімде қалған қолайсыз жағдай – оның алақанының салқын ылғалы болатын. Менің 1968 жылғы сарғайған қойын кітапшамда Сантьягодағы «Лан – Чили» аэрокомпаниясы басшыларының бірі шақырған кештен кейін, қонақтарға берген қысқа мінездемелерімнің ішінде былай деп жазылған екен: «Ген.

Пиночет. Провинц. Қолы салқын ылғал». Біз онымен қолымызға әлемдегі ең әдемі шарап – макулем құйылған бокалды ұстап тұрып әлдене жөнінде әңгімелестік қой деймін. Егер оның кейінірек кім болатынына көзім жетсе мен көп дүниені жадымда сақтап қалуға тырысқан болар едім. Екінші рет мен оны 1972 жылы Ла Монедадағы мінбер алдында президент Альенденің ту сыртында өзінің сондай екеніне сендіргісі келгендей чили генералдарының адалдығы жөнінде әңгіме айтып тұрғанын көрдім. Пиночеттің көзі бетіне түскен прожектор жарығынан қара әйнекті көзілдірікпен көлегейленген еді.

Үшінші рет Пиночетті мен 1984 жылы Буэнос–Айрестен Сантьягоға асығыс ұшып бара жатып көрдім.

Аэропортта ілулі тұрған үлкен портреттен сәл-пәл қысыла, ыңғайсыздана өзіне деген ырзалықпен ыржиған генерал маған: «Ә, бәлем, сіз мені провинция» деп ойладыңыз ғой деп тұрғандай боп көрінді. Пиночет портретінің астында бірде-бір чилилік газет сатылмайтын газет киоскасы бар еді. Мен сатушыдан неге сатылмайтынын сұрағанымда, ол маған бұрыла қарап, бүйрегі бұра сыбырлады:

– Өйткені оларда жазатын зат жоқ деуге болады... Бірыңғай ақтаңдақ қағаз – цензура бояп тастаған... Керек десеңіз «Меркуриода» солай... Сондықтан сатпаймыз.

Соның қасындағы кішкентай ғана сувенир магазинінде Паблоның кескіні салынған көпшілік қолды чеканка сатылып жатқанын көріп мен дір ете түстім.

Оны саудалап жатқандар Паблоның өзін өлтіргендер еді.

Күрсіністердің көпірінде мен –

өз елесім боп туғанмын,

сағадан шапшып сапырылғанда құйылыстары сулардың.

Бұл жерде көптен түндер бойына дем алмайды ешкім
күрсініп,
бұрынғы болған күрсіністердің –
бәрі де өлген тіршілік.

Пальмалар түбін ажал қанжары
тімтімей мұнда кетпейді,
елес болғаның жақсы ғой одан
ешқандай қанжар өтпейді.

Өткен бір дәурен өткен бір кезде
құшағында өткен жылдардың
шын ғашық дерлік —

мұңдасымды ертіп мұңменен балқып ырғалдым.

Осынау Лима жағасында жаным бір рақат жай тауып
өзіміз сынды өзге жандардың өксігін тыңдап тұрғанмын.

Өксідік біз де, күрсіндік біз де
кіршіксіз және күнәсыз,
Әлемнің күллі әдемілігі бізде еді сонда шүбәсыз,
денеміз біздің демменен балқып,
дүниені құштық риясыз.

Біз түгіл анау автомобильдер
сықырлап жансыз темір де
күрсінді ме екен, үһіледі ме... дем алғаны рас, тегінде.
Алған демменен жұтқан ауадан түсініскенбіз аһ ұрып,
өйткені біздер сүйетін едік –
ессіз де түссіз қапылып.

Чегеваристка емес ең ешбір,
ер едің бірақ – көрсе кім.

Көзсіздің өзі ең –
махаббатқа сен,
партизандығың сол сенің.

Өксіген демдей, өшкен бір меңдей
өттің де кеттің, Ракель,
Таураттан таңдап қойған есімің –
естісем жүрек дір етер.
Боливияның батпағы сені құрдымға сорып кеткендей
Түрі жоқ сені көгертетұғын,
түрі жоқ сені түлетер.
Мен дағы талай шайқалақтадым,
қайқалақтадым, қайырылдым,,
Раскольниковтай түнердім тылсым —
майыстым дағы майырылдым.
Сені мен менің өксіктеріміз өлген жер орнын сипалап,
қайтейін, сенен айырылдым.
Баяғы сен жоқ, баяғы мен жоқ,
байлаусыз дүние баянсыз
айырды бізді екіге бірден,
айырбастатты аяусыз.
Жүні жидіген мысықтар ғана тәккаппар
танау көтеріп,
Көпірдің мүкті тіреуішінде
тылсым тірлікке еті өліп
Үрпиіседі. Күңірену де, күрсіну деген мүлде жоқ,
тып-тыныш дүние,
тылсым бір дүние — құр кеуек.
Көкірек айырып күрсін сен мейлі,
деміңді салып үрле кеп,
еш мүмкін емес көмектесуің –
Ауасыз қуыс құр кеуек.
Қабырғаларды бұзсам дедім мен
қойыртпақтарды тазартып,

сұйық болғаннан, ұйық болғаннан
қатты болғанның өзі артық.
Құрбақа құрқыл, дәрменсіз дүңкіл
тұсымды тұтас тұр бөлеп,
шамасы нағыз шіріген сұйық –
Ауасыз қуыс құр кеуек.
Құр қуысты мен тұмсығымменен соғамын келіп
сүрмелеп,
керемет қатты керең ғой нағыз –
Ауасыз қуыс құр кеуек.
Тірінің бәрін, жандының бәрін
тәтті тиеді тілге деп,
шыңғыруларды жұта салады –
Ауасыз қуыс құр кеуек.
Қисайып барып ілінген көпір
жамылып жасыл сүңгі мүк
құлаққа ұрған тылсымда тұрған
үрей сияқты үңгіліп.
Әлсіреп барып күрсінеді адам, үһілейді адам ақыры,
айқайлауға адам күші жетпесе,
түк шығармаса шыңғырып,
күрсінеді адам, үһілейді адам ең аяғында сүрнігіп.
Күрсінуге де жетпесе әлі,
үһілеуге де аһ ұрып,
ериді адам, іриді адам,
құриды адам ақыры.
Сезімге күйрек қасиетіміз табанға неге тапталды,
тәубаға түсер күрсіністердің
бас сауғалайтын мекені –
түрмелер менен ауруханалар,

шіркеулер неге боп қалды?
Көкірек жара күрсінуді біз неге ұмытамыз,
неліктен?
Көкірек керіп демалудан біз қорқамыз неге демікпей.
Бүйте бергенде Чилидегідей
серпіле берген бір сәтте
кеудеге семсер қадалса қайттік,
қамданып, тұяқ серіппей...
Екі оттың Отан қалса ортасында,
батпаққа батса белінен,
Пиночеттікке айналғаны ғой...
Пиночет шығып елінен...

Puente de los Suspiros
сенің Ракель көлеңкеңнің қасында,
арқамды тілген пышақтың жүзін сезінем,
кеудеме сұққан семсердің ізін сезінем,
төбемде ұшқан ракеталардан безінем.
Көк шулан теңіз күрсінеді тек көпіріп
Және де мастар
мәймөңкеленіп, өкініп
қайда да тірлік,
тірлік жаман деп өкінер
күнкөріс үшін күрсінген кейіп өтірік.

Империализм – тулап, атқылап жатқан вулкандар әлемі.

Мен Манагуаны революция лапылы қаулаған өрттей қаусырып
келгенде Сомосаның жансауғалаған бункерінде болдым.

Таңғалғаным, бункер менің ойлағанымдай жер астында болмай
шықты. Сұрғылт казарма үйінің ішіне жасырылған — кабинеті,
асханасы, ұйқтайтын бөлмесі, ваннасы мен кухнясы бар бірнеше

бөлме екен. Керек десеңіз, ішінде жапондардың жобасымен салынған бақ та бар болып шықты. Неге екені белгісіз, осының бәрі бункер деп аталған.

Мені ертіп жүрген капитан күліп:

– Ұстап көріңіз, – деп ұсыныс жасады. Мен өсіп тұрған өсімдіктің біреуін, одан кейін екіншісін ұстап көрдім – олардың бәрі пластикадан жасалған боп шықты. Халыққа қарсы диктатура шындығында пластикалық бақ сияқты: есік алдындағы жағымпаз жандайшаптары бұл диктатураның жемісін қаншалықты мақтағанымен, оның мәуесі жеуге жарамайды, иіскесең, иісі жоқ.

Сомосаның былғары креслосында оқ тескен орын қалған – бұл қатал қаныпезерді үңгірінен таба алмай ызадан жарыла жаздаған сандинистік күрескердің атқан оғы көрінеді. Маған бункерді алған күні солдаттардың бәтеңкелерін шешпестен қайсы біреуі Сомосаның ұйқтайтын ішкі белмесінде, қайсы бірі – диванда, қайсы бірі — еденде, әйтеуір, осы жерде ұйқтағандарын айтты. Ал бір баспанасыз әйел баласын құшақтап түп-тура осы Сомосаның креслосына бүгжиіп жатып алыпты, ал бала оқ тескен жыртықты ынты-шынтымен шұқылап,, креслоны саусақтарымен барынша шимайласа керек.

Осынау бункерде бірде-бір кітаптың болмауы менің төбе шашымды тік тұрғызды.

– Керек десеңіз, ол газет те оқымайтын, өйткені онда не жазылатынын күні бұрын біліп отыратын, – деді капитан жиіркенген адамдай жиырыла сөйлеп.

Ешқашанда мен, ешқашанда мен

Өң менен түсім алмасса

көрмес ем сені, Никарагуа,

кеудемде жүрек болмаса..

Көлгірсіп жұртқа жүрегі езілген
қанішер кілең, мас қулар,
полициялық қару тоңмойын,
көтерілген ел жүрегін ойып,
қандарын судай шаштыңдар.

Тұтасып демі түтін секілді
әмірін жүрек ұқтырар.

Жүрегін жұлса, ит екеш ит те
түршігіп жаны тік тұрар.

Жүректі таптап ажал алдында
Қан кешсе етік шылқылы,
еркіндікті аңсап,

егілсе жүрек –

бұл да еркіндіктің бір түрі.

Өлгендер қанын сақтай алмайсың сейфке,
фрактарға әне,

мундирлерге әне,

мантоға жұғып қалған ғой.

Дүниеде ұлы диктаторлар жоқ,

бәрі де

тек қана данғой әпербақандар болған ғой.

Помпейлік банкет столдарына

иліге тиіп иегі,

арамзалыққа, қараулықтарға жаға салатын

күйе ғып,

диктаторлардың барлығының да

тәждері менен тақтары

Солдаттар мен полицейлердің

иығына тұр сүйеніп.

Адамның хұқы, адамның еркі жөнінде

сөйлеуге сендер қақыларың жоқ,
ғасырлық жүрек ойғыштар.
Теңдіктерің сол жазалау ма әлде,
жазғыру ма әлде, әмір ме,
адамның тілін тірідей кесіп –
ауызын тығындап қойғыштар.
Адамдық күллі бостандықтағы –
бас Бостандығы бәрінің
ойғызбау жүрек, қойғызбау жүрек әмірін.
Бостандықтың да тәуекелі мен тәуелденері көп шығар,
Халық пен бірақ көтерілістің қосылса басы –
от шығар.
Диктаторлар жоқ түспейтін тақтан
тапталмайтұғын табанға,
Солардың бірақ кеш түсетіні,
кеш құлайтыны жаман да!

Аргентинада әскери диктатура құлағаннан кейін 1984 жылғы Буэнос-Айрестегі Халықаралық кітап жәрмеңкесінде тыйым салынған дүниелердің бәрі жарыққа шығып, шайқалып төгілді. Қаншама жылдан кейін сөрелерге күні кешеге дейін жасырын, құпия әдебиет болып кел-ген – Маркс, Энгельс, Ленин, Хосе Марти, Че Гевара, Фидель Кастро еңбектері қаз-қатар тізілді. Бостандық тасқыны өзімен бірге көң-қоқыс, күлді-көмештерді де ала құлады. Кропоткин мен Бакунин әдемі көркемделіп шығарылған борделья тарихымен қатар тұрды, одан әрі – Мао Цзэдун, Камасутра, Троцкий, Бухарин, шведтің қолға түспейтін бестселлері «Лесбиянка¹ әйелдің сыры». Италияндық жазушы Итало Кальвино оқушылар конференциясында «Біздің бәріміз өтіріктен алдымызға жан салмаймыз. Осыны тоқтататын уақыт

жетті енді» деп, солшыл интеллектуалдардың Европадағы жауыр болған мазохистік² таптаурын сөзін төбеден қойып қалғанда, аргентиналықтар таңданғаннан талып түсе жаздады. Оның аяғының астына қарай лақтырылған гүл шоқтары мен бетіне белгі салған бояу еріндердің санын есептеуге шамам келмеді, тек Кальвино қысылған кейіппен кірпіктерін қыпылықтатып тұрды. Ол бірақ осы сәтте осыдан бір жыл ғана бұрын Буэнос-Айрестің көшесінде екі-үш адамның басы қосыла қалса, олардың табан астында тұтқынға алынатынын немесе көбіне-көп сотсыз, тергеусіз ізім-қайым жоғалып, белгісіз қабырғалар мен құпия қуыстарда атылып, асылып немесе теңіздерге лақтырылатынын не ұмытқан, не мүлде білмейтін адам сияқты еді. Көптеген жағдайларда олардың

¹ Лесбий махаббаты – әйелдер арасындағы гомосексуализм

² Мазохистік – жыныс қатынасының жөнсіз әрекеті

сүйектерін құрылыс шұңқырларына тастап, сосын салынып жатқан отельдер мен банктердің іргетасына бетонмен бірге құйып жіберетін. Аргентинада адам жанын түршіктіретін *desaparecidos*¹ — «жоғалғандар» деген сөз осылай пайда болған.

Аргентинада уругвайлық – эмигрант Марио Бенедеттидің сценарийі бойынша алғаш рет жасалған цензурасыз саяси фильмге кезектің ұшы-қиыры жоқ еді. Адамдық жағынан әбден азғындаған, бірақ жан-дүниесіне ар-ұяты маза бермейтін кейіпкер — аргентинаның Клим Самгинінің «Біздің газеттер сүртуге ғана жарайды» деген сөзіне көрермендер дүркірей қол соғып, аяқтарын тепкілеп қалған.

Дағарадай-дағарадай сөмкелері мен кенеп қапшықтарын сүйретіп кітап сатып алуға келген адамдардан жәрмеңке залдары иін тіресетін еді. Дәмханалардан жүрек жалғап алу үшін кемі бір жарым сағат кезекте тұрасың. Осынау ой әлемінің ырду-дырду

думанының ортасында мен өзегім талғанын сездім. Дәл алдымда, танауымның астынан әлдебіреудің қағаз подносының үстінде ішінде буы бұрқырап сыртына қыша сеуіп жылтыратқан сосискалары бар сандвичтер жүзіп барады екен, аузымнан суым ағып жүре берді. Подносты көтеріп бара жатқан қол кенеттен тоқтай қалып, бір сандвичті суырып алды да тұп-тура менің аузыма әкеп асатып жіберді. Иә, иә, бөліп-жарған жоқ, аузыма бірден тығып жіберді, тамағыма бірден сүңгітіп жіберді.

– Тек жартысын ғана жеңіз, компаньеро,— деді жорта еркектікі секілді гүжілдеген дауыс, әйтсе де әйел дауысы еді бұл.

Апыл-ғұпыл сандвичімді шайнап тұрып мен қарсы алдымда тұрған еңсегей бойлы, өзім қатарлы, қара шаштарына сирексіп ақ қылтанақ араласқан, иығына рюкзак асынған әйелді көрдім. Аузын

¹ Desaparecidos – жоғалғандар.

шымшып байлаған рюкзактың ішінен толған кітап қатырмалары байқалады. Адамға аңсары ауып, апырақтап қайырқол аянышпен қарайтын бұл әйел соғыс кезіндегі сібір әйеліне әлдебір ұқсастығымен мені дір еткізді.

Біз таныстық. Оның есімі Магдалена екен. Ол алыс тау провинциясындағы мектеп кітапханасына кітап сатып алу үшін келген ауыл мұғалімі болып шықты.

Мен оны әдеби кафеге шақырдым да, жол бойы оған жасырын қараумен болдым. Магдалена отыздың бесеуінде екен. Оның болмысындағының бәрі – сөзі де, қимылы да, қолы да, аяғы да – бірбеткейлеу, қатқылдау, ірілеу көрінгенімен, негізінде ол көрікті әйел еді. Аяқтары туралы айта кетейін. Шұлықсыз, сирағы тырналған, сірә, таудың тікенектері тырнаса керек, шаң-шаң альпинистің бөтеңкесін киген, балтырлары күнге қақталған, тіп-тік,

аздаған артығы көзге ілінбейтін дорийлік ұстындарға ұқсайды. Әсіресе, оның етегін іс білетін әйелдің қолымен қайыған кенеп юбкасының қайыруына көнбей сыртқа шыға беретін кішкентай піл баласының қос танауына ұқсаған, тепсе темір үзетін қап-қатты, тегеурінді тізелері әдемі еді. Ол менің көзқарасымды танып көріп қалды да, қарсылық білдірмесе де, қабылдамайтын сыңаймен жымыып қойды.

Әдеби кафенің қабырғасы диктатураның кезінде із-түссіз жоғалып кеткен ақындардың ресмилендірілген жария өлеңдерімен өрнектеліп тасталған екен. Магдалена кітап толы рюкзакын еденге тастап, алдындағы шарапты қозғамастан орнынан тұрып, қабырғаға таяп барып, ондағы өлеңдерді ернін жыбырлатып үнсіз оқи бастады. Содан кейін барып ол орнына отырды да, бір бокал шарапты бір-ақ жұтты. Ол ештеңеден күбіжіктеп, күйбендеп ұялғансымайтын, оның еменжарқын әдемілігінің өзі осында еді.

– Мен бұл ақындардың көпшілігін көзбе-көз танушы едім, – деді Магдалена қабарып.

– Сіз олардың кездесулеріне барып тұрып па едіңіз? – деп сұрадым мен.

– Жоқ, мен оларды тұтқынға алғам...— деп жауап қатты ол.

Айтамын сізге мен мұны –

Магдаленамын,

полицей – әйел бұрынғы, жан жараладым.

Көріп тұрсыз ғой,

қан жоқ қой тіземе дейін

осындай тізе талайдың

күзеген ойын.

Қысқа киюге біздерге жасады қысым,

Салпы етек болмай – қазынаға қасарып ішім,

Жылтыр етігі үстіне мемлекеттің
домалақ екі минадай тіземді жектім.
Буэнос-Айрес көшесін араладым да,
мемлекет жауы жоқ па деп қарағанымда
талайдың маған ұнады

қыпылдаулары,
тіземе қарап және де жұтынғандары.
Бойсапатсың деп мектепте –
тесіліп маған сумақай болдым ушығып –

өшігіп соған,
Аргентинаны арғы ойым – сақтайтын тірнек
есекпен салдым не сұмдық салмайтын сурет.
Мектепте сорғыш қағазға
сиясын төгіп жасырын құйған жағалай –
бірінші класс баласы шимайларындай.
Мен көзге түстім.

лақап ат байланды маған,
полициямен байланыс –
әдетке айналды маған.

Сыпсың сөз тасу
бірақ та жанымды қорлап,
көрмек болдым мен
басқаша бағымды барлап.

Рио-дель-Платтан енді мен аңыс аңдыдым,
Жалақысымен жартымсыз полицияның
Аргентинаның тағдырын қалғым кеп қорғап.
Жас едім онда,

мен онда әдемі, өңді едім,
детективтерге түссем деп дәмеленгенмін.
Газ – плиткаға кептірдім портупейімді,

сықыры сұсты, сыңайы салқын көрінді.

Полицияға кірдім мен –

қайралғанымнан,

мекемелерге қайсыбір қайнап зығырдан,

полиция да солардай мекеме екен

көз қысысатын кәдімгі «көкеңе-көкең».

Патриотка едім

мен және

каратистка едім,

бастықтар таппай...

таба алмай қалай тиісерін

білесіз ғой,

бар жерде – іштегі жегі –

көздеріменен мені олар

ішті де жеді...

Интеллигент боп

шетінен есептелгеннің,

бәрі де агент боп

агентпен өсектелгеннің

ойлайтындардан мен кімді тұтқындамадым

Аристотельге тек қана

жетпеді амалым.

Ілгері іліккен үйлерге

қарауылға мен

танкідей кірдім –

тас бұзған танауыменен

мемлекеттік тапсырма орындағанда,

Сол деп ойлаушы ем –

бақыты жанды ғой деген,

бөксемдегі бесатар танго билеген...

Байқап қарасам –

ерлігі еленушілер,

тінту үстінде тонаушы төлем өсірер.

Әсіресе видеомагнитофондарды

қымқырады екен қалтаға

керегі осы деп.

Идеологиялық тұрғыда қатты қорландым

бұлардың мынау жат қылық неменесі деп.

Екінің бірі түсінбес қысым, қыспақсыз

(түсініп бірден қалайша ұшпаққа ұшпақсыз?)

мемлекеттің майлыаяқ қызметшілері

Жиіркенішті не деген...

сірә, тіс батпас

жаулары қандай жылмиған мемлекеттің

жалын ұстатпас.

Ал бірде маған «бұзғыш элемент»

сәл езу тартып бұрылып,

көзінде қаяу, көңілінде аяу

жұмбаққа мұңды

тұрғандай болды жүгініп:

«Беу, қызым-ай...

білмейсің ғой сен,

бір кезде сенің немерең

басқаның емес менің басыма –

монументіме, бас исе келіп,

не дер ең?»

Бұл сөзді ол бәлкім айтқан да шығар,

кеткен де шығар артық-кем,

бірақта оны түрмеге апармай,

ең қатал үкім тәртіппен

бетон лайға шайқап жіберіп,
бетоннан қаны аққанда,
Сөзіне оның сендім мен сонда
бетонға сіңіп жатқанда.
Жазушы екен ол.
Конфиска кезінде
жұп-жұқа томын жасырдым,
Соңынан оқып, маңдайды соғып
тасқа тигендей оған бас ұрдым.
Ешқашан құрсақ көтермесем де –
жылан жалағандай ішімді,
Аргентинамды құтқарған менің –
солар екенін түсіндім.
Ал екінші бір жазушыны да
көзімше менің
қару дүмімен қайқайтып,
атқан жоқ оны,
асқан жоқ оны,
қабырғаға әкеп
қатыра тіреп шалқайтып,
«студебеккердің» тұмсығыменей
денесін демде жанышты,
радиаторға өкпе-бауыры,
қаны
шашырап, жабысты.
Олардың бәрі жоғалды сотсыз,
із-түзсіз олар жоғалды,
Патриоттық есалаңдықтан –
жаныма жара жамалды.
Полициядан кеттім біржола

өзіме-өзім ант етіп,
Әдебиеттен сабақ берем деп
сертке байладым санамды!
Шеттегі ауылға сұранып барған
сол еді менің себебім,
түкпірдегі бір мектепте сабақ беремін.
Бірте де бірте келеді күнөм тазарып,
шаруа ұлдарына –
жоғалғандардың жаттатқызумен өлеңін.
Ал түндер бойы құрысып жалғыз
төсекте ерсіз езілем,
аяқтарымды айқастырамын,
тоңғаныи тізем сезінем.
Ауылдағы әлгі аптекарь маған
келеді түнде ұрланып,
галстугын де шешіп үлгірмей...
шолтыраңдайды ым қағып.
Шешінсемдағы жалаңаштанып,
көрсетсемдағы етімді,
Полицей киімін сыпыра алмаймын,
теріме менің тігіп тастаған секілді.
Аптекарь менен менің балаларым
құрсақта-ақ тумай қалсын деп,
ұрық өлтірер дәрі жұтамын
нешеде рет, не түрлі...
Ең құрығанда түсінде
«қылп етпе!» дейтін полицияның әмірін,
армандап шығар біреулер
жүргізгісі кеп әркімге,
жиіркенеді де,

жаным түршіге қараймын
жер бетіндегі полицияға мен күнде.
Баласына әке ақылдан емес
бастағы шашы түскен соң
үйретсе ақыл –
тантыпты.

Жек көремін мен ұстаздықтағы –
ұшқарылықты,
полициялық тәртіпті.

Полицей–әйел бұрынғы –
Магдаленамын,
айтамын сізге мен мұны –
шын ақтығымды,
өкінішке орай әйелмін,
бірақ бұрынғы...

Түп-тура Амазонканың ортасында пароход жанып жатты. Алба-жұлба, жырым-жырым Эквадор жалауын қадаған бұл бір кішігірім пароход еді. Түтіндеген палубамен әрлі-берлі жүгіріп адамдар жанталасты. Бірақ олар қорыққаннан суға қарғи алмады, өйткені Амазонкада бірнеше минутта адамның сылып сүйегін қалдыратын жыртқыш хайуанаттар құжынап жүрген болатын. Суға түсірілген екі қайықтың екеуі де жүктің ауырлығынан аударылып кетіп, бірде-бір адам жүзіп шыға алмады. Бортта қалған адамдардың басты қасіреті – сол пароход тап ортада – өлі нүктеде жанып жатқандығы еді.

Арасында мен де тұрған перуандар жағындағы жағадан бірнеше үндіс ұмтылысып, каноэ – қайықтарына жүгіріп еді, бірақ полиция бастығы тоқтатып тастады:

– Шаруаларың жоқ жерге араласып – шалаптарыңды шайқамандар... Дегенмен бұл жер бізден гөрі Бразилияның

территориясына жақын сияқты... Өлі нүкте – бейтарап сулар ғой...
Оның үстіне қадағандары Эквадор жалауы. Мен тіпті олармен
біздің саяси қарым-қатынасымыздың қандай екенін де білмеймін.

Корабль қалған командаларымен қоса біздің көз алдымызда
жанды да кетті. Бұл дүниеде адамдарды адам тірідей отқа
тастағаннан асқан айуандық бар ма?

Летиция қолтырауындарын аулаушылар поселкесінде мен сол
түні түнімен ұйқтай алмай, неге екені белгісіз, Колымада кездескен
бульдозерші Сарапулькинді есіме ала бердім. Ол болса өлсе де
адамды отқа тастамас еді.

Хеопс пирамидасы басыңқы,
ылғал, үрейлі,
Саркофагтарды тастүнек
тышқандар қаузап, түнейді.
Айтайын одан, пайымда
бульдозерші жігіт Колымада
Сарапулькиннің жасаған
саркофагы жайында.
Сарапулькин шықты үйден
бүкжимей шалқақ кеудемен,
кеудесі қандай — тайгадай
далиған жалпақ, кең көлем.
Олпы да солпы үстінде
желеңдеу жұмыс киімі,
сарала тайга ойнайды
киімін қағып желменен.
Кеудесі сары, бас сары...
сарала бояу не қылған.
Мұрын да сондай,

маңдай да,
құлаққа дейін жағылған.
Сарала секпіл түп-тұтас
бөліспей ме екен тым құрыса,
Иранның шахы секілді
сарала алтын жамылған.
Шындығын айтсақ —
тегеурін көз тоятындай түріне,
Рычагты келіп ырғады,
басты кеп газды түбіне.
Май сіңген кепка астынан
қарайды жұртқа қарайлай,
кепканың майын сықса егер —
картоп қуырса жарардай...
Лайсаң лай бұрқырай
тыпыршып тулай, құбыла
шаятын алтын Колыманың
қырық құбылған суына,
жағалауына жақын кеп
демалыс күнін тәрк етіп
Сарапулькин тастардың
салды шөміш жымына.
Белгі беріп сигналмен
тышқандардың ініне,
қопарған тасы әп-сәтте
құрылыс боп қалды үйіле.
Таудың тасы құр бекер үйінді емес үйілген,
аржағында ойы бар түйген көңіл күйіне.
Новодевичьедегі,
Ваганьковта тұратын

тас табыттан тасының

кем соқпайды бірі де!

«Сарапулькин, мұның не?

мұның тағы не шатақ?» –

«Бауырым-ау, мен өзіме

салудамын –

саркофаг».

«Ауышсың ба сен өзі,

шашылған ба, шаригің?

Перғауыны болмақ па ең

сен бүгінгі фәнидің?» –

«Кел, көмектес,

әйтпесе, кет маңымнан

бір өңшең

маскүнемдер,

кімді ұстап,

қорламақсың білем, сен...

Мен қарсымын –

тарихтан

құл, малайға бар шыным,

мен үзілді-кесілді

жеке басқа кез келген

табынуға қарсымын.

Нем кем менің Хуфудан,

айтшы, шұқып көзіме,

Сондықтанда саркофаг

жасаймын мен өзіме.

Жұмысшы жұрт Ресейде

перғауын деп, жолдастар,

полицейлерді атаған –

шені төмен сорғасқа.
Жұмысшы тап қолымен
милыонымен жасалды —
күллі байлық, күллі бақ,
айтыңдаршы оларға
ал неге жоқ – саркофаг?
Мен өзіме –
салдым талай көпірлер,
плотиналар кермелеп,
тыға салмақсыңдар ғой
өлсем, мені көрге әкеп?
Мен ешкімді
ешқашан
қанағам жоқ қараптан
және дағы өзімді
қанатпадым,
қанатпан.
Мен, әрине, Пушкин де,
Высоцкий де емеспін,
даңқыменен олардың
келмес менің теңескім.
Мен де кеуде көтеріп,
шалқақтауды ұнатам,
«Сұғынба әрі!» дейтұғын
құлы емеспін кеңестің.
Көріңдерші, жолдастар,
елестетіп бір сәтке
таңғажайып тәрізді –
Пугачева тағдырын,
күллі адамзат сүйкеніп

қоңырау шалып,

жазысып,

әбігер етер әр күнін.

Одан гөрі қумын мен,

одан да мен қулаумын,

тіршіліктің арзанқол

атақ-даңқын қумадым,

өлгеннен соң даңқыма

сүйем елдің шулауын.

Байсалдылар ойынша

ерсі де бұл ыңғайсыз,

(табыт қазса өзіне қарсы алады кім даусыз...)

Пентагонда біреулер

жанталаса, таласа,

ракеталық қондырғы салып жатқан шығар деп,

қан үймелеп көзіне қарай берсін, қараса, –

Сарапулькин саркофаг салып жатыр өзіне!

Үш мыңыншы жыл бәлкім

марсиандық интурист

құйттай балаларымен –

осы арада қыдырып,

«мынау не?» деп

сұрар мүмкін үңіліп,

Сонда оған жауап берер,

мен туралы толғай кеп,

«Колымада бір бульдозерші болған екен

сондай»... деп.

Кәне, көмек бересіңдер ме,

ересіңдер ме арақтың ғана соңынан,

адам емес, перғауын керек сендерге –

көздеріңнен танығам.

Айтпақшы, мен

үнемделген жанармаймен жұмыс істеп

жатырмын ғой гүрілдеп,

Сондықтан да мемлекетке

менен келер шығын жоқ.

Дүкенге кешігем деп,

қыпылдайсың шетіңнен,

кеткенсіңдер бетіңмен,

Сендер бар ғой, жұмысшы тап емессіңдер –

тобырсыңдар лепірген.

Ең болмаса өздеріңе

жасасаңдар саркофаг,

құдай біледі,

тап осылай ішпес еңдер сонда тап».

Сосын бүкіл перғауынды

түсіреді ол төменге,

деміменен сенбейді олар –

аспанға ұшты дегенге,

дүкендерді сағалаған қосып маскүнемдерге

Жатырынан қағынған деп

жатқызып кеп береді...

(ауыздарын боқтықпенен көмеді)

Сарапулькин фукуы бұл –

атың ешсін дегені!

Антонио Грамши бір кезде «Мен байқап, байырқалау кезінде
пессимиспін, ал әрекет үстінде – оптимиспін» деген екен.

Көрдім соғыс күйзелісін,

бейбіт күнде күйзеліс қой монтаны,

бейбітшілік жасаушылар жалғаннан
атжалмандай тіміскішіл
тұмсықтары қан тағы
Фуку!— дейміз аттары өшсін!
Байлап қарғыс қарғыны,
тән мен жанға аштық ашып –
ұшыратқанның барлығы.
Диана Эфест храмын кім
ұмыттық біз салғанын,
кім өртеді –
жадымызда,
бәрімізге ол мәлім.
Қанадан тыс құрмет неге
күшігіне фашистің?
Өртеушілер,
пішушілер,
атып-асушылардың
барлығына – Фуку!, – дейміз,
барлығының аты өшсін.
Өсекшіге,
жарамсаққа –
жік-жапар боп қаламыз,
суайттардың,
сыпсыңдардың –
атын неге аузымызға аламыз?
Христостың қасына кеп
Иуда деген қоңсы қонса жабысқақ,
Фуку! – дейміз – аты өшкірге,
тимей ме бұл намысқа.
Дүниені шеңгелдеген қанменен

Зұлқарнайын Ескендірге
неге ескерткіш қоямыз,
Наполеонды – Пантеонға неге ғана жерлейміз,
қан ұрттаған ырқылдақтың
даңқын неге жаямыз?
Музейлерге басың сұқсаң –
олар жоқ жер аз мұнда,
Фуку! – дейміз аттары өшсін,
атағы асқан – азғындар!
Бисмарк тарихқа енді
көң илеген мұртты қоңыз домалап,
Распутин кітапта жүр
арасына қатып қалған –
қақырықтай қара дақ,
Фуку! – дейміз аттары өшсін
бәрін талақ, тұл қылып,
күллі әлемдік жылнамадан
уақыт келді
тастайтұғын сіңбіріп.
Ал сен неге жоғалмайсың,
ешбір еңбек жоқ сенде,
экранның қылтыңдайсың әлі де –
қиқым болып кетсең де.
Саған да біз атың өшсін –
Фуку! – дейміз,
айналаңа ажал-аран сықатқан,
Геноцидтің Колумбысы, ефрейтор,
найзағайлы соғыс пенен газ камера тұтатқан...
Провинциалдық хуфулар –
қан уыстап шеңгелге,

өлік аттап мәз болғандар –
сәл-пәл рақат көргенге,
Сомосалар, пиночеттер,
генералдар банандық,
сеңдердің де атың өшсін –
«Фуку!» – дейміз сендерге.

Білегімен қан көсеген білемдеп,
аран темір артына ұстап сүмендеп,
бірақ ақ боп көрінгісі келетін
айла асырып ең ақыры өлгенде,
атжалмандық арылмайтын сиығы
фашистікке бұратындар бүйірі –
Фуку! – дейміз сендерге.

Джек Руби даңқы дақпырт Босхадан
мәнсіз даңқ бірақтағы –
бейшаралық, босқа лаң.

Бір бейшара кнопканы басып қалып
дүниені бүлдіріп,
атың өшсін, атың өшкір
«Фуку!» деп,
планета соңғы сөзін
айтар ма екен шыңғырып.

Сикейрос менің портретімді салып жатты. Екеуміздің ортамыздағы бояу баттасқан табуретканың үстінде тұрған шарап шөлмегін біресе мен, біресе ол аузынан кезек-кезек ұрттаймыз, өйткені екеуміз де өлесі шаршаған едік. Майлы кенеп маған теріс сырт жағынан керіліп тұрды, сондықтан мен аржағында не болып жатқанын білмеймін.

Сикейростың түрі Мефистофельдің бет-әлпеті сияқты еді.

Шамасы екі сағаттан кейін Сикейрос қылқаламын бос шөлмекке

салды да; майлы кенепті маған қарай айналдырып жіберді.

– Ал, қалай?—деп сұрады ол желпініңкіреп. Мен жансыз тас секілді қабысып қалған бірдеңеге боп-боз боп қарап, үнсіз езіліп қалыппын. Бірақ әуелі Панчо Вильеге қарсы соғысқан, одан кейін соның өзімен бірге Троцкийге қарсы қастандық жасауға қатысқан адамға не айта алар едім. Біздің айырмашылығымыз жер мен көктей еді. Дегенмен мен қипалақтай күмілжідім:

– Меніңше, бірдеңе жетпей тұрған сияқты ма...

– Не нәрсе? – деді Сикейрос кеудесін тағы да пулемет ленталары осып өткендей оспадар өктем сөйлеп.

– Жүрек қой деймін... – дедім мен жыбырлап. Сикейрос тіпті қабағын көтеріп қараған да жоқ. Революциялық тәртіптің адамы екенін танытты.

– Жасаймыз, – деді ол банкідегі экспроприацияға әзір адамның дауысымен. Ол шыныдан қылқаламды суырып алды да, шымқай қызыл бояуға сүйкеп-сүйкеп жіберіп, менің төс қақпағымның үстіне түйенің тұзы сияқты жүректі қондыра салды. Сосын ол көзін бір қысбы қойып әлгі бояумен суреттің шетіне: «Евтушенконың мыңнан бір түрі. Жетіспейтін 999 түрін кейін саламын» деп жазды. Қолын қойып, уақытын жазды.

Портретке қарамауды сылтауратып, мен әңгіменің төркінін басқа жаққа бұрдым: Асеевтің бір кезде Маяковский туралы: «әрлім-берлім хабарлар жүр, сөздің шаңы – шамасы, алыс Мексикада одан, ұл қалғандай адасып» деген жолдары бар еді. Ол Мексикаға келгенде сіз Маяковскиймен кездестіңіз ғой... Маяковскийдің ұлы бар екені рас па?

Сикейрос:

– Көрінгенді іздеп уақытыңды бөле берме... Ертең таңертең қырынар кезде, айнаға қарауды ұмытпа, – деп езу тартты.

Ақтық сөзді айту маған ерте әлі –

аманатым дерлік сөзді айтамын:
бір зәу-заттай жарым-жарты жоғалған
уақытпенен тайталасып байқадым.
Мен едім сый-сарқыт қалдырмайтын дәуірдің
кездейсоқ бір сарқытымын, тұқылмын,
Тарих маған қалған сынды қақалып
келмей реті кемірудің, жұтудың.
Аманатым дерлік сөзді айтамын:
ауған жұрттың, көшкен жұрттың аумаған
катал, қатты бір бедері мен болам,
Мені тану үшін топтың ішінен
қажеті жоқ белгі салып, таңбалап.
Транссібір поезының түте-түте теміріне
алақаным қалғандайын жабысып,
мен боранда қалған қатып,
вагондардың сықырлаған буферінің тістеріне қарысып.
Аманатым дерлік сөзді айтамын:
мұрагері болармын ба тамұқтың
үстімдегі шайтан тері секілді –
талай жерде қақтадым да қарыттым.
Бұтымдағы бөз шалбар мен тоз шалбар
аяздарда сықырлады буланып,
суағары бірақ мықты болған соң
жыртылмады, жарықтық.
Қатқан мұздар менің шайтан теріме,
омыртқама, жауырыныма, беліме
төсеніш боп – төбелесте сан рет
сақтап қалды, қорғап қалды мені де.
Аманатым дерлік сөзді айтамын:
Жол бойында бірде мен,

кір ағаштың көлеңкесі
түбіне кеп құладым,
тыйым салған жолдың қызғылт белгісіне
сүйеп басты жыладым.
Қайдағы бір демьяновтық
банкетке әкеп
сықастырған қарнымды
адамдарды жек көрдім де –
шеттерінен сыбадым.
Аманатым дерлік сөзді айтамын:
дәуір менің үстіме әкем билетті
жыртық етік, құрым сумкаға дейін,
Сахнаның көрінісі едім
шықпай-ақ,
қан көрдім де дәуірлік,
лоқсуға толы менің көмейім.
Қанға құмар емес едім,
бірақта
Жатқандарға жастық болып,
тұрғандарға төсеніш
болғым келіп алаң еді –
көп ойым.
Күдіктенбен,
қанды емес,
сол пиғылды түбінде
нағыз ерлік демесеңдер...
не дейін!
Аманатым дерлік сөзді айтамын:
үні шықпай қалғандардың
мен – үзілген үнімін,

ізсіз-түзсіз кеткендердің

мен көмескі жымымын.

Біреулердің отқа жаққан романының

өшпей қалған шалажансар күлімін.

Шенділердің артында селкілдеген иығы

қорыққандарға делдалмын мен –

жарастырап түйіні.

Маған бірдей – азап нары,

сойылхана, қасапхана,

қан ішетін иін тірескен – ұрылардың үйірі.

Аманатым дерлік сөзді айтамын:

қисық айыр ұшымен

асхананың котлеті ішінен

ет іздеген өмір бойы –

ет кіретін түсіме,

ашпа-жалап бала едім мен

онға толмай

тұрып қолында апамның,

Ұрыс естіп былғаттырған

аузын талай атамның,

Келермін мен келешекке

лермонтовтық әшекейлі, сырма зерлі погонмен,

иығымда өзге алақан ізі бар

милициялық түсінікті «түс, алғадан»

қалған жоқпын аман мен.

Аманатым дерлік сөзді айтамын:

бар уақытқа жекемін мен, байқадым,

Жердегінің бәрі менің жерлесім,

иемденем –

галактика байтағын.

Колумбының үндістері секілді
 тот кісенім зіркілдеп,
 ажалсыздық жасар қолдан
 тирандарға жанымды жеп, күлкім кеп,
 Өлер алды айқайлаймын қылғынып
 атың өшсін, ажалсыздар—«Фуку!» деп.
 Аманатым дерлік сөзді айтамын:
 Ақын деген —
 Петр сөлкебайындай,
 құбылыс қой тым сирек,
 мысын басып сиректік,
 жер бетінің түкпірінде жүрген көршің күрсінбек,
 Қайткенде де келешекпен келісемін —
 шындықты айтам, сұмдықты айтам,
 ең мықты —
 айтам маздап, өле жаздап,
 айтам, айтам —
 Аманатым дерлікті.

**ӘНГІМЕЛЕР.
ОЧЕРКТЕР.**

ШАЛҒЫНДА (әңгіме)

Маңайдағы ойдым-ойдым табан – тегіс шалғын, кешірек көктеген қырдың бидайығына орақ бәрінен кеш түседі; қозы-лақ желдесе де солай өреді, қара отқа айызы қанған мал бірауық жұмсақ шөпке тәбеті шапса да солай өреді.

Күзипаның үйінің ала аяқ ақ серкесі әккі мал еді; ауылдың күллі малын шабындыққа ертіп, ауылдың күллі баласы сол екі ортада сарпалдаң болатынбыз.

Күн батар алдында Күнзипа екеуміз қырға шығып келе жатырмыз; екеуміз де жалаңаяқ, екеуміздің де қолымызда қураған күрең тобылғы. Менің кір сіңген қоңыр бөз көйлегім бар; қақпақша жағасының мойын жағы жыртылған, өндірішегім сорайып, жел гулеп келеді, әлсін-әлсін ішім тасырайып, тасбақа жұтқандай сыздап, ышқырымды қымтап, кеулеген желге тосқауыл жасаған кезде босап сала береді. Ішімнің қорылдағаны – кеспекке айран ақтарғандай салдырлап, оған әуелі қасымдағы қыздан қымсынғандай, біресе озып кетіп, біресе қалып қоя бергем. Күнзипа менің ішім ауырғанын сезіп келе жатыр:

- Бүгін жуа теруге барып па едіңдер, - дейді.

- Барғанбыз.

- Бәсе, көк жуаны көп жегенсіңдер ғой.

Мен үндемеймін. Әбден берекем кетіп келе жатыр.

- Кеш батып қалды ғой, жүрсеңші енді, - дейді Күнзипа.

Қараталақ келгір, әлгі қақпас серке тағы да құрыған екен ғой. Зым-зия. Шабындықтың ішінде де көрінбейді.

Ішім тағы да тебен тесіп бара жатқандай түйнеп қоя берді. Табанымды көтеріп еңкейіп жатырмын.

- Тікен қаптап кеткен бе... - деймін міңгірлеп.

- Қайдағы тікен? – дейді Күнзипа – менің табаныма неге кірмейді.

Болшы енді, қараңғы түсіп кетеді екен...

Жалма-жан ішім босағандай болған соң қайта көтеріліп жатырмын.
Күнзипа маған қарап күліп тұр.

- Сағатың қанша болды? – дейді.

- Қайдағы сағат?

- Кәдімгі сағатың ше.

Бөз дамбалдың арқандай қып апам ызып берген бауы біресе бүгіліп, біресе қайта тұрып жүргенде төмен түсіп кеткен екен, теріс бұрылып ышқырыма қарай сүңгітіп жатырмын.

- Мұндай сағат сенде де бар шығар, оның несіне күлесің.

- Жүр деймін, енді жүгірмесек болмайды, жел алдынан болған соң ешкі деген желдесе – атты адамға да жеткізбейді.

- Жеткізбесе – желаяқ бол дейсің бе маған, сен сияқты тырнаға адам ілесе алушы ма еді.

Күнзипа қолын бір сілтеп жүгіре берген, етегіне екі орап салған сәтен көйлектің желбіршегі желпілдеп барады, сәтен көйлек – күреңке қызыл мата аяғына оралатындай біресе бүктеліп келіп төмен түсіп, біресе желге ұшып кететіндей жоғары көтерілгенде, артта келе жатқан менің көзіме көн боп терісі сірнеленіп қалған қап-қара табаны мен батып бара жатқан күн нұрына шағылысқан балтыры құмға тиген жиде сапты кетпендей жалтырап көрінді.

Мен де жүгіре жөнелдім. Күнзипаның табанынан көтерілген қайызғақ топырақ шаңының иісі мұрыныма енді жететіндей жерге келе бергенде, ол шар етіп ащы айқайлап жіберді де, кілт кейін шегіне алмай, қатты адымдап қарғи бере сүрініп, денесін билей алмай құлап түсті.

- Жылан... жылан!

Құлақ жарар ащы айқай саңқ ете қалды.

Екпінімді баса алмай Күнзипа құлаған жерге жеткен бойда мен де қарғыдым. Күнзипа түрегеле беріп «ойбай!» деп қайта отырып қалды.

Мен артыма бұрылып қарап тұрмын; жуандығы қолымдағы күрең тобылғыдай, түгінен майы шығып жон арқасы қияқтың арасынан түскен селдір сәулеге ақықтай жылтырап, мойнын шөпке шанышқан айырдай тіп-тік

көтеріп алып қаздаң-қаздаң етіп, бауырымен қара жердің қиыршық топырағын екі жаққа есіп тастап, артына арқан сүйреткендей із қалдырып, ысылдап бара жатқан қара шұбар жылан маған бұрылып айбат та шеккен жоқ. Ысылдаған дауысы – ішіндегі зілін шығарып, зәрінен жолындағының бәрі сескеніп бара жатқан шұбар жылан қайқаң-қайқаң қыр арқасын көтеріп, қара жерді бауырымен бүлк-бүлк соғып барады.

Мен қолымдағы бір тұтам күрең тобылғыны кезеніп-кезеніп соңынан біраз жер еріп едім, шұбар жылан артында адам келе жатыр деп айылын жиған жоқ, мүмкін мені сезбеген шығар, мүмкін қынуым жетпейтінін білген соң қыр көрсеткен шығар.

Күнзипа артымнан айқайлап жатыр:

- Ойбай-ау, қайда барасың, шағады ғой, текке өлесің ғой, бейшара.

Өзі әлгінде құлаған жерінен әрірек бірер аттап барып, бір төбешіктеу құмның үстінде жүрелеп, етегімен қымтанып алып шоқиып қана отыр.

Шұбар жыланға тағы да жақынырақ келіп, тұла бойым түршігіп, құйқа тамырым шымырлап, денемді билей алмай, қолымдағы кезеніп келген тобылғымды дәл кегжиіп бара жатқан томырық мойынды көздеп-көздеп лақтырып жібердім. Тобылғы қыр арасынан барып соқты да, таяқтың бір жағы құмға соғып қайта көтеріліп келіп кекжиген мойынға тиді.

Шұбар жылан шұбатылған бойын тез жинап демде тоқтай қалды; жерге сүйретіліп келе жатқан дененің тең жарымы ауаға көтеріліп мойын боп кетті де, ысылдап, қаққан қазықтай қалшиып тұрып алды.

Күнзипа аяғы ақсап қалған екен; әуелі маған сүйеніп біраз жер жүрді де, сосын тіпті жүре алмай қалды.

- Қақсап бара жатыр, қозғалып кетсе болды сол аяғым солқылдап жүргізетін емес, - деді.

Екеуміз қырдың бауырындағы көкпек пен қаудың шоғыр өскен қалың ортасына қатарласа отырдық. Күнзипа сол аяғын жинай алмады; созып жіберіп отыр, сәтен көлектің далақтай етегін шытшырғасы шығып қымтаған сайын қолаң жел көтеріп кете береді. Мен Күнзипа ыңғайсызданып отырған

соң, шұқшыып жерге қарап, қолыма түскен кесек топырақты қышырлатып үгітіп отырмын.

- Енді не істейміз, – деймін мен.

- Ауылға қайтамыз.

- Мына түрімізбен жете аламыз ба?

Көкжиектегі жалқын сәуле сейіліп, әсіре қызыл бұлттар қайтадан қоңырқай тарта бастады. Жел жақтан тамыры кеппеген көк бидайықтың ылғал иісі келді, ыңыршағың айналып аптапта шаршаған кезде мұрныңа келсе, миыңды жарып кететін сап-салқын сабат саумалдың иісіндей. Кәзір сәлден кейін қас қараяды; түбір-түбір шөптің түбінен тұман көтерілгендей көз жетер маңай кіреуке тартып барады.

- Сыздап, солқылдап бара жатыр, ісініп шыға келгенін қарашы, - деді Күнзипа.

Аяғын сәл-сәл еппен маған қарай созды да, балтырын көйлегінің етегімен дәл тобығына дейін жауып:

- Ұсташы, буыны кілт ете қалғандай болып еді. Тұқымдарың сынықшы ғой, бірдеңе білетін шығарсың, - деді күлімсіреп. Жүзінде аяныңқырағандық байқалады, білдірмей отыр.

Күнзипаның аяғына қолымды манағы шұбар жыланды ұстайтындай сеспен алып бардым да, әуелі қолдың саласындай бес башпайын түгендеп шықтым. Өзім бір тізерлеп, үріккен малдай үрпиіп, жүрелеп отырмын. Табаны күстеніп әбден қара қотырланып алған, шаң да жұғатын емес, қырдың қатқан шөбін де елейтін емес, башпайларының арасы жерге көп тигеннен бір-біріне қиындаспай, саңылау есіктің топсасындай ашылып, боржиып ісініп кеткен.

Күнзипа екеуіміз – бөлеміз, менен екі жас үлкендігі бар. Денесінің ірілігі мен шолжаң ерке мінезі екеуі қосылып, қыз балаға тән қасиетті бойына дарытпаған бейшара еді, қашанда қозы-лақ қайтарып келуге шыққанда ордаң-ордаң етіп, ешкімге жол бермейтін, енді міне ақыры сонысынан тапты.

- Тобығым тайып кеткен шығар.

Саусақтарым дірілдеп тобығына қарай көтеріліп еді, шынында әлгі екі ортада еті томпайып ісіп шыға келген екен, сұқ бармағым ойнақшып тұрған оймақтай сүйектің үстіне ойламаған жерден оқыс тиді білем:

- Ойбай, - деп, жан дауысы шығып айқай салған Күнзипа сусыған құмның үстіне шалқалай құлады.

Дәл маңдай алдымыздан бір кара бұлт айналып, көкжиектің көбесін сөгіп, жел үдеп келе жатқан.

Мен оны сүйемелдеуге ұмтыла бергенде, көйлегінің етегінен қолы босап кетті де, шұбатылған қызыл матаны жел жоғары қарай үрлеп көтеріп кеткенде көзім түсті; білезіктей ақ балтырды күн қақпаған екен, жаңағы кара қотыр күс табанға жарқ етіп сәуле шағылысқандай болды, көзімді жұмып қалдым; Күнзипадан қымсынғаннан жұмдым ба, кенеттен шағылысқан сәуле көзімді қарып кетті ме, кірпігім көпке дейін айқасып қалды.

Күнзипа басын көтергеннен кейін кінәлі адамдай күмілжіп, еріні жыбырлап, табанының астында жатқан көкпектің түбірінен көпке дейін көз алмай қадалып отырды да:

- Саған жақсы болды-ау, бұрын ұзынтұра деп мазақтайтын едің, енді мешел деп мазақтауға, - деді.

- Қашан мазақтап ем...

Ақталап жатырмын; іштей Күнзипаны аяп та, итеріп құлатқандай кінәланып та тұрмын.

- Шынымен, ақсап қалар ма екем, көкем ұрсатын болды-ау...Шөпші ауылға барып косилка мінесің деп еді.

- Өй... сен болмасаң тағы біреу табылар, кеше сенің көкең маған да «қарағым-ау, қолды-аяқты бала ауылда қарап жүре ме екен» деген.

- Е, шөпші ауылға сен де барады екенсің ғой.

- Бар десе...

Аржағын айтқам жоқ.

- Сен өзің состимай отыршы, - деді Күнзипа. Өзі жұмсақ құмның үстіне жамбастап бір қырын жайланып жатып алған.

- Ауылдағылар ғой, қой-ешкіні қайтарып келеді деп бізге сеніп отыр, біз болсақ, ауылға жетуге зар боп далада қалдық.

Күмның үстіне тізерлеп отырып жатып Күнзипаға айтып жатырмын.

- Сенің көкең мені қамшының астына ала ма әлі, қызымның аяғын қираттың деп.

- Неге? – дейді Күнзипа таңданып.

- Өнекүні екеуміз жардың жағасында қармаққа таласып қалғанда: «Ендігәрі Күнзипаға қол қатшы», - деп, үйге қуып тыққан жоқ па?..

- Жә... менің көкем ондай емес, баламен бала болушы ма еді. Айтпақшы, былтырға дейін ара-тұра мені арашалап қоятын. Кәзір ондай емес.

Күнзипа былтырға дейін шалбарланып алып еркек балалармен бірге ойнайтын. Өскен сайын өзіміз сияқты шашын да ұстарамен қырғызып тастап, жалаңбас жүретін, бас сүйегі ойқы-шойқылау еді; енді байқап отырмын, қап-қара мойылдай қолаң шаш бұрымданып, мойынынан төмен қарай төгіліп өсіп қалыпты, дәл маңдайдан айырып, арқа қарай тастаған мақпал шаштың алдыңғы жағы көкпектің көгіндей бұйырғын, толқынданып тұр.

- Сен ғой, сен... мені жек көресің, жек көресің, ә...- деді Күнзипа әлден соң.

Мен Күнзипаның арсың-гүрсің мінезін ұнатпай қалатыным рас та.

- Ұшқалақсың, - дедім.

Аузымнан шығып кеткен соң амал жоқ, баттитып айта салғаныма өзім де өкініп қалдым.

- Оның рас, - деді Күнзипа төмен қараған күйі. - Өзім де білмеймін, қанша сабырлы болайын десем де, әйтеуір бірдеңеге ұрынып қала берем.

Күнзипа бұл сөзді біртүрлі байыпты айтса да, солқылдап жылағысы келіп отырған адамдай булығып, діріл аралас дауыс шығарды.

Әлгі қара бұлт қырдың астынан көтерілген түтіндей бір шеті бізге қарай созылып келеді екен, бойымды үрей билегендей болды.

- Күнзипа деймін, Күнзипа, жаңбырдың астында қаламыз-ау, осы.

- Мен аяғымды баса алмай қалдым ғой, сен мені арқалай аласың ба?... – деді екі қолын құмға тіреп көтеріліп жатып.

Былтырға дейін Күнзипа екеуіміз ауылдың сыртына шығып алып талай рет күрескеніміз бар, тайталас тең түсетінбіз, итжығыс көп болатын. Күнзипа оспадар, алысқанда қолына түскен затпен бас-көзіне қарамай қойып қалады, ұрда-жық еді. Біріміз – келі, біріміз – келісап боп, бірімізді-біріміз арқалап алып, талай түйгіштегеніміз тағы бар.

Мен ләм деп үндегенім жоқ. Жауырынымды тосып, Күнзипаның алдына жүрелеп отыра бергем.

Ол екі қолын мойныма асып жіберді де, әуелі бүкіл кеудесін қыр арқама төсеп, етпеттей беріп еді, екі жауырынымның үстіне жұдырықтай жұп-жұмсақ бірдеме бүлк ете қалғанда, Күнзипаның өзі де селк етіп, оң қолын кілт кейін тартып алып менің жауырым мен екі ортаға жалма-жан кесе көлденең қойып жатыр.

Қырдан құлаған соң ауылдың оты көрінді.

- Шаршадың ба? – деді Күнзипа.

Екеуіміз үнсіз келістік. Күнзипа менің арқамнан сырғып түсті де, қолын жерге тіреп, бір аяғын алға қарай созып жіберіп, көйлегінің ағытылған түймесін салып отыр. Мен Күнзипаның жанына жақынырақ отырдым.

- Аяғың ауырғанын қойды ма?

- Манағыдай емес...

Ол маған тебенін жоғалтқандай тесірейіп қарап отыр екен, екеуіміздің көзіміз бір-біріне ойда жоқта қадалып қалды да, ол төмен қарады.

- Екеуіміз туыспыз ғой... Сен мені жек көресің, жек көресің, ә! Маған апам «тұзың жеңіл» дейді. Ұшқалақсың дегені ғой...

Күнзипа сөзін аяқтаған жоқ. Төмен қарап біраз үнсіз отырды да, түсі төбеміздегі түннің реңіндей есіл құмнан іздеп отырған затын тапқандай қуанып кетті.

- Айтпақшы, мен саған орамал тоқып берейін, аласың ба, бірақ мен тоқып берді деп ешкімге айтпайсың ғой, жарай ма?

- Өне, бір атты адам келе жатыр, - дедім мен.

Қараңдап, түннің қуысынан шығып бері қарай келе жатқан тарпаң жылқының жүрісі естілді, әбзелі темір болса керек – қоңыраудай салдырлап құлақ жарып келеді.

- Тұрайық, көкем шығар бізді іздеп келе жатқан, - деді Күнзипа көйлегінің етегін қағып жатып.

Әуелі маған сүйеніп бірер аттады да, сосын аяғын сылтып басып кетті.

- Күнзипамызың, қарағым-ау?

Барлыққан жуан дауысты бірден таныдық.

Жанымыздан өте беріп, астындағы томпылдақ торыны тебініп барады.

- Бар, барындар үйге, қаршадай баланы қас пен көздің арасында түн ортасына дейін мал іздеуге жібере ме екен, ана қатында да ес жоқ...

Әбекең насыбай толы ернінің арасынан шырт-шырт түкіріп, ұрысып барады.

* * *

Күн сәскеге көтеріліп, көлеңкең бауырыңа қарай тырағайлап қашып келеді.

Трактор шабындықты үш айналды; өндірдей шайқалып шыққан табанның бидайығының тең жарымын еңсеріп барамыз, шашқа тиген ұстарадай орақтың жүзі қылпылдап, ылғал шөпті тамырынан отап қылау қалдырмай сұлатып келеді.

Күнзипа басына шыт орамал байлап алған; алдыңғы косилкада отыр, мен – артқыдамын.

Трактордың дауысы бәсеңдегендей болды, бірте-бірте баяулап барып, тамағы қарлыққан адамдай үні өшті.

Сағидолла трактордан қарғып түсті де, қол бұлғап шақырған ишарат білдірді.

Біз көк бидайық аяғымызға оралып малтыға басып келе жатырмыз.

Сағидолла май сіңіп, сыртын тот басқан темір шелек ұстап тұр екен, маған ұсына берді.

- Анау қыстаудың түбінде құдық бар, су алып келе ғой, мә, мына белбеуді жалға жетпесе, - деді ол ышқырынан екі елі қайыс белбеуді суырып жатып.

Өзі томырық, ұяң жігіт сияқты еді; үйренісе келе түбі түскен шелектей қырындысына дейін ақтаратын қуақы болып шықты. Күнзипа екеумізге де ақылын айтып, арқамыздан қағып қояды. Маған косилканы майлауды бір-екі күн үйретті де:

- Еркексің ғой, енді өзің майлайсың, - деп құйрығымнан бір қақты.

Таңертең шалғынның арасына шашадан шық түседі; күн арқан бойы көтеріліп, кемеліне келіп, қызуы топырақтың дымқыл буын дегдітіп алғанша, орақ балауса шөпке жиі шашалады.

Күн көзін бұлт алып, кіреукеленіп тұрған. Оқта-текте ғана жыртық бұлттардың арасынан жүгіріп бара жатқан күн сәулесі кенеттен түгі бар тулақтың үстіне ақтарылған айрандай көзді қарып өтеді. Бүгінгі түскен табан – «Сандықбидайық» еді, жабағыдай ұйысып шыққан көк бидайықтың тамыры әлі құрғай койған жоқ, орақ қақалып, жүрісіміз өнбей келеді.

Трактордың үні кенеттен өшті де, Сағидолла бар денесімен артына бұрылды. Бас киімін төбесінен жұлып алып, маңдайдың терін бір ысырып тастап, трактордан қарғып түсті.

- Сен ауылға барып қайт, түске дейін үлгіресің. Ыбынға айт, трактордың клапаны соғып, тоқтап қалды де, мен сен келгенше қақпағын аша берем, - деді.

Күнзипа екеуміз де косилкадан түсіп, трактордың жанына келдік. Ысыған темірден бықсыған киіздей көңірсіп майдың иісі шығып тұр.

- Мен де барып қайтсам қайтеді, - деді Күнзипа.

Күнзипа күмілжи сұрады.

- Өткен жұмадан бері ісіміз өнбеді ғой.

Сағидолла жанынан өте беріп трактордың балонын теуіп жіберді. Одан кейін мен жылыстап табанның ар жағында жатқан айдау жолға қарай жүре бердім.

Сол күні біз ауылға кеш оралғанбыз; трактордан түсіп шаңымызды қағып жатқанда Күнзипа маған «тоқташы» дегендей ым білдірді.

- Шай ішіп болған соң, жыңғылдың жиегіне келіп кетесің бе? – деді құлағымның түбіне сыбырлап.

Қызамық сәуленің шалығы көкжиекті талауратып, қоламта шоқтай нұр тарап, төңкерілген табақтай ай көтеріліп келеді.

Қос жыңғылдың бергі шетінде бір қарайған қозғалғандай болды. Күнзипа шығар деп ойласам да, әуелі сескендім, жақындағаннан кейін барып әлгі қарайған маған қарай жүрді де:

- Сенбісің? – деді.

- Иә... мен ғой.

- Мә, мынаны алып келдім.

Күнзипа маған төрт қаттап бүктелген ақ матаны ұстата берді. Сосын тағы да:

- Сағидолла бар ғой, саған айтайын ба, Сағидолла бүгін маған бір нәрсе айтты. Айтайын ба?.. – Дауысына діріл араласқандай болды. – Айтайын ба?..

Мен сұрағым келген жоқ еді.

Түстен кейін шабындықтың басына Ыбын механик екеуміз келгенбіз; келсек – Күнзипа кеше салып кеткен шөмеленің түбінде көлеңкеде отыр екен. Сағидолла трактордың жанында; Күнзипа шақырмай келетін емес, Ыбын айқайлап шақырған соң барып, бізге қарай самарқау аяңдап келген, ерні түріліп, жағы томпайып кеткен екен, мен оның әлденеге ренжулі екенін анадайдан сезгем. Ыбын Күнзипалардың жамағайын апасына отасқан адам.

- Бригадирдің қызы шөлдеген ғой, - деді.

Күнзипа бұртиған қалпы косилкасына барды да, трактор от алып қозғалып кеткенше тырнағын шұқылап отырған да қойған. Есіме сол түсті.

- Ал айта ғой, не боп қалып еді...

- Сен кеткен соң шөмеленің көлеңкесіне барғанбыз, бір кезде Сағидолла маған жақындап отырды да, қолымнан ұстай алды:

- Күнзипа, а... Күнзипа, тыңдайсың ба, сен бала емессің ғой...

Қолымды қысып жіберді. Қолымды қысқан сайын жақындай түсті, жүрегім дүрс-дүрс соғып, жыламсырап қоя берген кезімде, саусақтары сәл босағандай болды, бұлқынып қалып ем, білегім уысынан шығып кетті. Содан кейін маңайына жолағам жоқ, арам екен... арам екен...

Келесі күні Сағидолла тракторын тоқтатты да мені шақырып алды.

- Сен енді косилканы ғана емес, трактор жүргізуді де үйренуің керек, кел үйретейін, - деді.

Мен трактордың рулінде отырмын; Сағидолла әлсін-әлсін еңкейіп жылдамдықты өзгертіп келеді. Білектей ыс темірден бұрқ-бұрқ түтін көтеріліп, алдымнан ылғал шалғынның иісін алып жел соқты. Бас киімімнің күн қағарын көтеріп қойдым; артыма қарағым келді, Күнзипа қалай отыр екен, маған таңданып отыр ма екен.

Артымыздан шар етіп айқай салған Күнзипаның дауысы естілді; екі қолы косилканың рулінен шығып кеткен, ербең-ербең, жан ұшырып айғайлап келеді.

Сағидолла газды кілт өшірген кезде трактор денесін жиырған жылқыдай сілкінді де тоқтап қалды. Жүгіріп келсек, Күнзипа сұп-сұр, үні шықпайды, бүрісіп қалыпты.

- Не боп қалды, не боп қалды? – деді Сағидолла.

Күнзипа артына қарай үнсіз қолын созды. Орақ сипап өткен бір білем бидайықтың арасында ирең-ирең бір нәрсе қозғалғандай болды. Көз тоқтатқаннан кейін байқадық; шырмауықтай қара шұбар жылан, орақ екі бөліп өтіпті.

- Көміп тастасандаршы, - деді Күнзипа жүрегін тоқтатқаннан кейін.

- Несіне көлеміз, қала берсін.

Сағидолла тракторға қарай жүре берді.

- Косилкаңа отырмайсыз ба, - деді Күнзипа маған.

Кешкілік баяу ғана жел соғып, көкжиекте күнұзақ көшіп жүрген ірімтік-ірімтік жалбыз бұлттар қоюланып ұйыса бастады. Бірте-бірте жел күшейген сайын аспан туырлықтай тұтасып, күннің көзін қымтап тастаған.

Табанның бидайығы сең соққандай теңселіп, сабағына сіңген шаң өрмекшінің құрындай тозаң боп көтеріліп қолқаны жыбырлатты.

Жазғы жаңбыр сіркіреп басталып, содан кейін шелектеп құйып өтетіні бар еді, бұл жолы бірден бармақтай-бармақтай бұршақ арқамызға сатырлап соғып барып еріп кетіп жатыр.

Сағидолланың тракторының үні от алдырғышына су тиген соң өзінен-өзі өшіп қалды. Күнзипаның үстіндегі күн қаққан қоңыр сәтен көйлегі денесіне жабысып қалған, ағарып ап-айқын еті көрініп, жаңбырдың өтіне арқасын беріп, тізесі бүгіліңкіреп, Сағидолланың ығында тұр.

- Костюм жамыласың ба? – деді Сағидолла Күнзипаға жеңі қырқылып, қолтығының тігісі сөгіліп, желкесіне тер сіңіп, қатқан қайызғақтай шаң тұрып қалған костюмінің бір жеңін шешіп жатып.

- Жамылмаймын, - деді Күнзипа, – тоңғаным жоқ.

- Жаңбырдың астында тұра береміз бе, – дедім мен. Күнзипаға көзім түсіп еді, жетіліп болмаған самай шашы баланың тұлымындай су тиіп, бетіне жабысып тұр, «бәсе» дегендей, бас изегендей болды.

- Жақын маңайда ықтасын болар жердің ыңғайы жоқ, ауыл кемі жиырма шақырым, энеукүнгі су әкелген құдығыңның жанында «Кәлпенің қыстауы» бар, соған жетуіміз керек, - деді Сағидолла.

Үшеуіміз «Кәлпенің қыстауына» малшынып жеткенде маңай қараңғыланып, түн қоюлана бастаған. Жаңбыр алғашқы ексінінен толастағандай саябыр тауып, сылпылдап тұр. Киімімізге су сіңіп, оның үстіне, түнгі салқын түскен соң тоңуға айналдық.

Қыстаудың іші ұядай, төбесін көңмен жапқан шым үйге су кірмепті.

Киімімізді сығып кептіріп алған соң:

- Анау албардың ішінде су тимейтін етіп жазғытұрым өзіміз жинап кеткен бума қамыс бар, соны төсейміз, - деді Сағидолла.

Тақтайдай буылған қамыстың Сағидолла екеуіміз екі рет қатынап қыстаудың ішіне төрт бөлігін әкелдік те, үшеуін қатарластыра, біреуін бас жағымызға көлденең тастадық.

Көңнің арасынан құрғақ қи тауып алып, қаластырып біраз бықсытып отырып Сағидолла от жақты. Киімдерімізді отқа қақтап кептіріп алғаннан кейін көңіліміз жайланғандай болды; бойымыз жылынды, жаңбыр ырабайда ғана сирек сіркіреп тұр.

- Жарық түскенше көз іліндіріп алайық, бәрібір ертең жұмыс жоқ, - деді Сағидолла.

Сағидолла қыстаудың терезе жақ шетіне қисайған бетте қор ете түсті. Мен де Сағидоллаға қатарласа беріп, төсеніш қамыстың шетінде жүрелеп отырған Күнзипаға айтып жатырмын:

- Жатсаңшы...

- Жатам ғой, - деді Күнзипа күмілжи сөйлеп.

Қатты ұйықтап кеткен екенмін, шар ете қалған дауыстан оянып кеттім. Астымыздағы қамыс сықыр-сықыр жаны бардай қозғалып жатыр, терезе жағыма қарап ем, Сағидолла орнында жоқ. Жаңағы шар еткен дауыс үздігіп үзіліп кеткендей болды. Қайта шығар деп күтіп ем, талықсып кеткен адамның дауысындай бірден үзілді.

Мен терезе жаққа қарап бір қырын жатқан екенмін. Байланып қалғандай бұрыла алмадым. Қамыс сықыр-сықыр етіп барады. Сағидолланың үні ме, Күнзипаның үні ме, құлағыма ентіккен адамның бұлың-бұлың дауысы естіледі. Оның аржағына шыдамым жеткен жоқ. Ашық терезеден атқып бірақ шыққанымды білем. Тұла бойым от тигендей жанып келе жатқанын білем. Сүрініп-қабынып қыстаудан ат шаптырым жердегі сайдан алқынып өте бергенімді білем, артымнан айқайлаған жуан бір қарлыққан дауыс естілгендей болғанын білем.

Жүгіріп келем, алқынып келем. «Күнзипаға неге болыспадым» деп ойлаймын. Бір қызғаныш бар, бір күдік бар көңілімде.

Өзім де ойлағым келмейді, өзгеге де айтқым келмейді оны.

Табанымның астында кеше ғана бойжетіп тұрған өндіріс бидайық сәркіл жаңбырдың суымен ат-көпір боп аяғыма оралып келеді.

ӘМБЕБАП СЫНЫҚШЫ

Бөлімше орталығындағы Жақсыбай Тәкіловтің екі бөлмелі үйінен «қырықтың бірі – қыдыр» тәрізді қонақ арылған күн болған емес. Ауызғы бөлмеде бір-бірінен жас шамасын айырып болмайтын қара домалақ балалар: біреуі – қонақтың қолына су құюға дайындалып, біреуі тәй-тәй, қаз-қаз басып табалдырықтан аттап, енді-енді еңбектеген біреуі жата қалып жол қарап, ал емшектен шықпағаны бесікте іңгәлап... у-шу, мәре-сәре, балалы үй – базар болып жататын.

Төргі бөлмеде оң жақ қабырғадағы ақ дәке шымылдықтың ішінде жиырма жыл сал болып қалған денесінің солып бара жатқанын сездірмей арыстай ақикөз шал жатыр еді. Жанарын шел қаптаған су қараңғы болса да, қонақты көкірегімен көргендей кеудесін жастыққа қарай көтере шалқайып, бейнет көріп келген адамның қай туысқан, қай тума екенін сұрастырып, ауруды алдарқатып отырады. Ара-арасында жылаған-сықтаған әлгі қара домалақтардың дауысы қонақтың мазасын алады-ау дегендей сыңаймен:

- Мына бір көзге көрінген бірді-екілі жаман немелер шетінен мазан. Құдайым берейін десе, қиын ба, ұлым кеш үйленіп еді, бар болғыр келінім емшек сүтімен көтере береді, әйтеуір, - деп ақкөңіл шал аржағындағы қуанышын жасыра алмайды.

Бұл осы өңірге аты әйгілі сынықшы Хасеннің Тәкілі дейтін қарт болатын. Адамның он екі мүшесіндегі күл-талқан болып кеткен талай-талай сүйекті ет пен терінің аржағынан сылып алғандай сықырлатып, қолмен қойғандай қалап, құрастырып, сығымдап, сыналап қалыпқа салғандай ғып жіберіп, талайдың сауабын алған сол қария осыдан біраз жыл бұрын көз жұмды. Сынықшы қария көз жұмған соң құрдымның сағасындағы Қазасалған ауылына жан-жақтан андағайлап, андыздап келіп жататын жолаушылар да сап тыйылды.

- Жалғыз ұлы Жақсыбайға Тәкіл сынықшының бірдеңесі жұққан жоқ па екен? – деп жұрт жалтақтасты.

- Жақсыбайға сынықшылық қайдан жұға қойсын. Қарттың қасиетіне зер салу үшін ең алдымен адамға зерде керек емес пе, оның үстіне белі катып, бұғанасы бекігелі бүкіл бір ферманың бейнетін бір өзі аркалап, қара жұмыс қажап тастаған Жақсыбайдың «осының не сиқыры бар» деп әке қасиетіне мойын бұруға уақыты болды дейсің бе?..

Жалпы, сынықшылық – бақсылық, балгерлік сияқты түп-төркіні діни нанымнан тарап, алдау, арбаумен тамырласып жататын жалған емшілікпен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын дүние. Сынықшыны өмірдің өзі амалсыздан дайындайды. Асау үйретіп атқа мінген, барымта жасап, қарымта қайырған, жаугершілік жорықтарға шыққан елдің ер-азаматы майыпқа ұшырауы, бұғанасы тайып, белін жазымдауы, қабырғасын қиратып, омыртқасын үзіп алуы, тобығын тайдырып, қолын шығарып алуы – табиғи құбылыс. Дәрігері жоқ елде дала сынықшылары міне, осындай уақытта туған ғой. Шыққан бұғанасын, тайған тобығын тар жерде тістеніп тұрып өздері салып алып жүре беретін шыдамды да епті ерлер туралы шындық әңгімелерді талай-талай естігенбіз, мүмкін көзбен көргендеріміз де бар шығар... Дала сиқыршыларының сондықтан көп болуы да заңды, сынықшылық әулеттен әулетке тараған кәсіп сияқты атадан балаға ауысуы да заңды.

Ал соның жалғыз ұлы Жақсыбай ше?

Жақсыбай артық-ауыс сөзі жоқ, мінезге созымтал мың болғыр екенін, он саусағы – өнер, кез келген істің иін салғаннан танып, бір көргенін екі рет қайталаттырмай қағып алатын көздер де, құймақұлақ екенін де екінің бірі біледі. Осы бөлімшеде қырқымның кезінде агрегатты ақаусыз жүргізіп, машинканың жүзін қылаусыз қайрайтын жалғыз Жақсыбай, жаз бойы шеберханасы жоқ көшіп жүретін шағын ғана шөпші ауылдың ұстасы да, қайрақшысы да тағы осы – Жақсыбай, бөлімше орталығындағы жиырма шақты үйдің жарығын жағатын электригі де, слесары да, монтеры да – Жақсыбай. Техника төрт құбыласын түгелдеді десек те – қыс бойы орғыл-орғыл құмның ішін жайлайтын бұл өңір қойшыларының ат шана, өгіз арба

сияқты қарапайым құрал-жабдықтарсыз күні жоқ. Жақсыбайдың үйінің алдында шопандардың шыбығы кеткен шаналары, белдігі сынған арбалары үйіліп жатады.

Атқа тік мініп, тік түсетін қазіргі көптеген қойшылар ағайын-туыстығын салып, соның бәрін әйтеуір Жақсыбайға жөндетіп алады. Ал осы өңірдегі отыз отар қойшының, оның көмекшілері мен күзетшілерінің қаншама киіз үйі болса, соның бәрінің көктейтін керегелері, тезге салып қайта иетін уықтары, қайта шабақтайтын шаңырақтары тағы да сол мың болғыр Жақсыбайдың қолынан өтіп жатады.

- Ой, осыны да іс деп, өзің жасап алмайсың ба, аржағында мойным жар бермейді десейші, - деп Жақсыбай онсыз да салыңқы ұртын бір бұртитады да: - Жарайды, тастап кет енді, - дейді.

Мұның үстіне ана бір жылдары Жақсыбайдың пеш түбінде қол көрік үрлеп – күміс қақтап, аздап сақина-білезік соғатыны, тарамыс-таспасын баптап, кебіс, мәсі тігетіні бар еді. Көргеннен көз ақы алмай қалмайтын ағайын-туыстың әйелдерінен абырой таппайтынын білген соң – бұл кәсіпті соңғы жылдары атымен доғарған. Сол Жақсыбай сынық салыпты деген хабар ойда-жоқта дүңк ете қалды.

- Кімнің сынығын салыпты, қай жері сынған екен, қалай сыныпты, салған сынығы дәл түсіп пе, қолы жеңіл ме екен? – деген сауалдар мұндайда өз-өзінен өрбіп жататыны белгілі ғой.

- Өз сынығын өзі салыпты, - дейді, - оң аяғы ма, сол аяғы ма, әйтеуір бір аяғын шөп тиеген машинадан құлап сындырып алған екен, бір апта үйінде жатыпты, қайраны болмаған соң, қайтсін енді... Тәуекелге бел байлаған да! Жақсыбайдың өз сынығын өзі салғаны рас, кейін де сынық салуға талай рет оқталған. Тек батылы, тәуекелі жетпеген, Әлдебіреудің «бейнетіне арашашы боламын» дегенде арандап қалып жүрермін деп жүрексінетін. «Бас шығарамын деп көз шығарып алып жүрсем – сүйекке таңба ғой» деп ойлайтын.

Қазақ «сынықтан басқаның бәрі жұғады» дейді ғой. Ал елу жыл сынық салған, сол елу жылдың жиырма жылында төсекте екі көзі су қараңғы, сары жамбас сал болып жатса да, адамның он екі мүшесіндегі сүйектің қылтанағына дейін оймен бажайлап орын-орнына қойып жататын атышулы сынықшының баласына оның көзі көріп өскен қасиетінің бір ұшқыны қалайша дарымады екен?!

Әкесі: «Мен еріккеннен емес, ерегіскеннен сынықшы болдым», - дейтін. Онысы шындық.

...Он алтыншы жылғы ұлы дүрбелеңнің тұсында Тәкіл қария ауыл-ауылдың арасында ұрын жүріп, қыз-келіншекті аңдыған бозбала жігіт еді. Жар жағалап, шаруа жайлаған Хасен әулетіндегі жеті-сегіз жігіттің ең кенжесі Тәкіл - әрі серілеу, әрі содыр-сотанақтау болып өсті. Он алтыншы жылдың аласапыран көктемінде сонау Ырғыз, Шалқар жақтан құрдымның сағасындағы «Ұрыөткел» арқылы Әліби Жангелдиннің қызыл керуені Торғай өңіріне өтерде ең алымен осы Қазасалған ауылының топырағын басқан. Содан ол туған босағасына – Торғайға Совет өкіметі орнағасын оралған. Бір аяғын сылтып басатын сол Амангелдінің сардары екен.

- Аяққа не болған? – дейді әкесі ұлына.

- Аяқ сынған. Соғыста жантәсілім, жанталас үстінде сынған аяғымды өз қолыммен салып, өз белбеуіммен өзім тандым, - дейді ол. Сөйтеді де, қызыл фуражкасының күнқағарын көтеріп:

- Революция үшін бір аяқты беруге болады ғой. Революция үшін жан пида, - дейді. Содыр-сотанақ адамның өжет болатыны да рас. «Бұдан шығар» деп ойлайды әкесі.

Өз сынығын өзі салып дәндеген адам өзгенің сынығын салмаушы ма еді. Қария ойламаған жерден Амангелді отрядының сынықшысы болғанын осылайша әңгімелеп отыратын.

Әкесі аңқылдаған ақ көңіл, адамға жақсылық жасауға жан ұшырып отыратын кісі еді. Мүмкін оны әмбебап сынықшы жасаған осы қасиеті шығар. Ал бірақ сынықты салу үстінде ауру адамның жантәсілім айқайына,

жалбарынған жалынышына қарасу теріс ағып кетсе де қарамайтын қайырымсыз қатыгездің өзі де. Бейнетті кісінің сынған сүйегін сипалап отырып, ол бір-ақ сәтте бар күшін бойына жинағандай арқаланып:

- Ә, бәлем! – деп, айқайлап жіберер еді. Жиырма жыл бойы төсек тартып жатқан тірі аруақтай – тек қана тірі көкіректің сылынып сүйегі қалған салалы саусақтары тап осы сәтте кез келген атпал азаматтың атан жіліктерін үгіп жіберердей сықырлататын.

Тәкіл қартқа сынық салдырған адамның аузынан:

- Ойпырм-ай, мына кісінің қолындағы неткен күш, неткен қуат, - деп таңқалғанын естір едіңіз. Сол осы өңірде атышулы сынықшының баласы «өз сынығын өзі салды» деген хабар таралып кеткен соң, бұл ауылға арнайы атбасын бұратын жолаушылар қайтадан көбейе бастады.

Әуелгі кезде Жақсыбай қорқа соғып, бір жағы ыңғайсызданып:

- Ау, ағайындар-ау, мен өз сынығымды өзім салғаным рас, қате кетсе, мүлт кетсе өзіме-өзім жауап беремін ғой, өзіме-өзім өкпелеймін ғой деген тәуекелге барғанмын. Ал енді тәуекелдің бәрі тәжірибе емес қой, - деп жалтарып, келген жұрттың бетін қаққан.

Сан түрлі кәсіппен айналысатын ауылда ғайыптан-тайып майыпқа ұшырайтын, бір жерін сындырып, бір жерін шығарып алатын адам болмай тұра ма?

Бұл – ауданнан алыс, облыстан одағай жатқан қиян шеттегі ауыл. Сынған, шыққанды орнына сала қоятын, оңтайлап таңа қоятын дәрігер тағы жоқ. Дәрігерге баратын көлік-көншік табан астында тағы таптыра бермейді. Міне, мұндайда ауырған жан иесі амалсыздан Жақсыбайға келеді. Алғашқы кезде:

- Ау, мынаны мен сала алмаспын, - деп Жақсыбай сәл сақтық танытатын. Ал аналар ағайын-туыстығына салып, қолқалап отырып алады.

- Менің жаным сенің жаныңнан артық дейсің бе, салшы, әйда, тәуекел, - деп, қайсыбір әзілі жүретіндер сынықтарын Жақсыбайға зорлап салдырған да кез болып жүрді.

Не керек, сонымен бірер жылдың көлемінде Қазасалған ауылында жаңа сынықшы – Жақсыбай сынықшы шықты.

- Бірер жылдың ішінде сынығын салған адамдардың бәрі қатарға қосылып, құлындай ойнап жүр. Бірсыпырасы аудан, облыс орталықтарына барғанда рентгенге түсіп, сынған жерлерінің қалай біткенін тексерткен көрінеді. Шор боп бітіп, қор боп қалған әзір ешкім жоқ, әйтеуір, - деп Жақсыбай бізге жымия қарады.

- Ал енді осы сынықшылықта бақсы-балгерлік, әулие-әмбиелік сияқты діни ұғымдағы нанымдар бар деп ойлайсыз ба? – деп сауал тастадық біз оған.

- Сайтан алсын! – деді Жақсыбай бізге. – Қайдағы бақсы-балгерлік, қайдағы әулие-әмбиелік. Ондай елестің ешқандай сиқыры менің басымды айналдырған емес, өтірік айта алмаймын. Әкемнің ерегіскеннен сынықшы болдым дегенінде жан бар екен. Ал мен ел еркіме қоймаған соң амалсыздан сынықшы болып бара жатқан тәріздімін.

Ал бірақ, бір байқағаным – сынықшылық та кәдімгі кез-келген кәсіп, кез келген өнер сияқты тәжірибені қажет етеді екен. Тәжірибеленген сайын тәуекелшіл де батыл болады екенсің. Қолдың епсектігі, көздің қырағылығы, көңіліңнің көріпкелі, зердеңнің зеректігі керек бұған қоса... – деп Жақсыбай тоқталып қалды.

- Сізді қолынан келмейтін ісі, білмейтін өнері жоқ, - дейді ғой. Соның бәрін кімнен үйрендіңіз, қалай уақыт таптыңыз, - дедік біз оған сөз соңында.

- Ағайын-туыс, ел еркіме қоймаған соң амалсыз сынық салып жүргенім сияқты, қолымнан келетін дүниенің барлығын басқа түскен соң, амалсыздан, еріксізден үйрендім. Мен балалықпен қоштаспай жатып әкем сал ауру боп пеш түбінде жатып қалды. Оның үстіне көзінен айырылды. Семейның ауыртпалығы мұндайда жалғыз ұлдың мойнына түсетін әдеті емес пе? Пеш түбінде, ақ дәке шымылдықтың ішінде жатып-ақ әкем шіркін мен білетін дүниенің бәрін ауызша-ақ үйретті, - деп ол сәл езу тартып, әлденені есіне түсіргендей болды.

* * *

Жақсыбай сияқты азаматтар туған топырағында шаруа әулетінің сан қырлы қасиетін бойына сіңірген нағыз бесаспап, нағыз әмбебаптар ғой. Олардың атамекен, ата дәстүр, ат кәсіпке адалдығы – азаматтық пен адамгершіліктің, перзенттік парызды өтеудің тағылымды мектебі тәрізді. Шаруа әулетінің жаңа ұрпағы алдымен әмбебап ағалардың осы мектебінен өтуі لازым.

Жангелдин ауданы,

Қостанай облысы

ЖЫЛҚЫШЫ ТОЙЛЫБАЙ

Әлішер Навои атындағы колхоздың аға жылқышысы Тойлыбай Асанов отызға биыл ғана толады. Бірақ әңгімелесе қалсаңыз, асықтай иіріліп, іші-бауырыңызға кіріп кете жаздайтын осы бір қияқ мұртты қунақы да қағылез жігіттің азаматқа тән толысу, өсу кезеңдерінің белестерін қатар құрдастарының көбінен бұрынырақ артта қалдырғаны аңғарылады.

Осыдан он жыл бұрын осы өңірдің әйгілі жылқышысы Әбдіғапар ақсақал жиырмаға жаңа жеткен кенже ұлы Тойлыбайға аға жылқышының құрығын ұстатқанда ауылдастары жағасын ұстағандай болған.

- Бәтір-ау, қаршадай балаға колхоздың күллі жылқысын сеніп тапсыруға бола ма, жылқы бақпақ түгіл оның кейбір құрдастары бақшасындағы бес-он түп қауын- қарбызын түптеп, өскен өнімді іске асыра алмай жүргенде... – деп күңкілдескендер де аз емес еді.

Жиырмадағы жігітке басыбайлы батыл жауапкершілік тапсыруға колхоз председателі де қарсы болды. Қарсы болмаған жалғыз әкесі:

- Әуелі өзім бас-көз болам. Сосын өзі бағып кетеді. Баламның тапсырған шаруаға ынта-ықыласы құлап, қатты қарайтыны ұнайды. Жиырма жасында бір үйір жылқы баға алмаса – оның несі қазақ, - деп қарт жылқышы әңгімені келтесінен қайырған.

Әкесі оған «азамат-жігітке артылар жауапкершілік – тұлпардың жалында өйнап өс» дегендей сыңай танытқан. Енді міне, осыдан он жыл бұрын Тойлыбай аға жылқышы болыпты дегенде таңғаларын да, танданарын да білмей, жағаларын ұстаған сол Тұрбат ауылы бұл күнде «Тойлыбай айтты» десе тік тұрады. Бір ғана туған ауылы болса бір сәрі. Тойлыбай айтты деген сөзге, Тойлыбай берді деген уәдеге, Тойлыбай тоқтады деген пікірге бұл күнде аудан, облыс көлемінде ойлана, толғана қарайды, сеніммен қарайды. Себеп не?

Тойлыбай Асанов перзенттік парыз бен қоғам алдындағы жауапкершілік арқауын осынау жылдар ішінде бір сәт босаңсытпай, азаматтық абырой биіктеріне әрі ширақ, әрі жедел көтерілді. Бір сөзбен айтқанда, мұның бәрі оның ақ-адал мандай терінің, адамгершілік парызы мен азаматтық жауапкершілігінің қайтарымы сияқты.

Енді бүгін Тойлыбай отыздағы естияр жігіттің көзімен алды-артына ойлана қараса, қоғам алдындағы ешбір еңбегі еш болмаған екен. Сонда осы қайтарымның құпиясы қандай?

«Адалдықтың алдында адал бол, шындықтың бетіне тура қара» дейтін әкесі. Асылы, кез келген азаматтық болмыстың қалыптасуына ең алдымен үйі-ші, от басы тәрбиесіндей, соның ұйытқысы әке тағлымындай әсер ететін ешнәрсе жоқ болса керек...

Өткен жылдың күзінде Бүкілодақтық Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты, Жастар мен студенттердің Бүкіл дүниежүзілік XXII фестивалына қатысушы Тойлыбай Асановпен қазақ телевизиясы кездесу кешін өткізді. Жасыратыны жоқ, ауылдастары айтулы жерлестерін теледидардан көруге тойға қамданғандай күтінген. Тойлыбайдың еңбегін танып, өскен ортасын, туған топырағын көрсету үшін телеоператорлар Тұрбат ауылының тұрғындарын, оның өскен, өркен жайған келбетін көрсетуге тырысқан. Көзің үйреніп кеткен құбылыстарды теледидардан көргенде тіпті құлпырып кететіні бар ғой, оның үстіне ауылдастары қолына құрық ұстағалы еңбегі

жанып, меселі қайтпай, атақ-абыройға жетіп келе жатқан жерлестері өзі туралы емін-еркін көсіліп, мархабаттана айтар деп ойлаған.

Бірақ Тойлыбай тіпті басқаша сөйледі. Рас, туған ауылының қол жеткен табыстарын, осы ауылда еңбек етіп жүрген азаматтардың бар екенін, өзінің осы абырой-беделге жетуіне сол азаматтардың да еншілес екенін айтпай кеткен жоқ. Ал бірақ негізінен әңгімені өз кәсібі туралы сол төңіректе түйінін таба алмай жүрген түйткіл мәселелер жөнінде өрбітті. Жылқышылық кәсіптің оңтүстік өңірінде сырт қақпай қалып бара жатқанын, жылқы шаруашылығына салқын сыңай бар екенін айтпай кете алмады.

- Ау. Тойлыбай-ау, сонау Алматыға барып, теледидардың алдына шығып өз абыройын жалпақ жұртқа танытып, ауылымыздың мерейін бір көтере ме десек, өзінді-өзің қамшылағының қалай? Жылқы шаруашылығының көзден тыс, көңілден шеткері қалып бара жатқанын бір сен емес, бүкіл жұрт біліп отыр. Онда сенің не шаруаң бар, сенің жылқың аман, сенің жылқың жылына тоқсаннан төмен құлын беріп көрген жоқ, осы өңірді қымызбен қамтамасыз етіп отырған да сенсің. Омырауында орденің бар. Москвадағы сыйлықты сен аласың. Москвадағы қызыққа сен барасың, соның бәрі тақияңа тар келіп жүр ме? – деп Тәкіш деген бір құрдасы әзілдеген боп көкейдегісін қойып қалған.

- Тәкіш, - деді Тойлыбай, - менің азды-көпті еңбегімнің қарымы қайтпай жатқан жоқ, оны көзің көріп келеді ғой, мен оған несіне мақтанамын және еңбегімді бұлдап жүрген тағы мен жоқ. Есінде ме, екеуміздің бала кезімізде біздің ауылда мыңға жуық жылқы бар емес пе еді, ал кәзір қанша, үш жүздің үстіне әрең шығады. Бардың азайып, аздың жоғалып бара жатқанына қалай жаның ашымайды?.. Жоғалып бара жатқан дүниенің орнын шаруашылықтың басқа саласымен жауып жатқанымыз да рас шығар, ал бірақ сонымен бірге ата дәстүріміз, ұлттық тұрмыс әрекеттеріміз жоғалып бара жатса қайтесің... Сенің өзің қазір ат ерттей аласың ба, атқа мініп бір үйір жылқыны қыстың көзі қырауда бір түн ықтатып шыға аласың ба, әйтпесе биыл ғана туатын тұмса құлықты құлындата алар ма ең? Әй, қайдам... ал

бірақ, қымыз ішкің келетінінде дау жоқ, жылқының жал-жаясына және қарсы емессің... Өйткені сен ауылда өстің ғой... – деді Тойлыбай биязы ғана жауап бере тұрып, майдай мысқылмен қалалық құрдасын түйреп өтіп еді. Оның «өйткені сен ауылда өстің ғой» деген сөзінің астарында кекесін мағына болатын.

Ауылда өсуін Тәкіш ауылда өсті. Мектепті бірге бітірді. Өмір жолына бірге аттанды. Әскери қызметті өтеп келген Тойлыбай аз ғана уақыт колхоздың әртүрлі шаруасына араласа жүрді де, әке тілегі мен өз тәуекеліне сүйеніп құтты құрықты қолына ұстады.

Ал Тәкіш құрдасы ауылға ат ізін ара-тұра бір салатын. Соның өзінде от алуға келген адамдай құрақ ұшып, қапылып жүрер еді. Әсіресе, күзгі жиындарының кезінде жиірек көрініп қалады.

- Ау, неғып жүрсің асығып?.. – дейді мұндайда бірге өскен бала күнгі достар.

- Әй, әкейдің огородынан бірдеңе алып кетейін деп келіп едім, - дейді ол көңілі алаң қалпында. Сол Тәкіш ақыр аяғында Ташкентке тұрақтады.

- Милицияда істеймін ... Служба охрاناдамын, - деп қойды бір кездескенінде.

Енді бұрынғыдай емес, ауылға келуін жиілетті. Әкесінің ескі үйінің аржағынан еңсесі биік үй салуға кірісті.

- Ақыр үй салғың келеді екен, туған ауылды қимайды екенсің, біржола келіп тұрақтамайсың ба? – деген Тойлыбай бірде оған.

- Ауылға келсем кім қуар дейсің. Ташкеннен мекен-жай алып алсам, қос қанатым болмай ма? – деп қулық асырғандай көзін қысып қойған ол.

Тойлыбай бала күнгі достың теледидардан көргеннен кейінгі айтқан «базынасына» емес, оның ылдым-жылдым мінезіне, өрісі тар, өресі төмен ойларына налыған.

Енді міне сол Тәкіш таяуда артынып-тартынып келіп, өзінің туған ауласына жүк түсіріп жатыр.

- Көшіп келіп жатқаннан саумысың, - деді Тойлыбай амандықтан кейін құрдасына.

- Иә, көшіп келіп жатырмын, - дейді Тәкіш кінәлі адамдай Тойлыбайға тіктеп қарай алмай, - баяғыдан бері анда-мында сенделіп бекер жүріппін, әй, сенің ақылың бар ғой, сенікі әуелден-ақ дұрыс болған екен, туған ауыл – алтын бесік екен ғой! Тәуекел! Енді сенімен бірге жылқы бағам, - деп алақанын уқалап қояды.

- Көрейік, көрейік, - дейді Тойлыбай бала-досқа кешірім көзімен, ілтипат сөзімен жауап беріп тұрып. - Бірақ жылқыны жылқының тұяғынан да қатты адам бағатынын білесің бе?..

Соңғы сөз Тойлыбайдың әкесінің сөзі еді. Иә, иә... «Жылқыны жылқының тұяғынан да қатты адам бағады, қарақтарым» деп отыратын. Бала көңілге «қатты адам» деген сөз түрпідей тиетін. Өз әкесін қайырымсыз қатты адам дейін десе, маңайынан адам арылмайды, табалдырығынан кісі үзілмейді. Әсіресе, жазда жайлауда отырғанда жылқышы үйінің дастарқаны жиналмайды, сары тегештен қымыз құрғамайды.

Бұл сөздің шаруаға байланысты айтылғанын ес білісімен-ақ түсінген, ал шындығына өмір тәжірибесі арқылы көзі бірте-бірте жетті.

Өткен жылы Жастар мен студенттердің Дүниежүзілік XII фестивалі кезінде Моңғолиядан келген жылқышы әріптесіне әңгіме арасында Тойлыбай әкесінің осы бір сөзін айтып еді, жылқы меңгерген ол да бұның сөзіне құлап түскені. Бізде де дәл осындай теңеу бар, тек біз қылының қаттылығына, серпінді ширақтығына теңейміз дейді ол. Қалай дегенмен, жылқышылық кәсіп адам табиғатына өз ерекшеліктерін сіңірмей қоймайтыны сөзсіз екен.

Қайсыбір жылы қыста Тойлыбайдың небір керіскедей-керіскедей ту биелері мезгілінен бұрын іш тастап жатты.

Жемшөп таусылған. Жер көктайғақ. Тебінге шыққан жылқының бәрі тұяғынан айрылған. Әсіресе жылқы малының ашыққаны-ақ жаман екен. Басқа мал сияқты көрінген азыққа ауыз салып, көрінгенді қажаламайды, бірақ ашыққанын білдіргісі келмей көзі кіртііп, дәрменсіз иесін аяйтындай...

Тойлыбай әр биенің құлыны өлгенін немесе аяулы аттардың бұрала бұрлыққанын білдірмей осқырынып, тек танытқанын көргенде, іші-бауыры езіліп, өксіп-өксіп талай рет жылағаны есінде. Жасыратыны жоқ, сол жылы «жылқы қыс бойы тебіндеп шығады» деген солақай шаруа есебімен жеткілікті жемшөп әзірленбеген. Жалған мәлімет, жалған ақпар берілген еді.

Міне, бұл оған өмірлік сабақ болды. Содан бергі жылдарда Тойлыбай табынындағы әр жылқыға қыс бойы қанша шөп керек екенін өз мөлшерімен алады, өлшеп жеткізеді. Кейде қайсыбір әзіл-қалжыңы жарасатын жігіттер Тойлыбайға:

- Әй, осы сенікі жасыңа жетпей жатып не қылған қатып қалған қатаң есеп, - дейді.

Мұндайда Тойлыбайдың есіне бірден әкесінің сөзі түседі. Ал көкейінде «мен өзім үшін емес, қоғам малы үшін, адамнан бетер ақылды да текті түлік жылқы жарықтық үшін» деген ой тұрады. Көз алдына сол бір ақмылтық қыстағы ашыққан жылқылардың аянышты кейпі келе қалады. «Ал, шаруаңа мықты болмай көр» деп, іштей күбірлеп қоятыны бар.

Жылдағы әдет бойынша биыл да наурыздың бас кезінде Тойлыбай жылқысының үйіріндегі мама биелер алдымен құлындай бастайды.

Неге екені белгісіз, биылғы көктемнің бас кезінде кеш туатын кейбір кексе биелер де, қыстан түгі таймаған жас қулық, байталдар да жедел-жедел құлындап жібергені.

- Ойпырм-ай, құлындар қарақұлақтанғанша, қапыл суық ұрмаса екен, - деп Тойлыбайдың әйелі Үрліәйімнің жаутаңдай қарағаны рас.

- Жо... жоқ, қалқам, қорықпа, кей жылдары ризық-несібе осылай әуелден үстемелеп, үсті-үстіне келеді, - дейді бір кездегі тарлан жылқышының бәйбішесі.

- Аузыңа май, апа. Биыл жақсылық жылы болғай. Бесжылдықтың басы, съезд жылы – шұғыл бетбұрыстар жылы. Онсыз да екі-үш жылдан бері ауылымыз мемлекет алдында белшесінен қарызға батып қалды ғой, биыл бір серпілу керек, - дегенде, баладай елгезек Тойлыбай өз-өзінен селт ете қалып,

өз орнынан өзі секіріп тұрады. Сол бетінде ол атқа қонады. Атқа қонады да, тау бөктерінде биылғы көкке аузы тие бастаған жылқы өрісіне қарай желе жөнеледі.

Ат үстінде аға жылқышы коммунист Тойлыбай Асанов анау кезден бері сан рет қайтара оқыған Коммунистер форумының материалдарын өзінше ой елегінен өткізіп келе жатады.

«Жеделдету кезеңі келген екен. Мен соған қалай жауап беруім керек» Жылқыны ғой жылына екі рет құлындата алмайсың... Айтпақшы, Саяси баяндамада еңбек қайтарымы туралы да тамаша тұжырымдар бар ғой... Осы менің қоғамнан алғаным көп екен-ау... Қайтарғаным, еліме бергенім қайсы?..

Отыз жасар аға жылқышы Тойлыбай Асанов өткен өмір жолына ойлана көз тастайды, көз жетпеген қалтарыс-құпияларын іздейді.

Бұл бір мазасыз, бетбұрыс көктемі. Адамның азаматтық белсенді ойлармен беттесуі – адам факторының басты бір айғағы осы емес пе?

ҚОЙШЫ ҚҰМАҚБАЙ

Ол буынып-түйініп, қаракер құнанның үстінде қаққан қазықтай қаздыып ауыл шетіне қарай желе жортып бара жатыр екен. Үстінде қара тон, басында елтірі қара құлақшын, аяғында қонышын қайырған қара пима. Су жаңа қара былғары қолғап тізгін тежегенде сықыр-сықыр етеді. Астындағы қылаңы жоқ қаракер құнан дене бітімі доғалдау, жуантық, жұмырлау мал екен. «Бұрын жылқының тұрқы ұзын тұрпаттысына, жылмиған жүйрік шабысына әуес Құмақбай кәзір, қыс болған соң, бәріне көмбіс белді малға мінген ғой», - деп ойладым.

Тап осы сәтте Құмақбаймен кездеспегеніме аттай он сегіз жыл өткені есіме түсті. «Он сегіз жыл бұрынғы Құмақбай өзгерген шығар» деген ой қылаң ете қалғаны да рас еді. Бірақ, денесінде бір түйір артық еті жоқ, бет-әлпетіне де пәлендей артық әжім түсе қоймаған Құмақбаймен сөйлесіп кеп кеткенде, баяғы ақкөңіл, аңқылдақ, салдырлаған Құмақбай сол қалпында алдымнан шыға келгені.

- Иә, Құмеке, асығыссыз ғой, - дедім аз-кем амандықтан кейін.

- Асықпағанда қайтейік... Бәрі асығыс заман емес пе? Қойшы екеш қойшы да ірістей уақыт таба алмайтын болды. Осы орталыққа келгенде ойыма алып келген он-сан шаруаның біреуі де орындалмайды. Бүгін келе қойып ем... не директоры, не парторгы жоқ. Ә, мейлі. Менікі малдың қамы, әйтпесе Құмақбайға бәрібір, - деп қамшысын кезеніп, ашуланғандағы әдетімен жүріп кетуге оқталып еді. Енді бір сәтте бізге ашуланудың орны жоқ екені есіне түсті білем, қайтадан жадырап, қабағы ашылып сала берді.

- Сіз жылқыда емес пе едіңіз? Ана жылы бір келгенімде сізді аға жылқышы деп естіп едім ғой, қойға ауысқансыз ба? – дедім мен.

- Жылқыда емес екенімді мынау астымдағы атымнан-ақ аңғармайсың ба? Аға жылқышы болса, Құмақбай мынадай шомбал қараны өлсе мінер. Қойшы болған соң амал жоқ – міністің аты керек. Қойдың соңына (сен білетін бе едің) ана жылғы Қаралаяқ сәйгүлікті де салып көрдім. Шыдатпайды екен, шыдатпады. Сен естімеп пе едің, қой баққаныма он жылдан асып кетті ғой. Омырауымда орденім болмаса да, осы ауылдың маңдай алды шопанымын қазір. Жылқы – серінің кәсібі екен. Сері адамға серілеу кәсіп үйлесе бермейтінін білесің ғой. Қойдай жуас болайын деп қойға кеткем сосын. Құмақбайға бәрібір емес пе?! Құмақбай туа сала «универсал» ғой, білмейсің бе? – деп аттың үстінде ырғалып қойды.

Құмақбай шынында шешілгісі кеп тұр еді. Қолтықтан демеп біз оны аттан түсірдік.

- Иә, мен «әмбебаппын» ғой, - деді Құмақбай тағы да бел шешіп жайғасқаннан кейін. - Биыл мен елуге толамын. Елу жыл ғұмырымның ес білгеннен бергі уақыты шаруа соңында өтіп келеді. Осы табандағы колхоз бен совхоздың шаруасында мен істемеген кәсіп бар ма екен? Жылқышы болғанымды айтайын ба, қойшы болғанымды айтайын ба, әлде тракторшы, әлде шофер болғанымды айтсам ба екен... тіпті бір жыл ферма меңгерушісі де болып кете жаздағаным бар. «Құдай сақтап», аман қалдым, әйтеуір... Ал бірақ көзін ашқалы кезіккен күллі кәсіпті игеріп келе жатқан Құмақбай елуге

толады екен деп елейтін ешкімнің сыңайы байқалмайды. Қолыма түссе совхоз басшыларының шаңын бір қағайын деп келіп ем. «Жоғары наградаға ұсын» деп отырған мен жоқ, бірақ Ақшығанақ ауылының деңгей-дәрежесінде менің, Құмақбай Әбдірахмановтың, елу жылдық тойын мәре-сәре ғып өткізуге абыройым да атағым да, байлағым да, шайлығым да ... жетеді ғой, - деп Құмақбай бұл жолы сәл шалқайып алып еді.

Айтса айтқандай, қойшы Құмақбай Әбдірахмановтың өз ауылында, өзі туған топырағында бір басына жететін абырой-беделі бары сөзсіз. Бірақ бұл абырой-беделдің қалай келгенін ол өзі де білмейді. Әйтеуір алақанын жайғанмен аспаннан ештеңе түспейтінін біледі. Балалық шағы соғыстың соқасын жетеліп өскен ұрпақтың өкілі үшін бейбіт еңбек ету – ауа жұтумен бірдей еді. Бұл – сол тесікөкпе ұрпақтың өкілі.

Асылы, кез-келген адамның абырой-беделінің кіршіксіз таразысы – өзінің туған ауылы, туған топырағы ғой. Бүгінде елуді алқымдап, туған ауылында алды-артына ес болар азамат-аға болып қалған Құмақбайдың бұл базынасы байыпсыз да, байламсыз да емес екенін біздің де ішіміз сезеді.

Құмақбай сияқты өз еңбегін туған ел алдындағы перзенттік парызым ғана деп санап, оған ешқандай атақ-абырой дәметпейтін шаруаторы шопандар қазақ даласында ондап, жүздеп саналады. Олар үлкен табыс биігіне жету үшін, топтан озып, жүлде алып, жұлдыз боп көріну үшін жанын жалдап отқа да, суға да түспейді, шаршы топта суырылып сұңғылалық та танытпайды. Өз болмысына, өз табиғатына орай әбеқоңыр әдемі тұрмыс-тіршілік кешеді. Олар өз бойына шақ дүниені ғана ұнатады, өз бойынан биік секіруге талпынбайды. Өз табиғатына өзі қарсы шықпайды. Құмақбай Әбдірахманов өз кәсібінің осындай шаруаторысы. Ал қашанда шаруаторылар шаршамай, шалдықпай бабымен ұзаққа сілтейді.

Құмақбайдың туған ауылының алдындағы азды-көпті абырой-беделінің қос қанаты бар. Оның біреуі – еңбек, аямай, аянбай төгетін ақ-адал маңдай тердің Құмақбайды алға сүйреп, қанат бітіріп, қолтықтан демемеген кезі жоқ. Шындықтың бетіне тура де тік қараймын дейтін мінезбен орақ ауыз, от

тілден тапқан пайдасы да, көрген зияны да аз емес. Оның өлшем-тааразысы Құмақбайдың өз жүрегінде ғана. Бір ғана білетіні – Құмақбайды Құмақбай еткен адал еңбегі.

- Сенің осы орысша араластырып, оңды-солды бұрқыратқан сөзіңнен көрген пайдам жоқ, - деп он баланың анасы әйелі Ибагүл зар қағады.

- Сен көрмесең, көрмей-ақ қой, өзімнің көрген пайдам шашетектен, - дейді Құмақбай қолын бір-ақ сілтеп. – Мен біреулер сияқты өкініш-өкпемді, базына-назымды ішіме сақтай алмаймын. Не де болса, айтып тастағанды жақсы көремін, айтып тастасам, айызым қанады, бойым жеңілдейді. Ал орысша араластыратыным – мен Орынбор облысының Дамбар ауданында туып, белім бекіп, бұғанам қатқанша Ресейде болған адаммын ғой. Менің орысшамнан көрген зияның бар ма, тәйт, әрі, - деп әйелінің аузын ашырмайды.

Қаншама аузын ашырмастай ауыздықтап тастаса да, әйелдің аты – әйел. Үйіне ауданнан, облыстан өкіл-қонақтар келіп, дәм ішіп отырғанда күйеуін жаңа көргендей, әлсін-әлсін бір көзін соған қысып, қыпылықтап отырады. Мұнысы сөз саралап, ой түйіндеп, пікір таластыруға келгенде, өзінен өресі төмен өкілдерге шыдай алмайтын күйеуіне:

- Бәтірекесі, қонақтың берекесін өз дастарқаныңның басында ала көрмеші, - деп алдын ала құрақ ұшып отырғаны. «Өзімнің көрген пайдам шашетектен» деп Құмақбай әйтеуір әйелден жеңілмес үшін айтады. Рас, бетің бар, жүзің бар демей, айтып тастайтын адамнан, оның үстіне Құмақбай сияқты шындықтың бетіне тура қарайтын тікмінезден біреу болмаса біреу ығысып, именіп жүретіні белгілі, Ал бірақ ішкі есебі бойынша осы тік мінез бен орақ ауыз, от тілден тікелей өз басының көрген пайдасы тіпті де көп емес екен. Оның есесіне мұның шындықты суыртпақтап айтуға үйірсектігінің, жүзеге ассын-аспасын, қайдағы-жайдағы құлағы естіген жаңалықты айналасына жариялап, жарнамалап жүруінің ортақ мүддеге, қоғам игілігіне себебі-септігі тиіп жатады. Оны өзі де аңғара бермейді. Кейде партия жиналыстарынан, кейде малшылар мәслихатынан шыққанда, әйтеуір жұрт:

- Әй, Құмақбай-ай, жарайсың! Жұрттың бәрінің көмейінде отырған сөзді төгіп-төгіп тастадың-ау! – деп айыздары қанып, не арқасынан қағып, не қолын қысып жатыды.

- Да, черт с ним, - дейді Құмақбай мұндайда орысша араластырып сөйлейтін әдетімен. – Айтпаса Құмақбай бола ма? – деп арқаланып қояды. – Маған не істейді, көп болса, қойын алар, Құмақбай «универсал» ғой, екі қолға бір күрек, - деп онсыз да қысық көздерін жыпылықтатып, қулығын асырған сыңай танытады.

Құмақбайдың алып түсер айтқыштығын да, қолынан қыруар шаруа келетін әмбебаптығын да, көкейіндегісін көмейінде сақтамайтын ақкөңілдігін де, ойына алғанын орындамай қоймайтын көзсіз ерлігін де туған ауылы әлдеқашан мойындаған, әлдеқашан көздері жеткен. Әлгінде Құмақбайдың ат үстінде ырғалып, шай үстінде шалқайыңқырап сөйлеуінің себебі де сол.

Өз ісінің ұңғыл-шұңғылын, иірім-қалтарысын қалтқысыз білетін Құмақбай көбіне өз ақылымен, өз көңілінің қалауымен жүреді.

- Ойбай, Құмеке, күздеуге ерте көшіп алғаның қалай, құмға көшкенше малыңды арытып, қоңын жоғалтып аласың ғой, - деп зоотехник жігіт бәйек болады.

- Саспа, бала, - дейді Құмақбай, - саспа, бала! Сен бұл өңірдің баяғыда қанша отар мал жайлағанын білесің бе?.. Білмейсің. Тарихты білу керек, өткенді білу керек, сосын соның бәрін бүгінгіңмен, ертеңгіңмен салыстырып, оймен өлшеу керек, - деп Құмақбай қысық көзін сығырайтып, сұқ саусағын шошайтып қояды. – Сенің совхозыңда қазір жетпіс, әрі кетсе сексен мың қой бар, ал бұл өңірді, анау – Сары Тосын құмын бір кезде екі жүз мыңға дейін қой жайлаған. Нанбасаң архивтен Торғай уезі ведомосынан оқы, әйтпесе ану Сары Үсембай мен Кенбайдан сұра. Мәселе – өрісте емес, мәселе – өрісті жерді пайдалана білуде. Осы өңірдің кезінде омырауына Ленин орденін қадаған ең майталман шопаны Оңай Игібаев марқұмның:

- Тосынның бір шиінің түбі менің бір тоқтымды жыл бойы асырайды, - деген сөзі бар. Ә, сен ол сөзді естімеген шығарсың... Әр шидің, әр көденің түбін солай пайдаланатын шопан қайда, кәзір...

Мұндайда атын бір тебініп Құмақбайдың теріс қарап жүріп кететін әдеті.

Енді бірде Құмақбайдың отарына совхоздың басшыларынан бастап аудан, облыс өкілдері шетінен ағылсын-ай кеп.

- Мұныңыз не, қойды ұрықтандырудың совхоз бойынша жасалған қатаң кестесі бар, совхоз дирекциясы, әкімшілік арнаулы бұйрықпен бекіткен... Сіз оны неге бұзасыз? – деп жаңа келген жас веттехник шыбын жаны шырқырап, булыға сөйлейді.

- Әй, қарағым, шыбын жаның шырқырамай-ақ қойсын, осы малға жаның менен артық аши ма? Үш жүз алпыс бес күн бір малдың жай-күйін менен артық білесің бе? Алдағы көктемде ауа райының қалай болатынан алты ай жаз, алты ай қыс аспанның қабағын бағып, қай күннің ашыққа, қай күннің жабыққа батқанын бақылап жүрген менен артық білесің бе? Бар, айта бар, менің қой ұрықтандыратын өз уақытым бар. Әйтпесе, Құмақбай Құмақбай бола ма? – деп бұл жолы да қамшысын бір сілтеп, теріс қарап жүріп кеткен.

Бірақ Құмақбай бұл жолы дегенін істегенмен, біраз талқыға түсті. Ауданнан, облыстан келгендердің мысы қойсын ба? Совхоз жұмысшыларының жалпы жиналысында қой ұрықтандыру мерзімін сақтамай, тәртіп бұзғаны үшін қойшы Құмақбай Әбдірахмановқа қатаң ескерту жасалған. Бұл оның осындай үлкен талқыда, шаршы топтың алдында алған алғашқы «жазасы» еді.

Жазғытұрым мал төлдейтін кездегі аласапыран ауа райы Құмақбайдың сол «жазасын» қар суымен, қар аралас жаңбырмен шайып кеткендей болды.

Мал ұрықтандыруды веттехник баланың графигінен бір апта, он күн бұрын немесе сонша уақыт кейінірек өткізген кәнігі, ауа райын алдын ала болжайтын Құмақбай сияқты шопандар төл шығынын берген жоқ. Оның

есесіне жас веттехниктің ғылыми негіздегі графигіне іліккен отарлар бесқонақтың боранды күндерінде төгіп төлдеді де, шаруашылық бірсыпыра төл шығынына ұшырады.

Төл аяктанып, қойшылар қырдағы жайлауға шыққан кезде жылдағы әдет бойынша шопандар тойы болды. Совхоз бойынша ең жоғары көрсеткішті Құмақбай Әбдірахманов иеленді.

Қызылды-жасылды мінбеге Құмақбай емін-еркін қаздаңдай көтерілді. Сөзінің соңында сұқ саусағын шошайтып тұрып:

- Ауа райы ылғи қапыл да жазым, аптап аңызак пен қақаған аяздан тұратын біздің шөлейт те шөлді аймағымызда бірыңғай ғылыми болжамдарға сүйеніп мал бағу мүмкін емес, сондықтан біз әлі күнге табиғи тәжірибелерге, шаруаның ішкі есебі мен көкірегіндегі көріпкеліне сүйенеміз. Ал ғылыми болжамдар біздің тәжірибелерімізге сүйенуі керек, - дегенді батыл да байыпты, сенімді дауыспен айтқан.

Жалпы болмыс-бітімі қалтқысыз шындықтан жарлаған адамның сөзі көріпкел сезімдерден, байқағыштық болжам-байламдарынан құралақан болмайды. Сөз аңғарып, ой астарын шамалап қарасақ, Құмақбай осындай адамдардың санатына қосылады.

- Сіздің қара шаруаның қай түрін болмасын, шырқөбелек айналдыратыныңызда дау жоқ қой... Осы қасиет сізге қалай дарыды, өзіңізден кейінгі жастар шаруаның осы қасиет-қабілеттерін қалай қабылдап келеді? – дедік сөз арасында күрең шайға жіпсіген Құмақбайдың әңгімеге шешілгісі кеп отырғанын байқап.

- Мынауыңыз бір ғылыми конференцияға тақырып болатын сауал ғой, - Құмақбай қуақы әзілмен қысық көздерін тағы бір қыпылықтатып қойды.

- Бұл сауалға жауап беру үшін нақты мысал келтірмей болмайды.

Үшінші ферма – «Қалдыбай» деген ауылда Қабылданың Қазыкені деген бар. Ол менен жеті-сегіз жас кіші. Жасыратыны жоқ, соғыстан соңғы жылдары қиян жайлап, қиыр қыстап жүретін қойшының баласы мектепке кезінде бара алмай қалған. Мектеп жасына жеткен малшының баласы ол

кезде қолғанат кәдеге жарап қалатыны белгілі. Әке-шешесі қолғанат болғанына қызығып мектепке апармайды. Сонымен ол он бес жасына дейін мектеп көрмейді, әліппе бетін ашпайды. Шаруаға тындырымды, он бес жасында атпал азаматтай боп өскен бала енді өзбетінше жұмыс істеуге көшеді. Енді ол қойлы ауылдан сол кезде азды-көпті жер жыртып, егін егіп жатқан ауылға келеді. Трактордың тіркемесіне мінеді...

Міне, оның мектебі осы жерден басталады. Ол әліппенің әріптерінен бұрын орыс тілін үйренеді. Оның мектеп бітірген қатары механизаторлық мамандықты енді игеріп жатқанда, ол трактор мен машинаның сан тетігін шақпақша шағып, Совхоздың МТС-ындағы жалғыз токарлық станокты ұршықша үйіріп, «темірден түйін түйетін» болған. Оның қатары техникалық училищелер мен инженерлік институттарды бітіріп келгенде, сол совхоздағы ғана емес, кез келген техниканың бүкіл аудандағы механизаторлар таба алмаған кілтипан «кілтін» табатын ұстаз-механизатор еді. Оны кезінде «кішігірім конструктор» деп атайтын. Кәдеге жарамай немесе артық бөлшектер табылмай тұрған бірер трактор-машинаның басын біріктіріп жіберіп, Қазыкен су жаңа трактор, су жаңа машина жасап шығара беретін.

Ал енді сол Қазыкен сөйлер сөзге, айтар пікірге қалай ағып тұр десеңші. Баспасөздегі ең соңғы жаңалықтарды алдымен Қазыкен оқып үлгереді, жаздырып алдыратын том-том кітаптар Қазыкеннің үйінде, ал техниканың кейінгі кереметтерін дипломды инженерлерден Қазыкен бұрын біліп отырады.

- Бұл оқымаған Қазыкен ғой, ех, шіркін, оқыған Қазыкенді көргендерінде ғой, - дейді, аздап мен сияқты мақтанатыны болған соң мақтанады да...

Бір ғажабы, көзін ашқалы ата кәсіпті көріп өскен сол Қазыкенге қой бағу, мал күйттеу, жалын тартып жылқы міну сияқты қасиет қонбай-ақ қойды. Ана бір жылы оны бақташы жасаймыз деп, совхоз бір табын сиырдан қараптан-қарап айрылып қала жаздаған.

- Меніңше, кәсіп деген киелі дүние, - дейді Құмақбай. - Киелі дүние бақ-береке, абырой-атақ боп басына қонарда ол адамның ынтызарын алып, ықыласын аударатын көрінеді. Қазыкеннің басына кәсіптің киесі ынтызар, ықыласпен қонған адам.

Мына мен – кезінде осы ауылдағы екі-үш автомашинаның біреуін жүргізген, рульге ерте отырған ең жас шофер едім. Бірақ мен машинаны жастық желіктің көлігіндей көрдім. Су жаңасын міндім. Сындырдым. Талай апатқа ұшырадым.

Әкем қойшы еді. Бірақ менің қой баққанымды қалаған жоқ. «Техниканы игер» деп тапсырайын десе, авариядан соң авария жасап жүрген мені ол ажалға тапсырғанмен бірдей еді. Менің жылқыға әуестігімді білетін, малсақтығымды аңғаратын.

- Әй, осы сенің назарың – малда. Малдың маңайынан ұзай алмассың, балам, - деді ақыры. Әке сөзі дәл келді. «Әке көріп, оқ жонған» Құмақбай Әбдірахманов дейтін қойшыңыз мына біз боламыз енді. Ата кәсіпті әйтеуір, айдалаға тастай алмасымыз хақ. Оны Құмақбай бола ма, басқа бола ма... біреу жалғастыруға тура келеді. Жастар кәзір бригада-бригада болып қой шаруашылығында қалатын болды. Ұстаз жетекшілері және бар.

Ал сол жастардың менің әкем айтқандай «назары малда ма?» Жаңа мен мысалға келтірген Қазыкен сияқты олар кәсіптің киесі мен қасиетіне ынтызар-ықыласымен құлай берілген бе? Ата кәсіптің әмбебап шеберлерін тәрбиелеудің ең басты, ең жанды сауалдары осында жатыр, - деп Құмақбай ой қорытқан сыңай танытты.

Біз үнсіз бас изегенбіз.

... Қылаңсыз қаракер құнанға Құмақбай қайта қонғанда іңір қоюланып қалған еді. Ауадағы шытқыл аяз жаңа-жаңа жанданып, манағы жұмсақ қар сықырлай бастаған екен. Құлақшынының бауын түсіріп жатып:

- Ал жақсы, - деді Құмақбай, - ал жақсы. Келем десең – ауыл «Көртоғайда», мынау тиіп тұрған жер ғой. Құмақбайдың шаруашылығы жаман болушы ма еді, қыстың үш айынан бері қарамағымдағы жеті жүз

жиырма бір қойдан бірде-бір шығын жоқ еді. Кесапатынан сақтасын, шамалы қысқа шығын берсе Құмақбай – Құмақбай бола ма?!

- Айтпақшы елу жылдық тойымды жер аяғы кеңіген соң – жазда жасаймын. Шақырамын. Кел, кел арнайы, - деді.

Жуантық, жұмыр қаракер тайпалып, жорғалап ала жөнелді. «Елу жасар ер азаматқа жылмиған жүйріктен гөрі тайпалған жорға мінген жарасады екен-ау» деп ойлады мен іштей.

*Торғай облысы,
Жанкелдин ауданы*

ҚЫЗЫЛ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТОЙ

- Ну, да, - дейді ол, бір иығын аз-кем алға қозғап қойып. Бұл оның мәселеге кәміл келіскенінің белгісі.

- Жоға, ә, - дейді ол жауырынын сәл-пәл қиқайтып қалып. Бұл оның үзілді-кесілді қарсылық жасағаны.

- Тарт, тура! – дейді ол ауыр денесімен алға ұмтылып, қолын бір-ақ сермеп. Бұл оның жұмыс жүрді, басқа сөз доғарылсын дегені.

Қырық төртінші жылы осы «Қызыл Қазақстан» ауылына Ақмоладан қазықаяқ ХТЗ айдап келген он алты жасар қайыстай қара бала Нұрғабыл Мөлгаждаров бұл күнде осы өңірдің майталман диқандарының бірі, Социалистік Еңбек Ері, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, халық қалаулысы, ауыл ағасы. Отыз алты жылдан бері оның аузына ең жиі оралатын әлгі үш ауыз сөз осы өңірге тегіс мәтел болып кеткен.

Бүкіл «Қызыл Қазақстан» ауылы Нұрекеңнің аузынан шыққан осы үш ауыз сөз арқылы бар шаруаның сыңайын танып, соның ығына көше береді. Болмысынан біртоға, бірақ мәселенің байыбына бойлап, айтар ойын түйіп жеткізер адамның тіліне тез оралатын осы бір сөздер оның өз мәтеліне айналып кеткен. Нұрекеңнің бүгінгі атақ-даңқынан бұрын осы үш ауыз сөз

әйгілі болған. Осы үш ауыз сөздің төңірегінде әуелде талай-талай әзіл-қалжыңдар айтылған, осы үш ауыз сөз арқылы оның мінезі мен ісі танылған.

Жасыратыны жоқ, сонау бір жылдары «Ну, да» мен «Тарт, тура!»-дан гөрі бригадирдің аузынан «Жоға, ә» жиірек шығатын еді. Оған кінәлі сол жылдардағы аумалы-төкпелі қиындықтар болса керек. Бірақ Нұрғабылдың «жоға, ә»-сінің соңында ешқандай зілі, ауыртпалығы болған емес. Оның «жоға, ә»-дан кейінгі ашуы күллі күш-қайратын бойына жинап, қары талғанша еңбек етсе, тарқап сала беретін. Кейде бір тірлік талқысындағы, жұмыс барысындағы дау-дамай үстінде әлде біреуге кеткен аз-кем есесін ол қашаннан шаруа жайлап өскен өз қабырғасымен кеңесіп, өз маңдай терін төгу арқылы алатын. Нұрғабылдың жеме-жемге келгенде жұртты тайқақтататын мысы да, сонымен бірге жылы ағыстай жан баурап, иірімімен үйіріп алатын инабаттылығы да осы қасиеттерінде еді.

Соңғы жылдары «жоға, ә»-ні сирек айта бастағанын өзгелер түгіл өзі де сезеді. Бірақ бұл тұрмыс түзеліп, жағдай жақсарып, жас есейген сайын жауапкершіліктің кеми бастағанының белгісі емес, керісінше, уақыттың өзгеруі, адамдар арасындағы сыйластық сезімдердің кемелденуінің көрінісі болса керек деп ойлайды ол.

Дәл биылғы орақтың басында көптен қонысын бөлек салып, қара үзіп кеткен сол «жоға, ә» қайта айналып, тағы бір құйындай соғып өткені бар.

Сол күні ол орақ жақындаған сайын дегбірі кететін әдетіне басып, елең-алаңнан қос басына тартпақ болатын. Егістікті әлсін-әлсін аралап, әр танапқа ине жоғалтқандай көз майын тауыса қарау Нүрекеңнің қашанғы әдеті. Соңғы жылдары осы дағды қанға сіңген қасиет қана емес, миға сіңген мол тәжірибе мектебіне айнала бастағандай. Бір кезде ұшы-қиыры жоқ, игеруі мүмкін емес сияқты болып көрінген «Жекебаяқтың» жеті мың гектардан астам осынау егістік даласының әрбір уыс топырағы, оған өскен әрбір бидай масағы бұған енді пәлен жыл бауыр басқан өз бригадасының жігіттеріндей «өзімсініп тіл қатады». Дәл осы бір топыраққа дәнді былтыр қай күні сеуіп ек, дәл сол күннің қабағы қандай болып еді, биылғы сол

күндер сондағы ауа райына дәл келе ме? Осы танаптан түскен былтырғы дән не айтып еді, биылғы дән не айтады? Мұның бәрін диқан құлағы арқылы емес, жүрегі арқылы тыңдайды. Осы жасына дейін жер тамырын тыңдаған адам ретінде мұның жүрегіне түйген имандай сыры – Жер ешбір диқанның адал ақы, маңдай терін жемейтінін біледі. Жер-Ана алдамайды.

Ертең жалға құлатып тастаған соң, бастырылған астық пен түскен өнімді ғана есептей аласың. Ал бидай сабағы сағағынан үзіле жаздап, әбден толысып тұрғанда әр масақтың айтар сыры өзгеше. Бұл сыр диқан үшін келер жылға ғана емес, келешек жылдарға да қажет.

Адам жылы төсектен тұра сала жаңағы бір тәтті түстерін еске алып, соны өмірге ойластыра жорығанды жақсы көрер еді. Орнынан тұрмай жатып оралған бұл ойлар Нүрекеңнің төсектегі тәтті түсі де, өмірдегі тәнті шындығы да десе болғандай.

- Ау, сен қашан тұрып кеткенсің, - деді Нүрекең есік алдында ақ бөкебайын беліне буып алып, самаурын қойып жүрген жұбайы Ботанды көріп. Орақ басталысымен құс ұйқыға көшетін Ботан жеңгейдің де қашаннан қалыптасқан әдеті. Бүгін тіпті тым ертелеткен екен. Шәй қоя жүріп, албардың алдындағы ала сиырды сауа жүріп, ара-арасында шаппашотпен самаурынға оттық ағашты қолы-қолына жұқпай шапшаң-шапшаң мол-мол бұтайды.

Нүрекеңнің жүрегін сәл-пәл аяныш аралас аяулы сезім шым еткізгендей болды. Ботан сияқты сегіз құрсақ көтеріп өсірген әйел, әрине, «Қызыл Қазақстан» ауылында кеуде көтеріп мақтана алмайды. Өйткені бұл ауылда он бес бала туған, он бала өсірген Ардақты аналар әрбір бес-он түтіннің бірінде кездеседі.

Абысын-ажындар той-томалақта бас қосып, бір-біріне بازیна айтқанда:

- Ботан тоғызыншы құрсағымен бірге геройлықты қоса толғатқан. Ботан болмаса Нұрғабылға Алтын Жұлдыз аспаннан келе ме, - деп қағытып та қояр еді. Бұл сөзде шындық та жоқ емес. Қалай дегенмен де, бір ауылдың

Алтын Жұлдызды азаматының адал жары ол көтерген жүктің ауар-жеңіліне ортақ болары рас қой.

Ол отағасы болып бұл үй шаруасына қараған адам емес. Бала жастан тек дала кәсібімен айналысқандықтан ба, үй шаруасына әйтеуір, ешбір ебі жоқ. Қос басындағы комбайн штурвалындағы, жөндеу шеберханасындағы диқан қолы айналысатын ірілі-ұсақты жүздеген істің небір қылдай нәзіктікті қажет ететіндерін осы ебедейсіз көрінетін етжеңді саусақтарымен-ақ жүзіктің көзінен өтердей жұтындырып жібереді. Ал үй шаруасына келгенде, Ботанның бетіне жалтақтап, соның көмекшісіне ұқсайды да қалады.

Алдыңғы бір жылы сабантой өткеннен кейін осы үйге Атбасардан Михаил Егорович Довжик келе қалды. Екеуі біраз жылдан бері жарыстас болғандықтан бір-бірімен жиі хабарласып, қонаққа шақырысып, кездесіп, жүздесіп тұруды әдетке айналдырып алған. Жарыстас жылдар бұларды туыстас етіп жіберген секілді.

Шай ішіп болысымен Ботан апыл-ғұпыл сыртқа шығып кеткен. Михаил Егорович екеуі әңгіме қызығымен үйде отырып қалып еді. Бұлар тысқа шыққанда бір-ақ білді – Ботан жеңгей бір қойды алап ұрғызып, мүшелеп қазанға салып та үлгіріпті. Енді бөкебайымен белін буып алып отын жарып жатыр екен.

- Ойбай-ау, мынауыңыз не, ағашты біз жарамыз ғой, ерекектер тұрғанда, бұл әйелдің шаруасы емес қой, - деп Михаил Егорович дегбірісізденіп қалды.

- Оқасы жоқ, - дейді Ботан күлімсіріеп. – Бұл біздің үйренген кәсібіміз.. Қас-қағымда қазанға ас та салынып, қазандық қасына жарылған отынның да үйіліп қалғанына Михаил Егорович таңырқай қараған.

- Әй, Нұрғабыл, нағыз Еңбек Ері болатын сен емес, біздің замандас екен. Біз қазір орақтағы өнер – оралымдылық, шапшаңдық деп жүрміз ғой. Мынадай жылдамдықпен бұ кісі бізді әлденеше орап кететін түрі бар ғой.. – деп, риза ниетті әзілге бұрған.

Не бір қонақ келіп қалса, не бір қонақ келетін хабар естісе – Ботан жеңгейдің жарғақ құлағы жастыққа тимей, бірнеше шаруаны бір өзі қатар істеп, білек сыбанып кететін әдеті. Әсіресе, көктемгі тұқым себудің тұсы мен осы орақ күндері қара су теріс айналып кетсе де күйеуінің басқа шаруаға мойын бұрмасын жұбайы жақсы біледі. Сондықтан Ботан жеңгей бұл кезде қандай қонақ келмесін қабақ шытпай, өзі-ақ қабылдап жатқаны.

Жалғыз әйелі ғана емес, осы қарбалас екі маусымның кезінде бүкіл бригаданың жігіттері, бүкіл ауыл адамдары боп Нүрекеңнің қабағына қарайды. Ал Нүрекең масақтың бояуына да, жігіттерінің жүзіне де жаутаңдайды. Соның бәрі елдің, егіннің мүддесі.

Әйтпесе, «Қызыл Қазақстан» қонақ күте алмайтын ауыл емес. Ақантаудың бауырына, Ақанкөлдің жиегіне қашаннан ән-күй дарыған. Сері Ақанның аңшылық кәсіппен айналысып кеткен ұрпақтары ән-жырды қалай айтатынын көргің келсе, сабантой кезінде кел.

Табиғатында көпшіл Нүрекеңнің осы бір күндері қонақты да, қонақ кәдені де, тойды да, той-томалақтың жоралғысын да елемей естен шығаратын әдеті.

Осы дағдының кесірінен өмірінде екі рет әбестікке ұшырағаны бар. Ол күні бүгінге дейін күліп алатын әңгіме боп елден елге тарап кетті.

«Қызыл Қазақстан» бөлімшесінің басқарушысы Қазезтай Сүлейменов өзімен қатар өскен құрдас азамат. Осы ауылдың атақ-абыройы үшін ащы-тұщыны бірге татысып келеді. Қазезтай бір кезде маңдай алды механизатор еді, звено жетекшісі, бригадир де болған. Омырауына талай-талай медальдармен бірге Еңбек Қызыл Ту орденін тақты. Кейінірек совхоз коммунистері Қазезтайдың ұйымдастырушылық қабілетін де танып, оны бөлімше басқарушылығына ұсынды. Міне, содан бері ол «Қызыл Қазақстан» бөлімшесін басқарып келеді.

Алғашқы тың тарландарының бірі, қазақ даласына отызыншы жылдардан бауар басқан Веселов МТС-ының директоры Федор Иванович

Павличенко сонау тыңға түрен түскен жылы екеуіне де су жаңа трактор тапсырып тұрып:

- «Қызыл Қазақстанның» болашақ қос қыраны, қос жұлдызы, - деп екеуінің арқасынан қатар қағып еді.

... Орақтың жан алап, жан беретін күндерінің бірінде Нүрекең екінші звено жігіттірінің орнын сипап қалды.

- Ау, бұлар қайда кетті? – дейді ол аспазшыларға келіп.

- Қайда кеттісі қалай, Нүреке-ау, ауылда бүгін ақ түйенің қарны жарылған үлкен той ғой, - дейді аузынан әзілі түспейтін аспазшы келіншек.

- Не той, ненің тойы? Немене, «Жекебаяқтың» жартысын орып болмай жатып, сабантой жасауға кетті ме? - Нүрекең ашу шақырды. Келіншектің жауабы тағы да қиястау шықты:

- Ойбай-ау, білмеуші ме едіңіз, бөлімше басқарушының әйелі оныншы толғағында тағы да торсықтай ұл тауып, Ардақты ана атанып жатса, шілдеханаға барам деген елдің аяғына шідер салатын ба едіңіз?..

- Жоға, ә – дейді Нүрекең, - Жоға, ә, бұл болмайды, - дейді де жауырынын сәл қисайтып қалып, «газикке» ырғып мінеді. Сол бетінде Қазезтайдың үйінің алдынан бір-ақ шыққан.

Жігіттер «құтты болсын» айтысқаннан кейін есіктің алдына шыға бастаған екен. Әрі ашулы, әрі асығыс, әрі аужайды естен шығарған Нүрекең «газиктен түскен бойда:

- Жоға, ә, - деп тағы да жауырынын бір қиқайтып қалады. Жүзінде ашу барын байқаған жігіттер де бірден не айтарын білмей қалған. Сөйткенше Қазезтай да шыға келеді.

- Ау, бұл не мәжіліс, бұл не той? – деп қалады Нүрекең оған.

- Нәрестелі болып ем... – дейді Қазезтай.

- Түу! – дейді сол кезде бұл. – Түу, сенің әйелің де мезгілсіз кезде босанады екен...

- Енді не қыл дейсіз, қарындас сіздікі ғой, - дейді де, Қазезтай кейін бұрылып жүре береді. Қазезтайдың әйелі өзіне жақын қарындас болып

келетіні бұл сәтте Нүрекеңнің қаперінде де жоқ еді. Жігіттер еріндерін тістеп, бірін-бірі түрткілеп күлкіден жарылып кете жаздайды. Ойында жұмыстан басқа ештеңе жоқ, оның үстіне «осыным дұрыс па, бұрыс па?» демей абдырап тұрған адам аузынан қандай сөз шыққанын аңғармай да қалған.

Кейін мұны ауыл адамдары, әсіресе Нүрекеңе құрдас боп келетіндер талай-талай рахаттана күлісіп, еске алып жүрді. Алғашында бұған Қазетайдың бұртындағаны да, әңгіме әзілге айналған кезде Нүрекеңнің қызарақтағаны да рас. Қазір бұл әңгімеге екеуі де қосыла күледі...

Ал екіншісі – көктемгі тұқым себу кезінде болған еді.

Қызыл іңір – қас пен көздің арасында үйге соқса, бейтаныс біреу шай ішіп отыр. Өлгі кісімен амандасып, апыл-ғұпыл бір-екі кесе шай іше салысымен Нүрекең егістік басына жүруге бет алды.

- Бұл кісі алыстан келген екен, - дейді әйелі күйеуінің жүзіне қарап, күмілжіп.

- Е, алыстан келсе, үй орнында ғой, қонақ болсын, - дейді Нүрекең.

- Жоқ, жұмысы сенде көрінеді, сені іздеп келіпті, - дейді Ботан жеңгей тағы да күйеуінің қабағына қарайтын әдетімен.

Бригадирдің басына көктемгі егіс кезінде сан шаруа тұратыны белгілі. Сол сан шаруаға қоса, он-сан жетіспейтін бөлшектердің, неше түрлі бұрандалардың аты тұрады. Мықты болсаң соның бәрін есте сақтап көр. Оның үстіне ойға алған шаруаның орайына қажет бірдеңелерді іздеп орталыққа келсең, бекерден-бекер шыж-быж болып берекең кетеді. Осындай бір ойға алған дүние орындалмаған сапардан кейінгі сәт еді.

- Менде жұмысыңыз болса, менімен бірге жүріңіз, - деді жүрелеп отырған Нүрекең соңғы кесесін төңкере беріп. Қонақ та көп сөйлемейтін кісі екен.

- Иә... иә, шаруам сізде еді, - деді де соңынан ере берді.

Бөлімше орталығынан бригадаға баратын екі жігіт те Нүрекеңнің «газигіне» мінді. Ауыл шетіне шыға бере тағы бір қария қол көтерді. Қонақ

кабинаның алдында отырған. Енді кейін қарай ығысып, алғы орынды қарияға берді.

Сонымен не керек, жолдың ауырлығы мен жүктің салмағы жеңіл «газикті» жер бауырлата отырып, қос басына түн ортасында жетті. Қонақ ұйықтап қалды. Нүрекең звеноларды аралап кетті.

Нүрекең қос басына күн аралатып тағы да түн ортасында келді. Қонақ бригадирді күтілі еді. Бірақ келе төсекке қисайған соң, шаршап келген адамды мазалауға қонақтың батылы жетпеді. Таңертең қонақ атып тұрған бетте көзін уқалап, қасындағы төсекке қарады, Тап-тұйнақтай жиналған төсекті көргенде, бригадирдің орнын тағы да сипап қалғанын білді.

Сөйтіп, апта бойына бригадир мен қонақтың кездесуіне қолайлы сәт табылмай-ақ қойды. Қос басына бригадир не өкпесін қолына алып келеді де, тізе бүгуге мұршасы болмай қайта кетеді. Жағасына жармасуға мұндайда қонақтың батылы жетпейді. Немесе, түннің бір уағында, не таң қараңғысында келіп шешініп жатады. Қонақтың бойында мұндайда бел шешпей жүрген бригадирге деген аяныш сезімі оянады.

Не керек, сол аптаның аяғында бригадирдің «газигі» бір топ жігітті тиеп жетті-ау, әйтеуір. Бәрі көңілді. Сақал-мұраттары қауғадай болып кетсе де, шеттерінен той үстінде жүрген адамдар сияқты. Қонақ енді түсінді. Бригада егісті сол күні сеуіп біткен екен.

Алыстан келген қонағын әнеукүнгіден бері жаңа танығандай Нүрекең оған тұра ұмтылды.

- Ойбу... бауырым-ай, сен әлі осында ма ең, мен тіпті ұмытып кетіппін ғой, - деп қақпақтай кеудесімен қонақты қаусыра құшақтап жатыр. – Кешір, кешіре гөр. Енді не де болса жаңа егістің тойын бізбен бірге тойлайсың, - деп келіп қонақты қолтығынан демей, кабинеттің алдына отырғызды да, «газикті» оталдырып жатып: «Тарт, тура», - деді де, бар денесімен алға ұмтылып, қолын бір сермеп қалды.

Бұл алыстан, Алматыдан келген қонақтың белгілі суретші Үкі Әжиев екенін, кейін оның Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығына ие болатын топтама

шығармаларының арасында «Қызыл Қазақстан» ауылының атақты диқаны Нұрғабұл Мәлғаждаровтың да бейнесі сомалатынын бұл тұста ешкім білген жоқ еді.

Күйеуінің көктемгі егіс пен күзгі орақ маусымында «құтты болсын» айту мен қонақ күту рәсімінен екі қайтара қалай қателескенін жақсы білетінін Ботан жеңгей сондықтан да осы үйдің босағасына бүгін-ертеңдер келіп жететін үлкен қуаныш хабарын әлі Нұрекеңе жеткізген жоқ. Алакеуімнен тұрып сиыр саууы, самаурын қоюы күнделікті дағдысы болса да, шаппашотпен шапшаңдата ағаш бұтауы бекерден-бекер емес екенін әке жүрегі де сезіп қалғандай еді...

Нұрекеңнің үлкен қызы Күләш Целиноградтағы ауыл шаруашылық институтының экономика факультетін бітірді. Отының алды, суының тұнығы осы тұла бойы тұңғышын Нұрекең бой жеткенше еркек балаша киіндіріп, еркелетіп өсіріп еді. Қызы әкесінің таракторының қырдан бері қарай қылт етіп құлауын күтіп тұрып, алдынан жүгіріп шығатын, Нұрекең де тракторын тоқтата сала оны кабинасына отырғызып алатын. Есейе келе оған трактор жүргізуді үйретті, ал мектеп бітіретін жылдары Күләш комбайн штурвалына отырып, өзіне қолғабысқа жараған.

Енді міне, сол қимас қызы оқуын бітірген соң теңін тауып, сөз байласыпты. Құдалар Қостанай жақтан екен. Ол жақтағы той-томалақ өткенге ұқсайды. Екі бала енді «осы жақтағы ата-анамыздың алдынан өтеміз» дейтін көрінеді. Бұл хабардың шет жағасын Нұрекеңе Ботан жеңгей бұдан біраз бұрын екеуден-екеу шай үстінде отырғанда шет қақпайлап айтқан еді.

Осыдан он шақты күн бұрын әйелі тағы да бір оңаша қалғанда күйеу баланың Целиноградтағы ауыл шаруашылық институтында сырттай оқитынын, өз ауылында оның да туыстары ораққа қатысты адамдар екенін, ал күйеу бала онда тікелей жауапты жұмыс атқаратынын жақаурата жеткізген.

- Осы сенің сымсыз телефоның бар ма, соның бәрін қайдан білесің? – деді Нұрекең. «Орақ бітпей, құда қабылдап, той өткізер жағдайым жоқ»

дегенді айтайын деп еді, жұбайының жанарында үзіле жаздап тұрған ұсақ тамшылар өзінің де көңілін қобалжытып жібергендей болды.

Нүрекеңнің қылп ете қалған ішкі ойы өзін алдамаған екен. Енді міне, шай үстінде Ботан жеңгей ерекше бір батылдықпен сөйледі.

- Кеше телеграмма келді. Құдалар да, балалар да бүгін Целиноградтан шығатын көрінеді. Күтіп алу керек, тойға камдану керек. Тұла бойы тұңғышымыздың тойын ел қатарлы өткізбесек, атымызға ұят... Кеше совхоздың парторгі сені іздеп келіп кеткен. Жай-жапсардың бәрін айтқам. «Ойбай, жеңеше, құдаларды қарсы алуға да, той өткізуге де қиналмаңыздар. Нүрекеңнің қуанышы – бүкіл «Қызыл Қазақстанның», қала берді бүкіл ауданның тойы емес пе? Василий Денисовичке де (совхоз директоры) өзім мән-жайды айтып түсіндіремін» деп еді. Саған ешкім ештеңе деген жоқ па? – деп әйелі әңгіменің аяғын өзіне сүйей салды.

Нүрекең үнсіз қалды. Әйелінің сауалына жауап бермей, қою шайды сораптай берді.

Нүрекеңнің басына жеке тұрмыс қамы мен қоғамдық іс қат-қабат келіп, «ал, кәне, алдымен қайсымызды атқарасың» деген текетірес сауалға тап болатыны бұл бір емес. Мұндайда тек ойлануға тура келеді.

- «Нұрғабылдың қызы тұрмысқа шығыпты, той жасағалы жатыр екен», - десе, ол тойды бүкіл ауыл жік-жапар болып төбесіне көтеріп әкететіні сөзсіз. Ес біліп, етек жапқалы қуанышты да, қайғыны да осы ауылдың адамдарымен бірге көтерісіп келеді. Үш жасында шешеден, жеті жасында әкеден айрылған. Нұрғабыл мынау жарқын заман мен жақсы қоғамның, одан қалды, осы «Қызыл Қазақстанның» ер-азаматтарының арқасында жетімдік көрген жоқ. Қайта бүкіл ауылды аузына қаратып өсті, ағайын-туғанына ұйытқы, бірлікшіл боп ер жетті. Егер еңбегі жанып, сөзін ел тыңдап, басына бақ қонса, ол бұған аспаннан келген жоқ. Жылатпай-сықтатпай өсірген заманына, жақсылық жасап, бауырына басқан ер-азаматтарға, туған топырағына деген адал ниетіне келген болар. Рас, елінен аянған жоқ, маңдай терін ешкімге бұлдаған жоқ. Азамат парызы – жақсылыққа жақсылық қайыру

болса, неге аянсын, неге бұлдансын?! Бірақ үлкен қуаныштың алдында да, үлкен қиындықтың алдында да өткен-кеткенді еске алып, ақыл таразысына тартарда, ағайын-туысты да, бүгінгі шаруаның қамын да қатар ойламай бола ма?

Жаңағы парторг жігіттің: «Василий Денисовичке де өзім мән-жайды айтып түсіндіремін» деп отырған адамы – осы совхоздың директоры. Нұрғабыл: «Құдаларым алыстан келген екен, бірер күн той жасап жіберейін» десе, бұған ешбір қарсылық жасамасын біледі. Отыз жылдан бері осы совхозды басқарып келе жатқан қарт коммунист Нұрғабылдың әкесінен бетер.

Жетпіс екінші жылы қыс ортасында бұған Социалистік Еңбек Ері атағын беру жөнінде КСРО Жоғарғы Кеңесінің Жарлығы туралы хабарды алдымен естіген Василий Денисович қар тоқтатуда жүрген мұны да, мұның үй-ішін де дереу көлік жіберіп, совхоз орталығындағы өз үйіне алдырады. Сүйіншіні Нұрғабылдан өзі сұрап, өзге жұртқа өзі берген жоқ па еді? Ауданнан құтты болсын айтуға келе жатқан қонақтарды ауылдың қақпасының алдынан күтіп алып, өз үйіне түсірген. Сонда жұртты дәмге шақыра тұрып, Василий Денисовичтің:

- Нұрғабыл «Қызыл Қазақстанның» батыры болса – мына менің балам,
- дегені әлі күнге құлағының түбінде тұр.

Ендеше сол адам мұның тойына қарсылық жасай ма? Әрине, жасамайды. Құлақшынын лақтырып, қол соғады.

Бірақ сенім – сенім, көңіл – көңіл, ал іс деген кейде тіпті бөлек дүние. Сенім де, көңіл де істі орнына толтыра алмайтын кездер болады. Мұның атын сан соғып қалу дейді. Тыңның табиғатында уақыттан бір сағат, бір сәт ұтылудың қаншама бармақ шайнатып, бас шайқатқанын кім білмейді. Көздің жауын алып тұрған егіннен қас пен көздің арасында айрылып қалған кездер аз болды ма?

Оның үстіне, Нүрекеңнің егістігі Ақмола өңірінің ең теріскейіндегі, ауа райы құбылмалы құба жонында жатыр. Тұқымды кеш себеді. Егінді кеш орады, есесіне суық ерте түседі.

Кейде облыс жақтан келетін өкілдермен әңгімелесе қалғанда, Нүрекең жолдағы аудандардың жағдайын, ауа райын сұрайды. Сөз арасында өзінің жарыстасы, Атбасар ауданындағы әйгілі диқан досы М.В. Довжиктің жәй-жапсарынан сыр суыртпақтайды. Сонда біреулер:

- Атбасарда ауа райы ашық, күн тамылжып тұр, - дейді. Ондайда Нүрекең қысықтау көзін одан да гөрі сығырайтыңқырап тұрып, қуақы бір күліп алады да, сұқ саусағын шошайта жауап қатады.

- Жоға, ә. Мен Атбасарға сенбеймін. Мен Көкшетауға сенемін. Маған Көкшетау жақын, - дейді. Бұл сөзде Атбасарда «жарыстасым» бар деген емеурін жатыр. Сонымен бірге бұл жердің ауа райы Көкше өңірінің табиғатымен тұспа-тұс келетіні де рас.

Облыстың өзге аудандарында орақтың орталанып немесе аяқталып қалғанын Нүрекең сезіп отыр. Орақты Көкшедегі кейбір көршілер де бастап кетті. Есептеп қараса, тіпті биыл Нүрекең жылдағыдан бірер күн кешеуілдеп қалыпты.

... Алыстан келе жатқан құдалардың, тұла бойы тұңғышы Күләшінің, күйеу баланың, адал жарының көңілін қию – Нүрекеңе де оңай емес. Бірақ бүкіл егінді бір түнде боз қырау ұрып кетсе, елге не бетін айтпақ. Ендеше, «орақты қайткенде де бүгін бастау керек» деген байламды Нүрекең өзгерте алмайды. Бұл – бір.

Екіншіден, кеше бригаданың басында осындай тағы бір оқиға болған. Ұсақ-түйекке мән бермейтін Нүрекең бұл жайды көңіліне алып қалып еді.

Нүрекең бригадасындағы ең үлкен күш – Мәшіреновтер әулеті. Осы «Қызыл Қазақстанды» қолымен құрып, көп жыл басқарған қарт большевик Мәшірен ақсақалды Нүрекеңнің басы жерге жеткенше сыйлайтынына ешкім шүбәланбайды. Оны бүкіл ауыл біледі. Оны Нүрекеңнің қарамағында істейтін Мәшірен ақсақалдың сегіз баласы да біледі.

Осы отбасының балаларын өз баласындай бауырына басып тәрбиелеуінде гәп те жоқ емес. «Әкең өлсе өлсін, әкеңнің көзін көрген өлмесін» деген рас екен... Мұның да әкесі «Қызыл Қазақстандағы» алғашқы қызыл болшевиктердің бірі болғасын ба, Мәшірен ақсақал Нүрекеңнің жетімдік көрмей өсуіне себепші болғандардың бірі.

Кейін пенсияға шыққаннан соң Мәшірен ақсақал үйде қол қусырып отыра алмаса керек, Нүрекең келіп:

- Нұрғабыл қарағым, мені өзіңе көмекші етіп ал, аз болса да жер танып, аспанның қабағын бағып өскен адам едім. Егістігіңе қорықшы болсам да қолғабысым тиер, - деп қолқа салған.

Нүрекең карттың қолқасын қуана қарсы алды. Қайдағы қолғабыс, қайдағы көмекші – ақылшы болды десек, артық айтпас.

- Еңбек еткен адамды, соған жан-тәнімен берілген адамды жанымдай жақсы көремін, сол адамның еңбегі жанса екен деп тілеймін, - дейтін қария.

Сол Мәшірен ақсақалдың бригададағы бір ұлы еркелеу боп өсіп келеді. Кеше кездесіп қалып, Нүрекеңнің жанына арсалаңдап жетіп келді. Еркелігі болмаса, еңбеккер, ақкөңіл.

- Аға деймін, аға! Мен үйленемін. Иә... иә... Үйленетін болдым, аға, үйленбесем болмайды, - деп қойды және.

Нүрекең ішінен мырс етті.

- О, мұның жақсылық қой. Мәшекең мен Рахима жеңгейдің қолы ұзаратын болыпты. Тойды өзіміз жасаймыз, қатырып тұрып... Тек мына егінді орып алайық, - деп Нүрекең оны арқадан қағып еді, анау қиқаң ете қалды.

- Жоқ, аға, мен не бүгін, не ертең үйленемін, - деді ол.

- Қалқам-ау, орақты бүгін-ертең бастайық деп отырмыз ғой, сен болсаң, пілдей бір комбайнның иесісің, жұмыс ақсайды ғой, - деп жағдайды түсіндіре бастап еді, бала морт кетті.

- Жоқ, именно, осы бүгін-ертең үйленем, әйтпесе болмайды, - деді.

- Қалқам-ау, комбайынды не істейміз? – деді Нұрекең адамды жекімейтін жұмсақ даусымен.

- Егер мен үйленбейтін болсам, комбайныңызды ала беріңіз, - деді қолын бір-ақ сілтеп.

Бригададағы жігіттер түгіл бүкіл «Қызыл Қазақстанның» бірде-бір үлкен-кішісімен бұлай әңгімелескені Нұрекеңнің есінде жоқ. Сондықтан томаға-тұйық үнсіз қалған.

Ал егер бүгін өз қызын, құдаларын қарсы алып, той жасаса, Мәшекең не айтады? Міне, мынау әңгіме енді сол оқиғаны да еске салды.

Өлгіден бері Ботан жеңгейдің сауалына жауапты кідіртіп, қою шайды сораптап отырып ойланған сыңай танытқанда, Нұрекең осының бәрін іштей шамалап үлгіріп еді.

Енді тура байламға көшті.

Әйелім ренжісе – өзімдікі, күйеу балам мен қызым ренжісе – олар да ешқайда кетпес, құдалардан көп болса кешірім сұрармын. Мәшекең баласы комбайында тастап кетсе, тағы бір лажы болар. Осының бәрін ағайын арасы, қатын-қалаш сөз етсе – пішту.

Ең бастысы – егін, егінді жинап алмай жасайтын ешқандай тойым жоқ, - деп түйді де, кесесін төңкере беріп, Ботанның бетіне қарады:

- Бүгін орақты бастаймыз, қайдағы той. Жоға, ә, - деді жауырынын сәл-пәл қиқайта қалып. Сосын ас қайырып жүре берді.

Дастарқан басында аң-таң күйде Ботан жеңгей қалды.

Ойы онға бөлініп, күпті көңілмен бригада басына Нұрекең жетті.

Түс ауа «Қызыл Қазақстанға» Нұрекеңнің құдалары келді.

Түс ауа «Жекебаяқтың» егіс даласында егін орағы басталып кетті.

Нұрекеңнің үйіне құдаларды бастап келген совхоз партия ұйымының секретары Ғазез Кенжалин бүгін «Жекебаяқта» орақтың басталып кеткенін іштей сезіп еді. «Енді не істеймін» деп келген парторгқа сәті түскенде «Қызыл Қазақстанда» шаруашылық аралап жүрген аудандық партия комитетінің секретары Хайролла Жармұхановтың жолыға кетпесі бар ма.

Бөлімше кеңсесінде секретарьдың жанында Нұрекең бригадасының механигі, осы ауылдың белді де беделді жігіттерінің бірі, жас коммунист Дулат Мәшіренов отыр екен. Парторг секретарьға Нұрекең үйіне күйеу-құдалардың қолайсыздау уақытта келіп қалғанын айтып жеткізуі-ақ мұң екен, сөзді Дулат сабақтап кетті:

- Ол солай, - деді Дулат, - оның үстіне кешеден бері сол бригададағы менің бір комбайншы інім де «үйленемін» деп қиғылық салып, жұмысты тастап кетіп қалыпты... Содан Нұрекеңнің көңіл-хошы шамалы. Орақ басталғанда ешкімнің көңілінде селкеу болмағанын сүйетін адам еді, - деді механик жігіт қос бірдей партия қызметкеріне жалтақтай қарап.

- Ә, - деді аупартком секретары, - Нұрекеңнің жұмыс үстінде көңіл-күйі жақсы болуы керек. Оның барынша шабыттана күткен күні осы алтын орақ емес пе! Сол күндерде оның көңілі күпті боп, қабағында кірбің жүретін болса, онда біздің жұмыс істегеніміз қайсы? Той деген, үйлену деген жұмысқа қолбайлау болып па? Қайта соны жұмысқа ынталандырудың, еңбекті еселеудің қанаты етіп жіберуіміз керек... Сенің ініңнің әкелетін қалыңдығы қай ауылдан еді? Сол ауылға да хабарласу керек. Құдаларға да, күйеу балаға да жағдайды айтып түсіндіру керек. Онда тұрған не бар?..

Аудандық партия комитетінің секретары телефон соғып, ең алдымен совхо директоры Василий Денисович Белаймен сөйлесті. Одан кейін мынау Мәшіреновтің інісі «қалыңдық әкелемін» деп кеткен ауылдың партия ұйымының секретарымен жалғасты.

- Ал, Ғазез, - деді содан кейін Хайролла Жармұқанов шапшаң сөйлесе де, тез шешім табатын мінезіне басып. – Сен құдалардың жанында қаласың. Қазір сол үйге Василий Денисович те келеді. Мен осы ауылға «келін әкелемін» деп кеткен жігіттің соңынан барам. Оны ренжітпеу керек. Жаңа сол ауылмен сөйлестім, келін де комбайншы көрінеді. Дулат сен бригадаға тарт. Нұрекеңе айт, шымылдығын да, су жаңа комбайнын да әзірлей берсін. Тойды тура қос басында өткіземіз, - деді.

Айтқандай, сол күні кешке жақын «Жекебаяқтағы» қос басында шымылдық желбіреді.

Айтқандай, сол күні кешке жақын «Жекебаяқтағы» қос басында Нүрекең қызы мен күйеу баласының маңдайынан иіскеп, құдалармен құйрық-бауыр жесті.

Құдалар да Қостанайдың ең бір астықты өңірі Урицкий ауданының «Күнтимес» ауылынан екен. Діқан ауылдың ол жақтағы азаматтары да жөн-жоралғы білетін болып шықты. Күйеу балаға «қайын-жұртыңның қолын байлама» деп кезекті еңбек демалысын да беріп жіберіпті. Оның үстіне күйеу бала бесаспап механизатор екен.

Ал Мәшірен ақсақалдың еркелеу баласы да ақылсыз болмай шықты.

- Келініңіз комбайншы еді, аға, ол ауылда орақ басталып кетсе, оны босатпай қоятын болғасын асығып ем., - дейді басын төмен салбыратып.

Ереңіне Нүрекең бригадасына әнеукүні келген су жаңа екі қызыл «Ниваға» екі бірдей жас отау иелерін отырғызып жатып:

- Тарт, тура, - деп ауыр денесімен алға ұмтылып, қолын бір сермеп қалды.

Кеше «Қызыл Қазақстан» ауылында биылғы жылдың сабантойы өтті. Сабантой екі бірдей үйлену тойына ұласты.

«Қызыл Қазақстан» ауылының диқандары әр гектардан он алты жарым центнерден өнім айналдырды. Бұл әрине, Қызыл Қазақстандықтардың бұрын-соңды болмаған рекорды емес. Бірақ биылғыдай осы өңірде ауа райы қолайсыз жыл үшін үлкен қанағат, үлкен қуаныш.

Той үстінде Нүрекеңе жан-жақтан телеграммалар ағылды. Соның ішінде Атбасардан, талай жылдан жарыстас тарлан диқан Михаил Довжиктен де бар еді.

«Нұрғабыл, сен биыл ерледің! Құттықтаймын! Жоғары өнім алуыңмен, озуыңмен құттықтаймын!» - дей келіп, сөз аяғында: - «Қызың тұрмысқа шығыпты... той қашан?» деген сауалды да қыстырып жіберіпті.

- Ну, да, - деді ол сонда бір иығын аз-кем алға қозғап қойып. – Ну, да, тойға шақыруымыз керек екен ғой. Довжикке де, Гаврюликке де беріндер телеграмманы. Олар менің қашаннан қанаттастарым ғой, - деді Нүрекең қуаныш үстінде тебіреніп тұрып.

- Той тойға ұлассын, «Қызыл Қазақстандықтар!».

Целиноград облысы

ТӨЛЕГЕН ДИРЕКТОР

Совхоз директоры Төлеген Жирентаев бірде бас мамандарын жинап алды да, бір бүйір сауал тастады.

- Осы біз ешкі өсіріп көрсек қайтеді, жігіттер. Сүйегі мен мінезі жеңіл демесек, өсімтал мал ғой. Өнімі шаш-етектен болатын түрі бар... Ал есептеп көрейікші, - деп қашан да қайдағы бір болжамдарды дәлелдеп, қайдағы бір жаңалықтарды жұрттан бұрын тауып жүретін әдетімен цифрға жүгініп, түсетін табысты санай бастады...

Мамандар директордың «бүйректен сирақ шығарып» бастама жасамайтынын, батылдық жасаймен деп көрінгенге көзсіз ұрынбайтынын жақсы біледі. Әсіресе, шаруашылық есебіне жүйрік адам есесі қайтпайтын болса, есепсіз тиын шаша бермейді, ал бірақ «еңбегім өтеледі-ау» деген жерден ештеңе аяп көрген емес.

Дегенмен, мамандар бас қосудан көңілсіз шығып еді.

- Айтпады деме, ешкі өсіргенімізді аудан, облыс ести ме... түп етекпен айрылмайды, ал сосын бүкіл шаруашылықты ешкі өсіруге бейімдеп көр, - деді мамандардың бірі.

- Ешкі бағатын адам да табыла қоймас, қойшылар бүкіл бір отар қойдың ішіндегі бірер ешкіден азар да безер болады ғой, осы – деп екінші бірі келтелеу кекекесін білдірді.

- Ешкісіз де жағдайымыз жаман емес қой, бесжылдық бойынша республикалық жарыстың жеңімпазы болмаған жылымыз жоқ... Сол жетпей ме?— деді тағы бірі.

- Иә, иә... Қанағат қарын тойғызады, эксперимент жасай берудің несі жақсы дейсің, - деп тағы бір маман тұжырым жасағандай болды.

Сонымен мамандар ешкі өсірудің нақа тиімсіз болмайтынын іштері сезгенімен, бейнетіне бел байлауға бекемдік танытпап еді. Директордың кабинетінен көңілсіз шыққандары да сол, директор да оны сезбей қалған жоқ, әрине.

Жігіттер өз істерін бірсыдырғы жақсы да біледі, тәуір де атқарады. Тарбағатайдың сонау бір алыс түпкіріндегі осы өзі он жылдан астам уақыттан бері басқарып келе жатқан «Пограничный» совхозы кәзір экономикалық көрсеткіштері жағынан Мақаншы ауданында ғана емес, облыс көлемінде озат шаруашылықтардың қатарында ауызға ілініп жүр. Бұл – осы жігіттердің арқасы, бүкіл ұжымның еңбегі.

Төлегеннің өз әріптестерінің немесе мамандардың арасында өз ісінің ұтырын білетін, ұйымдастырушысы бола алатын ұқыпты жігіттердің көп екеніне көзі де жетіп, көңілі де сенген. Ал бірақ өз кәсібіне солардың көбі күнделікті, қалыпты іс, міндетті тапсырма ретінде ғана қарауға әбден еті үйреніп кеткен. Үйренген дүниемізге творчестволық көзқараспен, күн сайын жаңа ынта ықыласпен қарай бермейміз. Азаматтық белсенділік, творчестволық ізденіс жетпейді. Төлегеннің әрбір бас қосқан мәжіліс сайын, өндірістік жеделдемелер мен жиналыстар сайын жігіттерді түртпектеп, жаңалыққа қарай жетелеп отыратыны да сондықтан.

Шаруашылықта ешкі өсіру туралы ой совхоз директорының ойына бекерден-бекер келген жоқ еді.

Ойлап қараса, кәзір облыс бойынша ешкі өсірумен жиырмаға жуық шаруашылық айналысады екен, ал сол шаруашылықтардың қайсы біреулері түліктің осы түрін өсіруден тиімді пайда тауып отыр. Басқа малға қарағанда

ешкіге жұмсалатын шығын әрі аз, әрі арзанға түседі, ал сүйегі жеңіл болғанымен, өсімтал малдың өнімі өсіп берсе, бой бермейтіні байқалады.

Тек қана оның түбітінен түсетін пайданы есептеп көрейік.

Егер әр қойдан 3,5 килограмнан сапалы жүн алғанда шаруашылық 26 сом 25 тиын ғана пайда тапса, ал ешкі түбітінің әр килограмның құны 43 сомға дейін жетеді. Жас лақтар мен тушалар жылына бір килограмға жуық түбіт берсе, ал семіз серкелер 4 – 4,5 килограмға дейін түбіт бере алады. Ал мұның үстіне әр ешкіге жұмсалатын жемшөптің шығыны әлдеқайда аз, оған қоса ешкі жарықтықтың еті аз болғанымен, әрі жұмсақ, әрі жеңіл, ал өсімге келгенде – егіз тумайтын ешкі сирек кездеседі десе де болады.

Директордың осы ішкі есебін орталық газеттердің біріне шыққан ешкі туралы, оның өсімталдығы мен пайдасы туралы майын тамызып жазған маманның мақаласы жандандырды да жіберді.

Сонымен не керек, Бесқарағай ауданының «Кривинский» совхозынан директордың өзі бас болып барып, тұқымға деп 600 ешкі әкелінді. «Пограничный» совхозы сөйтіп, бір күнде ешкілі ауыл болды да қалды.

Айтқандай, әуелі бір отар ешкіні бағатын адам табылмай қиналды.

- Өзі бір өрісті жерсінбей желге қарап өретін мал екен, - деді біреулер.

Тілеуі болғыр, Қазбек Оспанов дейтін тәуекелшіл жігіт бар еді. Дағдарып тұрған директорға дем беріп жібергені.

- Атам қазақ ешкі бақпағандай сөйлейтіндерің қалай, мен бағам, малдан малдың не айырмашылығы бар, - деп білек сыбанды. Директордың аты директор емес пе?! Қолында бар мүмкіндікті Қазбектен аямай, қамқорлыққа алып жіберді.

Ешкіші Қазбектің шаруашылығы бір жылда дүрілдеп шыға келді. Бір отар ешкі бір жылдың ішінде бірер отар қойдың беретін пайдасын оралтып тастағаны. Енді Оспановтар әулеті тұтастай ешкі бағуға шықты. Ешкі бағуға сұранатын қойшылар мен бақташылар көбейді.

Қазір бұл шаруашылықтың ешкі өсіруден көріп отырған пайдасы шаш-етектен. Совхоз өткен бесжылдықта қатарынан төрт рет республикалық

социалистік жарыстың жеңімпазы атанса – сол абыройда ешкі өсіруден түскен табыстың үлкен үлесі бар. Тек өткен бесжылдықтың соңғы жылында ғана совхоз 457 мың сом таза пайда тапса, сол табыстың жартысына жуығы ешкі түбітінен түскен пайда.

Қазір шаруашылықта сегіз мыңдай ешкі өсірілуде. Ешкі өсірудегі экономикалық көрсеткіштер үшін шаруашылық Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінде екінші орын иемденіп, ақшалай-заттай сыйлықтар алды.

Міне, шаруашылық басшысы Төлеген Жирентаевтың бір ғана батыл бастамасының, азаматтық белсенділігінің экономикаға тигізген әсер-ықпалы осындай, ал оның ұжымдағы әлеуметтік ахуалға тигізген пайдасы одан да үлкен.

Қазақстан Коммунистік партиясының XVI съезінде «СССР-дің экономикалық және әлеуметтік дамуының 1986 – 1990 жылдарға және 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған Негізгі бағыттарының жобасы туралы» баяндаманы талқылау кезінде «Пограничный» совхозының директоры Төлеген Жирентаев та биік мінбеге көтерілді.

- ... Малды 700 – 800 километр жердегі ет комбинатына айдап апаруға тура келіп жүр. Соның кесірінен 10 -15 процент мөлшерінде тірідей салмақ жоғалтылуда. Осыған орай ауданда арнайы қой сою алаңын салу қажеттігі өзінен өзі туындап отыр... Құрылыс салу, жұмыс істеп тұрған объектілерді жөндеу мен қайта салу мәселелері бойынша қаншама нормативтер жасалып, нұсқаулар берілді десеңізші. Бейнелеп айтсақ, сондай қағаздың көптігінен басшылардың қол-аяғы байланып қалады, - деп ол осы бір-екі мәселе арқылы ғана республиканың шалғай аудандарындағы көптеген шаруашылықтарға ортақ көкейтесті сауалдарды қозғап кетті.

Міне, коммунист белсенділігі деген осы. Өзінің шағын кабинетінде де, республика коммунистерінің үлкен форумының мінберінен де – өзін толғантқан ойларын, қоғамдық пікірлерін емен-жарқын айта біледі. Өйткені,

оның ой-пікірлері қоғам мүддесімен байланысып жатады, ұжымға ортақ ойлармен өзектеседі.

Төлеген Жирентаевпен менің соңғы үш-төрт жылдың ішінде үш рет кездесуіме тура келді. Сондағы байқаған басты қасиетім – оның әрекет-қимылға, әңгіме-сөзге ғана ширақтығы емес, сезімге, сезінуге сергектігі, адамның қас-қабағына, айтқан сөзіне бар ынтасымен көңіл аударып, қалтқысыз қабылдауында шынайы ілтипат, байсалды көзқарас бірден көрінеді екен. Және бір байқағаным, ол батыл байламға, жедел шешімге, белсенді ой-пікір таласына әрқашан әзір басшы.

Алғашқы кездескенде көктем еді. Жер лайсаң. Мал жаппай төлдеп жатқан кез болатын. Тарбағатай тауларының бөктерінде сол жылғы көктем қыстан бетер қатты екен.

- Өзімнен де бар... Уыздай ұйып тұрған шаруашылыққа өткен жылы өсіре қояйық деп, алты жүздей ешкі алып келіп ем, өзі бір ерте төлдейтін, төлдегенде егіздетіп төге-төге салатын түлік екен. Оның үстіне жаңа туған лағы әлде әлсіз бола ма, әлде біз үйренбегендіктен бе, жылбысқы, қолға ұстауға келмейді. Әйтеуір, жас төлді аман сақтап қалу үшін жанымыз мұрнымыздың ұшында тұр, - деп директор абыржулы кейіп білдірген.

Екінші рет бірер жыл аралатып, жаздың жалпақ ортасында кездестік.

- Қазір біздің ауылымыздың қызығы – ешкілер ауылында, - деді бұл жолы совхоз директоры емен-жарқын. - Олар сонау Тарбағатайдың биік-биік қойнау-қолаттарын жайлайды. Ешкі деген тастан тасқа секіріп жүріп, шөптің де дәмдісін теріп жейтін, судың да тұнығын ішетін жануар екен ғой. Ешкі баққан адам да сергек, ешкілі ауыл да сергек. Біз де сергек... – деп бұл жолы жымыып қойған. – Айтпақшы, ана жылы ешкі төлдеп жатқан кезде келгенде лағы жылбысқы сияқты қолға ұстауға келмейді деп ренжіп едім ғой, оным бекер екен. Сол төлдерден шыққан біздің совхоздың екі бірдей ешкісі қазір СССР Халық Шаруашылығы Жетістіктері көрмесінде тұр, түрлері міне, - деп ол маған ірілігі тайыншадай екі ешкінің суретін ұсына берді.

Үшінші рет Алматыда, Қазақстан Коммунистік партиясының XVI съезі күндерінде біз съезд делегаты Төлеген Жирентаевты биік мінбеден батыл пікірлер, белсенді ойлар айтқаны үшін құттықтағанбыз.

- Елден озып бара жатқан ой-пікірім жоқ... Бірақ өмірдің өзі айтуға итермелеген сөзді, жасауға жетелеген іс-әрекетті жасырып қалсаң – жасандылық деген сол ғой деп ойлаймын, - дейді ол сәл ғана жымыып.

Біз оны үнсіз құптадық.

Семей облысы

ӘДЕБИ СЫН

ҮШ АҚЫН. ҮШ ҚОЛТАҢБА. БІР ТҮЙІН.

Асылы, мінезсіз адам болмайтыны секілді өлеңінде өзіндік болмыс-бітімі, өз «мінезі» жоқ ақынды ақын қатарына қосуға болар ма?! Ақынның сол болмыс-бітімі, табиғатымен біте қайнасып, бірге туатын қасиетінің ерекшеліктері жырларында көрінуге тиіс. Ақын мінезі, өлең мінезі дейтініміз осы. Табиғи мінезсіз өзіндік қолтаңба да қалыптаспайды.

Жасыратыны жоқ, өлең өнерінде көп жылдар бойы өлермендік жасап тер төккен қайсыбір қаламгер-ақындарымыз туралы «осы кісінің несі бар еді?» деп ойлағанда бірде-бір өлеңін еске түсіре алмай қиналатынымыз да жоқ емес. Себеп? Себеп – біреу-ақ. Ақын творчествосында оны жұрттан бөліп, бөлектеп тұратын ерекше табиғи мінездің, өзіндік қолтаңбаның жоқтығы.

Ақын Төлеген Айбергеновтің тіпті өлең техникасының ұңғыл-шұңғылын тұтастай игеріп үлгірмей жатып-ақ, ақынның әлеуметтік ғұмырының алғашқы баспалдақтарында тұрып-ақ қазақ поэзиясындағы құбылысқа айналу себебі – оның салғаннан табиғи, тек, ақындық болмыс-бітім, мінез танытуы дер едік.

Табиғи тек, ақындық болмыс-бітім, мінез.. сияқты қасиеттерден құралақан емес бір шоғыр – бір топ ақындар қазақ поэзиясының өрісіне соңғы он-он бес жыл көлемінде уық қадап, отау тіккен менің замандастарым, соғыстан соңғы буынның өкілдері. Бұлар сексенінші жылдары, әсіресе, Қазақстан Жазушылар одағының екі съезі аралығында өндірте жазып, өнімді еңбек еткен, өлеңдегі өз «мінездерін» оқушыларына барынша танытып үлгеріп, творчестволық күш-қуат тегеуріндерімен заман сөзін айтар талант тізгінін өз қолдарына емін-еркін ұстаған ақындар.

Қай-қайсымыз да кез-келген ақынның салғаннан өз ерекшеліктерін, өз табиғатын, өлеңдегі өз мінездерін танытуын қалайтынымыз сөзсіз. Өз басым «өлең мінезі» деген сөзді ақынның творчестволық потенциалының көрсеткіш-көрінісі деп білемін.

Бұл күнде қазақ поэзиясының сан қырлы палитрасын Жарасқан Әбдірашевтің өткір де ойлы, өміршең батыл пайымдауларынсыз, Иранбек Оразбаевтың кең тынысты эпикалық сарыны мен өзекті ой, әлеуметтік түйін тұжырымдаудағы шешім, тапқырлықтарынсыз, Серік Тұрғынбековтің публицистикалық қарымы мен өмір детальдарын қатар өру шеберлігінсіз, Тынышбай Рахимовтың бір тақырыпты түбегейлі тереңдетіп өлең сиқырымен өнер сиқырын ұштастырудағы ұтырлы ізденістерінсіз көз алдыңызға келтіру мүмкін емес.

Бірақ, мәселе – бойдағы, болмыстағы қуат-күш пен тегеурінде ғана ма? Сол қуат-күшінді замана кәдесіне қалай жаратып, уақыт ырғағына қалай қиюластырып жүрсің? Сен жұмсаған ақындық қуат-күштен оқушы қандай әлеуметтік әсер алды, кешегінің көріністерін көз алдына келтіріп, келешекті бажайлауына зәредей ықпал тигізе алдың ба, қажып қалғуға айналған қалтарыс-қағажу сезімін қайта бір түртіп жіберуге шамаң келді ме? Қысқасы, әңгіме – ақын жырының тіршілік-күресінен, өмір тезінен өтіп сезім мен сананың қозғаушы күшіне айналған тұста беретін пайдалы коэффициент әсері туралы.

Осы буындағы ақындар жырларының пайдалы коэффициент әсері – демек, әлеуметтік ықпалы әдебиетімізге не берді, не беріп жатыр, қазақ поэзиясындағы басқа буын өкілдерімен салыстырғандағы олардың ерекшеліктері мен айырмашылықтары қандай, әкелген жаңалықтары не нәрсе? Бұлар «өлеңде өз мінездерін танытқан» ақындар десек, сол мінездерін қалай атап, қалай түстер едік?

Осы сауалдар төңірегінде әңгіме қозғау үшін мен осы буынның үш ақынының творчествосына тоқталамын. Бұлардың кейбіреулерінің жеке жинақтары мен бірен-саран өлеңдері туралы әңгіме бүкіл бір буын творчествосының адамдық тағдыры мен ақындық тағдырының түйінді мәселелерін таразы басына қатар қоя алған жоқ. Бұл екеуін бірге өлшемей, олардың өлең-өмірбаяндарының табиғатын тану да, әлеуметтік әсер-күшін, қоғамдық қызметін бағалау да мүмкін емес.

Ақын Темірхан Медетбеков творчествосы соңғы он, он бес жылдың бағдарында қазақ поэзиясы туралы әрқилы әңгімелерде ауызға алынбай, тілге тиек болмай қалған емес. Демек, ақын өлеңдерінде көзге түсетін, көңілді елең еткізетін қасиет бар деген сөз. Бұл әңгімелерден біз Темірханның басқа тұрғыластарына қарағанда ғылыми-техникалық прогресс заманының тақырыбына жиірек қалам тербеп, әлеуметтік мәселелер көтеріп, азаматтық ой түюге көбірек талпынатынын аңғарғанбыз. Осынай ізденіс үстінде оның жалаң ұранға, жадағайлыққа ұрынып қалатынын, тақырыптағы мәселені әлеуметтендіріп, әлемдік масштабқа алып шығар философиялық түйіндерінің жер бауырлап қалатын тұстары бар екенін де сезгенбіз. Темірхан қазақ өлеңінің технологиясына әкелген серпінді де серіпеллі ширақ қасиеттерімен бірге дәстүрлі ұйқас-ырғақ иірімдерімізді қасаңсытып, қарабайырландырып, қайсыбір шумақтарында өлең қасиеттерін қарасөзге айырбастап жіберетінін тура болмаса да емеурінмен танытқан пікірлер болған.

Мұның барлығы творчестволық процестегі жетістіктер мен кемшіліктер, көлеңке-күнгеілер. Ал бірақ, соңғы жиырма жылдағы қазақ поэзиясына, оның ішінде жастар поэзиясына зер сала қарасақ – ақын Темірхан Медетбековтің өлеңдерінсіз қазақ поэзиясындағы спектр бояуының бір тіні, бір сәулесі құбылмай қалар еді. Бүгінгі өлең сүйер қауым да, әдебиет жанкүйерлері де, әдебиетшілер де біз творчестволарын тілге тиек еткелі отырған осы буын өкілдерінің әрқайсысының осындай-осындай өзіне тән қасиеттері бар екенін жақсы біледі. Бірақ, сол қасиеттердің атын атап, түсін түстеген, айқын бағасын берген әлі күнге ешкім болған жоқ.

Алпысыншы жылдардың бас кезінен бастап қазақ поэзиясы салт-дәстүрлерімізді, тұрмыс-қарекеттерімізді жиірек жырға қосып, оған ұлттық бояу, ұлттық ұғым арқылы әлеуметтік ой көмкеруге көбірек көңіл бөлді. Соғыстан соңғы туған буынның ақындары да бұл тақырыпты бірсыпыра жырлап бақты; оның ішінде әсіреқызыл әуестіктен, тақырыпты жалаң оған қоғамдық ой-пікір қосып әлеуметтік деңгейде қорытып, қорытындылай

алмаудан кеткен кемшіліктер де жеткілікті. Ал ең бастысы – қазақ поэзиясында бұл тақырыптың ең көп жырланғандығы, сәтті жырланғандығы даусыз. Осы тақырыпқа соңғы жиырма жыл ішінде жазылған қазақ өлеңінен ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрпымыздың әдемі галереясын жасауға болар еді. Бұл заңды да. Өз халқының салт-дәстүр, әдет-ғұрпы мен тұрмыс-тіршілік әрекеттерінің сан құбылған боялары мен сан қырлы детальдарын ұлттық ой-санамыздың өресімен өзектес суреттеп, сонымен астастыра тұжырымдамайынша кез-келген өнер әлемдік мінберге иек арта алмайды. Бұл буын өкілдерінің бірден-бір ерекшелігі де, артықшылығы да – салғаннан осы принципті суреткерлік түйсікпен сезініп, берік ұстанғандығында.

Бір карағанда өз тұтастарының арасында Темірхан Медетбеков осы тақырыпқа қалам тартапаған, қағыс қалған адам сияқты көрінеді. Өйткені оның өлеңдерінің тақырыптарынан ғылыми-техникалық прогресс дәуірінің белгілері, жиырмасыншы ғасырдың қат-қабат құбылыстарының нышандары салғаннан андағайлап шыға келеді. Ол Жер шарының салмағы туралы ой түйеді, түнгі аэропорт басында толғанады, фотоаппарат алдында суретке түскелі отырған баланың бір сәтте құйқылжыған бейкүнә сезімін суреткер көзімен бажайлайды, эфирлерден сөйлеген оқиларға құлақ түреді, үзіліп қалған телеграф бағанының сымымен сырласады. Сөз жоқ, мұның бәрі жоғарыда айтқанымыздай, ақын түйсігіне ғылыми-техникалық прогресс пен ғасыр құбылыстары тигізген әсерден туған өлеңдер. Темірхан тақырыптары бұл күнде әлемнің кез-келген түкпіріндегі ақынға ортақ. Қазақ поэзиясының сыны оның бұл тақырыпқа бейімделе бет бұруын, бұл бетбұрыс оның суреткерлік стихиясына айналуын салғаннан құптаған.

Ендігі мәселе ақынның осы тақырыпты қалай жырлап, қалай игергендігінде! Әлемнің кез-келген ақынына ортақ тақырыптың әлеуметтік қуат-күшін адамзаттық биікке көтере алды ма? Жарайды, көтере алған екен делік. Бірақ біз өлең болмысынан суреткердің ойлау, толғану процестерінің ұлттық ерекшеліктерін көре аламыз ба, өлеңдегі бояулар мен детальдардан халықтық қасиеттерімізді тап басып танимыз ба? Ортақ тақырыпты

жырлаған он сан халық ақындарының өлеңдерін бір тілге аударып, ортақ игілікке айналдырып жіберсе – «оу, мынау қазақ ақынының жырлағаны ғой» деп жалына жабысатын тайға таңба басқандай ұлттық колорит, ұлттық ерекшеліктер қайсы?

Темірхан өлеңдеріндегі тақырып ауқымдылығы, алған тақырыбын діттіген деңгейіне көтере алатын ақындық қуаты туралы бірсыпыра айтылып келе жатыр. Ал оның творчествосына әлгі бір сауалдар төңірегінде айналып соқпағанымыз рас, меніңше, тақырыбының күрделілігіне, ғылыми-техникалық прогреспен тікелей байланыстылығына орай, өзі тұрғылас ақындар арасында бұл сауалдар оған әлдеқашан қойылуға тиіс еді.

Байқай білген адамға Темірхан өлеңдеріндегі ерекшелік, ұлттық бояулар, толғану-тұжырымдау процестері – тілдегі көркем тіркестер мен бейнелеу құралдарын үсті-үстіне үстемелей қолданып, әрекет-детальдарды құлпырта пайдалану арқылы жасалмайды. Оның есесіне Темірханның мәселе қойысымен соның шешімін табуындағы батыл да байсалды ойлары, салдар-себептерді салыстырып, салғастыру шеберлігі оның кейіпкерінің бойына анадайдан танитын айрықша болмыс бітіреді.

*Дауылды желдің өтінде,
Ертең! - деп менің күтерім,
Тер менен бұға малышынып,
Жаңғырып ауыл шетінде
Тұратын ұста дүкенім.*

Бұл ұста дүкені екенін бәріміз біліп отырмыз. Ақын бұл жерде ұстаны жырламайды, ұстахананың көңірсіген иісін, «құт қонып, қыдыр дарыған» қасиетін таныту үшін өлеңге тұрмыс детальдарын да тықпаламайды. Керісінше, ұста дүкенінің келешегі туралы мәселе қояды, мәселе төңірегінде ой түйеді, батыл шешім қабылдайды.

*...Көктемім келсе дүркіреп
Жаңбыр мен нұрға жуынып,
Төбемнен өтер сол дүкен*

Көрігін басып күркіреп

Найзағайларын суырып...

Меніңше өлеңде қойылған мәселенің күллі жүгін көтеріп тұрған жалғыз жол – «төбемнен өтер сол дүкен» деген тіркес.

Кешегі қарапайым ұста дүкені енді ғылыми-техникалық прогресс заманының құрал-жабдығы бола алмасы белгілі. Енді сол дүкеннің көз алдында қалған елестей от-жарқылдарын автор табиғаттың найзағай жарқылдарына теңемегенде неге теңесін! Бұл табиғаттың ғана жарқылдары емес – бүгінгі ұлы заман оқиғаларының сәулелері сияқты сезіледі. Міне, ақын шеберлігі оқушысын уысында ұстап, бір сәтте ұлттық ұғым, ұлттық ой-сананың алақанында үйірді деген осы. Немесе Темірхан ақын заманды көп кезіп, жүре-жүре аяғы ұзарып, қарай-қарай мойыны ұзарып кеткен түйелерге:

Барады әне ол көтеріп

Кең даламның

Өркеш-өркеш құпия төбелерін, - деп ішің елжіреп, жан-дүниен, бауыр етің езіліп іздейтін дала шежіресін түйеге көтертіп, аз-кем мұң арқалатса, Құрманғазы домбырасы туралы «Сол бір алып домбыраны қолына ап, Далам өзі тартып тұр» деп бір сәт оптимистік рухта желпіндіріп тастайды. Екі өлеңнің бойында да ұлттық бояулар әдемі ойнайды, екі өлеңдегі мұң да, қуаныш та – перзенттік сезімді оятып, халықтық қасиеттерді іздетері сөзсіз. Сөз жоқ мұндай өлеңдердің қашанда, қай кезде де, қай тілге аударылса да қазақ ақыны жазған өлең екені бесенеден белгілі.

Ал бірақ Темірхан өлеңдерінде осы қасиет тұтастай таныла бермейді. Әсіресе ақын творчествосының өзіндік бетін айқындап, өз ерекшеліктерін танытқан тақырыптарындағы бірсыпыра өлеңдерде мәселенің қойылуы бар да, сол мәселенің түйінделуі, тұжырымдалуы жоғарыдағыдай оқушысын уысында ұстап, алақанында үйіретін шеберлікпен шендесе бермейтіні соңғы кезде жиірек қылаң беріп қалып жүр. ...Ақ көбігін Атырау аспанға атып жатыр. Кемелер қалтқыдай қалтылдайды. Балықшылар толқындармен

қағысып, толқындармен алысып ақыры ауларын алып шықты. Ау арасынан бөтелке шықты, бөтелке ішінен бір тілім таспадай қағаз шықты. Қағазға:

«Құтқарыңдар, болашақты, адамдар!»

Сәл астында:

«Пионерлер лагері», - деп жазылыпты.

Бұрқ-сарқ қайнап жатты көкжал толқындар,

бұрқ-сарқ қайнап жатты мына дүние.

Өлең осылай аяқталады. Әрине, ақынның айтпақ ойын, танытпақ емеуінің жіктеп жатудың қажеті жоқ. Онсыз да өз-өзінен айқайлап тұр. Басы ашық дүние «Құтқарыңдар, болашақты адамдар!» деген ұран-өтініш, оның астында «Пионерлер лагері» деген қолтаңба тұрғаннан кейін-ақ өлеңнің айтпақ ойы ашылып қалды ғой. Енді ап-ашық айтып тастаған ойды қайтадан қоюлатып, қайтадан «көкжал толқындарға, бұрқ-сарқ еткен дүниеге» оралудың қажеті бар ма еді?! Өйткені тынымсыз тулап жатқан дүние тынысын танытуға ақын өлеңнің бақандай бес шумаған арнаған болатын. Сол әрекет, сол көріністі пысықтау сабағындай тағы да қайталауы – ақынның «әлгі жерімде әлденені пісірмей кеттім бе» деген күдігіндей, «сол бір тұста өлең сиқыры осалдау боп қалған жоқ па?» деген секеміндей көрінеді...

Соңғы кезде Темірхан өлеңдерінде әлеуметтік ой ауқымын кеңірек көмкеріп, көлемдірек қамтимын деп алған тақырыпты, көтерген мәселені директивалық жоспарға, жалаңдау ұранға айналдырып алу кездесіп қалып жүр.

Тұрмау керек күн-түн деп,

ойлау керек бұл күнде

қандай түкпір,

қандай жерде жүрсең де

Отанымды қорғайтын

мемлекеттік шекарада тұрмын деп!

немесе:

*Қалайда енді жан салып
жол берместен жаулыққа
сақтау керек Жер шарын
амандықта, саулықта!*

Өлең ретінде бұл шумақтар Темірхан тегеурініне лайық шымыр шумақтар, Темірхан тәсілінің көрігінде суарылып шыққан серпінді жыр жолдары. Ал бірақ осы шумақтарда – ақынның жалаңдыққа ұрынғанын жасыра аламыз ба, өзін-өзі қайталап қалғанын көрмей тұра аламыз ба, әлгінде мысалға келтірілген өлеңдердегіден ұлттық бояу ерекшеліктері әлдеқайда солғын емес пе?

Жалпы Темірхан Медетбеков алған тақырыбын әлеуметтендіруде, оның өзегіне қоғамдық ой қорытып, азаматтық пікір түюде өзіндік тәсіл жасаған, қолтаңба қалыптастырған ақын. Ал бірақ осы тәсіл, осы қолтаңба жалпыламалыққа ұрынған тұста, жанды әрекет азайып, оқушысын әлсін-әлсін толқытып отыратын сынаптай сезім кедейленіп, кемшін тартқан тұста айтар ойың қаншама асыл болса да қарабайырлыққа, қарадүрсінділікке ұрынбай кетепесің хақ.

*Болмау керек ол үшін
қанды майдан соғысың.
Жату керек ол үшін
құшақтасып табысып
жақын менен алысың...
өту керек ол үшін
жүрегіңмен көтеріп*

Жер шарының салмағын, - деген сияқты бірыңғай жалаң міндет жүктеген шумақтар Темірханды да сондай солғындыққа соқтыра ма деген қауіміз жоқ емес. Ал өлеңнің көркемдік жағына көлеңке түсті дегенше-ақ айтар ойдың да ауқымы тарыла түседі.

Темірхан ақын бұл күнде белгілі бір тақырыпқа бір шоғыр өлеңдер жазудан тақырыбы тұтас жыр кітаптарын жазуға ойысқан әлеуетті ақын.

Оның «Дауыс дәптерінен», «Лирика дәптерінен», «Мораль дәптерінен», атты топтамаларын оқу үстінде әріптесімізге бір тақырыпты тереңдете түбегейлі жазу үшін, әр қырынан қарап, әр қилы тану үшін өлең болмысын өмір детальдарымен, тұрмыс-тіршілік әрекеттерімен байыптамайынша ұлттық ерекшелік, ұлттық ұғыммен ұтырлы ойлар айтылмасын алдын-ала ескерткіміз келеді. Соңғы «Мораль дәптеріндегі» өлеңдері мен «Этнографиялық кітаптың» жұртшылыққа ұсынылған бірсыпыра өлеңдерінен байқағанымыз – Темірхан өлеңдерінің тақырыбы халықтың салт-дәстүр, әдет-ғұрпына, психологиясына қарай күрт ойысқаны байқалады. Өмір детальдарын жете суреттеу, тұрмыс-тіршілік әрекеттерін тап басып тану – бұрынғы біз танитын Темірханды бұл тұста басқа қырларынан танытып, басқаша «түлетуге» тиіс деп ойлаймыз. Өйткені тақырып ерекшелігі ақынның бұрынғы тәсілдеріне тізгін бермес асаулық танытуы әбден мүмкін.

Қазақ поэзиясына алғашқы өлеңімен ақындық стихиясы мен стиль ерекшелігін танытып, характер типтендіруге икемі барын байқата келген ақындардың бірі Жұматай Жақыпбаев еді. Оның алғашқы топтама өлеңдері Ләйла-қызға арналды, ол Ләйланы өңінде де, түсінде де көрді, Сарнақой таудың баурайында да, Сарытоған өзенінің жағасында да жырлады. Біз ақынның лирикалық кейіпкерінің Ләйлаға құлай берілгендігіне сендік, Ләйланың періштедей тазалығына көзіміз де, көңіліміз де жетті. Ләйла-қыз туралы Жұматай-ақын өлеңдік кестесі әдемі зерленген, «қыздың жиған жүгіндей» бірсыпыра өлеңдер жазды. Бұл өлеңдер Жұматайдың ақындық ерекшелігін, жазу мәнерін жұртшылыққа айқын танытқан жырлар болды. Ләйла туралы топтаманы жақсы өлеңдер қатарына қостық та, қосып та жүрміз.

Бірақ жасыратыны жоқ – Ләйла бейнесі, алпысыншы, жетпісінші жылдардағы біздің замандасымыз ретінде, сол жылдардағы сұлулық пен махаббат, кіршіксіз тазалық символы ретінде ұзақ уақыт оқушы есінде қалатын әдеби тұлғаға айнала алмады. Жетпісінші жылдар Ләйласының

ғасыр басындағы Қамар сұлу мен Шұғадан қай жері кем еді?.. Заманы да күрделі, сауаты мен санасы да күрделі еді ғой. Ал бірақ әдеби тұлға ретінде сол деңгейге көтеріле алмаған себебі не? Ақынның «әттеген-айы» біреу-ақ еді. Ләйланың болмыс-бітімі, қылаусыз қылықты мінезі қаншама әдемі жырланғанымен, Жұматай өз «кейіпкерін» өмірдегі оқиғалардың ортасына алып шыға алмады, ауа жұтып, тыныстап отырған әлеуметтік ортасының да басы ашылмай қалды, «Сені, Ләйла, кара көзді киелім, Қайыспайтын кара жерше сүеймен» деп ақын кесектік таныта сөйлеген топтаманы тұтастай оқып шыққанда кейіпкердің мұңы, сағынышы, күдігі мен үміті, кіршіксіз тазалағы әрине сендіреді. Ал бірақ Ләйла қимыл-әрекетпен, болмыс-мінезбен қозғалмайды, Ләйла қылықтары көз алдымызға жанды бейне боп елестемейді. Жұматайдың Ләйласымен оның лирикалық кейіпкерінің арасындағы қарым-қатынысқа қарап отырып Сұлулықты қолдан қашап, тасқа табынған адам көз алдыға келеді.

Меніңше, Жұматай Жақыпбаев Ләйла бейнесіне қайта бір оралуы керек деп ойлаймын. Қырықтың қырқасынан асқан ақын баяғы он сегіз жасар, жиырма бес жасар Ләйласымен емес, өзімен бірге есейген, оң-солына азамат көзімен қараған Ләйламен қайта бір сырласқаны дұрыс болар еді.

Жұматай Жақыпбаевтың соңғы жылдардағы табысы – оның Индия туралы топтама өлеңдері деуіміз керек.

Кез-келген топырақта өткен оқиғаны, туған аңызды, қысқасы қандай да болмасын шикізат-материалды әдеби шығарманың «азығына» айналдыруға болатыны әбден белгілі. Бірақ, осы материал ұлттық бояулар, түйсік-түсініктер арқылы өз игілігімізге айнала ма? Мәселе, осында. Ал әйтпесе ол жалаң экзотика, әсіресе қызықтау боп қала береді.

Индия топтамасында, әсіресе «Өкініш. Мангу ағашы» атты ұзақ өлеңінде (бұл өлең оқиғаны қамтып, қарастыруы, кейіпкерлерді даралауы жағынан поэма жүгін көтеріп тұр) ақын осы мақсатты тым тәуір игергенін айтпасқа болмайды.

Ақынды дiттеген мақсатына жеткізіп тұрған жалғыз тәсілдің басын ашып айту керек. Бұл салыстыру тәсілі. Ақын топшылаулары мен болжамдарын реалистікке жақындастырып тұрған жалғыз көпір де осы – салыстыру тәсілі. Ал егер осы тәсілсіз ақын тек оқиғаны ғана баяндап көрсінші, онда «баяғыда бір қазақ Индияға барған екен» дегендей құрғақ ертек, құр баяндау болып кетер еді.

Ақын өлеңдегі топшылау, тұжырымдау тұстарында өмірдің нақты мысалдарын шендестіріп, қиюластыру үстінде ұлттық ұғымның шекарасызығын адамзатқа ортақ түсінік-түйсіктерден бөлмей, бөлектемей таразылайды.

Аттарын бананмен жемдеп бақтырған көшпенділер Шортанбай жырау мұрнын шүйірген үндінің шайын төрт ғасыр бұрын сораптаған екен, көп шалбар киген көшпенді осы жерде ақсаңнан дамбал киіп аңыз-қиссалар шерткен екен – міне, осы детальдардың бәрін өлеңге өлшей кіргізіп, салыстыра сыналау үстінде Жұматай ұлттық ұғымға ұшқары жасандылыққа ұрынбауға тырысады. Салыстыру тәсілі арқылы өз топырағымызға ерсілеу, өгейлеу детальдардың өзін қазақыландырып, оқушысын иландырып жатады. Әйтпесе, өзін-өзі құмға көмдіріп қайыр сұрайтын йогтың қайғысы мен көз жасына сене қояр ма едік. Ал ақын құмға емес, мұңға көміліп, туған халқына қол созса – біздің санамыздың иланбасқа шарасы жоқ.

Жұматай табысының бірден-бір кілті –міне, осы. Бұл кілт оның қазақ поэзиясына әкелген өз үлесі деуіміз керек.

Осындай мүмкіндігі, қолында творчестволық табыстың тәп-тәуір кілті бола тұра Жұматай өлеңдегі образдылықты, ойнақылықты ойлылыққа ойыстыра алмай келеді, оның ішкі ұйқасымға толы небір әдемі орамдарының «қорғансыздың күніндей» ойсыз да оқиғасыз жалаңаш-жайдақ қалатын тұстары аз емес. Керісінше, кейде сол Жұматайды жоғалтып алып, ырғақ-іріміс, ішкі үйлесімсіз қара сөздерді өлең буынына сиғызып, қалай болса солай қалай салатын Жұматайды да кездестіріп қалатынымыз бар.

*Бұл соғыс музыканы сүйген елдің,
Музыка сүйместермен соғысы еді....*

Уақыт та біздің бақытқа қызмет етуде..

Шкала болса шаттықты біздің көрсетер.

Міне, бұл жолдардың жеке тұрып та, басқа шумақтар мен жолдарға иек артып тұрып та көркемдік қызмет атқара алмасы айдан-анық.

Жұматай жасандылыққа неге ұрынады? Салыстыру дейтін сәтті тәсіліне артық бояу, ойсыз теңеулер қосқанда ұрынады, әрине. Міне, қараңыз.

*Қараша айы. Ақшам. Аспанда ай
Алтынмен көкке жақшаны ашқандай.
Шытырлайды бақ сәл аяңдасаң
Аяқпен бопыр ақша басқандай.*

Алғашқы екі жолдағы тап-таза табиғи суретті соңғы екі жол бұзды да жіберді. Уыздай әдемі әсер ұшты күйлі жоқ болды. Күздің саудыраған сарала жапырақтарын ат-көпір боп жатқан сұраусыз ақшаға теңегенде – кіршіксіз табиғат суреттері ластанғандай сезінесің.

Жұматай өз тақырыбы, жырлау тәсілі бар ақын дедік. Ақындық стихиясы оянғанда ғана ол өз тақырыбының пернелерін тап басатын сияқты, оның өлеңдері сонда ғана сәтті шығатынға ұқсайды. Олай болатын болса, Жұматай сияқты ақынға соңғы жыр жинағындағыдай өмірбаяндық новеллалар мен очерктер жазу – оның өз табиғатына өзі қарсы жүзуімен бірдей. Ал тілдің тазалығына ден қойып, оны сұрыптап, сырлап, әсемдеп пайдалануға бейім ақынның өлең жолдарына орынды-орынсыз орысша сөздерді тықпалай беруі – әдемілік емес әбестік екенін айтқымыз келеді.

Қазақ поэзиясына жетпісінші жылдары келген жыр-дүбірінің арасынан Исраил Сапарбаевтың дауысын салғаннан таныдық деп айта алмаймыз.

Бұл күнде алғашқы адуынмен алғашқы айналымдардан тер төгіп өтіп, бәйгенің орта тұсына тақап қалған сол буын өкілдерінің дауыстары дараланып үлгірген тұста әдепкі екпін ет қызуы үстінде аңғармаған ақындық құбылыстардың бірте-бірте ашылып, бірте-бірте айқындалатыны болады. Өйткені бұл мінез, бұл құбылыстағы ақындар шыға шап, тоқ бәйгенің жүйріктері емес, бірте-бірте бусанып, баппен, байыппен көсілуді қалайды, сіңірлі созымдылықты ұнатады.

Шындығында, Исраил Сапарбаев «Бозқараған» әсіресе, соңғы жарық көрген «Қызыл-жасыл дүние» атты жыр жинағына дейін үлкен хорға қатыса жүрсе де, дауысын шығарып, қосылар жерін күткен әншідей әдеби қауымның, әдеби пікірдің көзіне көп көлеңдеген жоқ.

Исраил дауысы соңғы екі жинақта өз оқушыларын бірден елең еткізді. Елең еткізгенінде дау жоқ. Ақынды іштей мойындағанымызды сөзімізбен емес көзімізбен ғана айтатын әдетімізге салып оның творчествосы туралы да әлі ешкім ештеңе айта қойған жоқ.

Қазақ поэзиясына Исраил Сапарбаев майда қоңыр, биязы, жібектей жұмсақ сонысымен бірге, әрине, сабырлы да салмақты жаңа дауыс алып келді, сол дауысты қалыптастырып үлгірді де!

Мұндай дауыс, мұндай болмыс-бітімдегі ақындар қазақ поэзиясында бұрын-соңды болған жоқ деп айта алмасақ керек. Исраил туған топырағымызда бұрыннан бар қасиеттерді қабылдап, бұрыннан бар дәстүрлерді дамытушы. Бірақ, оның сол мінездес болмыс-бітімдерден, сол әуендес дыбыс-ырғақтардан қандай айырмашылықтары, өзгешеліктері бар? Поэзиямызға оның әкелген жаңалығы да, жақсылығы да, өзіндік ерекшелігі де сол болса керек. Сол туралы айтқанда ғана Исраил творчествосының бағыт-бағдарының айқындалары сөзсіз.

Қазір орыс поэзиясында «тихая поэзия» («тыныш поэзия» деген келмейді, «үнсіз поэзия» болмайды, меніңше ішті поэзия, ішкі тебіреніс поэзиясы) деген термин тауып, бірсыпыра ақындарды соның өкілдері ретінде атап жүр ғой.

Бір қарағанда Израилды да іштей тебіреніп, іштей толқитын ақындардың қатарына жатқызуға әбден болады. Оқыс дауыс көтермейтіні, ойда жоқта ұран тастамайтыны ойламаған жерден жүйесіз байлам, жөнсіз шешім жасамайтыны – оны осы қатарға жатқызуға итермелейді.

Ал бірақ Израилдың жұмсақ биязы дауысын ешқашан босаңсытпайтын, қуаныш-шаттыққа қанша кенеліп тұрса да бейқамсытпайтын, қайғы-налаға ұрынса, уайымдап, үгітілуге жібермейтін – бір алтын діңгек арқауы бар. Ол ақынның майда қоңыр мұңы, сол мұң оның көзге көрінбейтін көңіл пернесіндей – жан серігі. Израил «менінің» де менменсіп масаттанатын, қажалып қажитын, сүрініп сергітін, үміттеніп күдіктенетін кездері көп. Сондайда оның астамшылыққа ұрынбауына да, аяқ асты жығылмауына да әлгі майда қоңыр-мұң – көзсіз көңіл ақылының табиғи тазалығы болып тұратындай сезіледі.

Ақынның бұл қасиеті, әсіресе, оның махаббат тақырыбына жазған өлеңдерінде өзіндік мәнер, өзіндік өрнекке айналады.

*Сол күні сенің балғын бұрымыңнан
ұзаққа ұшып кеткен ақ көбелек...*

.....
*жанарыңда жауһар тастай сан қырлы,
жалбыр шашты жастық шағым жаңғырды.*

.....
*Бұдан кейін..
шын егіліп ес-түссіз
кім біледі енді ешкімді сүймеспін.*

Осы жолдардағы көңіл алдарқатар қимастық мұңы, Израилға тән майда мінез қайсыбір ақындардың айтқан ұранынан, аһ ұрған уһісінен әлсіз әсер етпейді. Құйқа тамырды шымырлатып, өзінді ой тереңіне батырып кеткендей әсерде қаласың.

Міне, Израил ерекшелігі, Израил поэзиясының жаңалығы дегенде біз оның ең алдымен осы қасиетін айтуымыз керек.

Әсіресе, Израилдың осы ерекшелігі адам тағдырының ең бір есте қалар сәттерін суреттеу үстінде шарықтау шегіне жеткізеді, жүрегінді шымырлатқан майда мұңның шынайлығын осы сәтте сезінесің.

Ерте көктем. Қаралы қабір басы.

Ерте кеткен жігіттің қарындасы егіледі..

.....

жас жігіттің ып-ыстық денесіндей

жарлауытта жас қабір бусанады.

.....

...Төбе тұста тырналар тыраулайды

таусылмайтын тірліктен хабар беріп...

Біз бір өлеңнен оның өн бойындағы оқиға желісін, көңіл көрінісі – құлақ күйін, элегиялық сарынын танытатын жекелеген жолдарды ғана теріп алып отырмыз. Осы жолдардағы әрбір детальдың астарында мұң бар, бұл бір бей-жай қалдырмайтын шын мәнінде суреткер-сезімнің мұңы. Израил-ақын да өз мұңын, қуаныш-қайғысын өз бойына дарыған халықтық қасиеттерден бөлектемейді. Өлім.. оны аза тұтып жерлеу сияқты адамзатқа ортақ оқиғаға «Қаратаудың басына қақпан құрып, қанжығасы қызылға батқан бұлттың» қабырғасы сөгілген сәтте ақын мұңының ұлттық ерекшелігі адамзаттық деңгейге көтеріліп жүре береді.

Мен Израилдың «Көз моншақ», «Үш тал гүл», «Сегіз өрім» топтамаларындағы өлең өлшемінің технологиялық жүйелілігін, ой өрбітіп тақырып игерудегі ізденістерін құптаймын. Бұл ізденістердегі ақын жаңалықтары дәстүр арналарында дамитынын айтуымыз керек. Бірақ, айтар ойды үнемі көлеммен шектеп, шумақпен шегелеп отыруға болмайтыны байқалады. Ақынның екі шумақтық, үш шумақтық топтамаларында өрбіп кеткелі тұрған ойлардың өлшем уысында қалып қоюы, сегіз өрім жырларда ұсақ ойлар ақынды уақтатып жіберуі де әбден мүмкін. Жүйелілік, өз күшінді шашылмай, төгілмей сапалы жұмсау жақсы. Бірақ өлең стихиясының өне бойы өлшемге, мөлшерге сия бермейтіні белгілі.

Исраил іштей тебіреністің, ішкі иірімнің ақыны дедік. Ойландыра білетін, ойға, қимылға өмір құбылыстарына астар бере білетін ақын дедік. Ал сондай үміт артқан ақынымыздың «Эстрада екпіні» сияқты өлеңде:

Ұқсайды гитарасы автоматқа,

Ұқсайды микрофоны гранатқа,- деп бүгінгі эстрадалық музыкаға ашықтан ашық, «жайдақ» шабуылға шығуы – ақылды әрекет емес. Бұл мәселе төңірегінде қай елде де қаптаған проблема бар екені даусыз. Ақын оны айтуға тиіс. Ал бірақ кез келген кемшіліктің көлеңке жақтарының кері әсерін суреткерлік шеберлікпен реализм тәсілдерімен айтпайынша – ақынның мұндай қимылы алаңғасарлыққа ұрынып, маңдайын тасқа соғып алуы да мүмкін...

Ақындық болмысында арнасынан асып адуындауды сүймейтін, артық сөз, артық бояуға да көп үйірсектігі жоқ Исраилдың қайсыбір қызықтаған суреттерін, тамашалаған көріністерін бір ойға желілей алмай, жасандылыққа ұрынатын кездері де жоқ емес.

Мезгіл күз.

Сары масақ сабақтарынан

Сабырсыз самал сап тынып, - деп суреттейді ақын, ал осы кезде «аққудың қанаттарынан ақ түбіт төгілуші ме еді?»..

Ә, бәсе, ақынның аққу деп отырғаны аспан екен ғой, аспаннан жауатын ақ қарды айтып отыр екен ғой.

Аққуға ақпан арандап,

Қалқытып жатыр мамығын.

Енді біз аққуымыз-аспан деп ойласақ, ақпанды –уақыт деп білуіміз керек. Сонда ақынның ойынша аспанға, кеңістікке уақыт арандағаны ғой. Бірақ табиғат құдіретінің бәрін уысында ұстайтын уақыт, мезгіл емес пе? Қалай дегенмен де осы өлеңде көңілге қонбайтын абстракциялық ұғым, суреттер бар. «Көбесі көктің сөгіле, алыстан талып айтар ән» деген тәрізді құйрық-жалынан ұстай алмайтын көз алдыға көрінер суреті – бұлдыр санаға

сіңетін ой дәлдігі белгісіз беймәлім жолдар Исраилдың ақындығын былай қойғанда қаламгерлік шеберлігіне де жараспайды.

Қалықтайды, жапырақ қалықтайды,

Қайда барып құларын дәл ұқпайды, - деген сияқты көз алдына айқын көрінетін табиғаттың өз көрінісіндей, жұмбақ жықпылсыз суреттер салып, сол арқылы ойландырғанға не жетсін!

Жалпы біз творчествосын әңгімемізге арқау еткен үш ақынның үшеуі де – қазақ поэзиясының бүгінгі белгілі де белді кадрлары екені сөзсіз. Ең бастысы – олардың творчестволарының әрқайсысының өзіндік беті, өзіндік қолтаңба ерекшеліктері бар. Солай дей тұрсақ та, өнердегі өз қолтаңбалары айқындалған, творчестволық қуат-күштері толыққан осы үш ақынға ортақ (бұл бәрімізге де ортақ болуы мүмкін) кемшіліктің көлеңкесі көрінбей қалмайды. Темірхан өлеңдері ғылыми-техникалық прогреске, ғасыр құбылыстарына қаншама жанасқанымен, жырлаған қыруар оқиғасының монумент ескерткішіндей «мен мұндалайтын» тұлғалы бейне жасай алды ма, Жұматайдың Ләйласы Қамар Сұлу мен Шұға сияқты ұзақ өмір сүріп, ұрпақтан-ұрпаққа замандас боп жетеріне сене алмаймыз, ал Исраилдың майда қоңыр мұңы – жансерік болып ой бөлісуге, ниет көңіл бөлісуге әсерін тигізгенімен, адам мінезіне, типтік бейнеге айнала алмасы тағы белгілі.

Бір сөзбен бұл буынның ақындары өз кезеңінің небір керемет құбылыстарын жырлады, жақсы жырлады, жан-жақты әлеуметтік деңгейде жырлай алды, асыра айтқандық емес әлемдік поэзияның көркемдік деңгейінде жырлай алды. Олардың жырлаған алуан тақырып, алуан құбылыстары, соншалықты бай материалдары соғыстан соңғы дәуірдің керемет бір типтік тұлғасының құрастырушы-конструкторын күтіп тұрған дап-дайын дүниенің детальдарына ұқсайды.

Материал да, деталь да жеткілікті. Бұл буында талантты ақын-суреткерлер де баршылық. Ал бірақ көп уақыт бойы жасалған дайын детальдарды құрастыру бейнеті – типтендіру бақыты кімнің маңдайына бұйырады?

Басты сауал – басты түйін осы.

ӨМІР МҰХИТ ҮСТІНДЕ

(Ақын Тұманбай Молдағалиевтің «Тынық мұхит дәптері»

атты жыр жинағы туралы)

Қазіргі таңда қазақ поэзиясындағы бірден-бір өнімді автор, сонымен бірге өз тұрғыластары арасында жыр жинақтарын ең көп шығарған ақындарымыздың бірі Тұманбай Молдағалиевтің елудің белесіне шығар тұста әдеттегідей өз оқушыларына іріктеп-сұрыптап таңдамаласын ұсынудың орнына көлемі жағынан кейбір таңдамалыдан кем түспейтін жаңа жыр кітабын жазу ақы адал-маңдай тер ғана емес, ақынның қаламгерлік, азаматтық ерлігі екенін айта кетудің артықтығы жоқ.

Жалпы, өнердің ең қасиетті заңы көкейінде айтар ойың болса ғана соны айтқызар сиқыр күші еркінді бағындырса ғана сөйлеу ғой. Бойында осындай құдірет барын сезінуі – суреткердің табиғи болмысының байлығы, ал сол болмыс байлығын сана таразысына салып, қалам еңбегімен қарымды игеру екінің бірінің еншісіне жазыла бермейді. Болмыс байлығын, табиғи күш-қуатын таза еңбекпен игеруге келгенде дәрменсіздік танытып, тарыдай шашырайтын таланттар аз ба?!

Ақын Тұманбай Молдағалиев бұл жағынан алғанда талант алақанына бөленген бақытты қаламгер. Бір қарағанда жырлайтын тақырыбы, алған объектісі санаулы да өлшеулі сияқты ғана көрінетін Тұманбай ақынның сол «санаулы мен өлшеулінің» қыртысынан табатын кенінің таусылмай келе жатуының, барған сайын қорлана, қордалана түсуінің де себеп-сыры осында болса керек. Ал мұны ақынның өткен жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Тынық мұхит дәптері» атты көлемді жыр кітабы айқын дәлелдейді.

Осынау жаңа жыр кітабында ақынның қолына қалам ұстағаннан бері талмай да танбай жырлап келе жатқан махаббат, достық, азаматтық парыз бен адамгершілік, туысқандық мейірім, туған ел алдындағы перзенттік жауапкершілік, туған бала алдындағы әкелік сезім тазылығы, арнау өлеңдер

мен творчестволық портреттер тәрізді таныс тақырыптар тағы да алдыңнан шығады. Жыр кітабының тең жартысына жуығын – «Тынық мұхит дәптері», «Сарыағаш-Жетісай саздары», «Абай аға ауылында», «Карпат шыршалары» сияқты жол топтамалары еншілеген.

Мұның бәрі Тұманбай ақын талай рет жырлаған, әлі талай жырлай беретін тақырыптар. Өйткені, ақын әлі талай күйініп-сүйінуге тиіс, оның көз алдынан әлі талай өмір құбылыстары өтеді, «Жүрегім –менің сапарда» деп бір кезде ақынның өзі айтқандай әлі талай таусылмаған сапарлар шиырлайды. Сол көз көріп, көңілге түйгеннің бәрі өлең жолдары арқылы әлеуметтік ойға, қоғамдық пікірге қалай ұштасады, ақынның парасат-пайымы осы тақырыптарды әр қырынан жырлаған сайын қалай толысып, қалай тұлғаланады, қандай биіктерге көтеріледі, қысқасы, әрбір жаңа өлең жан-дүниенді қандай сиқырымен баурайды. Мәселе тақырыпта, алған объектіде ғана емес, ең негізгі мәселе – міне, осында.

Ақын Тұманбай Молдағалиевтің «Тынық мұхит дәптеріндегі» өлеңдер барлық бояларымен, сезім иірімдеріндегі шынайылығымен, ұғынықты да ұтырлы өміршеңдігімен, табиғи философиясымен осы сауалдарға жан-жақты жауап бере алады.

Ал бұл тұжырымды дәлелдеу үшін ақынның жаңа жыр кітабындағы өлеңдерге үңілеміз. Бұрын да талай жырлап жүрген тақырыптарын ақын қалай байытты екен, қандай жаңа ойлармен көмкеріп, қандай сырлы сезімдермен кестеледі екен. Тақырыпты қайталау бұрынғы сезімнің көлеңкесін көшіру емес, керісінше, бұрынғы ойды байыту, бұрынғы сезімнің сәулелерін одан әрі құлпырту, одан әрі жандандыру ғой.

Ақынның «Тынық мұхит дәптерін» оқу үстінде оның ең үлкен суреткерлік қасиетінің бірі – бір тақырыпқа әлсін-әлсін айналып соға отырып, әрқилы көзбен, әрқилы көңілмен, сан түрлі зердемен сол тақырыпты тоздырмай, тосаңсытпай жырлай алатынында екенін аңғартады. Көбіміз «махаббат, жастық жыршысы» деп бір сөзбен баға беруге әзірлеу тұратын Тұманбай-ақынның бір тақырыптың көлемінде тұрып-ақ өмірдің мыңдаған

құбылысының бояуларын қалт жібермейтін қасиетінің төркінін қайдан іздейміз?.. Меніңше, бұл сөз басында айтқанымыздай, ақынның табиғи талантына, табиғаттан дарыған болмыс байлығының құнарына, әлеуметтік, азаматтық ой қоса алуына байланысты. Олай болатын болса, қазақ поэзиясында үнемі өз тақырыбын, өз объектілерін жырлау арқылы ауқымды ой айтуға болатынын дәлелдеген, дәлелдеп келе жатқан ақындарымыздың бірі Тұманбай Молдағалиев екені даусыз.

Мен енді жоғалмаймын жер бетінен,

Су болып, ауа болып тербетілем,

Жаңбыр боп терезеңді айғыздаймын,

Көктемнің шөбі болып мен жетілем, - дегенде ақын өзі табиғатқа бекерден-бекер теңеп, телімесе керек. Табиғатқа тартқан суреткер ғана тауысылып, түгесілмесі хақ! Тұманбай ақынды өлең өлкесінде өрден-өрге сүйреп келе жатқан да, оны қайсыбіреулерге «санаулы да өлшеулі» болып көрінетін тақырыптарының шұрайлы өрісін тоздырмай келе жатқан да осы қасиет. Ақынның елудің белесінде еліне ұсынған жаңа жыр кітабы – осының дәлелі.

Тұманбай ақынның өмірбақи жырлап өтуге ант бергендей әр кітап сайын оралып отыратын өз тақырыптары бар. Егер әрбір жаңа жыр кітаптарында осы тақырыптар жырланбай қалса, оның оқушылары әлдене жетпегендей, әлденені жоғалтып алғандай болар еді.

Ақын өз оқушыларының алдындағы осы бір үлкен жауапкершілігін азаматтық жүреппен сезінген. Сондықтан да әр кітап, әр жинақ сайын ол бұл қасиетті тақырыптарына қайта-қайта оралып отырады. Әр кезең, әр тұста, ақынның көңіл-күйінің өмір құбылыстарымен өзгеріске түскен қақтығыс сәттерінде бұл тақырыптардың төңірегінде қозғалған ойлар да, бұл тақырыптардың жырлануы да сол құбылыстардай, сол көңіл-күй пернелеріндей өте қызықты, өте күрделі боп келеді. Тұманбай ақынды қайсыбіреулер «бір тақырыпты шиырлап, бір тақырыптың маңайында тоқырап қалды» десіп жатады. Ал бұлар әр ақынның өз табиғаты, өз

болмысы, өзіндік өсіп-өну, өркендеу эволюциясы болатынын байқамайды (байқамайды емес, байқағысы келмейді.) Ал Тұманбай ақын өзінің қасиетті тақырыптарына адалдықтың арқасында, оларды күрделендіре, өмірмен қоғамдық құбылыстармен әр тұста әлеуметтендіре жырлаудың арқасында қазақ поэзиясында өзіне ғана тән монументтік, типтік бейнелер жасағанын әлгілер аңғара да бермейді.

Ақын - Тұманбайдың әке туралы жазбаған кезі жоқ шығар. Тұманбай өлеңдерінде әке туралы элегия да, романс, баллада да, монолог та, әкемен сырласу диалогы да, әке туралы жүрегінді шым еткізер лирикалық миниатюра да, көлемді кесек поэма да кездеседі. Ал осының бәрі – біріншіден, қазақ поэзиясын түр жағынан, жанрлық жағынан байытса, әр жанрда әр қырынан көрінген әке бейнесін Тұманбайдай типтендірген ақын кемде-кем.

Ақынның әкесі енді оның жаңа жыр кітабында өзімен бірге «Тынық мұхит кешіп» жүріп сырласады.

Әкелер бізге үй салып беріп кетпеген

Майданда көбі оққа ұшты, - деп сонау отыз жастың о жақ, бұ жағында әкеге сәл-пәл кінә арта сөйлеген ақын, енді бүгін оны жат жұртта, тентек толқын үстінде жүзіп бара жатып, жүрегі езіліп, балалық шақтың қимас-қиыспас мұңымен қоса іздейді.

Әлі күнге жүремін жолға қарап,

Өзің кенет бір жақтан кеп қалардай.

Үй де салып алған, үбірлі-шүбірлі ұрпақ та өсіріп үлгірген, атақ-абыройдан да құралақан емес бір халықтың перзент-өкілі ретінде ел аралап, жер көріп келе жатқан, бүгінде бір адамға әкелікке жарайтын азамат-ақын мына ұшы-қиырсыз көкпеңбек мұхиттың үстінде тұрып, сол бір соғыста өлген әкесін іздесе, қамкөңіл балалық шағын есіне түсірсе, сіздің көңіліңізге де шым-шымдап мұң ұялайды. Мұндай қасірет алыста қалған қасиетті мұң – адамгершілік, тәубаның мен мұндалаған түтіні сияқты сезіледі.

Ақынның өзі аңғармауы әбден мүмкін, ал бірақ егер зерек көз зерттеуші болса, Тұманбай-ақын творчествосынан осындай типтенген бірсыпыра бейнелерді оқырман алдына «қолтықтап» алып шығуға әбден болар еді. Олар Тұманбайда аттары аталғаны бар, аталмағаны бар – қазақтың неше түрлі қыз-келіншектері мен аяулы аналарымыз боп, Едіге мен Барқытбай сынды адал дос, аға-іні боп алдымыздан шығар еді. Тек осындай табиғаты жомарт ақындарымыз жасаған қолда бар байлықты іріктеп, сұрыптап, талғап-таразылап таныта білер әдеби ғылым саласы мен жанашыр поэзия сынды бізде ақындық өреден әлдеқайда артта жатыр...

Әйтпесе, Тұманбай Молдағалиевтің осы жаңа жыр кітабында да осындай бейнелердің талай-талай мінез-әрекеттері өлең тілімен әдемі-ақ өрнектеледі.

Бір ғана адал жарын, аяулы қосағының мінез-әрекеттерін жырға қоспаса, әйел бейнесінің алуан қырын Тұманбайша тап басып аша алмас еді.

Қазақтың қыздары аман тұрған кезде,

Тұманбай ұмытыла қояр ма екен? –

немесе;

Алтыңға да құл қылма, араққа да,

Әйелдерге құдайым құл қыла көр, - деп, әзілін араластыра отырып шындығын айтатын ақынның (ақынның емес-ау, лирикалық кейіпкердің) жар алдындағы адалдығы – ар алдындағы адалдық екеніне айқын көзін жетеді. Ақынның үнемі биік ұстанатын осы бір адал ниетінің темірқазығы сияқты мына бір екі жолға назар аударыңызшы!

Сағындым деп сен шақырсаң айғайлап

О дүниеден оралармын мен бейбақ.

Аяулы жарға деген адал махаббаты тілмен жеткізудің әдеби тәсілі, ұғынықты та ұтырлы көркем тәсілі дәл осындай-ақ болар!

Тұманбай Күлтайы да – ақынның адал жары ретінде, азаматтық ақ ниет қосағы ретінде, ақ тілеу Ана ретінде әлдеқашан типтенген бейнеге айналғаны белгілі. Тұманбай өлеңдерімен таныс оқушылар қазақтың Күлтай

атты қызының, Күлтай атты жардың, Күлтай атты Ананың болмыс-бітімін көз алдарына елестете алары рас па? Сөз жоқ, рас. Олай болатын болса – бұл типтенген бейне. Ал әдебиетке керегі кейіпкердің есімі емес, оның мінезі, болмыс-бітімі, тұтас тұлғасы ғой.

Ал ақынның әр кітап сайын сырласып, сұхбатасып отыратын ұлы – Дәурені ше?

Бұл да Тұманбай жыры арқылы біздің санамызға сіңіп қалған есім ғана емес, есті әрекет, ақылмен есейіп азамат қатарына қосылып келе жатқан біріміздің баламыз, біріміздің ініміз, ал негізінде ойлайтын ойы, мақсат-мүддесі бір замандасымыз.

Ақын бұл кейіпкерлерді өмір сахнасына әлсін-әлсін алып шығып, әлсін-әлсін сырласып сұхбаттасуы арқылы оқушыларына жақындастыра, туыстастыра біледі.

Лирикалық бағыттағы қайсыбір ақындардың бірде-бір кейіпкерін кейде көз алдымызға келтіре алмайтынымыз бар. Ал Тұманбай Молдағалиевтің тағы бір бақыты – өз жары, өз анасы, өз баласы, өз достары арқылы өмірлік кейіпкерлерінің бейнесін жасап келе жатқандығында, жасай беретіндігінде. Бұл кейіпкерлермен ақын бізді жаңа жырлары арқылы әлі талай кездестіре беруге, сырластыра беруге тиіс.

Ақынның жаңа жыр кітабында байқалған жаңалықтың бірі деп оның бөлшегін өлең материалы етіп пайдаланып, оқиғалы өлеңдер жазуға жиірек көңіл бөле бастағаны дер едім. Негізінен лирика жазып жаттыққан ақынның бұл тәсілге ойысуы сөз жоқ, өмір тағылымдарының толығынан, соны таразылап, ой елегінен өткізіп, қаз-қалпында жеткізуге итермелейтін ақыл иесі болған ақындық табиғаттан ғой деп ойлайсың.

Жыр кітабындағы «Бұл екеуі», «Арыстан балама», «Қораз туралы жыр» сияқты өлеңдерді осындай жырлардың санатына қосуға болады.

Мысал үшін «Бұл екеуі» атты аз-кем оқиғаға құрылған өлеңде есейіп, егде тартып барып тұрмыс құрған адамдардың әдемі сыйластығын жыр етеді, «ештен де кеш жақсы» дегендей, жер бетіндегі адамдардың бір күн де

болса жалғыз болмауын, бір күн де болса жұптасып, қолтықтасып, қайымдасып өмір сүруін қалаған ниет танытады. Мұндай оқиғаға елудегі ес тоқтатқан ақынның осылай қарауы заңды да. Ал отыздағы Тұманбай «қартайғанша қайда жүргенсіңдер» деп қалуы да кәдік емес еді-ау...

Жыр кітабындағы көптеген өлеңдер де ақын жас шамасына қарай «ақыл тоқтатып» салиқалы, байыпты ой толғайды, уақыт ырқына, заман ырғағына ақын жырлары әуелден-ақ әдемі үндесіп, үйіріле кететіні белгілі. Сол әдетті ақын одан әрі жақсы жалғастырады.

Өз замандастарына өлең арнамайтын, олардың қадір-қасиетін жырға қоспайтын, жарасымды әзілге жанастырмайтын ақын некен-саяқ болса керек. Жаңа жыр кітабындағы оның осы тектес бірсыпыра арнау өлеңдері творчестволық портреттер деңгейіне көтерілгендігін айта кетпесе болмайды. Сондай-ақ, бұл арнау өлеңдердің ішінде альбомдық дәрежеде қалған жырлар да аз емес.

Ақын жол сапарынан туған өлеңдерді жаңа жазып жүрген жоқ. Сапардан туған өлеңдердің сапарнама, көрген-білген көріністердің елесі боп қалмауынан ақын қатты сақтанған. Сондықтан да көз көрген кереметтерінің құдіретіне танданып, таңғалудан гөрі, оның танымдық қасиеттерін тізбелеуден гөрі ақын бұл жолы туған жерден алыста жүріп, туған жер, туған ел туралы көбірек ойланып, көбірек толғанған. Ақынның жаңа жыр кітабының атына ие болып, абыройын көтеріп тұрған «Тынық мұхит дәптері» топтамасындағы өлеңдер ең алдымен оқушыға осы қасиеттерімен ұнаса керек.

Жұмыр жердің үстіндегі ең ұлы мұхиттың үстінде жүзіп келе жатып ақынның өз халқының ең ұлы ақынымен тілдесуі, («Кемедегі ой. Абаймен сырласу») немесе теплоход палубасына жабысып алып, алысқа ұзап ұшпайтын кішкентай ғана құстың қабағына қарауы, ән пәнінен сабақ беретін жерлес қарындасы Зәуреде деген ағалық ниетінің шет жерде жүріп сыйластыққа, қимастыққа айналуы, ауылдағы әпкесі мен Едігесін еске алуы... міне, мұның бәрі ақын әлемінің қай түкпірінің топырағын басып, қай

толқынның жалында ойнап жүрсе де – өз туған жерінің ғана перзенті деген ойға меңзейді. Жер бетінде өмір сүрген адам баласының көкейтесті арман-мүддесінің барлығы бір-біріне, жалпы адамзат әулетінің жұмыр жер атты кемеде жаны бір екенін аңғартады.

Ақынның «Тынық мұхит дәптеріндегі» өлеңдері ең алдымен әлеуметтік ойлардың салмағымен жоталанады. Мұны аңғару үшін осыдан он-он бес жыл бұрын жазылған Италия сапарынан туған топтамамен осы сапардағы жырларын салыстырып көріңізші.

«Италия сапары» - ақынның сәтті топтамасы болатын, сонау өркендеу, өрлеу дәуіріндегі Римнің қызулы да, қынулы рыцарларының бұлшық етіндей ойнаған шымыр да сұлу шумақтар, көне кереметтердің жас дәуренін көзге елестетіп мұңмен егілген, соған көз сұғын көбірек қадап, тамсана, таңдана қараған толғаныстар бұл топтамада жиірек кездесетін. Ал «Тынық мұхит» топтамасында өзінің айналасындағы өмірді көбірек жырлайды, сол өмір құбылыстарын заман оқиғаларымен шендестіріп, сол арқылы ой түйіп отырады. Екеуі де заңды құбылыс, бірі - сапарға жаңа шыққан жас адамның көзқарасы, бірі дүниеге салиқалы, байсалды оймен қарайтын аға ақынның байыпты жанары.

Біз сөз басында елудің белесіне шығарда қалам қарымын танытып, айтар ойының арнасынан әлі қайта қоймағынын аңғартып, қыранкөз-ақын жанар шалымының шабандамағанын шабытымен дәлелдеген ақынның бас-аяғы бірер жылдың ішінде осынша өндірте жазған елеулі еңбегін ерлікке теңеп едік. Шындығында Тұманбай-ақынның көп жазуы, көп жазумен бірге өлеңнің отты қызуын, көркемдік дәрежесін сақтай білуі – өз тұрғыластарының қай-қайсын болса да қызықтыратыны, өз оқушыларын ризалық сезімге бөлейтіні сөзсіз.

Ақынның осы қасиетінің себебіне көз салмасқа тағы болмайды.

Біздіңше, бұл қасиеттің төркіні – қазақ поэзиясының киелі дәстүрлеріне оның әуел бастан ант бергендей адалдығынан, сол адалдықтың сара жолынан таймауынан, басқа жаққа алаңдап, ауытқымауынан деуіміз

керек. Бұған бір мысал: көлемі жиырма бес баспа табақ – жыр кітабында мыңдаған жол өлең бар ғой, сан түрлі көңіл-күйдің көріністерін ақ қағаз бетіне түсіру үшін ақынның қаншама тер төккенін, қаншама түндерді ұйқысыз өткергенін, қаншама жұлын-жүйке жұмсағанын цифр тілінде есептеу мүмкін емес. Көп жазған, өз таланты деңгейінде көркем жазған ақын еңбегін ерлікке балайтынымыз сондықтан.

Ал Тұманбай-ақын мыңдаған жол өлеңдердің барлығын қашаннан қанымызға сіңген дәстүрлі қазақ өлеңінің қалыбымен соның қасиетті қарымымен жазады. Неше түрлі ой да, толғаныс-тебіреніс те, ашу-ыза да, әзіл-оспақ та осы дәстүрлі өлең өлшеміне сиып жатады.

Ақын кемерінен асып лықсып толқыған кезінде де, сабасына түскен шағында да дәстүрлі қазақы қара өлең жолдарының бір буын, бір бунағын үзіп-жұлқып, жоғары-төмен созғылап «жол көбейтуге» амал-айла іздемейді.

Жалпы, Тұманбай Молдағалиев ақындық дәстүрімізді бірден-бір сақтаушы ғана емес, соны саф алтындай қадірлеп, қасиеттеп, жан-жақты байытып, бабымен ұстайтын шебер.

Соңғы жылдардағы елеулі еңбегінің атын ақын тек бұл кітапта «Тынық мұхит» сапарынан туған топтама орын алғасын ғана қоймаса керек. Тынық мұхит – әлемнің ең үлкен, ең ұлы мұхиты. Ұлы құрлықтарға, ұлы мұхиттарға сапарға шығу арқылы адам, оның ішінде ақын-адам өмір құбылыстарының да мұхиттай айдындарына құлаш ұрады.

Өлең әлемінің көлдері мен көлшіктерінен, өзендері мен теңіздерінен ақын Тұманбай Молдағалиевтің әлденеше рет жүзіп өткені бәрімізге белгілі. Енді оның өлең-кемесін үлкен тәуекелмен ұлы мұхитқа салуы да заңды. Бұл сапарда сәтті аяқталғандай, жыр кітабында оқушы олжалап жатқан өміршең өлеңдер баршылық.

- Сәтті сапар жалғаса берсін, - дейміз ақынға.

Қазіргі қазақ поэзиясы қоғамымыздың кез-келген күрделі құбылыстары мен көріністерін қалт жібермей емін-еркін аңғарып, мүлт жібермей емен-жарқын жырлауға қарымы да, қарқыны да, қыну-қуаты да жететін кемелдік кезеңде тұрған өнер екендігінің басы анық. Бұған ешкім дауласа алмайды. Дау болмас үшін бір-ақ дәлел:

*Мүмкін мұхит ұйықтар, биік құз ұйықтар,
Біз ұйықтар деп ойламасын бұзықтар.
Біздер еркін рахатын көретін
Алдымызда не гажайып қызық бар!*

Бұл белгілі ақын Хамит Ерғалиевтің мәнері.

*Тәкаппарлық нағыз бабы келгенде,
Тынбайды-ау бір көкке құс боп ұшпаса.
Цезарь бірде қас дұшпанын жеңгенде
"Келдім. Көрдім. Жеңдім ", – депті қысқаша.*

*О, Отаным! О, Жеңімпаз тәңірім!
Қызыл қаның, ащы жасың төгілді.
Талай жендет жүргізбек боп әмірін
Цезарь құсап... Келді. Көрді. Жеңілді!!!*

Әрине, бұл ақынды көпшіліктеріңіз жете біле де, тани да бермейсіздер. Бірақ, өлең авторының ақындығы, ақын болғанда өз қолтаңбасы, өз мәнері машығына қоса ақындық мәдениеті де қалыптасып үлгергендігі бірден танылады.

Біз мысалға келтірген екі өлеңнің екеуі де Отан туралы, қоғам туралы өлең. Бірінші мысал – өлеңнен үзінді, ал екі-ақ шумақ екінші мысал «Отанға ода» атты тұтас өлең. Бірінші мысалдың авторы – өздеріңіз біліп отырғандай, қазақ поэзиясының қарт тарландарының бірі Хамит Ерғалиев,

ал, екінші мысалдың авторы бүгінгі қазақ поэзиясының ең жас өкілі, әдеби ортадан ең шалғайда жүрген өкілі, жезқазғандық ақын – Серік Ақсұнқарұлы.

Байқап отырсыздар, тарлан ақын мен талантты жас ақынның аяқ алысынан – ақындық өнеріміздегі кемелдік көріністер көрініп-ақ тұрған жоқ па?!

Тарлан тартса да табиғаты құнарлы ақынның арынынан жігерлі жастықтың әні естіледі, әлі тәлім-тәжірибиесі аз болса да, жас таланттың дауысынан мазасыз ой дүбірі – парасаттылық пайымы аңғарылады.

Тарлан қарттарымыз бен талантты жастарымыздың бойында осы екі қасиет бар жерде – ұлттық поэзиямызды ешкімнен кем санауға да, қор санауға да хақымыз жоқ.

Сөз басында бір сөйлем тұжырым айтып алып, сол тұжырымды дәлелдеуге тырысып жатқан себебім бекерден-бекер емес. Қашанда баршылықпен, молшылықпен жұмыс істеген жақсы ғой. Баршылықпен, молшылықпен жұмыс жасайтын баяндамашының іріктеуге де, сұрыптауға да мүмкіндігі бар. Демек, бүгінгі қазақ өлеңі туралы қай қырынан келіп, қалай айтамын десең де мүмкіндік ұшан-теңіз. Бірақ, бір жылда баспа жүзін көріп, тасқа басылып шыққан қазақ өлеңінің көлемі бір жылдық қазақ поэзиясының қорытынды нәтижесі бола алмайды.

Поэзиямыз кемел кезең мен кенен байлықтың ортасында тұрса да іріктеу-сұрыптау деген сөзді аузымыздан тастамайтын себебіміз сол, іріктеп-сұрыптап, бар дүниені бағасына қарай орын-орнына қоюға келгенде біз, әрине дәл жоғарыдағыдай мақтана алмаймыз... Әйтпесе, әлгі мен мысалға келтірген өлең жолдары айтар ойының әлеуметтік салмағы жағынан, көркемдік шеберлігі тұрғысынан қай елдің, қай әдебиеттің өлеңінен де өресі төмен емес. Керісінше, осы екі ақынымыздың бұл өлеңдері ең шедевр де емес, бар мүмкіндіктерінің шарықтау шегі де емес. Мұндай мысалдарды біз талантты ақындарымыздың қай-қайсының шығармасынан да қиналмай таба аламыз.

Тамырын ауыз әдебиеті атты альмаматерімізден алып, жаңашылдық пен ізденістің неше түрлі желек жапырақтарымен бұл күнде қазақ поэзиясы ұлттық ұғым, ұлттың дәстүрден бір елі ажырап ауытқымай-ақ, адамзаттың ой-өріс биігіне теңдесті деп өз басым батыл айта аламын. Бұл үшін бүгінгі бір жылдық жаңа да жас поэзиясын ақтарып отырып қазақтың аға буын ақындарынан бастап:

Туған тілін сатқандармен еш уақыт,

Туған тілде сөйлесуге жоқ hұқым, - деп жырлай келіп, әдебиет есігін жаңа ғана аттаған жас ақынға дейін рахмет айтуға болады. Бұл арада қазақ өлеңі аудармасының аздығы мен әлсіздігін, қазақ оқырманы талап-талғамының әркелкілігін әңгіме етудің қажеті жоқ.

Оған дәлелді себептер бар. Ең бастысы – қазақ ақындарының зерделілігі, көрегендігі, пайымшылдығы заман ағысынан уақыт тынысынан бір сәт кейін қалған кезі болған жоқ. «Күшәласы» ішінде, кейінде қала қоймас деп ойлаймын. Осы орайда, халық рухының да өзінің өлеңіне, ұлттық поэзиясына кірбің қабақпен қарап, «кезегемді кейін тарттың-ау», «намысымды түсірдің-ау» деген кезі тағы болған емес. Мұны мен қазақ поэзиясына дәуірлік баға беріп, бедел ала қояйын деген ниетпен айтып тұрғаным жоқ. Бұл шын мәнісіндегі қазақ поэзиясының бір жылғы жай-күйі, бүкіл сипатының көрінісі.

Сол көріністен де осындай көңіл өсіретін құбылыстар байқалады. Олай болатын болса, ең түйінді пікірімді баяндамамның басында-ақ ашып айтайын, қазақ поэзиясы қадамын заманмен қатар алып келеді, қазақ өлеңі қайсы біреулер айтқандай тақырыбы тарылып, ұсақтаған да жоқ, күйкіленген де жоқ, күлдібадам абстракцияға да айналған жоқ, ғарышты шарлап аспанға да ұшып кеткен жоқ. Қазақ өлеңіндей әдебиетімізде ұшқыр да ұтымды, сонысымен қоса шежірешіл жанр да қара көрсеткен емес.

Өткен жылдың өнімдерін аударып, төңкеріп отырып та қазақ поэзиясының әдебиетіміздің ең нәзік, ең жауынгер жанры екеніне де, қазақ ақындары өз беделдерін де, өз несібелерін де адал-ақы маңдай терімен

тауып жүргеніне ешкім шүбә келтіре алмайды. Дей тұрсақ та, әр үйдің, әр ауылдың өзінің ішкі шаруашылықтары болмай тұрмайды. Шаруашылық болған соң оның озаты да, орташасы да, орта қолдысы да болады. Әдебиетті шаруашылықпен теңдестіруге тіпті де бола қоймас. Бірақ, өмірдің сан-салалы құбылыстарының бір-бірімен ұқсастығы да жоқ емес қой.

Қазақ поэзиясының сондай бір жылғы шаруашылығының ішіне еңдей кіріп, оның өнімінің сапа-салмағын таразылап, шеберлік мәселелерін сөз еткенде біздің талай-талай жетістіктеріміз бен кемшіліктеріміздің беті ашылады. Сөз басындағы қазақ поэзиясы мен қазақ ақындары туралы түбегейлі, түйінді пікіріміз бізде кемшілік жоқ дегенге саймайтынын сіздер енді міне, осы әңгімеге араласқан кезде түсінесіздер.

Өткен жылы «Жазушы» және «Жалын» баспасы поэзия редакцияларынан алпысқа жуық өлең кітаптары жарық көрді. Саны жағынан соншалықты көп деп айта алмаймыз. Өйткені республиканың Жазушылар Одағында есепте тұратын жазушылар тізіміне қарап жіберіп, олардың қай жанрда көп жазатынына көз жүгіртсеңіз, әрине, бұл цифрдың қайта аздығына таң қалуыңыз мүмкін. Оның үстіне осы алпыс кітаптың ішінде аты-жөні жаңа таныла бастаған жастар бар, қазақ поэзиясына еңбегі сіңіп, таңдамалы ұсынған әр буынның өкілдері бар. Алыста тұратын, астанаға қарап өлең дертімен ауыратын талапкер, азаматтар тағы жоқ емес. Мен мұны неге айтып отырмын?

Бұрнағы жылдары осы менің міндетімді атқарған бірер баяндамашының аузынан «өлең кітаптары көп, оның бәріне тоқталу мүмкін емес» деген сөзді естігеніміз бар. Мен ол пікірге қосыла алмаймын.

Әрине, алпыс-жетпіс өлең кітабы баяндамашының оқып шығуы үшін, танысып-талдауы үшін біраз уақыт алатыны да даусыз. Кітап дүкендерінде жыр жинақтарының кей-кейде тұрып қалатыны да даусыз, Ал бірақ, поэзия кадрларын іріктеп, таңдап, үйретіп, тәрбилеп алу үшін оларға басылым беру керектігі де даусыз емес пе!? Бірінші жинағы орта қол, екінші жинағы орта, үшінші жинағында жақсы ақындармен жанасып, үзеңгі қағысып жүрген

қабилеттілер бізде бар, бұл біздің қазақ поэзиясының ғана емес жалпы қазақ әдебиетінің әр жанрының тәжірибесінде бар. Ал, өткеннен мысал ретінде марқұм Төлеген Айбергеновті алайықшы! Бірінші жинағында Төлеген марқұм жасыратыны жоқ, көп талапкердің біріндей-ақ боп көрінген, екінші жинағында ше!.. Ал, «Құмдағы мұнараларда» Төлегенді тіпті танымайсың, ол үзеңгі қағысудың орынына үздік шығып кеткен жоқ па!!

Талант болмысы туралы бүгін таңертең тұрып ертеңге бал ашуға болмайды. Қазақ поэзиясындағы шаппай бер таланттардың тоқырап қалғаны аз ба, тоқ бәйгеге немесе тай бәйгеге ғана түсетіндей боп көрінгендердің келе-келе «ертеңнен салса кешке озғаны» аз ба?..

Қазақ поэзиясының бүгінгі көріп отырған азды-көпті рахаты кешегі өткен жолдарында белшеден батқан бейнетінің мысқалына да тати ма?

Қазақ поэзиясының кадрлары көбейіп кетті, қазақ ақындарының кітаптары көбейіп кетті дегендер бір сәт осындай қазақ поэзиясының өмірбаянына, оның өткелдері мен өліараларына көз жүгіртіп, ойлағандары абзал. Өткен жылғы шыққан өлең кітаптарының ішінде қазақ поэзиясының бүгінгі өресін таныта алмайтын, оның бүгінгі жеткен биігімен өрелесе, деңгейлесе алмайтын, мықшындаған машықтың, күйбеңдеген кәсіптің қолынан шыққан дүниелер жоқ емес. Бар. Баршылық. Болып та келген, бола да береді, мен оларды талдап, талқылап арам терге түскім келмейді. Елеуішті бір шайқағанда түсіп қалатын кеуек сияқты олар да көзге ілінбей уақыт желі өзі-ақ ұшырып алып кетеді.

Мен жетістігін айтсам да, кемшілігін айтсам да қазақ поэзиясының негізгі кадрларының, нағыз сарбаздарының немесе бүгін-ертең сол сапқа тұруға жаттығу үстіндегі құйысқаны берік жастар туралы айтқым келеді. Барымызды да, жоғымызды да тек солардың ғана бойынан іздеп, қазақ өлеңін солар арқылы сарапқа салғанда – қазақ поэзиясының қай деңгейде тұрғанына айқын көзіміз жетеді.

Бұл жылы белгілі бірсыпыра ақындарымыздың таңдамалылары жарық көрді. Таңдамалылардың, шындығында, осы жылы өте бір жүйелілікпен

жарық көргеніне қуандық. Жүйелілік дегеннің өзі көбіне өмір талабынан туады, сонысы дұрыс та, тиімді де.

Жүйелі дейтін себебім – алпысқа келген ақындар Тұрсынхан Әбдірахманова мен Есет Әукебаевтың таңдамалылары оқушыларының алдындағы алты қырдан алқынбай асқандығының есебі болса, Сағи Жиенбаев, Марфуға Айтхожина, Бекен Әбдіразақов, Сәкен Иманасовтың жыр ортасына жақындаған тұстағы тұлғаларын тұтас бір танытып алуы да заңды.

Мен бұл таңдамалыларға тоқталып жатпаймын. Өйткені, бұлардың ішіндегі өлеңдер туралы кезінде пікірлер айтылған, кезінде бағасы алынған. Бұл жинақтарға енген өлеңдердің таңдамалыдан жайғасып орын алуларының заңды себебі сол. Орайы келгенде айта кетейін – ақын Есет Әукебаев алпысқа жақындаған тұсында да, алпысқа келген жылы да «отызында орда бұзбаған» деп басталатын мақалымызды өз творчесвосымен жоққа шығарғандай болды. Отыз жасында шекара күзетінде тұрған ақын, алпыс жасында сол өмір тәжірибиесін жыр жолдарына айналдырып, оны қазақ-орыс оқырмандарының иелігіне ұсынып, және сол бір мақсатқа біріктірілген жинаққа одақтық бәйгелердің бірін алып беріп жатса – ақын шекарада қалам орнына, қару ұстаған жылдары үшін өкінбеуге тиіс. Есет Әукебаевтың орыс тіліндегі таңдамалысы 1980 жылы шықты, одақтық жұлдені 81-де алды. Сондықтан ақын мүшел тойы үстінде екі таңдамалының қуанышын қатар көрді деуімізге болады.

Мен жоғарыда алғашында тоқ бәйге мен тай бәйгеге шабатындай ғана сыңай танытып, қолтығы бірте-бірте кеңіп, кемеліне келген кезде сөгілетін қабілеттер табиғаты туралы айтқанмын. Ақын Әсет Әукебаев соңғы жылдары осы сыңай сипаттарын танытты.

Өткен жылы аға буын ақындарымыздан жеке жыр кітаптарын берген Дихан Әбілев, Хамит Ерғалиев, Сырбай Мәуленов өлеңдері туралы ұзын-сонар пікір айтып жатудың қажеті жоқ деп ойлаймын.

Ақындық – мәңгі жастық. Бұл ақындардың бойында осы қасиеттің қалай сақталып келе жатқандығы жайында бірер ауыз пікір айтқым келеді. Тәжірибе, шеберлік таба білу, айта білу – сияқты сан-түрлі тәсілдер бұл ақындардың ашса алақанында, жұмса жұдырығында. Бізді бұл ақындардың тәжірибе-тәсілдері емес, табиғи нәтіндегі жастық қасиеттерінің бояуы оқып, әрі түспеуі, жас ұлғайса да булары бұрқырап тұрғандығы қуантады. Тәжірибе, тәсіл шарықтау шегіне жеткен кезде ақын қанындағы қызудың қайтуынан, ақын сезімінің салқын тартуынан сақтасын! Құдайға шүкір, біздің тарлан ақындарымыздың аяқ алыстарынан мұндай енжарлық қасиеттердің қылаңы да байқалмайды. Ақынның айналасындағы құбылысқа нұрымен, жүрек ділімен қарауы – оның қоғамдық қызметінің, дәлірек айтқанда, қоғам алдындағы қызметінің пәрменділігін, белсенділігін танытады. Өткен жылы жеке жыр кітаптарын жарияламаса да Әбділдә, Әбу, Қалижан, Жұбан, Ғафу, Аманжол сияқты үлкен ақындарымыз ақынның азаматтық алғырлығының, азаматтық белсенділігінің үлгісін таныту дәстүрлерін одан әрі жалғастырды.

Халқымыздың аға буын ақындарына біздің ешқандай өкпеміз жоқ. Бүгінгі поэзиямыздың осындай биіктерге шығуы, заманмен қадамын қатар алуы, көркемдік көкжиегінің көз жеткісіз көлемге кеңеюі солар іргетасын қалаған тұғырларға табанын тіреп көтерілгенін, табанын тірей беретінін әркез ұмытпауымыз керек. Кез-келген жаңа деген дүниенің дәстүрмен сабақтаспаса – жансыз, құр сұлдер екенін екінің бірі біледі.

Бүгінгі орта буын, оған деңгейлес буын, ең кейінгі буынның даму диалектикасына зер салыңызшы! Жетпістегі Әбділданың кезінде бүгінде елудің үстіндегі аға ақын Ғафуға, қырықтың үстіндегі Өтежанға сүрініп, қабынып енді жетейін деп келе жатқан Ұлықбек Есдәулетовке тигізген ықпалын тану тіпті қиын емес. Дәстүр сабақтастығы деген осы болса керек. Осы туралы бір ауыз сөз.

Соңғы жылдары бүкіл әдебиетімізге бедел әкелген Өтежан Нұрғалиевтің «Соғыстың соңғы жазы» жинағындағы оқиғалы, оқиғасын

оймен көмкерген характерлер жасаған, әр кейіпкерді өзінің көріпкел көзімен көрген балладалары аспаннан түскен жоқ. Мұның негізінде Иса мен Нұрханның сюжетті дастандары жатыр. Өтежанның солардың «әліппесіннен» алғаны аз емес, бірақ, ол бүгінгінің ақыны, бүгінгі оқиғаға не керек екенін біледі, бүгінгінің формасы мен нормасын біледі, букинист магазинінің алдынан шықпай жүріп, әр құрлықтың арғы-бергілерін оқыған ақын.

Ұлықбек Есдәулетовтің «Қос толағайы» сөз жоқ, Әбділдә Тәжібаевтың «Толағайына» табанын тіреп көтерілген қарлығаш. Соңғы жылдары кең тынысымен, дастаншылдық бейімділігімен танылып келе жатқан ақын Иранбек Оразбаевтың поэмаларынан әуелгі кезде Жұбан Молдағалиев поэмаларына әсіре еліктеу байқалатын еді, ал қазір ол өз қолтаңбасын, өз мәнерін айқындап үлгірді десек артық айтпас едік.

Біздің қазақ поэзиясында міне, осындай дәстүр мектептері бар. Біздің аға ақындарымыздың бағыты бір-бір мектеп бола білуі, ал одан кейінгілердің бағыты мектеп көруі.

Бір тақырыпты түбегейлі жырлау, бір бейнені типтендіру арқылы оны халықтың өз адамы, оқушының өз бауырласы етіп жіберу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Ақын Дихан Әбілев Майданбек бейнесін әлі типтендіріп келеді, әлі толықтырып келеді. «Дала солдаты» атты өлеңмен жазылған бұл повесінде де автор сол мақсатты одан әрі жалғастырған. Шығармада Майданбек бейнесін шырайландыра түсетін жаңа штрих, жаңа детальдар, жаңа оқиғалар баршылық.

Өз тақырыбына тұрақтылық, отыз-қырық жылдан кейін де сол тақырыпқа қайта айналып соғып, қайта айналып соққанда қайырма-қайталау жасамай оған жаңа қырынан келу – Дихан ақынның жасында үлкен ерлік, шын жүректілік, шын еңбекқорлық. Аға ақындарымыздың творчествоға мұндай баяндылығы жастарға жауапкершілік туралы үлкен ой салса керек.

Жаңа штрихтар, жаңа детальдар, жаңа оқиғалар баршылық дедік. Бірақ поэмада осы жаңалардың жандануы, қимыл-әрекет, қозғалысқа түсуі

оқушыны ара-тұра жалықтырып алатындай жағдайда баяу өріліп, сылбырлау сабақталатын тұстары да жоқ емес. Мұны мен дастанға рецензент кезімде де айтқанмын.

Дихандар композицияны монтаждау өнеріне әуел бастан-ақ мән бермеген ғой, әйтпесе, сол өнер арқылы-ақ біраз дүниені ширатып, жандандырып жіберуге болар еді...

Біздің қарт ақындарымызда енжарлық қасиеттердің қылаңы да байқалмайтынын әлгінде ғана айттым ғой. Мысал керек пе!! Хамит Ерғалиевтың «Алтын Зердесін» қолыңызға алыңыз. Қазақ ақынының әуелі шабыт шақырмай қалам тарта алмайтынынын; алдын-ала ойлаған ойы да, алдын-ала алдына тартқан тақырыбы да – шабыт сиқырынсыз іске аспайтынын Хамаң тағы дәлелдеді. Жыр жинағының «Шабытты бусандыру», «Шабыт тізгінін босату» деп аталатын бөлімдерінің аты да ақындық болмыстың сондай қасиетінің сипаты.

Ақын Сырбай Мәуленовтің «Алтын тасқынындағы» жаңа жырлары азаматтық кемелдік пен суреткерлік, көрегендіктің қос өрім, қос қанатындай жұптасып, оның қоғамдық-әлеуметтік ойларын тағы бір шығанға шығарған.

Сырбай Мәуленов сияқты ақындар қазақ поэзиясының маңдай алды мақтанышы ғой. Өттең, осындай мақтаныштарды кез-келген ұлттың, кез-келген халықтың поэзиясымен қатар қойып, қатар оқып салыстыратын мүмкіндік болса деп ойлайсың. Әрине, онда біздің қазақ өлеңі талай бәйгенің алдында, талай жүлде қолында жүрер еді.

Мақтаныштың себебі, салдары дәлелі болуы керек. Мен бір-ақ дәлел айтайын.

Бір тақырыпқа өмір бойы бірер өлең жазудан артыққа қауқары жетпейтін де ақындар болады. Егер кез-келген уақыттағы Сырбай Мәуленовтің кез-келген тақырыпқа бейімдеп таңдамалысын шығаруға тура келетін болса ешқашан қысылып, қымтырылмас едік. «Сен мені ойладың ба», «Соғыстан қайтқан солдаттар» деген сияқты тақырыптардың кез-келгеніне Сырбай өлеңдерін топтастырып жіберсе, ақын өлеңдері оның қай-

қайсында толыққанды түрінде, таңдамалы түрінде нысаналы биікке алып шыға берер еді.

Рас, Мәуленов өлендерінің біріне-бірінің ұқсастығы біріне-бірінің жалғастығы әр уақытта-ақ көзге көрініп тұрады. Бірақ бұл өзін-өзі қайталау, бірі екінші өлеңнің жаңғырығы деген сөз емес.

Бізде соңы кезде көп жазатын ақындар өзін-өзі қайталайды деген ұшқары бір пікірлер айтылып жүр. Бұл қате пікір, поэзияның ішкі иірімдерін, көзге көрінбейтін жұмбақ бояуларын көре бермейтіндердің пікірі.

Сіз суретшінің шеберханасына барыңыз! Бір суретті салу үшін сан түрлі бояуларды пайдаланады, соның ішінде бір ғана деталь үшін де бір бояудың өзін әлденеше рет пайдаланатын тұстары болады. Егер ол бояуды жандандырып, тірілте алатын болса, әлгі бір бояудың өзі әріректе тұрған әлденеше бояулармен астасып алуан түрлі сәуле шашпай ма?!

Өз басым сөз бояуы шексіз дегенге сенбеймін. Өйткені сөздік қор шектеулі ғой. Сөз бояуының шексіз болатын сиқыры ол ой бояуымен, сезім бояуымен астасуына байланысты. Ақындар өзін-өзі қайталап кетті дейтіндер оның ойы мен сезім байлығына қарап баға беруі керек. Ал жекелеген жолдар, жекелеген сөздердің қайталануы – ол ақынның өзін-өзі қайталауы емес.

Өткен жылы қазіргі қазақ поэзиясының жасы жағынан орта буын өкілдерінің, ал олар орны, қазақ өлеңі үшін жұмсап жүрген энергиясы мен еңбектері жағынан ең белсенді, ең актив буынға жататын ақындарымыздың бірнеше өлең кітаптары жарық көрді. Мен, олардың бәріне тоқталып, бәріне терең талдау жасап, бәріне өз ой-пікірімді білдіріп шығамын деп айта алмаймын. Оған бір баяндамашының мүмкіндігі де, уақыты да жетпейді.

Қазіргі қазақ поэзиясының ауқымдылығы сондай, біздің кез-келген талантты ақындарымыз туралы бір-бір баяндама аздық етеді. Сондықтан мен әлі орта буын, ең актив буынның ішінен өкілдер іріктеп алып, солардың творчествосының бүгінгі поэзиямыздың жетістік-кемшілігіне көрініс бола

алатын сипаттары туралы айтсам деймін. «Іріктеп алу» принципім – неғұрлым қабілеттілері туралы тұрғысынан келеді. Қабілетті шебердің жасаған бұйымын жақсыласақ да, жамандасақ да, басқаларға үлгі ғой дегенді ұстанамын.

Ақын Қадыр Мырзалиев қазақ өлеңінің бағына туған азамат. Қадыр Мырзалиев поэзиямызға өз ізденісін, өз қолтаңбасын ала келумен бірге өз оқушыларын да, өз шәкірттерін де магнит өрісіне бірден тартып алып, оларды әрі үйретіп, әрі тәрбиелей келген ақын. Мұндай үлкен ақынның тек поэзиямыздың өсуіне ғана емес, ұлттық ой-өрісіміздің өсуіне ықпал жасайтынын өздеріңіз жақсы білесіздер.

Демек, Қадыр ақынға, беріліп жүрген бағаларда ешқандай асыра сілтеушілік жоқ деп ойлаймын.

Осыдан жиырма жылға таяу уақыт бұрын жарық көрген «Ой орманы» мен өткен жылы қолымызға тиген «Көкпардың» арасында әлденеше кітап бар, ақындық ізденіс, шеберлік тұрғысынан қарағанда талай-талай ауытқып толқудың, төмендеп биіктеудің бел-белестері жатыр.

Алыс сапарға ұшатын құстар да ауа кеңістігіндегі түрлі-түрлі тәсілдерге үйренетін көрінеді. Қадыр сияқты үлкен нысана – алыс сапар ұстанған ақынға тәсіл-тәжірбиесіз ұшуға болмайтыны белгілі.

Маған Қадыр Мырзалиевтің «Ой орманы» өте ыстық кітап. Оның үстіне, өзім жақсы көретін ақындардың қай-қайсысының болмасын жаңа жинағын оның ең тұңғыш кітабымен салыстырып отыруды ұнатамын да, оны дұрыс деп есептеймін. Сондықтан да көп ақындардың өсуін де, төмендеген кездерін де біріншісі мен ең кейінгі жазғанын салыстыра қойсам, тап басып тани қоятын сияқтымын. Өйткені, талантты ақындардың алғашқы жинақтарында олардың алғашқы уызы, алғашқы демі, уылжыған кезіндегі дәмі бар. Ал, біздің бәріміз – балалық шағымыздың, жастық шағымыздың жемісіміз. Тәрбие қанша ықпалын тигізгенмен, ол себілген дәннің себепшісі ғана ғой.

Осы тұрғыдан алғанда Қадыр Мырзалиевтің сол «Ой орманынан» бастап күні бүгінгі «Көкпарына» дейін бәрі дерлік бір желінің бойына тартылып, бүкіл ой- идеяларымен бірге көгенделген дүниелер деуге болады. Батылырақ айтсақ, Қадырдың бірнеше жыр кітаптарын біріктіріп жіберсе, әр жинағы сол тұтас кітаптың бір-бір бөлімі болып шыға келер еді. Бұл жағынан алғанда Қадыр ең басты кітабының негізгі тарауларын тәмәмдап үлгірген жазушыға ұқсайды, мұны ақынның бірсарындылығы деп ойлауға болмайды. Бойындағы бүкіл қуатын діттеген дүниесіне ғана жұмсау мәдениеттілігін де, ұқыптылығын да, талант пен еңбекті қатарлы ұйымдастыра білгендігін де танытады. Бұл жағынан кез-келген қабілеттімін дейтін қазақ ақындары Қадырдан үлгі алуға әбден болады дер едім.

Бір кезде әркімдер «Қадыр ойдың ақыны, ойшыл ақын, түйіп тастайды, түйіндеп тастайды» деушілер көп болды.

«Ау, ақын ойды аспаннан ала ма, түйіп тастағанда, түйіндеп тастағанда сол қорытынды өмірлік тұжырымға айнала ма?» - деген сауалға жауап іздеу сол кезде біздің есімізге келмепті.

Енді бүгін ойлана қарасақ Қадырдың ешқандай түйін түйгіштік «дерті де» жоқ, Қадыр төтеннен түсе қалған пәлсапашы да емес екен. Қадыр ең алдымен суреткер екен, оның біз сол тұста түйін деп, тұжырым деп жүргеніміздің бәрі оның суреткерлік көрегендігінен, суреткерлік қағылез сезімталдығынан туған өмірлік көзқарастары екен.

Егер Мырзалиев шын мағынасында суреткер болмаса оның тұжырым-түйіндері ендігі өз оқушыларын жалықтырып та біткен болар еді.

Қадыр Мырзалиев – өз көріпкелі бар суреткер. Ол «Ой орманында» да үлкен суреткер еді. Көріпкелдік қасиеті «Көкпарда» да сол қалпында сол деңгейде тұр. Ал шеберлік жағынан әлдеқайда өскен, көргенін кесіп айту, қоғамдық ой жетегінде айту жағынан да кемелденген.

Қадырдың «Көкпары» мені бүкіл кітаптарын қайта шолуға және осындай баға беруге жетеледі.

Меніңше, өмірге өз көзқарасы бар кез келген суреткердің өз түйін, өз тұжырымы, өз философиясы бар. Тек олардың айту тәсілінде, жырлау мәнерінде әртүрлі айырмашылықтар болуы мүмкін.

«Көкпар» «Қорамсақтың» заңды жалғасы. «Көкпарда» Қ.Мырзалиев бар қырынан толысқан, әр өлеңінде толыққанды полотно жасауға жаттыққан ақын ретінде танылады. Тақырыптың, сабақтас ойлардың бір сарындылығы байқалады екен. Мұны жүйелілік деп бағалау керек болар. Соңғы жылдардағы Қадыр өлеңдерінде әуен мен мәнердің бір сарындылығы байқалады. Мүмкін бұл кемел ақынның бір тонда, бір деңгейде сөйлеп кемелденуінің белгісі шығар. Бірақ, әрбір өлең ақынның жан-күйінің көрінісі ғой. Сондықтан әрбір толғаныс үстіндегі жан-күйінің құбылысы жыр табиғатынан танылып тұруға тиіс дер едім. Ақын қанша жерден пайым-парасат биігіне көтерілгенімен, оның ысылуы мен суынуы, жануы мен сөнуі жан күйінде, жан күйінің демалыс, тынысымен демінде айқын аңғарылып тұруға тиіс.

Темір, Темір ...

Біз кеше өлең – жыр ек

Бәрін еске аламын мен елжіреп.

Керек бізге темір күш,

Темір төзім

Керек емес жалғыз-ақ темір жүрек – деп,

Қадырдың өзі айтқанындай ақынға да жан күйінің алуан әуен мәнері, жүректің лүпіл соғысы, діріл демі керек. Кемел ақын, жан-жақты кемелденген ақын Қадыр Мырзалиев өз бойынан осы қасиеттерді бір сәт әлсіретпесе, оның өлеңдерін осы қалпында да, алдағы уақытта да әлемдік өлеңнің таңдаулыларымен қорықпай қатар қоюға болады.

Сағи Жиенбаев бұл жолы таңдамалы берді. Таңдамалыға қоса «Бозторғай» атты жеке жыр жинағы тағы шықты.

Алдымдағы аға ақынның ең алғашқы үлкен таңдамалысына менің ең тұңғыш жинағымның аты дәл келгеніне іштей қуанғанымды айта кеткім

келеді. Атында тұрған не бар, сөз жоқ, бұл есім Сағи творчествосының бүкіл болмысына дәл келеді, табиғатын ашуға айқын әсері бар.

Мен ақынның жаңа жыр жинағына тоқталайын. Өлең өнерінің көркемдік сапасына, ішкі, тысқы сұлулығына бірден-бір қылау түсірмей келе жатқан ақын болса, мен өз тұстастарының ортасында алдымен Сағи Жиенбаевты айтар едім. Бұл принципке оның болаттай беріктігіне сүйсінесің.

Сағидың қатарындағы бірсыпыра ақындардың «өлең жасау қолымнан келеді ғой» деген бос керсендікке салынып, өлең техникасына мән бермей кеткендігі, өз мәнерлерін жоғалтып ала жаздап, содан келіп қара дүрсінділікке де ұрынып қалып жүргендер осындайда ойға оралады.

Әдемі тілсіз, әсерлі әуенсіз, сиқыр иірімсіз қазақ өлеңі қанша жерден сыртын қомпайтқанымен, танытқанымен қазақ оқушыларының жүрегі жыли бермейтінін есте ұстайық.

Осы жинақтағы, сонымен бірге жалпы мен Сағидың сюжетті өлеңдері туралы айтқым келеді. Өйткені Сағи ақын өз заманының жыршысы ретінде өзекті не айтты, қандай тағдырларды алдымызға тартты дегенде оның осы жанр арқылы айтқан дүниелері салмақтырақ көрінеді.

Сағи сонау алпысыншы жылдардың бас кезінде-ақ «Алғашқы махаббат», «Темірші», «Тұлып» сияқты оқиғалы өлеңдерімен ауыртпалығы мол соғыс жылдарында бала көзімен көрген көріністерін, өмір детальдарын ақын көзімен, суреткер көзімен пайымдаған.

Әдемі пайымдап, әдемі қортындылаған. Жиырма бестің о жақ, бұ жағындағы ақынның өмір көрінісінен жасаған түйіні, тұжырымы бүгінгі Сағидың түйін-тұжырымынан кем емес еді. Ол үшін Сағидың сол тұстағы «Тұлып» атты өлеңі мен бүгінгі жаңа жинақтағы "Сәт туралы" балладасын салыстырайық.

Бірінші өлеңде оқиға былай: Бұзауы өлген сиыр. Ененің емшегі дертеді. Амалсыздан тұлыпқа телиді. Жансыз тұлыпқа өзін-өзі алдарқатып, екінші бір өмірі басталған кезде еріксіз толқып, еріксіз езілуші ең.

Өлең былай аяқталатын:

*Жоғалғанның орны қайта толмаса,
Мейірленіп тұрмас еді, ол да аса,
Қайран өмір қызық болар ма едің сен
Кейде осындай алданышың болмаса.*

Екінші өлеңде басты кейіпкер – сол соғыс кезіндегі қызыл қасқа сиыр. Бірақ бұл – бұзауы тірі сиыр. Бұл сиырдың да, оның бұзауының да тағдыры оңай емес. Көзі мөлтілдеп бұзау байғұс өз енесінің емшегіне өзі зар болады. Өйткені, сиырды бірнеше идіріп сауып алады. Бірақ, сонда да соңғы иіндіні ене бұзауына сақтайды екен, соңы иінді – былайша айтқанда, алпыс екі тамырдың қайта жандануы екен, балаға деген махаббат екен.

*Жасыра алмай ала құйын сезімін,
Жаутаңдайды қарашығы көзінің.
Ене байғұс ойлайды тек бұзауын,
Ана байғұс ойлайды тек өз ұлын.
Біздер үшін арналысып, тіресіп,
тұрады екеу...
Бірі – алданып, бірі өсіп,
Түк жоқ ойда,
Мәз боп бара жатамыз
Екеуіміз екі анаға ілесіп.*

Бұл өлеңдер сиыр туралы, бұзау туралы өлеңдер емес. Бүкіл бір буын ұрпақтың тағдыры туралы өлең. Ана мен баланың мәңгі махаббаты туралы өлең.

Осыдан жиырма шақты жыл бұрынғы Сағи мен жиырма жыл кейінгі Сағидың арасында қандай айырмашылық бар. Кейінгі Сағи өскен бе, бұрынғы Сағи төмендеген бе деген сауал қоясыздар ғой.

Екі Сағи да бір деңгейде тұр, бір биікте тұр деп жауап берер едім мен. Салыстырып көріңіз, өлеңнің көркемдік шеберлігі, ақынның суреткерлік шешімі, қуаты, қарымы жағынан таразының екі басы тең.

Жалпы, нағыз ақындықтың стихиясы солай. Шын ақындардың шарықтау биігі салғаннан-ақ көрінеді, шырқауына салғаннан-ақ көтеріледі, тек сол биіктен төмендемеу бар, сол биіктен кең дүниеге кеңірек көз салу бар.

Сағи бұл жинағындағы оқиғалы өлеңдерінің арқауына аңыздық бір ғана детальды алады, соны бір ғана планда көрсетеді, соған өзінің суреткерлік көзқарасын қосады.

Өз басым сюжетті өлеңдердің осылай жазылуын құптаймын. Белгілі аңыз – ақпараттарды өлеңге түсіріп, оның өн бойын шиырлай баяндап, одан пәлсәпа іздеуді жаңалық деп ойламаймын. Ондай өлеңдердің оқиғасы бір оқығанда оқушыны ұйытуы мүмкін, бірақ, суреткерлік, суреткердің көзқарасы жоқ жерде шығарма жандана алмайды.

Зергер ақын, қазақ өлеңін иненің жасуынан өткізген Сағи өлеңдеріне тұтас шолып, терең үңіліп қарағанда әлде де бірдеңе жетіспейтіндей көрінеді де тұрады.

Ол не нәрсе?

Сағи Расул Гамзатовты аударды. Меніңше, Расул, Сағи аудармасында Козловский мен Гребнев аудармасынан қазақ тіліне кем түскен жоқ. Расул аудармасы Сағиды тіпті толықтырып жіберді. Меніңше, Расулдың ойы мен тапқырлығының салмағы Сағиға жұқса нұр үстіне нұр болар еді.

Ақын Өтежан Нұрғалиев туралы мен негізгі пікірімді сөз арасында болса да айттым ғой деймін. Өтежан «Соғыстың соңғы жазындағы» балладалары арқылы өзін тапқан ақын, қазақ поэзиясын бір биікке көтеріп тастаған ақын. Ол бұл туындылары арқылы бір кезеңдегі характерлер галлереясын жасады.

Өткен жылы Өтежан «Қиял өрнегі» атты өлеңдер жинағын берді.

Бұл жинақты «Соғыстың соңғы жазымен» салыстыруға келмейді, одан әлдеқайда төмен тұрған дүние.

Тағы да себебі не деген сұрақ туады ғой.

Дәлелдеп көрейін.

Өтежан «Менің махаббатым» арқылы нағыз ақындығын танытты ғой. Танытты. Ал, содан соң «Соғыстың соңы жазына» дейін ол жақсы ақындар санатында аталып жүрсе де, жарқырап көріне алған жоқ. Болмысын, табиғатын тайға таңба басқандай таныта алған жоқ. Бұл тұста Өтежан жеке өлеңдер, лирикалар жазған еді.

Демек, Өтежанның ақындық стихиясы – адамдар тағдырын жырлау арқылы, адамдар характерлерін ашу арқылы ғана айқындалды деген сөз. Осы бақытқа Өтежан Нұрғалиев өзін тұтас арнаса, осы мақсатты өмірлік позиция етіп ұстаса – оның творчествосы қазақ поэзиясының бөлек беті, ерекше беті болары даусыз.

Ақындар Тұрсынзада Есімжанов пен Жүсіп Қыдыров та өткен жылы «Жасыл бел» және «Жібек жел» атты толық-толық жыр жинақтарын оқушылар алдына тартты.

Тұрсынзада поэзиямызға салғаннан ашық дауыспен, айрықша екпінмен келді де, Жүсіп оған қарағанда бұйығылау мінезбен, биязылау үнмен келді.

Әсіресе, Тұрсынзаданың «Қабырға талы» мен «Болашаққа хатындағы» ауыз тұщытарлық өлеңдері сол тұста біз сияқты жас ақындардың жақсы өлеңнің буына мастардың басын айналдырғаны есімде.

Сол Тұрсынзада шындығында «Жасыл бел» жазықта кең көсілетін кезеңге жеткені де рас. Тәжірбиесі де толысты, ақыл ойдың кемелденгеніне осының алдындағы «Ой-өрім» жинағы куә.

Қаптатып қызыл суын далаға күн,

Жерменен зырлап, жүйткіп барады ақын.

Бұл мезгіл тоқтамайды, қара шаштық

Күні ертең самайына жағады ақын.

Тұрсынзаданың бойындағы ақындық қуат-күш, қарым мен серпін сол қалпында сақталғандығы «Жасыл белде» де көрінеді. Ал бірақ бір ғажабы ақын өлеңдерінің осы жинақтағы көркемдік дәрежесі соншалықты алақол,

соншалықты аумалы-төкпелілігіне таң қаласың. Тақырыптарды игеру жағынан да дәл сондай сыңай танытады.

Жинақтағы «Көрермен пікірі» атты өлеңді оқып көріңізші. Үлкен ойдың өлеңі. Бас-аяғы алты-ақ шумақтан тұратын өлеңде қақтығыс, драма деген шиыршық атып тұр. Өлең Гюгоның атақты «Эрнани» атты пьесасы сахнада жүріп жатқанда көрермендер арасында екі ұдай пікірден от тұтанып, сахнаның қып-қызыл қанға боялғандығы туралы. Кез-келген шығарманың соты – көрермен қауым екенін айта келіп:

Отаны үшін өлімге көнген сарбаздай

Өз жүрегінің пікірін қанмен қорғаған, – деген түйін қандай тамаша!

Ал, осындай мүмкіндіктің ақыны жинақтың алғашқы беташар парағында:

Даладан көргенімде бітік егін,

Көзіме елестейді бүкіл елім.

Шалқиды егін болып еркін еңбек

Егінмен иен далам көркіне енбек.

Құйылып жомарт күннің нұры тынбай,

Елімнің шалқиды егін рухындай,

Егіні еселеніп, жер кеңіді.

Мол егін – тасып жатқан ел көңілі, – деген сияқты өлеңмен ашқанда «мұнысы несі» – деп қалмасқа амалың болмайды екен. Тіпті басқасын былай қойғанда, Тұрсынзада сияқты талантты адамның, қазақ тілін қалай орап сөйлеймін десе де қабілеті жететін адамның «егіні еселеніп, жер кеңіді» деген тіркеске тілі қалай барады екен деп ойлайсың. «Егін еселенеді» деп бұған дейін ешкім айтқан жоқ, ал егін жайқалып өскен кезде жер кеңімейді, бірнәрсе көбейген кезде, қордаланған кезде қазақ «жер қайысты» дейді. «Жер қайысты» деген бірақ бітік өскен егіннің теңеуіне келмейді тағы.

Жә, тәйірі, бұл бір өлеңдегі ғана ақау шығар деп әрі жылжысақ, жоқ мұндай шумақтар жиі-жиі кездесіп қала береді. Тұрсынзаданың ақындық

мүмкіндігі бұл жинақтағы кейбір өлеңдерде қазақ өлеңінің ең тәуірлерімен қатар қоятын биікке көтеріледі, ал кейбір өлеңдерінде жерді сүзе құлайды.

*Ұзақ құзға уақытым ұрындырмай,
Ерте жауды басыма қарым менің.*

.....

*Хош, қалқам, толықсы бар арнаңда сан,
Шақырып көрген жанды арманға әсем.
Астымнан аяғымның шыға келген
Құсап ең жұмбақ жатқан жалғанға сен.*

.....

*Жұрт ішінде ойлы қарап тұрамын,
Торға салса түгесілер мұратың.
...қоян болып кетеді екен арыстан
Қарға болып кетеді екен қыраның.*

Соңғы шумақ «Зоопаркте» атты өлеңнің түйіні. Жақсы шумақтар, дау айта алмайтын шебердің қолынан шыққан мүкіссіз-мүлтіксіз шумақтар.

*Бір қол бар қалың елді ырыстаған,
Бір қол бар ел ырысын қылыштаған.
Қырқылған бір қолдар бар қан майданда,
Бір қол бар солар үшін ту ұстаған.*

.....

*Жанарында жалындаған жастық бар,
Жүрегінде туған елге достық бар.
Соған сәлем беру үшін келеді
Машинадан суыт тускен бастықтар.*

Ал, бұл шумақтардың әлгі шумақтармен арасы жер мен көктей.

Нәті, Тұрсынзаданың алақолдығы оның қабілетсіздігінен емес, кейбір өлеңдерге ат үсті, салқын, салғырт қарайтындықтан.

«Кеудемнен көк ала үйрек «қош» деп ұшты» деп Өсет ақын айтатындай, жағдай біздің ақындарымыздың тұрмыс-тіршілігінде, атымен кездеспейтін кезеңдеміз ғой. Біздің, шын мәнісіндегі ақындарымыздың кемшілігі жауапкершілік тізгінін аз-кем босатып алуына байланысты дер едік.

Өйтпесе, Тұрсынзаданың «Серікөк» поэмасын оқыңызшы!

Аң-құстың алыстағы ағараңдап,

Жайылды жарық түсіп далаға аңдап.

Жануар кісінеді-ау танауына

Жылы иісі жылғалардың жолағанда-ақ.

Өзінде жер қалмады ойылмаған,

Төрт тұяқ төрт шоқпардай шойындаған.

Үйірін қуып жетті жан-жағынан

Адамның жыртықшытары сойылдаған.

Бұл поэманы соңы жылдардағы ең тәуір поэмалардың қатарына қою керек.

Жүсіп Қыдыровтың «Жібек жел» жинағында бірсыпыра ізденістер байқалады, сонымен бірге маңдай тердің иісі бұрқырайды. Ақынның соңғы жылдары өлең өнерінің төңірегінде мақсатты жұмыс істеп, көз майын тауысып, ақ қағазбен көбірек алысқаны да аңғарылады.

Жүсіп тақырыптарды жүйелеп, арналап жаза бастапты. Махаббат туралы, уақыт, ғұмыр туралы, домбыра сазы жөніндегі топтамаларында сәтті-сәтті өлеңдер жиі кездеседі.

Әсіресе, осылардың ішіндегі сөз етуге тұратыны «Қазбауыр бұлттар қалқиды» атты бөлімдегі махаббат туралы топтамасы.

Бұл топтамадағы өлеңдердің ішінде лирикалық кейіпкердің шын болмысынан туған табиғи жақсы өлеңдер де бар, сондай-ақ әншейін «жазу үшін» жазылған жасанды өлеңдер де бар.

Бір әзіл өлеңді мысалға келтірейін:

*Денем тоңар үрейден
Мен алыста жүргенде.
Суға барма түндерде
Су түбінде Сүлеймен.*

*Ұстап алар жол тапса,
Мен алыста жүргенде.
Суға барма түндерде,
Саған ғашық ол патша.*

Ақын осылай-осылай сүйгеніне наз, еркелік емеуріндер арқылы махаббат қимастығын, махаббат қызғанышын жеткізе келіп:

*Жүрек шошыр үрейден:
Шықпа үйден мені іздеп.
Жерге шығып Сені іздеп
Жүрген шығар Сүлеймен, – деп аяқтайды.
Әзіл, әзіл болса да шындық.*

Өлеңнін жазылу формасында өзгешелік бар. Бірақ оны бірден қабылдаймыз. Өйткені, кейіпкердің шындығында қылау жоқ, табиғи, таза. Материалдағы табиғилық пен тазалық кейде өлеңнің көркемдік дәрежесінің өзін көтеріп әкететіні болады. Мұқағалидың жүрегінің түбіне кір жасырмай дейтіні сол. Бұл сондай өлең. Ал мынау өлең ше?

*Жібек жел желпіп өтті нұр жүзіңді,
Сенен артық дей алман хор қызыңды.
Қыр астынан бұл дүние қылт еткізіп,
Көрсетті-ау, алтайы ару бір қызылды.*

Бір қарағанда кәдімгі өлең жолдары. Бірақ, біріншіден салақ құрылған шумақ, екіншіден атқаратын қызметі шамалы, осы өлеңнің бүкіл болмысынан жансыздық байқалады.

«Жібек жел желпіп өтті нұр жүзінді», – дегеннен кейін «Сенен артық дей алман хор қызыңды» деуге болмайды. «Сенен артық дей алман хордың қызын» болуы керек. Осындай ұйқастарға өлеңге өмірін сарп етіп жүрген Жүсіптер бағынғанда – басқа атүсті араласып жүрген, көлденең, көк аттылар не істемек, жастар не істемек!

Соңғы екі жолдағы «алтайы ару бір қызыл» қайдан шыға келді. Оның неге керегі бар еді, бір шумақта бір ой аяқталмай қалды.

«Сені көріп таңданып таңдай қалды» дейді екінші шумақтағы бір жолда. Таңданғанда таңдай қағылады ғой. Адам таңдануы мүмкін, көз сұғын қадауы мүмкін. Таңдай тақ ете қалуы мүмкін, бірақ таңдай таңданды деген тіркес те, бейнелілік те біздің қазақы ұғымға сіңе қояр ма екен?

Бұл сөз жоқ, «жазылу үшін» жазылған өлеңдердің бірі.

Бұрынғы жинақтарында Жүсіп өлеңдерінің материалдары мол болып келетін де, сол материалдарды тыстап, көмкеретін тіл тапшылығы байқала беретін. Бұл жинақта ақын тіл ұстартумен түбегейлі-ақ айналысқаны көрінеді, меніңше тіл ұстарту тілді пайдалану деген сөз, ал тілдің бойға бітуі, қанға сіңіп, денеге даруы – кейін қалыптасса да некен-саяқ қалыптасады.

Енді мен осы буынға жататын ақын Әділбек Абайділановтың «Армысың, махаббат» және жас буынның өкілі Серік Тұрғынбековтың «Торғай толғауы» атты жинақтарына аз-кем тоқтала кетпекпін. Мұның себебі – бұл екі кітап тұтастай бір тақырыпқа арналған кітаптар, сондықтан бұлар туралы пікірімді қосақтай айтқанды жөн көріп тұрмын. Қазақ ақындарында бір тақырыпқа бірегей жинақ арнау тәжірбиесі аз, ал топтамалар жазу осыдан біразырақ бұрын топан судай қаптап кеткен кезі болған, қазір ол сиреккіреп келеді.

Өз басым алдына әдейі мақсат қойып бір тақырыпқа бір кітап жазуды өнер деп есептемеймін. Өйткені, ақынның оның жан-күйі, шабыт шалымы бір кітапты толтырып өлең жазу үстінде бір құлақ күйінде болады деп айта алмас едік. Мұның өзі өлеңнің көркемдігіне көлеңке түсіруі әбден мүмкін.

Керісінше, ақынның ұзақ жылдар бойы жазған өлеңі кейін өз-өзінен іріктелген уақытта жеке кітап тудырып жатса бұл әрине, әлдеқайда пайдалы болары сөзсіз.

Серік Тұрғынбековтың жыр жинағы осындай сипат танытады. Әр жылдарда ақынның әртүрлі көңіл-күйінде жазылған өлеңдер екені байқалады. Жас ақын өлеңдері көркемдік жағынан секірмелі дамитын себебі сол. Алайда, ақынның алымдылығында сөз жоқ.

Әділбек өлеңдерінің көркемдік сапасы төмен деп айта алмаймын. Жақсы өлеңдер баршылық. Бірақ ақынның «осы кітапты толтырып тастайыншы» деп жазған өлеңдері де жоқ емес. Ондай өлеңдердегі махаббат мәселесі машақат мәселесі сияқты боп көрініп кетеді.

Жалпы, бұл екі жинақтың екеуі де ізденіс үстіндегі кітаптар. Ізденістің зияны жоқ екені және белгілі.

Мен бүгінгі поэзиямыздың орта буын өкілдерінің биыл өнім берген бес-алтауы туралы азды-көпті пікір айттым. Енді осы буын туралы жалпы ойымды қорытындыласам деймін.

Бұл буын ақындарының ұлттық поэзиямыздың өзінің алдындағы тамаша дәстүрлеріне сүйене отырып қазақ поэзиясына алпысыншы жылдары әкелген жаңалықтарын, әрқайсының жаңа лептерін ауыз толтырып айтпасқа болмайды. Бұлардың сол жылдары шыққан биіктерінде қалып қойғандары да бар, сол биіктен аумағын кең қамтып ауқым-аудиториясын кеңге жайғандары да бар, сол биіктен төмендеп кеткендері де жоқ емес.

Бұл буын әдебиетке сан түрлі тақырыптар алып келді, сол тақырыптардың шешімін арғы-бергімен салғастырып, салыстырып жазуда әртүрлі қолтаңбалар таныта білді, ойлылық, шеберлік таныта білді.

Сан түрлі тақырып алып келді десек те, бұл буынның ерекше оқшауланар тақырыбы – кешегі соғыс тауқыметі, одан кейін жаралы жылдар оқиғалары жота танытады. Рас, ара-арасында Қадыр сияқты тарихымыз бен бүгінгімізді бірқыдыру таразы басына тартқандар, бүгінгі күнге үн

қосқандар да бар. Әйтсе де, бұлардың басты тақырыбы әлгі айтқан тақырып, бала кездерінде көз алдарынан өткен оқиғалар боп қалғаны сөзсіз.

Әдебиетке әркім әртүрлі жолмен келеді.

Өткен жылы жарық көрген жыр жинақтарының ішінде бұрын өлең ауылында есімі көп естілмеген автор Қуанышбай Құрманғалиевтің «Арман аралы» атты тұңғыш жыр жинағы жарық көріпті. Жинақтың тұсауын Қадыр Мырзалиев кесіп, алғысөз жазған. Біз осыдан жиырма жыл бұрын Қуанышбайдың әп-әдемі қалыптасып қалған ақын екенін білетін едік те, соңғы он бес жылдың көлемінде әдебиеттің жақын жанашыры ретінде ғана білетінбіз.

Әйтпесе бұл Қуанышбай ақын ретінде Қайрат пен Қастектердің қатарында жүруге тиіс еді.

Ақындық жолға қайта оралған екен ғой дедік те, «Арман аралын» қолымызға алдық. Үміт пен күдік ойымызда қатар тұрды.

*Толғаныс дерсің, жолбарыс дерсің,
Ақырды толқын, атылды толқын.
Тұла бойы оның толған күш дерсің
Шақырды толқын, шарқ ұрды толқын.
Бар денесімен, бүкіл күшімен,
Самғады толқын, ақ жалды толқын.*

*Құлшынысымен, бұлқынысымен
Арманымды алға жалғады толқын.
Тулайсың толқын, шулайсың толқын,
Жағаны ұрып, саласың бүлік.
Баса алмай бірақ көңілдің өртін,
Барасың ұлып, қаласың ұлып.*

Бұл Қуанышбайдың алпысыншы жылдарғы алғашқы өлеңдерінің бірі. Ақын ба, сөз жоқ ақын. Сол тұстағы ізденіс үшін әжептәуір болса,

бүгінгісімен салыстырсақ-біраз төмен. Бірақ, қалыптасып қалған қолтаңба, өзіндік әуен мәнері бар.

*Қызықты бірге бөліскен,
Бір жұтым суды бәле ішкен,
Бір үзім нанды бөліскен
Сағынып, жылап көрмесе
Ұзатқан қыздай көріскен.*

*Жарылып айтсам ағымнан,
Балалық сені сағынам.
Адал да аңғал кездерім
Бас ием саған, табынам!*

Өлең бе, өлең. Төгіліп түскен өлең. Аздап ақынның қарайып қалғандығы байқалады, аздап ақынның қамыттан шыққанына көп болғандығы байқалады. Табиғи қабілеттің белгілері бебеулеп тұр.

Осы екі дәлелден кейін Қуанышбайға «ештен кеш жақсы», Қадыр ақын кескен қадамың құтты болсын дей тұрып, әдебиетте қабілеті бар адам үшін жазбайтын инабаттылық, жанын қинамайтын жанашырлық жараспайды дегіміз келеді.

Енді бірер ауыз сөз кейінгі буын – жастар поэзиясы туралы. Осыдан алты-жеті жыл бұрын қазақ поэзиясының сүт кенжесі деп есептелетін бір топ жастар әдебиетіміздің тұрақты кадрына айналды. Бұлардың арасында жазушылық билетті төс қалтасына алдымен салған Жарасқан Әбдірашовтан бастап сол мандатқа күні кеше ғана ие болған Серікбай Оспановқа дейін іштей санасам ұзын-ырғасы он-он бес адамнан аспайды екен. Оның ішінде мүшелік билетті әлі алмаса да – осы буынға толық мүше Жұматай Жақыпбаев, Ұлықбек Есдәулетов, Бақыткерей Ысқақов, Дәуітәлі Стамбековтерді әлгі ішкі есебіме қоспасқа тағы хақым жоқ. Сонда қаулап шығып жатқан кітап көп болғанымен қадау-қадау ақынның көп еместігін тағы да ішің сезеді.

Әдебиеттің тұрақты кадры деген сөзді өз басым оның өзіндік қолтаңбасы ерекшеленіп, айтар ойының желісі салғаннан танылған адам деп түсінемін. Жастардың арасында осындай кадрлар бар ма? Олар кімдер? Бүгінгі жастар поэзиясын осыдан он бес-жиырма жыл бұрынғы жастар поэзиясымен салыстырсақ – көкжиек кеңейді ме, биіктегені қайсы? Осы сұрақтар төңірегінде ойланып көрейік.

Әдебиетте әр буынның не айтпақ болғаны, көзқарасы, жалпы күллі көкейіндегісінің көріністері көтерген тақырыптарында тұрады. Әрине, барлық түйін игерілуіне, шешімін табынуына байланысты екені тағы белгілі.

Мен сіздерді бүгінгі жастар жазып жүрген өлеңдердің бірсыпырасының тақырыптарын ғана таныстырып көрейін, тыңдап көріңіздер, қандай-қандай алыс-жақынды аралайды екенбіз, «Клеопатра», «Декабристің әйелі немесе махаббат мақамы», «Мюнхендік мұңдар», «Байқоңыр», «Бөрене», «Қорқыт станциясында», «Эпос кейіпкерлері», «Қоянсүйек», «Қозыкөш жер», «Пикассомен полемика», «Пифагордың қателігін ақтау», «Сұр тұсақ, қойшы бала және Гариса Лорка», «Космос астанасы». Міне біздің жастарымыз жоқ, әлемде болып өткен, болып кеткен, болып жатқан кез-келген оқиғаны-құбылысты жатсынбайды, батыл араласып, соларға көзқарастарын білдіруге ұмтылады. Біз баяндамамыздың басында айтқан – қазақ поэзиясы нағыз кемел кезеңінде, заманмен қадамын қатар басады, кез келген елдің өлеңімен өре салыстыруға болады деген тұжырымдамамыздың тағы бір көрінісі осы.

Осы тақырыптардың игерілуі, шешілуі әрине, әртүрлі, әр қилы деңгейде.

Жастарымыздың арасында әдемі тақырыпқа, жалпақ тілмен айтқанда, модный-дентақырыпқа әуестері де жоқ емес. Қалай дегенмен, бүгінгі жас ақындардың жырламақ тақырыптарының ауқымы ілгері, әлдеқайда кең де, еңбектенуі, тер төгуі жағынан әлдеқайда кем екені бірден байқалады.

Жұматай Жақыпбаевтың жасында Қадыр мен Тұманбай онға жуық кітаптың авторы еді.

Демек, бүгінгі буынның ой-өрісі сергек, білмейтіні жоқ, игере алмайтыны да жоқ, бірақ бұл буында жалқаулық басым, бойдағы энергиясын сарқа пайдаланбай еппен жұмсау, сайып келгенде жатыпатарлықтары да жоқ емес.

Міне, бұл екі буынның арасындағы айырмашылық осы.

Жұматай Жақыпбаевтың «Ләйлә» атты жинағы жарық көрді. Жұматайдың Ләйласымен өлең сүйетін қауым он жылға жуық уақыттан бері таныс.

Поэзиямызға әуелі Жұматай келген жоқ, Ләйлә келді. Ләйлә сияқты махаббат періштесіндей бейне келмесе – біз қайтер едік...

Әдемі әсерлерге жетелегеніне мен топтамадағы алғашқы өлеңдер дүниеге келген тұста куә болғанмын. Жұматай Ләйлә мүсінін алғаш саз балшықтан илей бастаған кезде біз бұл қыздың қандай қыз болатынына көзіміз жеткен жоқ. Оның бәрін ақынның суреткерлік көріпкелі мен азаматтық көзқарасы шешуге тиіс еді.

Жұматай «Ләйләні» әдемі әлдиледі. Он жыл бойына асықпай тербетіп, азамат етіп тәрбиеледі.

Ләйлә бейнесі синтезделген бейне, Ләйлә характерінде қазақ қызының ғана емес, әр ұлттың әдепті, инабатты қыздарының мінезі бар. Бұл бейне әлі жасалып біткен жоқ. Бұл бейне Жұматайдың өмір бойы «илеуіне» жетеді. Жұматай махаббат тақырыбын жырлауда, адамгершілік тақырыбын жырлауда өз тұстастарынан озып кетті, поэзиямызда қазірдің өзінде қолтаңба қалдырды.

Тағдырға маған оңай бақ әперме деуші ем,

Ойлаушы ем жұрттың бәрін де әкем деп өңшең...

...Гүл іздеп жүріп күнінен айрылып қалған.

Әпенде көрсең, сәлем айт, әпенде көрсең, – дейді Жұматай Ләйлә туралы бір өлеңінде. Ал, біз Жұматайға Ләйләдан әпенде боп айырылып қалма дер едік.

Ал, енді осы Жұматайдың қолдан жасалатын иірімдерге, сылдыр сөзге әуестігі әлі арылмаған екен. Кез-келген әдемі бейнелі сөзді сирағынан ұстап «сен осы жерге көгенделесің»- деп, қолдан осылай жасау керек деп ойлау – қателік.

Тіркестер қарапайым болсын, қарапайым тұрып-ақ қанатты бола алады.

Жұнттай түгі жылтыр, тұрқы ұнаған

Жотадан жөңкілдіріп, жылқышы аға ?..

Жағасын айырды үні, тыныштықтың

Бие, айғыр саксофонша шұрқыраған.

немесе,

Таңдай қызыл, құмдай сары, шымғай көк,

Сан бояулар садақ сапша сынбай кеп

Жерге иілді романтик ақынның,

Қиялының траекториясындай боп,- деген сияқты шумақтар – қолдан жасалған, күшпен иіп жасалған шумақтар. Ойда қалмайды, оқушы бір оқығанда көңіліне қонбайды.

Жұматайда абстрактыға ұрынатын, бұлдыр-бұлдыр бейнелі жолдар да кездеседі. Бұл да тілді дұрыс пайдаланбаудан. Тілде өзіндік тым еркіндігі көп. Онысы оқушыға, халыққа сіңе қояр ма екен.

Неге екені белгісіз, осы кемшілік Жұматайдың жақсы өлеңдерінде тым сирек. «Ой сазда», «Ләйлә» циклында, «Көктеудегі көріністерде» бұл жоқтың қасы.

Бірақ, тілдегі мүкістік Байботаның да біраз жанын қинайды. Небір сөздерді иіп әкеліп сыналайды, қолмен қалайды.

Бұдан келіп айтар ойы да бұлдырланып, шашыранды шығады. Оның «Жұлдызың жоғары» атты жинағында «Сауран» атты өлең бар. Мен осы өлеңнің алғашқы жалғыз-ақ жолын қабылдаймын. Сол жалғыз жолда автордың айтпақ ойының бүкіл емеуріні байқалады, ал одан кейінгі бес шумақтың сол жалғыз жолдың құпиясын ашып беруге құдыреті жетпеген.

Сауранның қатал қорғаны, қабырғалары

Қатулы көрінді маған.

Бағып тұр байғыз қорғаудан сабыр даланы...

Түспеген еді талайдан жолым бір оған.

Осы өлеңдегі «байғыз», «қорған», «сабыр дала», «рауза бақ», деген сөздердің ешқайсысы өлеңнің бірінші жолындағы «Қаратау жақтың бұлттары қам көңіл, мұнды» деген сөздің неге қам көңіл, неге мұнды екенін ашуға көмектесе алмаған.

...Оқалақтаған бір сиыр бұзау, жалап тұр,

қасынып дуалдарыңа... – дейді ақын соңғы екі жолдың жан-жағын көп нүктелермен көмкеріп. Ең әуелі, Байбота, сиыр оқалақтаған кезде бұзауын жалап, жайбарақат тұрмақ түгіл шыбын жанын қоярға жер таппайтынын білмейтін бе едің!

Тағы бір сұрақ, жинақтағы өлеңдерінде жақсы түйіндер, жақсы тұжырымдар жиі кездеседі. Бұл біздің көзімізге бірден түсіп отырады.

Ал, тіпті орынды-орынсыз, керекті-керексіз, мағыналы-мағынасыз талай-талай жолдарды қара әріптермен, үлкен әріптермен тергізіп, оқушы жұртшылыққа қандай мағына ұққызбақ болдың!

Ешқандай буын сындырусыз-ақ, қара шрифті, бас әріпсіз-ақ жазылған Ұлықбек Есдәулетовтің мына бір шумағына ғана зер салайықшы:

Жеңгейге сеніп – мал, жаныңды аға,

Қан сонарда аңға бармадың ба, аға?

Адам мен аңнын арасын тағы

Қорғасын оқпен жалғадың ба аға?

Қандай жатық. Ұғымға, ұғынуға, санамызға сіңуге соншалықты жеңіл. Және соңы екі жолдың өзінде қаншама ой жатыр.

Алпысыншы жылдары «Алпыс бірінші жыл» атты поэма жазып, соншама күрделі форма танытпақ болған білдей бір жазушымыз сол мінезін кәзір күліп еске алатынын есіне сала кеткім келеді.

Өткен жылы жыр жинақтарын шығарған Ибрагим Исаев пен Мұхамедия Жұмағалиевтің ақындық потенциалдары бір-бірімен қарайлас бола тұрса да, әуен-мәнерлері бөлек, тақырыптары, тақырыпты игерудегі тәсілдері бөлек екен. Ибрагимнің маған алғашқы жыр жинақтарындағы оқиғаға құрылған өлеңдері ұнап еді. «Завферма» туралы жақсы балладасы үлкен мүмкіндік нышаны еді. Меніңше, Ибрагимге әлі де сол бағытта іздене түскен дұрыс сияқты.

Ал, оның бұл жинағында тұрмыс, тіршілік күйбеңдері туралы өлеңдері көбейіп кеткенге ұқсайды. Тұрмыс, тіршілік қарекетін жеке бастың шаруасы етпей, әлеуметтік ортақ іс етіп жырласа Ибрагим тағы бір соқпақ табуы мүмкін.

Мұхамедия Жұмағалиев өлеңдегі өз қолтаңбасын әлі айқын танытып үлгіре қойған жоқ еді. Бұл жинағында автордың ізденістері байқалады. Кейбір жас ақындарымызға «әсіре қызыл бояуыңды азайт» деп жатамыз ғой, ал Мұхамедияға бояуыңды қалыңырақ жақ, көзің шалған құбылысты жанды жерінен ұста демекпіз.

Ғұсман Жандыбаев пен Нармахан Бегалиев әлі сөз қызықтап, тіл иірімдерін тамашалап жүр. Тақырыпты игеруде, ойды әлеуметтендіруде кеше ғана өздерімен қатар аяқ алып жүрген Иранбек Оразбаев көш ілгері озып барады.

Мұның себебі – ақындық потенциалдары тепе-тең жігіттердің, ізденістері тепе-тең емес пе деп ойлаймыз. Соңғы үш-төрт жылдың көлемінде алғашқы жыр жинақтарын ұсынған жастардың ішінде Төрегелді Тұяқбаев пен Аманхан Әлімовтің аяқ-алысы қуантады. Екеуі де өз ойларын емін-еркін жеткізіп, өз өрнектерін табуға ұмтылып келеді.

Өткен жылғы жастар поэзиясындағы үлкен олжамыз – «Жалын» баспасынан шыққан «Қарлығаш» атты жас авторлардың коллективтік жинағы. Бұл жинаққа он төрт жас ақынның өлеңдері енгізілген. «Қарлығаш» жинағы – қыран шалымды бір топ ақын жігіттердің әдебиет есігін ашқанының белгісі.

Мен солардың ішінде салғаннан ерекше екпін, айрықша қолтаңба танытқан екі-үшеуіне тоқталамын.

Алғашқысы – Серік Ақсұңқарұлы.

«Тіл-көзіміз тасқа дегендей», Серік Ақсұңқарұлы кәзірдің өзінде осы алымымен алға адымдай берсе, оның шығар нысанасы жоғары болары сөзсіз.

Серіктің «Клеопатрасы» – поэзиямыздағы соңы жылдардағы үлкен табыс, талантты ақын жастығына қарамастан, әдебиетке өзінің салмағы мен сапасы бөлек дүниесін ала келетініне ол біздің тағы да көзімізді жеткізеді.

Шулайды құлдар бақыра:

«Күнәмыз болса, кеш!» – дейді

Құдай ғой Клеопатра!

Құдайлар қателеспейді.

...Асқақ жыр оның атына

Асау үн көкті кернейді,

«Құдай ғой Клеопатра!

Құдайлар мәңгі өлмейді»

Бұл бағынушылардың сөзі, табынушылардың сөзі. Бірақ сол табынудың бәрі, сол құлшылықтың бәрі уақыттың алдында түкке тұрмайтынына ақын драмалық қақтығыстармен сізді қас-қағымда сендіріп, қас-қағымда көзіңізді жеткізгенде уақыттан асқан әмірші жоқ екеніне көзіңіз жетеді:

Бір-бірін нұқып, шалып та,

ұмтылды бәрі, атыла!

Кім дейсіз жатқан табытта? –

Падиша Клеопатра!

"Клеопатра!, Клеопатра!, Клеопатра!"

Серік кереғар құбылыстарды шебер суреткердей шектестіреді. Жас ақынның – тәжірибелі тарландай қазақ сөзін қағылез ойнатуы, оны айтар ойына бағындыра білуі, артық-ауыс кетпей, әр бояуды үнімен, сәнімен жағуы, ең бастысы әрбір идеясын қоғамдық пікір етіп қорыта білуі – оның үлкен келешегін көрсетеді, кең тынысын танытады.

Бірақ, Серік аспаннан түсіп тұрған жоқ. Серіктің бойында – Мұқағалидың да, Жүмекеннің де, Қадырдың да, керек десеңіз Тұманбайдың да ұшқындары бар. Серік бірақ сол ұшқындардан өз отын, өз алауын тұтатып отыр...

Міне, біз өз топырағымыздан осындай ақынның туғаны үшін, толысып қанаттанып келе жатқандығы үшін қуануымыз керек. «Жиырмасыншы ғасырдың жиырма сәті» атты оның тамаша поэмасы өз оқушыларын тауып, бағы жанса – бұл шығарма алпысыншы жылдардағы Олжастың «Адамға табын, Жер ендісіндей» туындылардың сексенінші жылдары дүниеге келіп жатқанының кепілі болар еді.

Жинақта Серікпен салмақ теңестіре алатын жас ақындардың қатарына Сағат Әбуғалиев пен Қуаныш Ахметов, Ерік Асқаровтар жатады.

Сағат Әбуғалиевтің «Декабристің әйелі немесе махаббат мақамы», «Мюнхендік мұңдар» сияқты өлеңдерінің тақырыбынан-ақ оның әлемдік құбылыстарды қадағалап, пайымдауға қабілеті барлығы аңғарылады. Мана баяндама басында туған тіл туралы келтірілген мысал осы автордың жолдары болатын.

Қуаныш Ахметовтің нәзіктігі, үп еткен самалдан, қылт еткен көріністен түйінін таба қоятыны – өз ерекшелігі. Қуаныш өлеңдерінде бұрын Сағи өлеңдеріне тым жақынырақ екені байқалушы еді, кәзір бұл жігіттің де «еліктеу дәуірін» бастан өткізе бастағаны байқалады.

Ал, Ерік Асқаров – оқиғаны өрнектеуге, сюжет құруға бейім. Оның «Сантас» атты поэмасы тарихи тақырыпқа ден қойып, өткенімізге ой жіберетінін, одан келешекке пайдалы ой айтуға ұмтылатынын аңғартады.

Жинақта әлі қолтаңбасы айқындалмаған, «Орынбордың аузындағы Сәтбай салған қасқа жолмен» зымырап жүрген жігіттер де бар. Жарасқан мен Шөмішбайдың құрдастары Әнуарбек Мәкенов пен Темірбек Дүйсенов жолдастардың өз әуен-мәнерін мынау тұсаукесерден кейін тезірек тапқандары жөн.

Өткен поэзия жылы жеміссіз болған жоқ. Мен әрине, көп сынға барғаным жоқ. Себебі, қазақ поэзиясының бүгінгі ахуалы сөз басында айтқанымыздай, бірімізді-біріміз жерден алып, жерге салатындай жағдайға бізді жібермейді.

Рас, әлі айтуға болатын ақындар, қамтуға болатын мәселелер баршылық еді, оның бәрі баяндама жазу үстінде ойда да отырды, бірақ, баяндамашының жалғыз қолының жазып үлгеруге мұршасы жетпеген жағдай бар. Оны сіздер толықтырады, сіздер толтырады деп сенемін. Әйтсе де, сөз аяғында, ұлттық поэзиямыздың сан мен сапа, көркемдік пен шеберлік жағынан бұдан бетер өсіп жетілуі үшін қажетті кейбір жағдайлар туралы.

Біріншіден айта кетейін поэзия өнімдері соншалықты көп, ысырап болып жатыр деп айта алмаймын. Бірақ, бізде кездейсоқтықтар, көлденең «көк аттылардың» киіп кетіп, кимелеп жол бермейтін жайы да жоқ емес.

«Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы» дейтін топқа жататындар бар да, ақындар бар ғой. Талапкердің ішінде өмір бақи талапкер боп қалатындар да бар. Бірақ, олардың жинақтарының саны кейбір ақындардың жинағының санынан кем емес.

Құдайға шүкір, кім талантты, кім талапкер дегенді айыра алатын жайымыз бар ғой.

Сондықтан «өмір бақи талаппен» өтетіндерге жыл сайын немесе жыл аралатып кітап шығартпай-ақ, солардың бәрінің басын топтастырып, ара-

тұра әдемі жинақ шығарып тұрса – кітаптың саны азаяр еді де, сапа жақсарар ма еді.

Екіншіден, қазақ өлеңінің біз білетін бірнеше өлшемі бар ғой. Жүз жерден жаңашыл болсақ та сол өлшемдерден – соның бойындағы ырғақ-иірімдерден шыққанымыз кәміл. Жолдас ақындар, жаңалық болса, бойындағы буың басқа бір өлшем туғызып жатса бір сәрі, әйтпесе, өзіміздің дәстүрлі буындарымыздың мойын омыртқасын сындыруды қоятын кез жетті.

Баспадағы жолдастар да, басқа жолдастар да солардың сындырған буындарын қайтадан қосып жіберу қолдарыңыздан келеді ғой, солай жасаңыздаршы, әйтпесе буын сындыру, үлкен әріппен әрбір сөзді тергізу – індетке айналып барады.

Үшіншіден, ауыз екі сөйлесе қалсақ қазақ поэзиясының жанашыры көп, ал сол жайлы баспа жүзінде пікір айтуға, сөз айтуға уақытын бөлетіндер аз. Қазақ өлеңін бес саусақтай білемін деп жүріп, оның бағыт-бағдарын байқай алмай қалған, кімі бар, кімі жоғын біле алмай қалған сыншылар да жоқ емес.

Өзіміздің өлеңдеріміздің кейбір жолдарын жатқа білетіндігін айтып, бірақ өз тұстас ақындары туралы тіл қатпай келе жатқан замандас сыншыларымыздың құлағына – алтын сырға.

Қазақ өлеңін қазақ ақындары өздері-ақ шемішкедей шағып, талдап, талқылап бағасын бере алады екен. «Қазақ әдебиеті» газетінің «Ақан ақын туралы» рубрикасы, осы тұрғыдан алғанда, қазақ поэзиясына көрсетіліп отырған үлкен қамқорлық.

Қазақ ақындары өз өнеріміздің өсуі үшін өзіміз азаматтық белсенділік танытайық!

Менің бір жылдың поэзиясын шолғанда айтпақ ойларым, осы.

Дәуір және поэзия туралы

Алпысыншы жылдардың бел ортасында қазақ өлеңінің кең өлкесіне өз кеудесінің төл күмбірін, албырттау сезім бояуымен айқұлақтанған ақындық үнін естірте келген бір талантты жастың болғаны жыр-сүйер елдің есінде жүргеніне шүбәміз жоқ. Ол талантты жас – сол кезде жасы жиырмаға жаңа жеткен **КЕҢШІЛІК МЫРЗАБЕКОВ** есімді қазақтың болашақ белгілі ақындарының бірі болатын. Белгілі ақын санатына еркін қосылған ол – қырықтың қырқасына жаңа шыққан кезінде ойламаған тұстан ортамыздан кетті, орны толмас өксікті өкініш пен көңілге медеу тұтатын ақындық мұрасын қалдырды. «Шын ақынның көріпкелі болады» деп, Кеңшілік марқұм жанымен сезінгендіктен айтқан екен-ау. Өйткені, бұдан біраз бұрын-ақ:

Кетті бір адам. Өтті бір ақын дүниеден –

Сезімі менен сөзіне ғана сүйенген, - деген жыр жолдары оралып еді-ау оның тіліне. Өзіне арналғандай, өз құлпытасына жазылар өшпес сөздердей..

Алғашқы балғын туындыларында-ақ өзіне тән сөз саптау мәнерімен, өрнек-нақышымен, бояу-сазымен, бұлқыныс-ұмтылысымен еркіндеу келіп, қазақ жырының қалың көшіне іркілмей ілескен К.Мырзабековтің мінезді де, шынышыл, табиғи тынысы кең ақындық болмысы бірден-ақ дараланып, уақыт өте келе шоқтықтана түскендігі оның шығармашылық жолына зейінмен зер салған кісіге айдай анық аңғарылары даусыз. Барған сайын еркін көсілген ақын аз ғұмыры ішінде өнімді еңбек етті.

Лирикадан – балладалық, публицистикалық, эпикалық жанрларға батыл ойысыңқырап, көркем аудармаға де ден қойып, бұларға қоса журналистік саланы да шет қалдырмай, ауыз толтырып айтарлықтай шаруа тындырғаны, сөз жоқ, Кеңшілік ақынның кең қолтық, кетпен тұяқ тұлпардай бауырын еркін жаза түскендігін көрсетеді. Соның бәрінде де оның азаматтық ашық үні, кесек бітімді ой-мақсат парасаты, әсіресе, өзі

туған Торғай топырағына деген перзенттік асыл сезімі еш көмескісіз аңғарылып отырады.

К. Мырзабеков өз творчестволық ғұмыры ішінде төл өлең, баллада, поэмаларын қамтыған 10 жыр кітабын ұсынды. Орыс совет ақыны Е.Евтушенконың бірнеше поэмасын аударып, жарыққа шығарды. Қазақстан Жазушылар одағының Ілияс Жансүгіров атындағы әдеби сыйлығына ие болды.

Арамыздан ерте кеткен талантты ақын К.Мырзабековтің өмірінің соңғы кездерінде көгілдір экран арқылы айтпақ болған поэзия жайлы ойлары мен сонау кездері жазған, бірақ әртүрлі себеппен жинақтарында басылмай келген жырларын журнал бетінен оқып, Кеңшілікпен сырласқандай, мұңдасқандай боламыз.

- Жиырма жылдық творчестволық өмірбаяны бар, әрқайсысы оннан астам кітап жазғаны, құдайға шүкір, әйтеуір таныған, оқыған оқушылары: «Қабілеті жоқ, қолтаңбасы жоқ» деп айта алмайтын ақындар үшін жеке-жеке творчестволық кеш арнаса да артық болмас еді, сол кешке қанша уақыт бөлсе де, біздің оған оқитын өлеңіміз де, айтатын ойымыз да, әдебиеттің, оның ішінде қазақ поэзиясының көкейімізде жүрген мәселелері де асып төгілер еді.

Бірақ, бір себептен мынау қайта құру кезеңінде, жариялылықтың жан-жақты өріс алып, жанданып жатқан тұсында, қоғамдық, әлеуметтік пікірталастар ғана шындықтың шымылдығын айқын аша бастаған тұста бізді теледидар арқылы жеке-жеке өлең ғана оқытып қоймай, осы отырған үшеуіміздің пікір-ойларымыз арқылы, жалпы, біздің буынның ақындық тағдыры туралы, әдебиетке қалай келіп, қалай буыны бекіп, бұғанасы қатқаны туралы, не істеп, не тындырғаны туралы, шеккен запасы мен жеген опық-өкініші туралы, жеткен табыстары туралы дүниенің басын тарқатқысы келген теледидар журналистерінің ойы да дұрыс қой деп ойлаймын. Өйткені бүкіл бір ұрпақтың сөзін сөйлеп келе жатқан үш ақынның сөзі үштік одақ секілді немесе мосының үш тағанындай неғұрлым салмақты да, салиқалы

болмақ. Оның үстіне біздің буында – алуан қолтаңбалы ақындар баршылық, солардың әртүрлі, әрқилы екенін тану үшін көрермен-тыңдарман қауым осы телекамера алдында отырған үшеуміздің де үш түрлі екенімізге көзі жетсе де – жетіп жатыр.

Сонымен, меніңше, бүгінгі әңгіме – әрқайсымыздың жеке-жеке өлеңімізге арналмайды, үшеуміздің жиырма жылдық творчестволық тағдырымыздың кейбір сәттері арқылы бүкіл бір буын тағдырына, бір ұрпақтың сөзін сөйлейтін қазақ поэзиясының жай-жапсарына арналады деп білем.

Жарасқан, шындығында сен осыдан он жыл астам уақыттан бері «Соғыстан соң туғандар» деп келе жатқан біздің буынның – қазір адамдық қасиетінің буы бұрқырап, нағыз азаматтық танытатын кезі, қазір өмірдің қай саласында болсын осы буынның өкілдері қоғамның көп жүгін өз мойындарына алып, үлкен-үлкен жұмыстар атқарып жүр.

Әдебиетте де, оның ішінде поэзияда да солай.

Бірақ мен соңғы кезде сенің сөзіңе қосыла отырып, осы буынды «тоқырау кезеңінің балалары» деп жүрмін. Оның несі бар, шындықты жасыра аламыз ба? Сен біздің туған уақытымызды белгіледің, ал мен соған біздің азамат боп, ақын боп қалыптасқан кезеңіміздің бағасын қосарлағым келеді.

«Революция ұлдары», «соғыс ұрпақтары» деген ұғымдар бар ғой. Олай болса, біз тоқырау кезеңінде қалыптасқанымызды қалай жасырамыз? Тек соның сабақтарын енді тәлім ретінде пайдалануымыз керек. Себеп-салдарларын ашып, анық айтуымыз керек.

Мысалы үшін, мен бесіктен белім жаңа ғана шығып, әдебиетке әлі толық келіп үлгірмеген кезімде «Тың жыртқан жыл немесе боз бие туралы баллада» - деген дүние жаздым. Осы өлеңді он сегіз жыл бойы жариялата алмай жүріп-жүріп, 1985 жылы мына отырған Иранбек Оразбаев «Жазушы» баспасында менің жинағыма редактор болған кезде әрең дегенде шығардым.

Ал қазір тыңның экологиясы туралы айтып жатырмыз. Мәселе көтеріп жатырмыз. Шыбын жанымыз шырқырауда. Ал мен, мақтанғаным емес, сол проблеманы жиырма жыл бұрын бала ақын кезімде жазыппын. Бірақ дер кезінде бастыра алмадым. Міне, әдебиеттегі тоқырау деген – осы.

Боз бие

Нағашы ауылымның арасы бізден бір-ақ қыр,
Қозы-лағымыз қосылған шүйгін қырат бұл.
Тың көтерген жыл төбенің түбіт көдесін
Тарап әкетті тарақ табанды трактор.

Айызы қанып айбалта темір тілгілеп
Сақталған сүр боп шым топырақтарын сүргілеп.
Құрым іңірде жарқ ете қалып, құйрығы
«ХТЗ» -лар қытықтап қырды жүрді көп.

Қуанды қарттар, жанардан тамшы мөлдіреп,
«Көделі жерге, көк бидай шығар болды»,- деп.
Боз бие біздің түн жамылып барып сол жерден
Көденің тамырын кірш-кірш шайнады соңғы рет.

Қартаң мал еді - әкеме біткен артық бақ,
Тарпаң мал еді қасқырды өлтірген тарпып қап.
Қаңтардан өзін асырап шығып аман-сау
Құлын туатын жылқы көбейтіп, жал жұптап.

Саумалына алғаш ақырған айранды ұйтқы қып,
Сәуірдің қымызын ашытады апам күйтті қып,
Жыл сайын ерте туатын жануарды әкеме
Қайын жұрты мінгізген екен кит қылып.

Жыртылған жерге көп қадап тұрып көз нұрын
Құлын-тай шағын ойына оралтты - өз күнін.
Қар қалың түсіп, титықтап қыстай тебіннен
Осы жерге кеп туыпты енесі боз құлын.
Боз бие біздің қырға өруші еді желдесе,
Қыр беруші еді, құнары тасып селдесе.
Апам айтатын: «Иімейді деп бұ жануар,
Көдесін сайдың бір мезгіл қажап келмесе».

Ақылды жануар соңғы рет келіп сол түні,
Таныс көденің тамырын иіскеп толқыды.
Ылғал құм ішінде іркілдеп жатты тамшылар
Ұзатқан қыздың жылағанындай төркіні.

Тамырын тартып қау етіп қырға көк шықты
Сабағын дәннің себелеп жаңбыр көпсітті.
Қыр жақтан бірақ көденің иісі сезілмей
Тұшынбай тілі, боз биені сол өксітті.

Есті мал қырға, егіске барып түскен жоқ
Қыр жақты кетті көкпеңбек барқын түс меңдеп.
Көз қырын қырға қадаған сайын биеде
Көдеге талғақ келе жатты бір күш меңдеп...

Ал бұл бір ғана менің басымдағы ғана оқиға ма? Мұндай оқиға екеуіңінің де творчестволық өмірбаянында бар шығар.

Әдебиетке үйрену үшін ғана келмеу қажет, әдебиетке үйрене де, үйрете де келу керек деп ойлаймын. Үйрену үшін келетіндер «ә» дегеннен, салғаннан өз дауысын, өз үнін айқындай алмайды, өз қолтаңбасын таныта алмау – жалпы әдебиетте үлкен абыройсыздық, мүмкін ақындық қабілет-дарынның аздығы ма деп те ойлаймын.

Өз қолтаңба, өз мәнерін тез танытып үлгірмеген тұстастарымнан да тез суынам, кейінгілерге де солай қараймын. Жасыратыны жоқ, қазақ поэзиясында ақын атанып, бірақ өзінің төл қолтаңбасын танытпай өткен ақындар баршылық.

Жарасқан маған «Жұлдыз» - журналында жас сыншы Тұрсынжан Шапаевқа берген интервьюінде «Кеңшілік Ғафу мен Мұқағалидың арасынан шыққан ақын, екеуіне де еліктей келіп өзі болып шықты» дегенді айтты. Ғафу екеумізді тіл стихиясы қосатыны рас, бірақ мен Мұқағалидан тіл үйрендім деп айта алмаймын. Мұқағали аға екеуміз қатар жүріп өлең оқығанда, ол менің тіліме, тілдік қорымның молдығына қызығатын да, мен оның «Айтып өткен ақында арман бар ма, жүрегінің түбіне кір жасырмай» дегендей ақтарылып, адалынан айтатынына тәнті болатынмын.

Қалай дегенмен мен поэзияға салғаннан өз дауысымен келгендерді ұнататын адаммын. Солардан көп үміт күтем. Жарасқан, сенің қолтаңбанды мен ә дегеннен-ақ «Ақ бұлақтарыңнан» таныдым да, Иранбектің ақындық дауысын сәл кейінірек, шынымды айтсам – «Шырын ата мен Шолақ шалдың», «Дәнекер» атты поэмаларының тұсында таныдым.

Ал қазір мен қазақ поэзиясының есігінен аттауыма куәлік берген алғашқы өлеңдерімнің біреуін оқиын. Қолтаңба, өзіндік бояу танылар ма екен, төреші болып көріңдер.

АНАР

*Бар ма екен сенің есіңде,
Балқаймақ күндер шайқаусыз.
Бұлтиып бір зат төсіңде
Булығып өсті байқаусыз.*

*Құрақтай қаулап қолаң шаш,
Құралпы қатар қызғанған.
Қынай бел қыпша, қаламқас,
Қашқақтап өстің қыздардан.*

*Омыраудың дауысын шығарып,
Алқа мен шашбау тағынбай.
Тал шыбық бойың бұралып,
Тәнті етер қимыл табылмай.*

*Томардан түскен шоққа ұсап,
Томсарып көзің жанғанда.
Тай сезіміңе ноқта сап,
Тулатпай ұстап алғанда,
Жалғанда ешкім жоққа ұсап,
Тезекке бірге барғанда
Кезекпен әнге салғанда
Кезіккенімді білмеппін
Қадір түн – қайран, арманға!*

*Қақпаша жағаң күн қағып,
Қадалған түймең қатарлай.
Кеудеңе кейде ұрланып
Қарайтын едім бата алмай.*

*Бойың да өсті булығып,
Ойың да өсті булығып.
Тамырын тартпай бәйшешек
Шыға ма жерге сурылып.*

*...Екінді құлай еңкуге
Елгезек самал елпілдеп,
Жаға мен жеңнен жел гулеп,
Жел тиген етек желпілдеп,*

*Ақ тезек тердік, арқаға
Алаша қапшық төркіндеп.*

*Көденің түбі қараңдап,
Кіреуке тартты нарт іңір.
Жалқаяқ жалқын талаурап,
Жуасып жатты жалқы қыр.*

*Қапшықты қозғап бар дене
Көтере берген сәтіңде,
Дар ет түсті әлдене,
Күн қақан жағаң, нәтінде...*

*Секемсіз тұр ем алдыңда,
Сескеніп менен қалдың ба,
Айдындай төсің мөлт етті,
Қос шабақ көлге шолп етті
Оралып өскен балдырға.*

*Он екі мүшең кетіктей
Қымсыңдың неге алдымда,
Айыпты тозған көйлек пе,
Айымыз басқа тағдыр ма?!.*

*...Одан соң талай жыл өтті,
Аулыңа талай бардым да,
Сәбиіңді көрдім алдыңда,
Аңқитып төсіңді иітіп,
Разы боп сонда отырдың
Айымыз басқа тағдырға.*

Поэзияның алдына түрлі міндеттер қоямыз. «Мына тақырыпты, ана тақырыпты жырлауымыз керек» деп. Мысал үшін, өз басым ешкімнен ешқандай тапсырма алмай-ақ тыңның экологиясын жаңағы «Боз бие» арқылы бала кезімде, әдебиетке жаңа келген кезімде элегиялық сарында жырлаған ақынмын, кейінгі тоқырау жылдарында Брежневтің «Тың» кітабының ізімен газеттік өлеңдер жазып, біраз күш-жігерімді заяға шашып, бірсыпыра тоқырауға ұшырадым.

Мен творчествомда ақын интуициясына, суреткердің көріпкеліне қатты сенемін. Сол екі қасиет кез-келген тақырыпты игеруге көмектесетіне куәмін. Міне, соған мысал ретінде екі өлең оқиын.

*Біздің ауыл аржағы көкпеңбек қыр,
Ізгі жауын себелеп көктем кеп тұр.
Қаулап қырға шашадан көк мелдеп тұр,
Қорық болмай әне бір шалғын табан
Өріске өткен көп малға өткел боп тұр.*

*Тұяқ тимей бұл жерге шығушы еді,
Сал бидайық шайқалып көкпеңбек кіл.
Менің әкем мазасыз қорықшы еді,
Орып болмай сол жерді кеткен дегбір.*

*Қылаң жорға қылпылдап астындағы
Ой мен қырды ойқастап өткенде бір,
Қорықшының дауысына кәнігі мал
Шашау шықпай қырды асып кеткенде бір.*

*Салт ат мініп шалғынның ортасында
Тұрсаң шіркін,
ауасы неткен жеңіл!*

Біздің ауыл аржағы көкпеңбек қыр,

Ізгі жауын себелеп көктем кеп тұр.

Шаңдақ қырға шашадан көк мелдеп тұр,

Қорық болмай әне бір шалғын табан

Өріске өткен көп малға өткел боп тұр.

... Қорық көрген құнандар көп келмейді,

Құлын-тайға қайырусыз өкпем кеп тұр.

Міне, бұл өлең менің көзіммен көріп өскен суреттердің жиынтығынан тұрады. Ал екінші өлең мен ол кезде барып көрмеген, суына шомылмаған, жағалауына жамбасым тимеген «Қара теңіз» туралы:

Зір-зілдей денем,

сүйегім сыздап сынық па,

Жығылғандаймын,

жұдырық пенен сырыққа.

Қажсыдым білем, қай жаққа барып демалам,

Тынығар жер жоқ,

Жуынар көл жоқ жуықта.

О, таптым, таптым,

Қырымға барам, Қырымға,

Шипалы жер деп жұрт айтып жүр ғой шынында.

Малтымын, шіркін, Қара теңіздің суында,

Балқимын, шіркін, Қара теңіздің құмында.

Теңізден қайтам тобылғыдай боп, гүл емес,

Мақтанар едім, «қақталдым ғой деп, міне дос»,

Қара теңізім, қарайтшы мені, қарайтшы,

Қаралық маған, қаралық саған мін емес.

Қай жақтан алдың шипасын күллі көлдің сен,

*Қай жақтан алдың жәннатын күллі желдің сен.
Білген екен ғой, құбылаңнан келіп сұғынып,
Түріктер неге мекендеп алған деп жүрсем?*

*Қайырлы теңіз басқаға да жет, бізге де,
Жүзді ғой сенде пәлен де, пәлен жүз кеме,
Құрымдай сенде халық та қазір көп шығар.
Бір барам саған,
бара алмай қалсам іздеме.*

Міне, көріп отырсыздар, ақынның әлеуметтік ой айтуы үшін сол объектіні көруі де, көрмеуі де міндетті емес. Тек сол объектіге теңейтін, теңгеретін ойдың астарын, өзекті өлі нүктесін тапсақ болды деп ойлаймын. Қайта құру басталғаннан бері «Осы кезеңге лайық жыр жазайық» деп қалатындар, әлі күнге дейін әлеуметтік заказдар түсіп жатады. Бұл кешегі тоқырау кезеңінен жабысқан дерт, сол әлі қалмай келеді.

Бізде қайта құру тақырыптарын «Қайта құру» деген сөз лексиконымызда жоқ кезде, бұл сөз ұйықтаса түсімізге кірмейтін кезде жазған ақындар баршылық қой. Кез-келген өлеңі қай уақытта болмасын, қай заманның болмасын жаңа талабына үнемі үндесіп, ылғи сай келетін Абай мен Махамбет өлеңдері соның мысалы емес пе?

Немесе, Жарасқан, сенің өзіңнің сексенінші жылдардың бас кезінде жазылған «Ертеңім менің – ертегім» дейтін поэмаңды алайықшы. Есіңде шығар, сол поэмаңда мынандай жолдар бар болатын:

*Алыптардың шыға алмаған
шыңдарын,
алу үшін талпынбай ма шын дарын.
Даламыздың тыңын емес тек қана,
Санамыздың көтереміз тыңдарын.
Тіршіліктің теріп кеткен тезегін*

*Кезді ойласам өртенеді өзегім,
Даламыздың көлін емес тек қана
Санамыздың сапырамыз өзенін.*

Менің осы тұста жазған «Құл мен қайыршы» дейтін өлеңім бар. Өзі аңыз. Мен осы өлеңімнің бүгінгі кезеңмен рухтас екенін енді ғана сезіндім.

ҚҰЛ МЕН ҚАЙЫРШЫ

(аңыз)

Баяғыда,

*құлдық қоғам тұсында,
Әлде Үрімде, әлде Мекке, Мысырда,
Әлде базар, әлде мазар сыртында,
Әлде... әлде... әлдекімнің жұртында
Кездесіпті қу қайыршы, шұнақ құл,
Құл шұнақтың жаны алқымның ұшында,
Қайыршының жұққан май бар мұртында.*

*Қу қайыршы екі аяқ жоқ – бір кәріп,
«Осы ғой деп ойлайтындай сорлы анық».
Қарны тоқ па,*

*көңілді екен сол күні,
Қос балдақпен ұшатындай қомданып.*

*Құл бейшара,
құлақ кесті шұнақ құл,
Қарашықта қарғыс атқыр сұрақ тұр.
«Бүгін қалай, ертең қалай күн көрем?» -
Шешілмейтін мәңгі сұрақ бірақ бұл.*

*Құл асығыс,
ал қайыршы бей де жай,*

*Ертең түгіл бүгінін де ойламай,
Құлды келіп қағып өтіп аңдамай,
Шыр айналды сапсыз шолақ балғадай.*

*Алпамса құл салғысы кеп байбалам,
Құл емес пе,*

даудың артын ойлаған.

*Асыққаннан қаны тасып миына
Қан сорпадай зығырданы қайнаған.*

- Әй, сен неме,

Сіз немене?.. – деп қалып,

Екіұшты оймен тұрғанында оқталып,

- Гафу, гафу, гафу, - деді қайыршы,

Салмақты айтқан сұрағынан сақтанып.

- Гафу, - деді үстін сілкіп, сілкініп,

Гафу сұрап, тұр мысқалдап, тұр күліп.

Құл мүсіркеп аяушылық сезіммен

«Тұрсаңшы» деп тоқтап қалды іркіліп.

- Қарасаңшы, - дегенде құл, - көзіңе,

- Қарасаңшы, - дегені бұл, - өзіңе, -

Мен көзіме, сен өзіңе қарасаң,

Біз тағдырдың түсер ме едік тезіне?..

«Тағдыры не бұл сорлының, тезі не?» -

Пәлесінен қашыпты бұл безіне.

Құл бола ма құлдық ұрмай басқаға

Құлақ қойса қайыршының сөзіне...

Менің өзімнің лирикалық өлеңдерімде «әу» бастан діттіген негізгі мақсатым – кеше бала кезімде көрген, елуінші жылдардың бас кезіндегі, тың көтерген жылдарға дейінгі қазақ даласының суретін сөзбен салып, келер ұрпақтың көзіне елестету болатын. Ал ой астарын сол суреттердің, сол көріністердің тігісі мен көктеуінің арасынан суыртпақтауды ойлайтынмын. Сондықтан мен ой айтқыштықты, философиялық тапқырлықты өзім үшін бірінші планға қоямын.

Екінші мақсатым – сюжетті өлеңдерімде немесе балладаларым мен поэмаларымда ұлттық дәстүр детальдарын, тұрмыстық тірнектеуді қағаз бетіне қаз қалпында түсіруге талпынатыным.

Осы екі ойды жүзеге асыру үшін біраз талпыныс жасадым. Сәтті-сәтсізі бар, оны оқушы қауым айтар.

Бұл екі мақсатты діттеу себебім не дейсіздер ғой. Енді бір ондаған жылдардан кейін біздің даламыздың табиғаты танымастай өзгереді, келер ұрпақ елу жыл, жүз жыл бұрынғы атамекендерінің кескін-келбетін жусан мен жалбыздың иісін тек ақындардың жазып кеткен өлең сөзі арқылы ғана иісін сезінгендей болуы мүмкін.

Ал біздің аналарымыздың ұршық иіргенін, бөкебай тоқығанын, құрт көже қайнатқанын да біздің өлеңдерімізден оқып үйренсін деген ой еді. Екі өлең оқиын, осы екі мақсатты танытатын. Осы екі өлеңнің біреуін әлі күнге дейін жариялата алмай келемін. («Екі ауылдың ортасы», «Құрткөже» атты өлеңдер).

Әдебиетке типік бейне, адам тағдырын әкелмеген ақын – өзі көзі көрген кезеңінің суреткерімін деп мақтана алмасқа керек. Біздің буынның бір мақтанышы – біз соғысты көзімізбен көрмесек те соғыстың ақсақ-тоқсақтарын, жарымжандары мен кәріптерін көріп, күллі зардаптарын сәби жүрегімізбен сезініп өскендіктен, соғыс тауқыметін тартқандардың тағдырын көп жаздық. Бұл жөнінде біз алдымыздағы буынмен, соғыстың балаларымен таласа аламыз. Біздің екінші бір табысымыз халық

тұрмысындағы детальдар арқылы ұлттық характерлер жасауға көбірек талпынғандығымыз десек болады.

Мысал үшін, менің «Әубәкір туралы эллегиям», Иранбектің «Қара мылтығы» – осындай дүниелер.

Тағдыр дегенді кейде бір үлкен дастанға сиғызуға да, сиғыза алмауға да болады. Ал кейде өлең стихиясы өзін-өзі алып туса, ол бір шумақ, үш шумақ өлеңге де сыйып жүре береді.

ОРАМАЛ

*Әр апта сайын әйелдер жуған орамал.
Тазарды деген, тәйірі, бір сөз ғой жорамал.
Теріңнің иісі түбіттей қайта бұрқырап,
Әтірдің иісі сәлден-ақ кейін жоғалар.*

*Сағыныш, сенім – шын махаббаттың тезі ғой,
Орамал берсе... ойлансын деген кезі ғой.
Кім тоқып берсе, орамал соның көзі де,
Кім көп сұртінсе, орамал соның өзі ғой.*

*Ескерткіш, белгі, сұртін сен мейлі, сұртінбе,
Ол орамалды маңдайға біткен мүлкім де.
Тағдырдың заңы талақ боп кетсе, әйелдер,
Тер иісін жуып тазартуларың мүмкін бе?..*

Қазақ поэзиясындағы поэма жанрының проблемалары жайында сөз етер болсақ, дәстүрлі поэма жанры, сюжетті поэмалар жоғалып кетті.

Поэма жанры қазақ әдебиетінің «Альмаматері» емес пе?

Публицистикалық поэмалар қаптап кетті. Бұл айқайға, ұранға айналды.

Дәстүрді ұмытқаннан кейін – басқа топырыққа әкеп бидай еккен секілдісің.

Әдеби басылымдар лауазымдылардың болмаса, жастардың поэма-дастандарын баспайтын болды. Поэма жанрының тоқырауы осылай басталды.

Бірақ мен поэма жазып жүрмін.

Арғы тақырыпта – Біржан туралы, Иманжүсіп туралы, 1916 жыл жөнінде сол кезеңдегі суреттеуге, характерлерді ашуға көбірек көңіл бөлемін.

Поэзия кітаптарының тиражы неге азайып кетті? Өлең жазудан бұрын осыны ойлануымыз керек. Осы үшеуміздің де осыдан он бес жыл бұрынғы алғашқы кітаптарымыздың тиражы он мың дана еді, қазір екі мыңға түсті. Қазақстанда жиырма мың кітапхана бар. Кездесуге барғанда сол кітапханалардан бірде-бір кітабымызды таба алмаймыз. Тіпті Пушкин атындағы кітапханадан ақындарды айтпағанда, жазушы Марат Қабанбаев өзінің бірде-бір кітабын таба алмаған. Ақынның жауапкершілігі – әдебиеттің орны.

ӘРІПТЕСПЕН ӘҢГІМЕ

Мен – ақынмын,

досым бар драмашы,

Өнер – бір дерт, өзек – өрт, сұрамашы.

- Ойың, ойың, ойың аз, - дейді ол маған,

- Оқиғаңды, - деймін мен, - сыналашы!

Бұл дүниеде айтпаған ой қалмаған,

Оқиға жоқ драмаға айналмаған.

Мен Абайдың алдында қайқаң қағам,

Ол Шекспир шетінде қайраңдаған.

Ол екеуі – ойлы да, оқиғалы,

Мәңгі, мәңгі,

мәңгінің сақилары.

*Ол екеуі – Пайғамбар,
біз – пендеміз,
Сатып алған сау басқа сақинаны.*

*Олар бізге қарайды төбемізден,
Біз қараймыз баладай елегізген.
Тар заманда туса да...
таңғаламыз,
Таланттырақ жаралған неге бізден?!*

*Деп екеуміз,
мойимыз, мойындаймыз,
Өліп-өшіп әр сөзін пайымдаймыз.
Мықтылардың мысынан қайқаңдаймыз,
Мұхиттардың шетінде қайырлаймыз.*

*Сөйте тұрып жазамыз біз де бірақ,
Біздікінің әрине тұзы азырақ.
Тар заманда, тартыста, тығырықта
Жазған олар ащырақ, ызалырақ.*

*Біз де жақсы жазуға міндеттіміз,
Машығына кәсіптің тым ептіміз.
Драмашы, ақынбыз ел алдында
Әжептеуір біз дағы құрметтіміз.*

*Біздің заман,
ұлырақ ол заманнан,
Шындық озған қиялмен болжағаннан.
Таптар менен тақтардың тартысының*

Талай айла-амалы жолда қалған.

Біздің заман кер жорға – кемелінде,

Заманаға сай болды өнерің де.

- Сыйғыз соны, - деймін мен, - драмаңа,

- Көрсет соны, - дейді ол, - өлеңіңде.

Бәрі өзгерер...

заңың да заманың да,

Оқизаң да, ойың да, амалың да.

Абай менен Шекспир мәңгі бірақ

Адамзатқа – азамат адалында!

Өнер деген – өмірдің лапылдауы,

Ой деген не?

Бар болса ақын жаны,

Өнер – бір дерт, өзек – өрт,

ал жанып көр,

Таста, досым, іздеме оқизаны.

26 маусым, 1988 жыл.